

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 1:316 (043)

Қолжазба құқығында

ИМАНМОЛДАЕВА БАҚЫТТЫЖАМАЛ ЗАМАНХАНҚЫЗЫ

**Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың
маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау**

6D020100 - Философия

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
филос. ғыл. докт., проф.
Кабаева Ж.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Ақтеңіз университетінің
проф., PhD Шахин Филиз
Анталия қ., Түркия Республикасы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК КОНЦЕПТТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ.....	14
1.1 Ұрпақтар сабақтастығы ұғымының семантикалық-логикалық негіздері мен мәдени-әлеуметтік және психологиялық қырлары.....	14
1.2 Ұлттық бірегейлік ұғымының логикалық-әдіснамалық анықтамалары.....	25
2 ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ МАЗМҰНЫ МЕН МӘНІ.....	47
2.1 Ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің тарихи-әлеуметтік көріністері.....	47
2.2 Қазіргі замандағы еліміздегі ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының тетіктері.....	62
2.3 Ұлт өміршендігінің ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталуы мен дамуының философиясы.....	70
3 ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ САҚТАЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРЫ.....	86
3.1 Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік аясында ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудың түйткілді мәселелері.....	86
3.2 Ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы өрбітудегі мультикультурализмнің рөлі.....	98
3.3 «Мәңгілік Ел» идеясы аясындағы ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті жетілдірудің көкжиегі.....	114
ҚОРЫТЫНДЫ	124
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	127

КІРІСПЕ

Тақырыпты зерттеу өзектілігі. Диссертациялық зерттеу жұмысы ұрпақтар сабақтастығы ұғымын теориялық-әдіснамалық негізде сараптай отырып, оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызын ашып беруді мақсат етеді. Сондай-ақ, ұлттық бірегейлікті одан әрі жетілдіре түсу үшін ұрпақтар сабақтастығының шешуші факторлардың бірі екендігін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдап, қазіргі Қазақстан жағдайына сәйкес нақтылы ұсыныстар беруді көздейді.

Қазіргі жаһандану заманында әлемдегі көптеген халықтар мен ұлттар ұлттық бірегейлікті нығайтуға ұмтылып отырғандықтан, бұл мәселені әлеуметтік-философиялық зерттеудің өзектілігі барған сайын артып, оны рационалды шешудің нақты жолдары іздестірілуде. Осыған байланысты диссертацияда бұл мәселені зерттеудің жаңа бір қыры ашылып, ұрпақтар сабақтастығы идеясының ұлттық бірегейлікті дамытуға тигізер әсері қарастырылады. Философия тарихынан белгілі болғанындай, идеялардың бір-бірімен тоғысуы әрдайым жаңа нәтижеге жол ашады. Бұл жұмыста көрсетілген екі ұғымды оңтайлы қолдана отырып, әлемдік жаһандану заманының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын ұлттық бірегейліктің іске асуындағы ұрпақтар сабақтастығы идеясының рөлі айқындалады.

Сабақтастық ұғымы философиялық категориялар қатарында бұрыннан бар және жалпы даму үдерісінің заңдылықтарының бірін бейнелейтін принцип ретінде («Сабақтастық принципі») белгілі. Қоғам дамуының өзекті мәселелерін талқылағанда бұл принципке сүйену зерттеуші ойына дұрыс бағыт береді деп есептеледі. Диалектика теориясында ол терістеуді терістеу заңының арнасында қарастырылады. Қазақ қоғамына орай ұлттық бірегейлік ұстанымын оның дамуында зерделенгенде де ұрпақтар сабақтастығы парадигмасының бұл мәселенің жаңа қырларын ашуға септігі тиері анық.

Қоғам дамуындағы барлық үдерістер (экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және т.б.) адам баласы ұрпақтарының өмірлік тәжірибесімен, ақыл-ойымен, білімімен, ұйымдасқан түрдегі іс-әрекетімен өтіп, жалғасып жататыны белгілі. Адамзат табиғи-тарихи сабақтастығын сақтауға тиісті, ал бұл рухани-мәдени мирасқорлыққа ұласып, адамзаттың, адам қоғамының өміршеңдігін паш етеді. Диссертацияда мемлекетіміздің ұлттық идеясына орай мәдени мұрамыздың өсіп-өнуі, зияткер ұлт болып қалыптасуымыздың ұтымды тұстары, рухани жаңғырудың жолдарын айқындау, тіліміздің мәртебесін көтеру сияқты өзекті бастамалардың арқауында осы ұрпақтар сабақтастығының, ұлттық дәстүрлеріміздің негізінде әлемдік өркениеттің жетістіктерін игеруге әрі арттыруға деген бәсекеге лайықты болу тұғырнамаларының жатқаны негізделеді. Осының бәрі зерттеу жұмысының өзектілігін айғақтайды.

Еліміздегі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен оны дамыту мемлекетіміздің бүкіл саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани алға басуының өзегін құрайтыны анық, ал оны іске асырудағы ұрпақтар сабақтастығының мән-

маңызын терең үңіле зерттеу өзекті мәселелер қатарына жататыны сөзсіз деуге толық негіз бар.

Қазіргі кезде мемлекетімізде ұлттық идея қанат жайып, ұлттық бірегейлік мәселесі барған сайын өзектілігі артып келе жатқан кезеңде (бұған Украина мен Ресей арасындағы қазіргі қарым-қатынас көрнекті мысал болып табылады) озық мәдени - өркениеттік құндылықтарымызды ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақтау мен өркендете түсу аса маңызды фактор екендігі сөзсіз. Ұлттық код бірегейленудің платформасы, Рухани жаңғыру заманауи идеологемасы, Мәңгілік Ел мұраттары қоғамдық санадағы оптимизм мен болашаққа деген сенімділік орнатудың айшықты және айнымайтын қағидаттары, ал прагматизм оларды іске асырудың технологиясы арқылы нәтижелі болуын қамтамасыз ететін әлеуметтік нақты ұстаным. Олар ұрпақтар сабақтастығы арқылы жүзеге асады және ұрпақтар алмасуындағы мәңгілік ережелер болып қала беретіндігін ескерсек, қойылып отырған мәселе еліміздің тұрақты даму бағдарының перспективті ұстанымдарын теориялық негізде таразылауды қажет етіп отырғаны анық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында азаттық тұғырларын «өткен-қазіргі-болашақ» тұрғысынан қарастырудың маңыздылығын атап өтеді: «Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет» [1].

Біз қарастырып отырған зерттеулер қазіргі заман талабынан туындап отыр, өйткені, бір жағынан, бірегейлік мәселесі өршіп, мемлекеттер арасындағы қақтығыстар, әлеуметтік топтар арасындағы түсінбеушіліктер ұлғайып, екінші жағынан, бұл мәселені шешудің басты бір қозғаушы күші болып табылатын ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың құлдырауы оптимизмге емес, керісінше, қауіп-қатерлерді көбейте түседі. Сондықтан, ұрпақтар сабақтастығының кейбір саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени негіздері құлдырап келеді. Мәселен, Еуропа халықтарындағы адам санының азаюы, өткен ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы кейбір түсінбеушілік арқылы туындайтын қайшылықтардың алдын алу, өткен мен бүгіннің, бүгін мен болашақтың сабақтастығының игілікті, оңды түрде сақталуын қалайды. Біздің жұмысымыз осындай мәселелердің шешілу қажеттілігінен туындайды.

Жастар мен алдыңғы ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың тарихи тағдыры эволюциялық үдерістің заңды талабы болғандықтан, қазіргі таңда оның шынайы мәні мен мағынасын ашып көрсетудің қажеттілігі артып отыр. Сонымен қатар, дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттер мен халықтар өзінің даму стратегиясы мен болашақтағы ұлт болмысының келбеті туралы пайымдаулар ұсынады, біздің елімізде де келешектегі болуы ықтимал қатерлер мен жүзеге асуы тиіс бағдарламаларды құру қолға алынып отырған шақта, Қазақстанның өркендей

түсуінің парадигмаларын зерделеу мен саралау тек ресми түрде орындалатын мемлекеттің міндеттемесі ғана емес, ғылыми дискурс аясында шешімі табылуы тиіс іргелі мәселе.

Бұған кезінде бірінші Президенттің «Елдің бірлігі – қазақтың бірлігі» деп аталатын халыққа үндеуі айрықша негіз бола алады. Ел бірлігінің түп тамырында ең алдымен «қазақтың бірлігі» жатқанын ол тарихи дәлелін келтіре баяндап, «халқымыз бірлікте болса күшейген, бірлігі қашса әлсіреген» деп, осы жолдағы атақты хандарымыз Қасым хан, Өз Тәуке хан мен Абылай ханның тындырған істерін, жүргізген саясатын мысалға келтіре: «Қазақтың осынау үш ханы – ел тарихындағы үш асқар тау, оларды асқақтатқан – ел бірлігі» деп түйіндейді [2]. Осы тұста біздің «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» атты еңбегіміздің нәтижелерінің маңыздылығы арта түседі деп сенеміз.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қойылып отырған тақырыпқа байланысты бірегейлік, ұрпақтар сабақтастығы, ұлт пен этнос мәселелерін зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне тоқталып өтуімізге болады.

Ұлттық идея арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және дамыту үдерісі көне түркі дәуірлерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі халқымыздың тарихындағы руханияттың өн бойына бітискен деп айтуымызға болады. V-VII ғғ. көне түркі жазбаларындағы елдік рух, Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ.А. Яссауи, М. Қашқари, А. Йүгінеки сынды орта ғасырдағы араб-мұсылмандық ренессанс кезеңіндегі ойшылдардың идеяларындағы түркі халықтарының өміршеңдігі туралы пайымдаулары, Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар мен би-шешендердің толғауларындағы ұлттық идея мәселесінің қозғалуы түптеп келгенде ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік туралы пайымдаулар екендігі күмәнсіз. Халқымызда өнегелілік пен тұлға қалыптастыруға деген ұмтылыс ақын-жыраулық поэтикадан айшықты көрініс табады. Олардың ұрпақ тәрбиесі туралы дидактикаларының түпмәні ұлттық бірегейлікті сақтау арқылы мемлекеттілікті нығайту. Жыраулар гносеологиялық, космологиялық, теологиялық мәселелерді де толғаумен қатар негізгі нысан ретінде этикоцентризм мен ұрпақ сабақтастығын маңызды санады.

XIX ғ. Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ғұламалар ұлттық идеямен ұштастырып бірегейлік пен ұрпақтар сабақтастығын ағартушылық идеялары, қазақ қоғамын сынау және ілім мен білімге үндеу арқылы жеткізе білді және халқымыздың жасампаздығы мен болашақтағы дамуы, өркениетке ұмтылуы жолындағы құндылықтарды насихаттады. Осы кезеңдегі ақын-жыраулар ұлт болмысының болашағы туралы толғанды. Шортанбай, Дулат, Мұрат, Әбубәкір сынды зар заман ақындары ұлттың рухани бірегейліктен айрылып бара жатқандығына наразылықтарын білдіріп, болашақтағы қатерлерді ескерте отырып, қазақы руханият пен рухты сақтап қалу туралы толғауларын паш еткен болатын.

XX ғ. басындағы қазақ зиялыларын толғандырған басты мәселе-бірегейлік пен ұрпақтар сабақтастығына нұқсан келетін патшалық Ресейге деген тәуелділік пен отаршылдықтан арылуға үндеді, тәуелсіздік идеясын мақсат етті.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін отандық философ ғалымдарымыздың дискурсы аясында «ұлттық философия» мектебі қалыптасты. Бұл бағыттағы зерттеушілер тек қазақ философиясы тарихындағы онтологиялық, гносеологиялық, антропологиялық, этикалық, эстетикалық мәселелерді ғана емес, ұлттық идея, ұлттық рух, тәуелсіздік, ұлт болашағы мәселелерін саралады. Сонымен қатар, қазіргі замандағы Қазақстан жағдайындағы ұлттық бірегейлік үрдісін кәсіби философиялық негізде сараптады, халқымыздың болмысының өткеннен тамыр тартқан тарихи танымы мен өмір салттарын және руханиятымызды кезең-кезеңімен ажырата келе, оның тұтастандырылған келбетін жариялады. Нәтижесінде қазақ философиясын әлемдік философияның бір саласы ретінде нығайтып, оны өздерінің зерттеулері арқылы дәйектеп берді. Бұл бағыттағы ізденушілерге өзіндік үлес қосқан ғалымдар қатарының аға буыны ретінде академиктер Ж.М.Әбділдинді, Д.К.Кішібековті, Ғ.Есімді, Ә.Н.Нысанбаевты, профессорлар О.А.Сегізбаевты, А.Х.Қасымжановты, Қ.Ә.Әбішевті, М.С.Орынбековті, Б.Ғ.Нұржановты, Қ.Ш.Шүлембаевты, А.Қасабековті, Т.Х.Ғабитовты, Т.Х.Рысқалиевті және т.б. ерекше атап өтуге болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық бірегейлікті зерделеп, оның әлеуметтік-философиялық мазмұнына талдаулар жасаған отандық ғалымдар бүгінгі күнге дейін де осы арнада өздерінің тың идеяларын ұсынып келеді. Академик Ә.Нысанбаев «Жаһандану және мәдениаралық сұхбат мәселелері» атты монографиясында жаһандану жағдайындағы қазіргі заманғы еліміздің саяси-әлеуметтік даму келбетін, Қазақстан халқының ұлттық өзіндік санасын қалыптастырудағы рухани-мәдени мұралардың ролі мен заманауи қазақстандық философияның қазіргі қалпы мен руханияттық көздерімен байланыстыра қарастырып, әлемдік мәдениетаралық сұхбаттастық кеңістігіндегі өзара түсіністік концептісін ұсынады [3].

Ұлттық философияны зерделеу барысында қазақы таным-түсініктерді жан-жақты қарастырған Д.К.Кішібеков көне түркілік дәуірден бүгінгі күнге дейінгі руханилықтың сабақтастығын тұтасынан кеңістік пен уақыт аясында кеңінен саралайды, ұлттық рух ретроспекциясының перспективті бейнесін тиянақтап, ұлттық идеяның мәні мен мазмұнын айқындап, тәуелсіздік философиясының бастауларын баяндайды [4,5].

Қазақтануды арнайы ілім ретінде ұсынған Ж.Ж.Молдабеков ұлт болмысының тарихи тамырлары мен әлеуметтік негіздерін, өткен мен бүгіннің байланысын ұрпақтар сабақтастығы арқылы саралап, қазақы дүниетанымға сай ұғымдар мен түсініктердің де мағынасына терең бойлайды, жаңару философиясы ұстанымдарының қазіргі Қазақстан жағдайындағы келбетін ұсынады [6].

Ұлттық дүниетанымның мифологиялық, діни, алғы философиялық түрде құрылымдануындағы сабақтастықты алғашқы негіздеушілердің бірі М.С.Орынбеков көне түркілік ділдің дәуірлер тоғысындағы тұтастығын, әлемді түйсінуінің бағдарларының астарын ашып береді [7].

Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар әлемін зерделеген С.Е.Нұрмұратов рух, руханилық, руханият түсініктерінің импликациялық байланыстарын ашып көрсетіп, қазақ руханиятының этикоцентризмге негізделген ғұмыр кешу болмысын, салт-дәстүр аясында қалай сақталып келе жатқандығының негіздемесінің өзіндік төлтума бағдарларын ұсынса [8], Т.Х. Ғабитов ұлттық бірегейлік пен сабақтастық, этникалық тарихи таным, дүниеге көзқарастық пайымдау мәселелеріне рухани-мәдени тұрғыдан келеді және көшпенділер мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін зерделеп, оны Шығыс пен Батыс мәдени диалогы аясында қарастырады [9].

А.Р. Масалимова маргиналдылықты мәдениеттанулық мәселе ретінде қоя отырып, оған өзіндік рационалды көзқарастарын ұсынып, ұлттық өзіндік сана жағдайындағы жалпы келбетінің негіздемелерін көрсетеді, маргиналдылықтың шығу тегіне, әртараптығына философиялық тұрғыдан меңзеп, оның қайшылықты жақтарын жіктеп береді [10].

Р.К. Қадыржанов өзінің «Этномәдени символдылық және ұлттық бірегейлік» атты еңбегінде қазіргі Қазақстан жағдайындағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі түйткілді мәселелеріне тоқтала келе, оның қазақтандыру, тілдің этномәдени рәмізділігі, мемлекеттік рәміздер және ондағы этникалық мотивтер, Қазақстан тарихының ұлттық бірегейліктің құрылымдалуының негізгі шарттарына қатысты қырларын сараптайды [11].

«Қазақ бірегейлігі» атты еңбек жазған М.С.Шайкемелов бірегейліктің түпнегіздерін таразылай келе, оның ұлттық және этникалық қырларын ажырата қарастырады, түп бастаулары ұлттық өзіндік санадан туындайтынын назарда ұстап, тарихилық негіздер бойынша көшпендінің өмір салтына мәдениеттанулық, саяси-әлеуметтік тұрғыдан сараптама жасап, дінмен байлынысты бірегейліктің тамырларын ашып береді. Қазақтардың бірегейлігінің эволюциясына шолу жасап, империя тұсындағы, одан соң отарлау мен Кеңестік дәуірдегі мемлекеттілікті таразылайды. Автор қазіргі заманғы ұлттық бірегейлік турасындағы зерттеулерінде жаһандану заманындағы жағдаяттарды, еліміздегі толеранттылықты, қазақстандық жалпы ұлттық идеяны негізге алып, оның әлеуметтік философиялық жақтарын бағамдайды [12]. Алайда бұл автордың монографиясында да ұрпақтар сабақтастығының рөліне арнайы зер салынбағанымен, оның ұлттық бірегейлік жөніндегі философиялық-әдіснамалық ұстанымдарының жалпы бағыт-бағдары бізге де ортақ деп айтуға негіз бар.

М.Ш. Хасанов, Г.Ж. Нұрышева, В.Ф. Петрова ұлттық идея мен ұлттық бірегейлік мәселесінде «Біз кімбіз?» деген интроспекциялық сауал қоя отырып, Шығыс пен Батыс мәдениетінің құндылықтарын саралай келе, қазіргі заманғы еліміздегі саяси-әлеуметтік климатқа қатысты бірегейленудің отаншылдық пен бірлік аясындағы перспективті бағдарларын көрсетеді [13].

Зерттеуші ғалым Ә.А.Құранбек Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық аясындағы ұлттық дүниетанымның сабақтасып келетін тұтастығын пайымдайды және XIX-XX ғғ. қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік ортасының өзіндік ерекшеліктерін саралайды, қазақ ойшылдарының ұлттық бірегейлікке негізделген ой кешулерін теориялық тұрғыдан зерделейді [14].

Е.Е.Бурова Қазіргі Қазақстан жағдайындағы мәдени-рухани, саяси-әлеуметтік ахуалды талдап, бірегейліктің әрқилы бағыттарын көрсетіп, оның діни, мәдени тұстарын саралап, жалпы даму бағдарларын сипаттаса [15], М.М. Нургалиева Қазақстандық бірегейлікті зерделеу барысында саяси-әлеуметтік құрылымды тұтастай қарастырады: тарих пен дәстүрлер, экономикалық жетістіктер, ұлттық рух пен діл, халықаралық қауымдастықтағы мемлекеттілік мәртебесі және т.б. еліміздегі бірегейліктің тарихи негіздеріне шолу жасап, Кеңестік дәуірдегі әр ұлттарды бірімәдениеттілікке тұтастандыру саясатының сәтсіз тұстарын баяндайды [16].

Т.Т.Оспанов «Қазақтардың ұлттық бірегейлігі: әлеуметтік-философиялық талдау» атты диссертациясында әлеуметтік философиядағы ұлттық бірегейлік түсінігін құрылымдап, қазақ халқының бірегейлігінің эволюциясына тоқтала келіп, оның қазіргі замандағы көрінісі мен дамуын, ғаламдық деңгейдегі ұлт болмысының құрылымдана түсуіндегі күрделі ахуалдарды көрсетіп, жаһандану жағдайындағы бірегейліктің сақталуын теориялық-тәжірибелік тұрғыдан саралайды [17].

Қазақстанда ұлттық бірегейлік мәселесіне арналған зерттеулер Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Философия, саясаттану және дінтану институты ғалымдарының бірқатар ұжымдық еңбектерінде іске асырылған [18-22]. Сонымен бірге белгілі авторлар А.Ержанова мен Б.Нұржановтың «Бірегейлік» ұғымына қатысты жан-жақты талдаулар жасалған «Мәдениет, коммуникациялар, медиа» атты еңбегінің біздің зерттеу тақырыбымызға байланысты құндылығы жоғары екенін атап айтуға тиіспіз [23].

Ресей ғалымдарының ХХІ ғ. алғашқы 20 жылдығы тұсында бірегейлік мәселесі бойынша жүргізген зерттеулеріне шолу жасап, мына еңбектерді атап өтуге болады. Д.Н.Батырев ұлттық бірегейлік феноменін ашып көрсетуде оның ғаламдық трансформациялар аясындағы үрдістерін негізге алады, ғаламданған әлемде Ресейдегі бірегейліктің сақталуының перспективтік жобасын жасайды, жаһандану мен «бірегейлік қақтығысы» түсінігінің арабайланысын саралайды [24]. А.Ю. Шеманов адамның өзіне-өзі бірегейленуі мен жеке адам ретіндегі адамның әр түрлі дәуірдегі әрқилы мәдениеттер арқылы рефлексиялану тәсілдерін талдай келе, саяси, діни, ұлтшылдық экстремизм туралы мифологияларға алып келетін ұлттық, мәдени, психологиялық бірегейлікке сыни көзқарас тұрғысынан қарайды [25].

И.В. Лысак бірегейліктің жалпы алғанда мәдени-әлеуметтік, ұлттық өркениеттіліктің қандай да бір тұрақтылығы және олардың өзіне барабарлығы екендігі туралы айта келе, мен кіммін, біз кімбіз деген сұрақтарға жауап беру болып табылатындығын ұсынып, жаһандану жағдайында жеке тұлғаның қоғамда, трансұлттық кеңістікте өзін толыққанды түрде қалыптастыруы тиіс екендігі туралы тұжырым жасайды [26].

Н.Н. Федотова өзінің зерттеулерінде бірегейлік және мультикультурализм, жаһандану және оның қайшылықты тұстары, жаһандану бірегейлікті плюрализациялау факторы сияқты мәселелерді қарастырып, жаһанданудың бірегейлікке кері ықпалдары да болатындығы туралы тұжырым жасайды [27].

Г.С. Гаджиев ұлттық бірегейліктің үстемдік ететін ұлттық-тарихи, әлеуметтік-психологиялық, мәдени-әлеуметтік, саяси-мәдени парадигмалардың түйісуі негізінде қалыптасатындығын атап көрсетеді де, олардың негізгі мазмұнын ұлттық мәдениет, этникалық сипаттама, дәстүр, сенім, миф, адамгершілік императивтер құрайтындығына талдаулар жасайды [28].

И.Семененко өзінің «Ұлт, ұлтшылдық, ұлттық бірегейлік: ғылыми дискурстың жаңа ракурстары» атты мақаласында этникаланған саяси конфликт, саясиленген ұлттық бірегейлік, ұлттанған саясат тәрізді түсініктерді ұсына отырып, саясат пен бірегейлікті байланыстыратын қағидаларды жіктеп көрсетеді [29].

Бірегейлік, ұлттық бірегейлік, ұлтшылдық ұғымдарына терең сараптаулар жасаған шетелдік ғалымдардың арасынан XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында жарық көріп, мәселелердің түйткілді тұстарына жаңаша қозғау салған Ю.В.Хабермас [30], С.Хантингтон [31], Б.Як [32] еңбектерін ерекше атап, зерттеу барысында олардың да негізгі идеялары мен басты принциптерінің өзінше қорытындыланып, ой өрбітуде қолданыс тапқанын атап өткен орынды. Бірегейлік мәселесін арнайы зерттеген американдық ғалым, саясаттанушы, философ Ф.Фукуяманың «Бірегейлік» атты жаңа кітабы [33] осы тақырыпты жан-жақты талқылаған, айтары мол еңбек болып табылады. Мұнда бірегейлік ұғымы кешенді түрде зерделеніп, әлемнің әр түрлі елдерінде орын алып жатқан экономикалық, саяси, мәдени-әлеуметтік үрдістер бірегейлік идеясы тұрғысынан қарастырылып, салықалы ойлар айтылады. Автор либералды демократиялық саясатты қолдап, қоғамдық өмірдің болашағын осы саясаттың дұрыс іске асуымен байланыстырып, бүкіл әлемде орын алып жатқан қайшылықтарға толы саяси-экономикалық үдерістерді, бірегейлік саясатының мән-жайын ой елегінен өткізіп: «Бірегейлік саясатының өзінде жаман ештеңе жоқ; бұл әділетсіздікке деген табиғи және де бірден-бір дұрыс жауап болып табылады», - деп ұйғарады [33,с. 149]. Бұл еңбектің бірегейлік ұғымын талдап, бірегейлік саясатының нақтылы мән-жайын, әртүрлі көріністерін ашып беріп, ішкі логикасына үңіліп, қайшылықты тұстарын да саралауы біздің зерттеуімізді толықтыра түсуге үлкен көмек көрсеткенін ерекше атап өтуге тиіспіз.

Диссертациялық зерттеудің нысаны – Қазақ қоғамындағы ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің ахуалы.

Зерттеудің пәні – еліміздегі ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тетіктері.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – қазіргі кезеңдегі ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы факторлардың бірі екендігін ғылыми-теориялық тұрғыдан ашып беру.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар теориялық **міндеттерді** шешу жолға қойылды:

- ұрпақтар сабақтастығын логикалық негізде талдап, оның әлеуметтік-мәдени негіздерін ашып беріп, «ұрпақ» және «сабақтастық» ұғымдарының өзара байланысын көрсету;

- ұрпақтар сабақтастығының табиғи-биологиялық, тарихи-әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық факторларын жіктеп, оның философиялық интерпретациясын құрастыру;

- ұлттық бірегейлік ұғымын жан-жақты талдап, оның мән-маңызына үңіліп, философиялық рефлексиядан өткізу, дәйекті логикалық анықтамасын негіздеу;

- ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ұрпақтар сабақтастығы категориясының мәні мен маңызын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан ашып беру;

- қазіргі заманғы ақпараттық кеңістік аясындағы ұлттық қауіпсіздікті сақтау негізінде ұлт өміршендігінің ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасуының идеялық негіздерін ұсына отырып, қатерлердің алдын алудың жолдарын ұсыну;

- мультикультурализм үрдісі аясындағы еліміздегі ұлттық құндылықтардың сақталуы мен оның тасымалдануын қазіргі ұрпақтардың ділі арқылы саралау;

- бүгінгі жаһандану дәуіріндегі ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызы мен рөлінің астарларын әлеуметтік философиялық негізде саралай келе, «Жаңа Қазақстан» стратегиясы мен «Ел бірлігі» мұраттарындағы ұрпақтар сабақтастығы ұлттық бірегейлікті жетілдірудің көкжиегі екендігін футурологиялық негізде бағамдау.

Зерттеудің теориялық негізі: талдаудың теориялық негізін құрастыруда жоғарыда аталған зерттеушілердің және Ю.В.Хабермас [30,с. 415], С.Хантингтон [31,с. 635], Б.Як [32,с. 520], Ф.Фукуяаманың [33,с. 256] еңбектері маңызды болды. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген отандық философтар мен мәдениеттанушы ғалымдардың зерттеулеріндегі идеялар басшылыққа алынды. Қазіргі заманғы ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік мәселелерін түсінуге көмектесетін материалдар кеңінен қолданылды.

Зерттеудің тәсілі және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыста әдіснама ретінде негізінен философиялық тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, тарихилық пен логикалықтың бірлігі – көне замандардан бергі қалыптасқан ұлттық рух пен қазіргі дәуірдегі ұлттық идеяның сабақтастығы мәселесін зерделеуде, тұтастық пен жүйелілік – осы мирасқорлықтың өзіндік қисынын ашып беруде, синергетикалық тәсіл – ұлттық болмыстың өздігінен реттелетін жүйе және ашық жүйелердің бифуркациясы екендігін саралауда, философиялық герменевтика мен феноменология – ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық бірегейлік мәселелерін мәтіндер негізінде зерделеп, оның санадағы көріністерін саралауда, психоанализ – ұлттық сана астарындағы түйткілдерді түсіндіріп беруде, генетикалық әдіс – аталған тақырып бойынша әрбір құбылыстың шығу тегін тереңірек ашып көрсетуде пайдаланылды.

Зерттеудің деректік негізін: нормативтік-құқықтық құжаттар ретінде Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлік туралы» тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы, «Қазақстан – 2050» стратегиясы, «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты саяси-әлеуметтік бағдарламалық құжаттары және Президент Қ-Ж.Тоқаевтың саяси-әлеуметтік нұсқаулары мен ұсыныстары құрайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл диссертациялық еңбек өз кезегінде мынадай жаңалықтарды ұсына алады:

- сабақтастық ұғымын концепт ретінде қарастыра отырып, оның семантикалық астарлары ашып көрсетілді. Сабақтастық туралы айтылған пайымдауларды саралай келе, оған өзіндік анықтамамызды ұсындық. Сабақтастықтың көптүрлілігіне назар аударып, оның диалектикалық сипатын талдап, даму үдерісіндегі алатын орны анықталды;

- ұрпақтар сабақтастығының мазмұнын ашып беріп, бұл ұғымға өз түсіндірмелерімізді бердік. Ұрпақтар сабақтастығы концептін негізге ала отырып, оның мәдени-өркениеттік, әлеуметтік-психологиялық сипаты таразыланды. Адамзат дамуындағы сабақтасудың әр түрлі қырлары мен негізгі мазмұны зерделенді;

- ұлттық бірегейлік ұғымының мәнін ашып көрсету мақсатында, алдымен, бірегейлік концептісінің философиялық мағынасын саралап, бұл ұғымға да өз түсіндірмелерімізді ұсындық және сәйкестік, барабарлық, инварианттылық, эквиваленттілік сияқты синонимдес терминдерді жинақтап, оларға да шолу жасалды. Сонымен қатар, ұлттық бірегейліктің адамзат даму тарихындағы және қазіргі кезеңдегі нақты көріністері ашып көрсетілді;

- ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік түсініктерінің тарихи-әлеуметтік бастауларын талдай отырып, олардың арабайланысын зерделеп, ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының түрлі қырлары мен жолдары негізделді. Ұрпақ қалдыру, ұрпақ тәрбиелеу, тектілік ұғымдарына түсініктемелер беріліп, ұрпақтардың сабақтасуындағы заңдылықтар әлеуметтік философия тұрғысынан қарастырылды;

- бүгінгі таңдағы әлемдік рухани кеңістік аясындағы идеологиялардың жағымды жақтарын саралай келе, жағымсыз қырларынан сақтанудың өзіндік идеологемасы мен психологиялық тетіктері ұсынылды. Оны ұлттық қауіпсіздіктің саяси-әлеуметтік тұғырлары арқылы дәйектеп, нақты ұсыныстарымыз тиянақталды. Жаһандану заманындағы ақпараттық қауіпсіздік аясындағы «Америка гегемониясы», орыстардың отарлаушылық саясатының сарқыншақтары, «арабтандыру» мен исламдандырудың ара жігі, вестернизация, глобализация сияқты басқа да жағдаяттарына байланысты ұлттық бірегейлікті сақтай білудің нақты тетіктері көрсетілді;

- мультикультурализм жағдайындағы ұлттық бірегейлікті сақтаудың технологиясы ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделенді. Ұлттық кодымыздың негізгі платформасы - тілдің, ділдің, діннің, дәстүр сабақтасуының негізгі бағдарлары әлеуметтік философия тұрғысынан талданды;

- қазіргі кездегі ұрпақтар сабақтастығының маңызы мен мәнін сараптай отырып, «Ел бірлігі» идеясындағы, «Әділетті Қазақстан» стратегиясындағы ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы жетілдіре түсудің перспективасы тарихи-танымдық бағдарларға негізделіп, бірегейлік саясатының басты бағыты ретінде ұсынылды.

Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар. Диссертациялық еңбектің тұтастай алғанда басты жаңалығы ұлттық бірегейлік мәселелесін зерттеудің

ұрпақтар сабақтастығымен байланысқан жаңа бір маңызды қырын ашуда болып отыр. Өз кезегінде бұл жаңалықтардың мынадай тізбегіне ұласады:

1. Сабақтастық кең ұғым, оның тарихи-мәдени, әлеуметтік, танымдық, басқа да формалары болады. Ол - өткен мен бүгіннің және болашақтың арасындағы мирасқорлық, үздіксіздік, жалғастық арқылы жүзеге асатын эволюциялық заңды үдеріс. Ұрпақтар сабақтастығы адамзат дамуы өміршендігінің қажетті және түбегейлі шарты болып табылады.

2. Қоғамдық дамудағы кез-келген құбылыстың, үдерістердің табиғи, тарихи, әлеуметтік, психологиялық қырлары болады. Қоғамның дамуы ұрпақтар алмасуымен келіп шартталады, сондықтан олардың арасында сабақтастықтың түзілуі терең әлеуметтік-психологиялық астары бар қажетті құбылыс. Адамзат өміріндегі әрбір ұрпақ шығармашылық әлеуеті мол индивидтердің қоғамдастығын құрайды және осы ұрпақтардың белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде ғана қоғам сабақтаса дамып, мәдени-рухани прогресс орын алады.

3. Ұлттық бірегейлік концептіне терең бойлау үшін ұлт, этнос, ұлтшылдық, этностық ұлт, азаматтық ұлт тәріздес ұғымдарға зер салып, сыни талдаулар жасалып, «ұлт-мемлекет» сияқты жасанды ұғымның қажетсіздігі дәлелденді. Ұлттық қоғамдастық өкілдеріне терең бауырмалдылық қарым-қатынас тән екені көрсетіліп, әлеуметтік практика жүзінде таза «азаматтық ұлт» идеясының көкжиегі шектеулі екендігі тиянақталды. Бұл феномен АҚШ-та айрықша бір тарихи жағдайларда қалыптасқанымен, онда да және басқа дамыған мемлекеттерде де (Франция, Германия, Англия және т.б.) «этностық ұлт» ұғымымен қайшылықты күй кешетіні ескерілді.

4. «Ұрпақтар сабақтастығы» және «ұлттық бірегейлік» ұғымдарын біріктіре зерттеудің логикалық, әлеуметтік-философиялық қырлары зерделеніп, ұлттық бірегейлік мәселесінің жаңа бір қыры нақтылы зерттеу пәніне айналып, оны сақтау мен дамытудың басты бір тетігі осында жатқандығы дәлелді негізделді. Ұрпақтар сабақтастығы адамзат дамуының тарихи келбетінің өн бойында сақталған, онсыз адамзаттың және ұлттың тарихы да болмас еді.

5. Еліміздегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен оны сақтау тетіктерінің нұсқалары әлеуметтік-философиялық негізде сарапталып, олардың оңтайлы жүйесі ұсынылды. Ұлттық бірегейліктің түп негізінде бауырмалдық қарым-қатынаспен қатар, ұлттық сана-сезім мен рухани құндылықтардың, қазақы салт-дәстүрлердің, қазақылық қасиеттердің (Әлемге деген ашықтық, «іштесуге» (Қ.Ш.Нұрланова) деген бейімділік, намысқойлық, ерлік, еліне -жеріне деген сүйіспеншілік) жатқаны мәдени-философиялық тұрғыдан негізделді.

6. Қазіргі постмодернизм мен мульткультурализмнің қазақ халқында да ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне қатысты қырлары мен арабайланысын зерделей түсу маңызды ахуалдардың бірінен саналады. Рухани жаңғыру үдерісінде өркениеттің осындай жаңа кейіпті ырғақтарын қазақы дүниетаным негізінде қорытып, әлемдік мәдениет пен өркениеттік даму үдерісімен гармониялық қарым-қатынаста болудың, ұлттық ділімізді шындай түсудің маңыздылығы көрсетіледі.

7. «Мәңгілік Ел» идеясының аясында ұлттық бірегейлікті одан әрі нығайта түсудің перспективалық нұсқасы құрылып, философиялық-әдіснамалық тұрғыдан өткен мен бүгіннің, бүгін мен болашақтың сабақтастығы негізінде ғылыми болжамдар жасалып, оның күрделі құрылымы анықталды. Жастарды тәрбиелеу, оқыту, адами капиталды баптау, өз елімізде талант иелерін өсіруге, ұлтшыл, отаншыл жастарымыздың өсіп-өркендеуіне барлық жағдайлардың жасалуына айрықша көңіл бөлу, олардың «Ел азаматы» ретінде өздерін емін-еркін сезініп, әлемдік өркениеттің дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндіктер туғызу бірегейлік саясатының басты міндеттері болуы тиіс.

Жұмыстың қолданбалық маңызы. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары:

- философиялық пәндер бойынша дәрістер әзірлеуде;
- мәдениет философиясы, мәдениет әлеуметтануы және т.б. пәндерді оқытуда;
- қоғамдағы этностардың өзара келісімін тереңдетуге, ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті дамытуда;
- «Мәдениет философиясы», «Аксиология мәселелері», «Ұлттық мәдениет мәселелері», «Ұлттық бірегейлік мәселелері» тақырыбындағы оқу курстары үшін көмекші құрал дайындауда;
- «Мәңгілік Ел» және «Жаңа Қазақстан» стратегияларының аясында мәдени-идеологиялық, дүниетанымдық, құндылықтық сипаттағы тұжырымдарды игеруде
- келтірілген тұжырымдар, философиялық пайымдаулар, түсіндірмелер, салыстырмалы талдау нәтижелері жастарды руханилыққа, отаншылдыққа тәрбиелеуде пайдалы бола алады.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасында талқыланды. Диссертациялық зерттеудің мазмұны және негізгі тұжырымдары **16** ғылыми мақалада көрініс тапты. Атап айтқанда, Scopus базасында тіркелген журналдарда 3 мақала, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала, Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференция жинақтарында 4 мақала, сынақтан өтті. Ол мақалаларда диссертациялық жұмыстың теориялық принциптері мен нәтижелері сипатталды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы және көлемі. Бұл жұмыс кіріспе, негізгі бөлім, 8 бөлімшеден, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеудің ақпараттық көзі ретінде 173 әдебиет пайдаланылды. Диссертацияның көлемі 134 бет.

1 ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК КОНЦЕПТТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

1.1 Ұрпақтар сабақтастығы ұғымының семантикалық-логикалық негіздері мен мәдени-әлеуметтік және психологиялық қырлары

Адамзат өркениеті мен қоғам дамуының түп негізі – ұрпақтар сабақтастығы түсінігінде жатыр. Ұрпақтар сабақтастығынсыз адамзат эволюциясы да болмақ емес. Осыған орай, біз «ұрпақтар сабақтастығы феномені ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы» деп аталатын негізгі мәселемізді ашып беру үшін, алдымен, ұрпақтар сабақтастығы ұғымының жалпы логикалық-семантикалық негіздеріне талдаулар жасап алуымыз керек. Бұл түсінік негізінен екі ұғымнан құралған: «ұрпақ» және «сабақтастық». Алдымен сабақтастық туралы берілген анықтамалар мен түсініктемелерге шолу жасап өтеміз. Бұл құбылысты философиялық, мәдени, тарихи, саяси-әлеуметтік, ұлттық тұрғыдан әлемдік және отандық деңгейде жан-жақты қарастыратын зерттеулер бар.

Қазіргі энциклопедиялық сөздікте: «Сабақтастық танымда, қоғамда, табиғат дамуында жаңаның ескіні ауыстыруына байланысты оның кейбір элементтерін сақтап қалатын құбылыстар мен үдерістер арасындағы байланыс. Қоғамда ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени құндылықтарды игеру және тасымалдау деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ, дәстүрлер әрекетінің жиынтығы деген ұғымды да береді», - деген кең түсіндірме беріледі [34].

Философиялық сөздіктерде оның онтологиялық, гносеологиялық және әдіснамалық мағынасы ескеріліп, былайша анықталады: *«Сабақтастық дамудың әр түрлі кезеңдері мен сатыларының арасындағы байланыс, ал оның мәні жаңа күйге (сапаға) өткенде тұтастың әлдебір элементтерінің немесе кейбір сипаттарының сақталуында жатыр. Сабақтастық терістеуді терістеу заңының маңызды бір жағы болып табылады»* [35].

Философия тарихында дамуды сыңаржақ эволюционизмге немесе шеңбер бойымен жүруге теңестіріліп, оны салыстырмалы түрде өзгермейтін формалардың қайта жаңғыруы деп қарастыратын метафизикалық тұғырнамалар үшін сабақтастықты гипертрофиялау тән. Керісінше, катаклизмдер теориясы типтес тұғырнамалар жаңа күйге өту кезінде объектідегі өзгерістерді, айырмашылықтарды гипертрофиялай отырып, сабақтастықты кемсітеді немесе тіпті де жоққа шығарады. Қоғам дамуына орай сабақтастықтың өзіндік спецификасы бар екені айтылып, бұл арадағы туындайтын маңызды мәселелердің бірі деп «қоғамдық өмірдің әртүрлі формаларының сабақтастығының өзара тәуелділігі» екендігі баса айтылып, маркстік көзқараста, бұлардың барлығының ар жағында материалдық өндірістің жатқаны, «рухани өмірдің әртүрлі формаларының да» сабақтастығы сонымен анықталатындығы түсіндіріледі. Сөйтіп сабақтастықтың философиядағы көрінісі «онтологияның, гносеологияның, әлеуметтанудың, этика мен эстетиканың іргелі мәселелерін шешудің негізгі принциптерінің салыстырмалы түрдегі орнықтылығымен» байланыстырылады [35, с. 527].

Сабақтастықтың философиялық-логикалық анықтамасын диалектиканың терістеуді терістеу заңы тұрғысынан қарастыру оның мәнін, логикалық-әдіснамалық әлеуетін толығырақ ашады. Әрине, мұнда әлемдік философияның Кант, Гегель, К.Маркс, В.И.Ленин сияқты өкілдерінің пікірлеріне жүгінуге тура келеді. Диалектика-даму теориясы, дамудың қозғаушы күші қайшылықта, қайшылықтардың пайда болып шешілуі арқылы даму жүзеге асады деп есептеледі [36]. Терістеуді терістеу заңы дамудың алға бағытталғандығын, алға деген ұмтылысының нәтижелілігін білдіреді, өйткені терістеу категориясы барды жәй ғана жоққа шығару, қирату дегенді білдірмейді, қайта сол бардың оң, өміршең жақтарын, қасиеттерін сақтап, өршіте алға бастыру, дамудың қажеттілігіне жаратуды меңзейді. Даму дегеніміз сондықтан барды тек сол қалпында қайталай беру емес, ол алға басу, жетілу, жаңашыл өзгерістердің тууы, шындыққа сай келетіндерін іліп алу арқылы синтездеу, дамудың жаңа сатысына жол ашу. Сабақтастық даму сатыларының, кезеңдерінің, басқаша айтқанда, ескі мен жаңаның арасындағы шығармашылықтық мәні бар оң байланыс [37].

Осыдан сабақтастық категориясын да әлемдік философия тарихымен байланыстыра зерттеудің беретіні мол екені анық. Осындай типтес зерттеулер әдебиетте кездеседі және олар жоғарыда тұжырымдалған пікірлерді растайды әрі нақтыландыра түседі.

Осы айтылғандарды ескеріп, сабақтастық ұғымына мынадай анықтама беруге болар еді: сабақтастық дегеніміз жалпы дүниенің (соның ішінде қоғамның да) дамуының өткені мен болашағының арасындағы мәнді байланыс, жалғастық, дамиды объектiнiң кейбiр мәндi сипаттарының сақталуын, салыстырмалы тұрақтылығында жаңғыруын білдіретін ұғым. Белгілі мағынасында бұл сабақтастық дамудың әмбебап бір заңдылығы болып табылады, ал гносеологиялық мағынасында оны «сабақтастық қағидасы» деп атап, танымның әртүрлі салаларында қолдануға болады. Сабақтастықтың табиғатта, қоғамда, таным үдерісіндегі көріністерінің өзіндік ерекшеліктерінің бар болуы заңды, оларды ескеру, түп-негізі бір болғанымен белгілі бір тиянақтылықты қажет ететіндігін әрдайым есте ұстаған жөн.

Сабақтастықтың құрылымдық-семантикалық негіздеріне келсек, онымен тетелес ұғымдарды біз былайша жинақтап ұсына аламыз: үздіксіздік пен үздіктілік, жалғастық, мирасқорлық, ескі мен жаңаның ауысуы, іліп алушылық (снятие), тасымалдану, қайталану, жаңару, жаңғыру, даму, ілгерілеу, прогресс, байланыс және т.б.

Сабақтасу өткенді тікелей қайталау немесе жай ғана механикалық жалғастық емес, ол, мысалы, қоғам дамуында жаңаруды керек ететін әлеуметтік прогрессивті құбылыс болып табылады. Сабақтасу сонымен қатар, көп жағдайда жағымды мәнде айтылады. Қарама-қарсы түсініктер үзілу, үздіктілік, құлдырау, ғайып болу, жойылу, құру және т.б. жағымсыз мәнде айтылады. Бірақ қазіргі діндегі, теософиядағы, діни философиядағы құдай болмысы үшін сабақтастық түсінігі қолданылмайды, себебі құдай жалғыз, ол біреу, сабақтаспайды, ұрпағы да болмайды делінген.

Жоғарыдағы сабақтастық туралы түсініктерге сүйене отырып, оның тарихи, мәдени, рухани, ғылыми түрлері болатындығы туралы пайымдаулар жасаймыз. Сабақтастықтың түрлері көп: рухани сабақтастық, ғылыми сабақтастық, мәдени сабақтастық, моральдық сабақтастық және т.б. Демек сабақтастықты түр-түрге бөліп, жүйелі түрде жіктеп, әрқайсысының өз ерекшеліктерін анықтып зерделеуге де болады.

Тарихи сабақтастық адамзат тарихының жалғасы мен ілгерілей түсуін білдіреді. Тарих тек жай ғана өткен айғақтардың жиынтығы емес, осы шақпен үндесетін және болашаққа бой сермейтін әлеуметтік құбылыс. Мәселен, келешекті болжайтын футурология 1960 жылдардың басында батыста «болашақ тарих», «болашақ туралы ғылым» деген мағынада кең тараған болатын [38].

Тарихи сабақтастық, белгілі бір қырынан алғанда, адамзат эволюциясындағы үздіксіздікті білдіреді. Дегенмен, тарихи прогресс пен сабақтастық туралы пессимистік мәнде ұсынылған теориялар да бар. Мәселен, О.Шпенглер «Еуропаның ақыры» атты еңбегінде әлемдегі барлық өркениеттердің бірте-бірте күйрегендігі туралы айта келе, Еуропаның болашағына күдікпен қарап, оның құлдырауға түсетіндігі туралы идеяларын ұсынады [39]. Ал А.Тойнби да адамзат тарихындағы сабақтастық туралы күмәнді идеяларын жариялайды [40]. Шындығында, тарихта жер бетінен жойылып кеткен ұлттар мен халықтарды да білеміз.

Ұрпақ ұғымының жалпы ғылыми әлеуеті өте кең екені белгілі, өйткені ол биология, космология, органикалық химия, медициналық генетика сияқты жаратылыстану ғылымдарында да, тарих, әлеуметтану, этнология, демография сияқты қоғамдық ғылымдарда да кеңінен қолданылады. Әлеуметтік философияда бұл ұғымға ерекше мән беріліп, қоғам дамуының тегінде осы ұрпақтар қарым-қатынасы жатыр деп топшылаған атақты испан философы Ортегга-и-Гасетті атап өтуге болады. Кейбір философтар мен әлеуметтанушылар «ұрпақтар жанжалы» қоғам дамуының, бүкіл адамзат тарихының қозғаушы күші деп те пайымдаған болатын. Аталған ғалымдардың тәжірибесіне сүйене отырып бұл ұғымды қысқаша былай анықтауға болады: ұрпақ дегеніміз кең мағынасында алғанда, тіршілік иелерінің табиғи-эволюциялық түрде жалғастығын сақтау үшін алмасып отыратын, биологиялық жасы бойынша иерархияға құрылған осы тұтас үдерістің жанды бір буыны, ал әлеуметтік тұрғыдан алғанда, қоғамдағы немесе белгілі бір ұлттар мен халықтардағы көбеюге негізделген үздіксіз жүріп отыратын өткен шақ-қазіргі шақ -болашақ жалғастығын іске асыратын индивидтер жиынтығы. Ұрпақ ұғымының мазмұнын ашатын серіктес түсініктер қатарын (туыстық, ізбасарлық, біртектілік және т.б.) біріктіре тұтастыратын логикалық-семантикалық концепт болып табылады.

Біздің тақырыбымызға сай зерттеу объектісі қоғам өміріне қатынасты болғандықтан, әрине, әңгіме қоғам дамуындағы ұрпақтар сабақтастығы туралы болуы тиіс. Демек, зерттеу философияның басты мәселесіне жататын адам болмысына барып тіреледі, яғни философиялық антропологияның ұйғарымдарына құлақ асуға тиіспіз. Әлемдік философия тарихында, адамзат мәдениеті дамуының өне-бойында адам болмысы, оның өмірі мен өлімі, жалпы

адамгершілік мәселелері, оның болашағы, бақыты мен бақытсыздығы, өмірінің мән-мәнісі туралы философиялық толғаулар сонау көне заманнан бері бар. Батыс пен Шығыс мәдениетінде, соған орай философиялық ілімдерінде адамға деген негізінен екі түрлі көзқарас қалыптасқан: Шығыс адамды табиғаттың ішкі бауындай, бүкіл Әлеммен тепе-тең, оған барабар жан иесі ретінде бағалап, Әлеммен бірге тыныстап, онымен гармонияда, бірлікте өмір сүруі тиіс, соған құлақ асып, мейлінше құрметтеп, оның заңдылықтарын бұзбайтындай іс-әрекет тындыруға тиіс деп ұйғарса, Батыс адамды табиғатпен байланыстыруға, онымен белсенді қарым-қатынаста, таным субъектісі мен объектісінің қарама-қарсылығында алып, оны танып-біліп қана қоймай, белсенді өзгертуге, өз қажетіне орай түрлендіруге, техника мен технологияны мейлінше дамытуға үндейді. Қазіргі экологиялық жағдаяттың жер бетіндегі ушығуының басты себебін ойшылдар осы адамның өлшемсіз «ашқарақтылығынан» деп, адам баласын табиғатпен санасуға, оны мәпелеуге, сақтауға, қорғауға шақырады [41].

Шығыс философиясына тән бір қасиет көне ойшылдардың өсиетіне деген ерекше құрмет: неғұрлым айтылған ой, идея немесе ілім көне болса, соғұрлым ол ақиқатқа жақын, оны бұзбау, сол қалпында ұғынып, түсіне білу қажет деп есептеледі. Әрине, Шығыста да философиялық зерттеулер жүргізіліп, кітаптар шығып, жаңа ойлар ұсынылып жатады, бірақ бастапқы көне жазулар мен ілімдер негізінде. Ал Батыс философиясында сонау Сократтан бастап, адам мәселесі бойынша жарияланған еңбектер мен ұсынылған тұғырнамалар саны өте көп [42,43].

Қазақ философиясында да адам мәселесі бойынша жүргізілген зерттеулер баршылық [44, 45]. Сабақтастықтың қоғам өміріндегі басты формасына ұрпақтар сабақтастығы жатады, өйткені қоғам дамуының қозғаушы күші адамда, адамның қауымдасып, ақыл қосып, бірге тындыратын шығармашылық мәнге бай практикалық іс-әрекетінде жатыр. Бұл жөнінде академик Ж.М.Әбділдин мен профессор Қ.А.Абишевтің бірге жазған белгілі монографиясында тамаша айтылған: авторлар философия тарихына сүйене отырып, диалектиканы шығармашылық іс-әрекеттің, шындықты өзгерту мен дамытудың, адамзаттың қоғамдық-тарихи практикасының логикасы ретінде түсіндіріп [36,с. 9-121], адамның жан-жақты сабақтаса жетілуінің қажетті шарты диалектикалық ойлау заңдылықтарын игеруде жатқанын негіздейді, сөйтіп ойлау категорияларын қоғамдық қатынастар дамуының белестеріне байланыстыра жүйелеудің мүмкіндіктерін болжайды [36,с. 122-207]. Бұдан ұрпақтар сабақтастығының тек биологиялық-генетикалық қырын көрсетудің мүлде жеткіліксіз екендігі, адам баласының алға басуы шығармашылық іс-әрекетпен, қоғамдық қарым-қатынастардың күрделене өзгеруімен шарттасқан ойлау қабілетінің дамуымен байланысты болатындығы айқындалады.

Ұрпақтар сабақтастығы тек биологиялық шарттармен ғана өлшенбейді. Ол, кеңірек алғанда, әлеуметтік философиялық тұрғыдан қарастырғанда, аға ұрпақтардың өткен тәжірбелерінің оңды, тиімді, заман үшін пайдалы жақтарын кейінгі ұрпақтардың өздеріне қабылдауы. Оның ішінде-мәдени мұраларды, ғылым, білім мен руханияттың жетістіктерін бойларына сіңіру. Демек, бұл үдеріс

тәжірибелер мен білімдерді, дағдылар мен салттарды «қабылдау – сақтау – келешекке жеткізу» үдерістері арқылы жүзеге асатын әлеуметтік эволюционизм болып табылады.

Ұрпақтар сабақтастығы қашанда адамзаттың өз болмысының жойылмай сақталуының алғышарты болған. Қазіргі таңда ұрпақтар сабақтастығы туралы екіұдай пікір қалыптасқан, біріншісі-пессимистік, екіншісі-оптимистік.

Пессимистік бағыттың өкілдері кейбір халықтардағы демографиялық жағдайды, яғни отбасында дүниеге ұрпақтардың аз келуі мен болмауын, ұрпақтар арасындағы дүниетанымдық өзара келіспеушіліктерді, рухани тәжірибелік білімдердің ұмыт бола бастауын және т.б. негізге алады. Мәселен, статистикалық мәліметтерге сүйеніп, жер бетіндегі, әсіресе, Еуропа, Америка сияқты өркениетті Батыс елдеріндегі адам санының азайып бара жатқандығына алаңдап, сонымен қатар, болашақ ұрпақтардың сапасы төмендеп, өткен ұрпақтар мен қазіргі ұрпақтардың арасындағы келісімділік пен түсінушіліктің жойылып бара жатқандығы туралы дабыл қағады.

Қазіргі әлемдегі өзгерістерге байланысты, туудың көтерілуі мен құлдырауы – «Эхо-бум», адамдар арасындағы қарым-қатынастардан алшақтайтын «Үндемейтін ұрпақтар», «Жоғалған ұрпақтар», ересек өмірге кешірек өтуді қалайтын «Бумеранг ұрпақтар», «Питер Пэн ұрпақтары», қарым-қатынас технологияларын қолдануда белсенділік танытатын Z ұрпақтары, ауыр жұмысқа дайын емес, жалқау «Құлпынай ұрпақтары» және т.б. осындай түсініктер пайда болды.

Ал С.А.Жукова өз зерттеулерінде Ресейде қарт адамдардың көп екендігін және оның санының өсіп келе жатқандығын сөз ете келе, соңғы жылдары 75 тен асып бара жатқандар 2,6 есе көбейгендігін, 85 тен асқандар үш есе көбейгендігін атап көрсетеді. Бұны отбасының азаюы мен әйелдердің өндіріске жұмысқа орналасуы салдарынан деп түсіндіреді [46]. Ал Г.В.Доброхлев халықтың қартаюының спецификасы, қартаю теориясына шолу және қазіргі заманғы көзқарастар, Ресейдегі халықтың қартаюының аймақтық аспектілері, 56 жастан асқан ұрпақтар үшін әлеуметтік-экономикалық тасымалданулардың зардаптары, 65 тен асқан ұрпақтардың зейнеткерлік қамтамасыз етілуі мен материалдық жағдайы, аға ұрпақтар үшін реформалардың басты нәтижелері, қартайған адамдар стратификациясының өзіндік ерекшеліктері, ресурстық потенциалды сақтау халықтың демографиялық қартаюының негізі мәселесі, геронтологияның дамуы, мотивациялық потенциал, әлеуметтік капитал, интегралдық көрсеткіштің қалыптасуы сияқты мәселелерді саралай келе, ұрпақтар сабақтастығындағы іргелі әлеуметтік ахуалдарды ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделейді [47].

Бала туу санының азаюы тек Ресейде ғана емес, көптеген батыс елдеріне тән құбылыс. Бұл тұста мынадай парадоксты жағдай туындайды: мемлекет неғұрлым өркениетті және халықтың әл-ауқаты жақсарған сайын ұрпақтардың дүниеге келуі (араб елдерін айтпағанда) азая түседі екен. Мәселен, кейбір дамымаған, артта қалған, материалдық жағдайы төмен Үндідегі, Африкадағы халықтарда отбасындағы бала саны олармен салыстырғанда барынша жоғары болып келеді.

Оптимистік бағыттың өкілдері жаңа ұрпақтардың интеллектуалдық қабілетінің артып келе жатқандығын атап өте келе, екі ұрпақ дүниетанымдары арасындағы кездесетін қайшылықтар, өткен мен бүгін арасындағы даму мен ілгерілеудің көрінісі, бүгінгі таңдағы ғылыми-техникалық прогресс осының айғағы деп түсіндіреді. Шындығында да, бала саны мен ұрпақтар трансформациясы бұл, синергетикалық тұрғыдан алғанда, табиғи эволюциялық көрініс болуы ықтимал, бір кездерде ол да өздігінен реттелуі мүмкін.

Ұрпақ адамдардың жәй ғана тобы немесе тобыры емес, жекелеген адамдардан, қоғамдық өмірге өз үлесін қосуға қабілетті индивидтерден тұратындығын әрдайым есте ұстаған жөн. К.Маркстің тарихтағы индивидтердің рөлі туралы айтқан мынадай ойы бар. Біз тарихты түсіндіруді неден, қандай алғышарттардан бастаймыз деген сұрақты қойып, ол бұл сұраққа былай жауап береді: «нағыз(шынайы) индивидтерден, олардың іс-әрекеттерінен және олардың өмірінің материалдық жағдайынан» бастаймыз, дейді, демек, «бұл алғышарттарды таза эмпириялық жолмен анықтап алуға болады» [48]. Яғни тарихты материалистік тұрғыдан түсіндірудің бастауында индивидтер, олардың іс-әрекеті мен өмір сүруінің материалдық жағдайы (өндіріс құралдары, өндірістік қатынастар және тағы сол сияқтылар) тұр. Біз бұл арада белгілі қазақстандық философ З.А.Мұқашевтың, К.Маркстің осы ойын өзінше тарқатып жазған кітабына сүйенеміз [49].

К.Маркстің бұл ойының біздің тақырыпты ашуға маңызы өте зор. Ұрпақ бұл адамдардың жәй ғана жиынтығы, кез келген бір тобыры емес, ол индивидтерден тұратын, демек сана-сезімі оянған, өзді-өзін де, айналасында не болып жатқанын да түсінетін, көзі ашық, көкірегі ояу, елгезек адамдардан тұратын әлеуметтік жиын. Ұрпақ белгілі мағынасында нақтылы бір қоғамның өз өкілдерінің қауымдастығы. Ұрпақтың мінез-құлқын, тәлім-тәрбиесін, жүріс-тұрысын біліп, қоғам туралы және, керісінше, қоғамның жай-күйін біліп, ұрпақ туралы ой түюге болады. Ұрпақ, сондықтан қоғамның даму деңгейіне сай сол қоғамның шынайы бейнесін білдіре алатын жекелеген адамдардың қауымдасқан легі. Ұрпақ берілген бір қоғамның шынайы өкілі ретінде белгілі мағынасында оның айнасы іспеттес. Индивид дайын күйінде тумайды, қоғамды өкілеттейтін индивид өмір сүре келе қалыптасады. Сондықтан, адамзат тарихының бастауын өкілеттейтін алғашқы ұрпақ туралы да айтуға болады. Мысалы, қазақ халқының тарихи алғашқы ұрпағы нағыз қазақ елінің, алғашқы қазақ хандығының жарық дүниеге келуімен туындайды деуге әбден негіз бар. Содан бері қазақ халқы, елі, дербес мемлекеті бар. Әңгіме басқа, қазақ ұрпақтарының тарихи жалғастығының, сабақтастығының үзілер-үзілмес, өлер-өлмес жағдаяттарды бастан кешіп, тарих беттерінен тайып барып қайта шығуы, сөніп барып қайта жануы,- бұл біздің тарихымыздың толқындарының қилы да қиын шындығын әйгілейді [50].

Осыған орай ұрпақтар сабақтастығы жадағай, жеңіл-желпі сөз ғана емес, терең мағыналы ұғым. Ұрпақтардың сабақтаса алмасуы тарихи жалғастықтың арқауын құрайды. Ұрпағы мығым елдің (халықтың) болашағы айқын, сенімді. Ұрпақтар сабақтаса жалғасып, қоғамның тұтас дамуының кепілі бола алады. Ұрпақтар сабақтастығы дұрыс жолға қойылған елдің болашағы жарқын. Ондай

халықтың есебі түгел, өйткені рухани мұрасын да, материалдық байлығын да, қауіпсіздік жағдайларын да берік өз қолында ұстап, өз тағдырын өзі анықтайтын болады. Фукуяманың пікірі бойынша, мұнда бірегейлік саясаты дұрыс жолға қойылған деп айту орынды.

Демек, аталған түсіндірмелер мен талдауларымызға сүйене отырып, ұрпақтар сабақтастығы түсінігіне мынадай қысқаша анықтама бере аламыз: ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз - өткен-бүгінгі-болашақ ұрпақтар арасындағы табиғи-биологиялық негізі бар, мәдени-әлеуметтік мәні терең, үздіксіз жалғасып отыратын, адамзат ойы мен іс-әрекетінің, барлық тәжірибелердің өміршендігінің жиынтығын білдіретін жалпы ұжымдық ментальдік байланыс.

Ұрпақтар сабақтастығының рухани тамыры жалпы алғанда, рухани мәдениетті тұтас қамтып, оның ішінде этикалық қырларын негізге алады. Баршамызға белгілі Көне Шығыста Конфуций мен Батыста Сократ дәуірінен бүгінгі заманға дейін жалғасын тауып келе жатқан филантропия сияқты әлеуметтік маңызы бар үдерістердің осы адамгершілік қағидаттарының адамзат тарихындағы өміршендігі негізіндегі сабақтасқандығының айғағы. Ол әлемдегі әрбір халықтардың ділі бойынша қызмет етеді. Мәселен, қазақ халқы тарихындағы этиканың, моральдің өзіндік күрделі құрылымы ұрпақтардың жалғастығы мен бірігейленуінің өзіндік бір үлгісін береді: «Расында, түрік халқындағы «ағайындық қатынасқа» ұқсас қазақтарда да бауырмалдық сезім күшті дамыған, сондықтан ұжымдық рух индивидуалдық рухтан басым келеді. Бұл рух әлеуметтің көптеген салаларында көрініс табуда. Қазақтар мүлде басқа бейтаныс адамдарға, әсіресе жас ұрпақ өкілдеріне жылы (туысқандық деуге болатын) сезім танытып тұрады» [51]. Ендеше, ұрпақтар сабақтастығының құрылымдық негіздері мынадай ұғымдармен байланысты болып келеді: мирасқорлық, мұраға қалдыру, өткеннен қабылдап, оны сақтап, болашаққа беру, дәстүр, үздіксіздік, үйлесімділік, жаңару және т.б.

Адамзат дамуындағы ұрпақтар сабақтастығының басқа тіршілік иелерінен айтарлықтай сапалы айырмашылығы бар, өйткені қоғамның рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік салалары құрылғандықтан адам болмысындағы ұрпақтар сабақтастығының болмыс-бітімі де өзгеше. Сондай-ақ, ұрпақтар алмасуында күрделі психологиялық үдерістер де жүзеге асып отырады.

Қоғам дамуында психологиялық факторлар маңызды роль атқарады және әлеуметтік-психологиялық климат қашанда даму мен құлдыраудың, қоғамдағы өзгерістердің ықпалды факторы болып келеді. Ұрпақтар сабақтастығы бұндай ықпалдардан тыс бола алмайды. Оның психологиялық қырларын екі бағытта бөліп қарастыруымызға болады: қайшылықтылығы мен игіліктілігі.

Қайшылықты тұстары аға ұрпақ пен жас ұрпақтың арасындағы қарым-қатынастардағы психологиялық келіспеушіліктерден, үйлесімсіздіктен, рухани-мәдени сабақтастықты әйгілейтін дәстүрлі құндылықтардың кейбірін жас ұрпақтың бір бөлігінің қабылдай бермейтіндігінен, жастардың субмәдениетінің ерекшеліктерінен туындайды.

Ал игілікті, оңды қырлары, керісінше, ұрпақтар арасындағы келісушілік пен ымырашылдыққа, К.Г. Юнгтің көрсеткеніндей, ұжымдық бейсаналылық

бойынша жалғасатын архетип теориясының заңдылығы арқылы жас ұрпақтың бұрынғы ата-бабасының мәдениетін, құндылықтарын қабылдауына байланысты.

Қайшылықты тұстарына тоқталар болсақ, біріншіден, қоғамдық санада қабылданған моральдік дағдарыстар мен жас ұрпақтың этикалық құндылықтарының өзгеруін атап өтуімізге болады. Ойшылдардың пікірлеріне көз жіберсек, Сократ дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін ұрпақтардың бірте-бірте адамгершілік құндылықтарының сұйылып бара жатқандығы туралы әлеуметтік қобалжулар аға ұрпақтар тарапынан орын алып отырған. Халқымыздағы тарихи ойшыл тұлғалардың идеяларында да осындай толғаныстар жиі кездеседі. Бұл әсіресе, А.Яссауидің, жыраулар поэзиясының, Абайдың, зар заман ақындарының ой-толғамдарынан анық көрініс тапқан. Олар бұны адамзаттың моральдік дағдарыстары мен құлдыраулары деп түйсінген, бірақ ілгерілеушілік, игілікті, оңды құндылықтардың да қатар пайда болып, орнығып келе жатқандығы көбіне елеусіз қалған.

Бұндай психологиялық қайшылықтар батыстың кейбір ғалымдары тұрғысынан ғылыми теориялық түрде қарастырылып, арнайы терминдермен белгіленген. Ұрпақтар сабақтастығы мәселесімен философиялық тұрғыда айналысқан ресейлік ғалым Д.В. Лезгина бұл үдерісті былайша сынап өтеді: «Батыс әлемінде XX ғасырдың 60-70 жылдарында бұл әлем елдерінің өсіп бара жатқан әлеуметтік күңгірттігіне байланысты сабақтастық мәселесі өткір және өзекті болды. Неофрейдизм негізінде «Ұлы бас тарту», «Ұрпақтар дағдарысы», «Ұрпақтар жанжалы» тұжырымдамалары пайда болды. Олардың қателігі 80-90 жылдары анық байқалды» [52].

О. Шпенглердің «Еуропаның құлдырауы», Р. Тойнбидің «Өркениеттер қақтығысы» сынды еңбектерінде теориялық тұрғыдан негізделген осындай құлдыраулар кейіннен ғылыми зерттеулерде (мысалы, С.Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы») ғана емес, көркем әдебиеттерде де ұштасып жатты. Мәселен, М. Шахановтың «Компьютер басты жарты адам» поэмасы да осындай сарындармен жалғасын табады.

Д.В. Лезгина сабақтастық мәселесінің жалпы қайшылықтары мен өзекті тұстарының бар екендігін жоққа шығармайды: «Сабақтастық мәселесі өзінің өзектілігін жоймайды. Еуропадағы интеграциялық үдерістер, Азия мен Африкадан Еуропаға ағылған жаппай миграция, «бархатты төңкеріс» және «Тыныштандыру акциясы» қалыптасқан мінез-құлық стереотиптері мен дәстүрлерді тоқырауға ұшыратады, трансмиссия мен мирасқорлық үдерістеріне нұқсан келтіреді», - деп жазады ол [52, с. 3-4].

Аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы қайшылықтардың бір бағыты жастардың субмәдениетінен туындайды. Субмәдениет негізінен жалпы атау. Қоғамдағы классикалық дәстүрлерге, қалыпты өмір салтына, бұрыннан қалыптасқан құндылықтарға сәйкес келмейтіндердің барлығын кейбірі субмәдениетке жатқызса, кейбір зерттеушілер хиппилер, рокерлер, т.б. осындай топтарды ғана көрсетеді. М.Н.Мусабеков бұндай екі буын арасындағы келіспеушіліктерді аса бір жағымсыз құбылыс ретінде қарастырмайды, өткінші құбылыс деп есептейді: «Бірақ ересектер қоғамынан тасаланған жасөспірім

әлдебір жеке әлеуметтік атом болып табылмайды. Ол заңды эволюциялық табиғи әлеуметке қарама-қайшы түсіп, өзінің құрдастарымен біріге отырып, әртүрлі қауымға топтасады, көбінесе, ол қауымдар девиантты, антиәлеуметтік бағытта болады және кейбір авторлардың атауы бойынша «антитәртіп» жүргізеді» [50,б. 43].

Егер ұрпақтар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастардың игілікті қырларына тоқталар болсақ, жоғарыда атап өткендей, жағымсыз қарым-қатынастардың үздіксіз және болмай қоймайтын үдеріс екендігін атап өткеніміз жөн. Психологиялық үйлесімділік пен келісімділік, төзімділік те әр қоғам дамуында және сол халықтың діліне байланысты да әр түрлі болып келеді. Мәселен, Шығыс халықтарының дүниетанымы мен тәлім-тәрбиесіне орай, екі буын арасындағы жанжалды жағдайлар Батысқа қарағанда сиректеу кездеседі. Олар да рухани - моральдік сабақтастық, мәдени мирасқорлық, үйлесімділік сақталуы тиіс канондар болып қабылданған. Мәселен, халқымызда «Ата салтын бұзды» деген айыптаулар бойынша, жас ұрпақтар өкілдерін әр түрлі деңгейде жазалауға дейін барған. Сондықтан, жас пен ересектер арасында өзара түсіністік, үйлесімділік қағидасы орын алған. Ол бірнеше ұрпақтардың сабақтастығы арқылы сақталатын «ұлттық моральдік императивтер» деңгейінде болған деп тұжырымдауымызға болады.

Ал К.Г. Юнгтің ұрпақтар сабақтастығының психологиялық қырларын бейсаналық идеясы тұрғысынан қарастырып, «архетип» ұғымын енгізуі, оның түсінігі бойынша, бұл жай ғана психологиялық мінез-құлыққа байланысты құбылыс емес, тамыры терең, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын, тіпті жалпы адамзаттың ұрпақтарының рухани негізде, дүниетанымдық ұстанымдармен жалғасуы заңды әрі қажетті құбылыс болып есептеледі, ол терең сана қатпарларында өздігінен-ақ жүзеге асатын психикалық үрдіс. Яғни оны өзгертуге, жоюға, жаңашаландыруға келмейді деген сөз [53].

Осыған орай, архетиптердің белгілі ұлтқа тән өзіндік ерекшеліктерін аңғарған Қ.С. Оразқұлова оларды этноархетиптер деп атап, оның бейнелеу өнеріндегі көріністерін зерделейді [54]. Ендеше ұрпақтар сабақтастығының үздіксіз, тиімді, үйлесімді оңды қырларының бірі – этноархетиптер болып табылады.

Т. Шарденнің, И. Пиргожин мен И.Стенгерстің идеяларына сүйене отырып, сабақтастықтың табиғи негіздері бар деген тұжырымға келуге болады. Қорыта келе, жалпы сабақтастықтың табиғи негізі бар деп бағамдауымызға болады. Тейяр де Шарден «Адам феномені», «Адамдық қуат», «Жер рухы», «Адамның табиғаттағы орны» идеяларын ғарыштық-теологиялық тұрғыдан ұсынады. Оның ойынша, жердің дамуында белгілі бір буындар мен қабаттар арқылы жүріп отырған тарихы бар. Ол бірінші өлі табиғат құрылғандығын, одан секірісті даму арқылы органикалық әлем, одан соң адам пайда болғанын өзінше дәлелдейді. Адамның санасы психикалық қабаттарды тудыратындығын атап өтіп, оны ноосфера деп атайды. Одан соң басқа мамандық иелері емес, мистик пен теолог түйсінетін адам рухының дамуынан пайда болған христогенез құрылады. Ал жер

рухы психикалық қабаттарды өзіне жинап, мистикалық нүкте Омегаға ұмтылады [55].

Тейяр де Шарден осылайша, жер планетасындағы эволюцияны өзінше сипаттап береді. Негізінен онтологиялық тұрғыдан алғанда, бұл да заңды табиғи сабақтастық, адамзаттың үздіксіз жалғасуы мен өміршендігінің алғышарты десе де болады. Қоғамдағы ұрпақтар сабақтастығы осы эволюцияның заңды жалғасы деп те айта аламыз. Ал адамзаттың эволюциясы мен өміршендігін сақтауы үшін тағайындалған ұрпақтардың алмасуы осы Омегадан деп тұжырымдасақ, онда ұрпақтар сабақтастығының негіздері туралы мистикалық-телеологиялық қортынды жасауға тура келеді.

И. Пригожин мен И. Стенгерс «Хаостан түзілген тәртіп» деген еңбегінде даму мен эволюция, әлемдегі, табиғаттағы өзгерістерге жаңаша тұрғыдан келеді. Оның синергетика ілімі барынша әмбебап, барлық дамушы, қозғалушы жүйелерге қолдануға болатын әдіс деуге де болады. Тепе-теңдіктен, тәртіптен алшақ күйлердегі өте әлсіз, болмашы, елеусіз түрткілер немесе флуктуациялар қалыптасқан жүйені қирататын алып күштерге дейін өздігінен күшейе түседі. Ол ескінің орнына жаңаны алып келетін сапалы, күрт ауысатын, төңкерістік жолмен жаңа өзгерістер тудыра алады [56].

Ескі жүйеге әсер еткен жүйесіздік, яғни флуктуациялардың екпіні тек сол жүйені қиратып қана қоймайды, жаңа жүйені туғызуы да ықтимал немесе бірнеше уақыт хаос күйінде қалуы да мүмкін. Бұл әлемнің де, қоғамның да даму заңдылығы болғандықтан, ұрпақтардың алмасуы да, біздіңше, осы ескі жүйенің қирауы, яғни аға ұрпақтардың кейінгі ұрпақтарға флуктуациялар арқылы жол беруі дей аламыз. Ал ұрпақтар сабақтастығындағы ескірген, әлсіз саяси, мәдени, идеологиялық, рухани құндылықтардың жойылып, жаңаларының пайда болуы хаостан түзілген тәртіп болып табылады деп айта аламыз. Терістеуді терістеу және сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне айналуы сияқты бүкіл әлем дамуына ортақ, әмбебап диалектиканың заңдары ұрпақтар сабақтастығының табиғи және қоғамдық негіздерін түйсінуде аса маңызды. Терістеу – ескіні жаңаның теріске шығаруы, теріске шығарған жаңаның өзі кейіннен ескіге айналып, басқа жаңаға орын береді - бұл үрдіс осылай шексіз жалғаса беретін болса, ұрпақтардың алмасуы да нақ осындай құбылыс екендігі түсінікті. Яғни даму ескінің орнына үнемі жаңаны қажет ететіндіктін, ұрпақтардың үздіксіз алмасуы да заңды үдеріс дей аламыз. Терістеу үнемі эволюция үшін оңды болғанымен, түрлер үшін басқаша мәнге ие болуы мүмкін. Себебі біздіңше, терістеудің өзі динамикалы, яғни прогрессивті және кей сәттерде регрессивті бағытта жүріп отырады. Сонымен қатар, дамудағы эндогенді және экзогенді факторлардың өзі немесе интенсификативті және экстенсивтік даму терістеудің бірқалыпты жүріп отырмайтындығын білдіреді. Терістеу ұрпақтар сабақтастығындағы тіршілік иелерінің өмір сүруі мен сақталуының тым жалпы құрылған негіздемесі. Тіптен тарихтағы бір империяның немесе қуатты мемлекеттердің басқа елдерді жаулап алып өздеріне бағындыруы да гуманистік тұрғыдан келгенде терістеуді терістеу емес, сол жеңілген ұлттардың ұрпақтарының мәдени-әлеуметтік негіздерінің сақталмауы, яғни сабақтаспауы болып табылады. Ал сан өзгерістерінің сапа

өзгерістеріне айналуы да ұрпақтар сабақтастығындағы сапа мәселесіне келіп тіреледі. Ұрпақ қалдыру инстинктісі арқылы, белгілі бір мемлекетте адам саны артатын болса, ол қуатты мемлекетке айналады, ұлттың өзінің қорғаныш тетіктері артады. Бұл, әсіресе, қазіргі Қазақстан жағдайы үшін аса қажетті тетік болып отыр. Генеалогия туысқандық қатынастарға негізделіп, арғы тектен бастау алатын ұрпақтар сабақтастығын білдіретін ұғым. Ол жай ғана тарихи хронология, ата-бабалар аттарының тізімі емес, нақтылы адамдардың тектік қатынастарын зерттеу ғана емес, сонымен қатар олардың бүкіл этноспен табиғи байланысын және рухани тұтастығын білуге, терең түйсінуге бағытталған. Сөздіктерге жүгінсек: «Генеалогия (греческое *genealogia* - туыстық) туыстық қатынастардың дамуы мен пайда болуын зерттейтін арнайы тарихи пән», - деп анықтама берілген [34, с. 706].

Қазіргі таңда генеалогия түсінігін кеңірек мағынада да қолданады. «Генеалогия ағашы» тәсілі қолданылып, тілдік шоғыр, топ, бөліктер айқындала алады. Жеті аталық үрдіске негізделген туысқандық қатынастар - халқымыздың дәстүріндегі ұрпақтар сабақтастығының өзгеше, басқа халықтарда кездеспейтін дәстүрі. Генеалогияда ұрпақтардың алмасуы мен вертикальді сабақтастығы емес, олардың дифференциациялануы, яғни «терек стилі» бойынша, бір негізден сан түрлі бағыттарға тарауы бойынша зерттеледі. Шындығында, адамзаттың, белгілі бір халықтың дамуындағы ұрпақтардың алмасуы осындай генеалогиялық тәсілмен тарайды. Дарвинизм теориясын дамыта түсіп, оның идеяларын қоғамдық өмірге көшірген социодарвинизм бағытының негізгі ұстанымдарының кейбірі де ұрпақтар сабақтастығының биологиялық қырына келіп сәйкестенеді. Ұрпақтардың алмасуында, мәселен, табиғи сұрыпталу жүріп отырады. Әлсіз, әлжуаз, аурушаң, өмірге бейімсіз ұрпақтардың қоғамда өмір сүруі қиындай түседі. Әрине, сабақтастық сақталады, бірақ кемелденген және толыққанды түрде бола алмайды.

Сонымен қатар, бейімделу де негізінен табиғи тіршілік иелерінің барлығына тән. «Бейімделу – 1) биологияда тірі организмнің сыртқы орта жағдайында тіршілік етуге икемделуі, олардың эволюциялық даму барысында қалыптасқан биологиялық қасиеті... Мысалы, жазық далада тіршілік ететін сүтқоректілер жүгіруге, ормандағылар өрмелеуге, су жануарлары жүзуге бейімделеді», - деген түсіндірмелерге [57] сәйкес, кейінгі ұрпақтар сол дәуірдің талаптарына, ауа райының өзгерістеріне, экологиялық ахуалға бейімделе бастайды.

Австрия психолог-философы З. Фрейд жануарлар мен басқа да тіршілік иелеріне тән инстинкттерді тікелей адамға көшіріп, адамның табиғи-биологиялық қырын үдете түскен еді. Ұрпақ қалдыру инстинктісі де барлық тіршілік иелеріне тән құбылыс болып табылады. Ол көбеюмен байланысты, ал ұрпақтарына деген қамқорлық аналық инстинктке қатысты болып келеді. Ұрпақтар сабақтастығы осы екі инстинктке тікелей тәуелді екендігі де жасырын емес.

Ұрпақтар сабақтастығының әлеуметтік-мәдени, рухани қыры ұрпақтар алмасуындағы негізгі мәселелердің бірінен саналады. Ол, біріншіден, тек әлеуметке ғана тағайындалған тағдыр. Сондықтан ол жеке мәдениетпен, жеке

руханилықпен өлшенбейді. Ұрпақтар сабақтастығының бұндай негіздері үздікті де, үздіксіз де болуы ықтимал. Ұрпақтар мәдени, рухани кодтарды әлеуметтік деңгейдегі тасымалдаушы «роботтар» ғана емес, мұнда табиғи-биологиялық жағынан кездесе бермейтін қайшылықтар да туындайды. Жоғарыдағы диалектиканың заңдарына сүйенсек, қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңы осы тұста шынайыланатын тәрізді. Ұрпақтардың алмасуы барысында қайшылықтар болмай қоймайтын құбылыс, ал күрес міндетті түрдегі физикалық мағынада бола бермейді, ол қазіргі заманда бірлікке ұмтылған елдегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, психологиялық қайшылықтардан туындайтын күрестің жаңа типіне жатады. «Күрес» концептісінің өзінің мағынасы әрқилы, мәселен, бейбітшілік үшін күрес. Сол сияқты аға буын мен қазіргі буын арасындағы күрес психологиялық, мәдени, әлеуметтік-рухани бағытта да өрбуі мүмкін және солай болуы да тиіс. Бір ұрпақтың екінші ұрпаққа уақыт аясында алмасуының, мәдени – рухани сабақтасуының белгілі бір нақты кезеңдерін атап айту қиынырақ. Оны әр түрлі дүниетанымдар аясында шартты түрде белгілейді. Мәселен, адамзат эволюциясының дамуы мен пайда болуын маркстік-лениндік ілім көп жағдайда негізінен алғанда шартты түрде бес әлеуметтік - экономикалық формациямен белгілейді. Адамзаттың болмысында ұрпақтар сабақтастығы жүріп отырғандығы бірден-бір ақиқат. Мәселен, алғашқы қауымдық құрылыстың қаншама миллиондаған жылдарға созылғандығы белгісіз, ал капитализмнің кейінгі бес жүз жыл шамасында қалыптасқандығы белгілі. Дегенмен, ұрпақтар сабақтастығы негізінде мәдени-рухани сабақтастық жалғасын тауып келеді. Кейіннен адамзат тарихын үш кезеңге бөлу ұсынылады: индустриалдыққа дейін, индустриалдық, постиндустриалдық (ақпараттық). Бұл тұстағы мәдениеттің басым бағыты техногендік дамудағы сабақтастық мәселесіне келіп тіреліп отыр. Ендеше бұл сатыларда да нақты уақыт пен кеңістік өлшемдері ажырамайды, ол тіптен адамзаттың ұрпақтарының сабақтасуына «алаңдай қоймайды». Қазақтардың әлеуметтік-философиялық түсініктерінің бірі «заман» ұғымында да белгілі бір хронология айтылмайды. «Елу жылда ел жаңа» деген мәтел шартты уақыттарды қамтыса да, ұрпақтардың алмасуы арқылы қоғамның мәдени-рухани деңгейде жаңара түсетіндігін белгілеп бергенмен тең ұғым.

1.2 Ұлттық бірегейлік ұғымының логикалық-әдіснамалық анықтамалары

Ұлттың өзін-өзі сақтауы адамзат тарихындағы ұлттар мен этностардың даму эволюциясында қашанда өзекті болып келген онтологиялық мәселелердің бірі. Ұлттық бірегейлік ұғымының мәнін ашу үшін алдымен жалпы бірегейлік ұғымын концепт ретінде қарастырып, оның ішкі мазмұны мен мағынасын ашып алуымыз керек. Одан соң ұлт, этнос ұғымдарын да қысқаша талдап өту маңызды мәселелердің бірі. Бұл ұғымдардың түсіндірмесінен біз қарастырып отырған ұлттық бірегейлік ұғымының концептуалды негіздері ашылады. Ұлттық бірегейлік, сондай-ақ, тек абстрактылы ұғым емес, ол саяси-әлеуметтік тәжірибеде қолданылатын өмірмәнділік негізі терең нақтылы ұғым.

Ұлттық бірегейлік қазіргі таңда белгілі бір халықтың, ұлттың өзіне-өзі сәйкес келуінен туындап жататын көп құрылымды құбылыс. Оның тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани, саяси-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық негіздері бар. Оның мәнін ашып алу үшін, алдымен, ұлттық бірегейлік ұғымын біз біртұтас концепт ретінде қарастыруға тиіспіз. Өйткені ұлттық бірегейлік атауымен берілген өзара байланысты жеке құбылыстардың мағынасын өзінде жинақтайтын, мазмұнға бай және түбегейлі ашып көрсетуді қажет ететін жалпы бұл ұғымның мәні терең әрі құбылмалы. Ұлттық бірегейліктің семантикасын логикалық тұрғыдан саралау ұсынылып отырған мәселемізді ашып аудың алғышарты болып табылады. Ұлттық бірегейлік концептісінде, логикалық құрылымы бойынша, негізінен екі құбылыс біріккен: ұлт және бірегейлік. Сондықтан да, бұл концептінің мәнін ашып алу үшін бірегейлік пен ұлт ұғымдарын толықтай түсініп алып, синтездеуге тиіспіз.

«Бірегейлік» термині замануи әлемдік философияда кеңінен қолданыс тапқан «идентичность» (лат. *identificare* – теңдестіру, сәйкестендіру, кейінгі лат. *identifico* – теңдестіремін) терминінің қазақша баламасы болып табылады. Бұл қазіргі қазақ тілінде философиялық әдебиетте қабылданып, бекіп қалған терминге айналды деуге болады: «Мемлекеттік тілде жазылған ғылыми оқулықтардың басым көпшілігінде, сөздіктерде және бірқатар осы мәселені зерттеумен айналысатын ғалымдардың еңбектерінде және кейбір мемлекеттік құжаттарда «identity» ұғымын ашуда әртүрлі балама сөздер қолданылып жүр. Олардың көпшілігі бірегейлікпен қатар, «бірдейлік», «біртектілік» «ұқсастық», «тақылестестік», «барабарлық» және т.б. сияқты ұғымдарды пайдаланады. Латын тіліндегі «identity» терминінің ортақ анықтамасының жоқтығына қарамастан қазақ тілінде көп қолданысқа түскен «бірегейлік» сөзін пайдалануды жөн көрдік. Бірегейлік сөзі де «identity» ұғымының толық мағынасын бермейді, алайда, оның баламасы ретінде мемлекеттік тіл агенттігінің «бірегейлік» терминін бекіткендігін, сонымен қатар бірнеше ғылыми еңбектерде авторлардың осы терминді қолданғанын негізге алдық» [58]. Біз де осы пікірді қолдай отырып, бірегейлік сөзін *идентичность* ұғымына барынша жуықтайтын термин ретінде пайдаланамыз.

Бірегейлік ұғымының мазмұны туралы да ғалымдар қауымдастығында өзара келісілген бір тоқтам кездеспейді деуге де болады. Дегенмен оған берілген түсініктемелер мен анықтамаларға ортақ, ұқсайтын және жалпыланатын ой бағдарлары бар. Олай болса, біз оларға қысқаша шолу жасап өтуіміз керек. Бірақ бұл ұғым криминалистикада, информатикада және т.б. көптеген ғылымдарда қарастырылады. Сондықтан, біз оның тек қана қоғамдық ғылымдар, оның ішінде, әсіресе, философия бойынша берілген негіздемелеріне ғана тоқталып өтеміз.

«Бірегейлік – (*identifico* – латын тілінен барабарландырамын), салыстыру мен қатар қою үдерісінде тұлғаның, объектінің айрылып танылуы мен ұқсатылуы. Психология мен әлеуметтануда жіктеуде, белгі жүйелерін талдауда бейнелерді ажыратып тану. Бірегейлену, сондай-ақ, әлеуметтік топтарға немесе

үлгілерге, өзге адамдарға қарағанда тұлғаның өзіне сәйкестігі деген де мағынаны білдіреді» [34,с. 663].

Қазақ тіліндегі философиялық сөздікте: «Идентификация (лат. *identificare* – сәйкестіру, бірегейлендіру, теңдестіру). Саналы немесе бейсаналы, сәттік немесе тұрақты түрде өзін басқа мәндімен теңдестіру. Арнайы әдебиеттерде қарастырылатын идентификация: 1) Сәттік идентификация, бұған идентификация механизмі көмегімен тұлғалық белгілері, құндылық ұстанымдары қалыптасатын баланың рөлдік ойыны мысал болады. Тұрақты идентификация алғашқы және кейінгі қатардағы болып бөлінеді. Алғашқы идентификация баланың сәби шағында алғашқыда анасымен, сосын оның жынысына байланысты пайда болады. Кейінгі қатардағы идентификация жастық шақта, туыстық байланыстардан тыс (оқытушы, жетекші, досы және т.б.) қалыптасады. 2) Топтық идентификация (әлеуметтік теңдік) өзін қандай да бір әлеуметтік топпен теңестіру, оған кіретінін ұғынып, оның мақсаты мен құндылықтарын бөлісу. Адам өз өмірінде сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша айырмашылықта болатын бірнеше әлеуметтік топпен (мектеп сыныбы, жұмыс ұжымы, бір спорт клубының жанкүйерлері, бір партия мүшелері, бір үйдің, қаланың, мемлекеттің тұрғындары және т.б. болуы мүмкін) теңестіріледі. 3) Өзін көркем шығарма кейіпкерімен теңдестіру. Мұның нәтижесінде шығарма мазмұнын, мәнін жақсы түсіну орын алады. 4) Идентификация психологиялық қорғану механизмінің бір түрі ретінде, бейсаналық деңгейде қатер төндіруші объектіге ұқсаумен байланысты болады. 5) Таным үдерісі ретіндегі идентификация (белгілі бір салаға жатқызу) немесе қандай да бір объектілерді білу. Бұған адам жадында жазылған эталонмен қабылданатын объектіні салыстыратын перцептивті (демек, қабылдаумен байланысты) идентификация жатады», -деп толығырақ анықтама береді [57,с. 279].

«Бірегейлендіру — белгілерінің сәйкес келуін негізге алып, белгісіз объектіні белгілі объекті қылып бекіту, өзгелерден ажыратып тану» - деп [59] немесе: «Бірегейлену (кейінгі латыннан *identifico* – сәйкестендіру) 1) біреуді, бір нәрсені ажыратып тану, түйсіну; 2) біреумен, бір нәрсемен сәйкестенуі, ұқсатылуы. Бірінші мағынада бірегейлену термині психологиялық үрдістерді тану, жасанды интеллектіні үлгілеуде, заң психологиясында т.б. қолданылады. Бұнда объектілердің белгілі бір ұйқасатын қасиеттері мен белгілерін салыстыру үдерісіне баса көңіл аударылады және олардың бір топқа жатуы немесе әртоптың өз айырмашылықтары анықталады», -деп те тұжырымдалады [60].

Біздіңше бұл ұғымның тарқатылған философиялық анықтамасы ретінде мына тұжырымдамаға тоқталуға болар: «Бірегейлік» (лат. *identificare* – теңдестіру, кейінгі лат. *identifico*- теңдестіремін) – әлдененің («болмыста бардың») өз санасында ойлайтын өзіндік өзгермелілігімен байланысындағы әрі үздіксіздігіндегі өзді-өзімен салғастылығы... «Кемелділігінде ойланылатын сәйкестілік бұл бірегейлік» (Брентано). «Бірегейлік» ұғымы «даралылы» («өз жекелігіндегі ерекшелік», «даралылық», «тұлғалылық») ұғымының әртүрлі пәндік кең мәтінде қалыптасуымен және де «айырмашылық», «өзгешелік», «аутентикалық» және «Басқаның» дискурстарының еуропалық дәстүрінде

орнығуымен тығыз байланысты. Бірегейлікті түсінудің бір-бірімен байланысты болғанымен пәндік тұрғыдан әр түрлі және автономды үш түрі бар: 1) логикада (бейклассикалық); 2) философияда (ең алдымен классикалық емес және де басты түрде постклассикалық философияда); 3) әлеуметтік гуманитарлық білімде (әлеуметтану, антропология, психология) 1980-жылдардан бастап «бірегейлік» ұғымын постструктуралисттік-постмодернистік болашаққа сай әмбебаптауға және пәнаралық «қалқаларды» жоюға деген үрдіс анық байқала бастады» [61], - дей келе, автор философия тарихының өн бойына үңіле, бірегейлік ұғымының дамуындағы нешетүрлі ұғымдар мен түсініктердің қайшылыққа бай тіркестері мен қатпарларын жан-жақты талдайды: тепе-теңдік және айырмашылық категорияларының күрделі қарым-қатынасының классикалық философиядан классикалық емес философияға, одан ары постклассикалық емес философияға өту жағдайларындағы теориясының дискурсына қарай ауысуының логикалық-семантикалық астарлары баяндалады: М.Хайдеггердің іргелі онтологиясында бірегейлік болмыстың әмбебап жиынтығынан туындайды; Гуссерльдің феноменологиясында әлемнің бірегейлігі таза сана мен реалдылықтың аралығында жатқан «мағынаға толы түпсіз шыңыраудан» құралыптастырылады делінеді. Мақала авторы философия тарихын түгелдей қамтып, Франкфурт мектебінің басты өкілі Т.Адорноның, постиндустриализмнің, герменевтиканың және т.б. философиялық ағымдардың бірегейлік мәселесіне деген көзқарастарын салыстыра зерделеп, осы ұғымның әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы (әлеуметтану, әлеуметтік психология, әлеуметтік лингвистика, саясаттану және т.б.) өзектілігін атап өтеді [61, с. 400].

Сонымен бірге оның түп негізінде, бастапқы нокатында «тепе-теңдік» ұғымының жатқанына баса назар аударуға тиіспіз. Классикалық философияда тепе-теңдік айырмашылықсыз болмайды, айырмашылықты қалайды, талап етеді деген ұйғарым да бар. Формалдық логиканың басты заңының бірі «тепе-теңдік заңы» деп аталуы да кездейсоқ емес. Классикалық емес және постклассикалық емес философияда бірегейлік ұғымы құралыптасып, философиялық дискурстың тең ортасынан орын теуіп, әртүрлі философиялық-логикалық жүйелерде өз орны бар концептке айналғаны белгілі. Сөйтіп бірегейлік қазіргі әлемдік философияның басты категорияларының қатарына еніп, көптеген өзекті мәселелерді шешудің логикалық-методологиялық негізін құрауда. Философиялық әдебиеттерде кейде бірегейлік ұғымына күмән келтіріп, оны тепе-теңдік ұғымының эквиваленті ретінде бағамдайтын пікірлер де кездеседі. Мысалы, ресейлік философ В.С.Малахов бірегейлік ұғымына (тепе-теңдік ұғымының орнына) аса мән беріп, оны дәріптеуді ұнатпай, «жөнсіз» деп сынға алады [62]. Біздің ойымызша, қазіргі жаһандану жағдайында бірегейлік ұғымы тепе-теңдік категориясының жаңа қырларын, оның мүлгіп жатқан әлеуетін кеңінен ашып, оны алға бастырып, дамыта түсті деуге болады. Сондықтан оларды қарама-қарсы қоюға болмайды: бірегейлікті тепе-теңдіктің дамыған, қазіргі мәдениеттің, қоғамдық өмірдің дамуына сай келетін жаңаша формасы деп қабылдауға тиіспіз.

Бұл анықтамалар мен түсініктемелерден бірегейлік ұғымының көптеген ғылым салаларында, оның ішінде, қоғамдық-гуманитарлық пәндер саласында, философия тарихында да әр түрлі мағынада қолданылатындығына көз жеткіздік. «Бірегейлік» пен «бірегейлендіру» (идентификация) ұғымдарын диалектикалық-логикалық тұрғыдан талдаған белгілі қазақстандық философ А.А.Хамидовтың пікірінше, бірегейліктің және соған сай бірегейлендіру үдерісінің негізінен үш нұсқасы бар екенін көрсетеді: 1) адамның немесе қауымдастықтың өз-өзіне деген қатынасы ретіндегі бірегейлік; 2) адамның немесе қауымдастықтың басқа адамға деген немесе қауымдастыққа деген қатынасы ретіндегі бірегейлік (басқаға, басқаларға қатынасы арқылы орнығатын бірегейлік); 3) адамның немесе қауымдастықтың әлдебір ауқымды тұтастыққа жататыны ретіндегі бірегейлік [22,с. 139]. Бұларды ол бірегейлік пен бірегейлендірудің үш типі деп айтады.

Ендеше, жоғарыдағы түсіндірмелерге сүйене отырып, бірегейлік ұғымына философиялық тұрғыдан мынадай өз анықтамамызды ұсынамыз: бірегейлік дегеніміз – формальды логикалық-семантикалық тұрғыдан алғанда, тек объектінің немесе құбылыстың барлық өзіне тән сапалары мен қасиеттерінің сәйкес келуі, өз болмысын өзі қайталауы, өзінің өзіне үнемі сәйкес келуі, өз-өзіне тең болуы. Оған қарама-қарсы құбылыс айырмашылық, сәйкес еместік, өзі еместік, т.б. Мағыналас терминдер: сәйкестік, барабарлық, инварианттылық, эквиваленттілік және т.б.

Ал бірегейленудің негізі – өзіне-өзі қайта оралу, өзін-өзі қайталау, өз болмысынан өзі қашанда алшақтамау, үнемі өзін-өзі жай ғана тану емес, өзінің қашанда «Өзі» екендігіне сенімділікпен келіп шартталынуы деп айта аламыз. Яғни ол өзге емес, тек нақ өзі, өз болмысының мәні мен мазмұнын кемелдендіре беруі, түп негізін тұрақты түрде сақтауы. Осыдан мынадай нақты логикалық сауал туындайды: «Егер кез-келген нәрсе, құбылыс үнемі өзіне өзі тең, өзі ғана болатын болса, онда бұны арнайы ұғым ретінде қарастырып қажеті қанша, заттар мен құбылыстар қалай өзі емес бола алады?». Біз бұл сауалға логиканың қалыптасқан түрлері бойынша тоқталып өтуді жөн көрдік. Формальды логика бойынша: $A=A$. А дегеніміз қашанда А, оның В,С болуы мүмкін емес. Философ А.А.Хамидов та формалдық логиканың заңдарына сүйеніп, бірегейліктің қазіргі түсінігі айырмашылығы жоқ таза бірегейлікті ұстанады, «бірегейлік мұнда айырмашылыққа қарсы тұрады», алайда ол (айырмашылық) бірегейліктен тыс, бірегейлікке сай келмейтін, онымен сыйыспайтын мәселе ретінде бар болады деп тұжырымдайды [22,с. 141]. Айырмашылықты табу бірегейліктің бар екенін паш ете түседі деп қосады автор. Осы ғалымның ойы бойынша, мұндай формалдық-логикалық түсінік қазіргі әдебиетте қабылданған бірегейліктің тұжырымдамасына ғана қатысты, ал одан тыс көздері тепе-теңдіктің диалектикалық-логикалық категориясы ретінде қызмет ете алады. Түптің-түбінде, автордың ойынша, әлеуметтік философия диалектикалық-логикалық негіздемеге көшуі тиіс, сонда ғана бірегейлік мәселесі абстрактылы емес, нақтылы феномен ретіндегі деңгейінде қарастырылып, гуманитарлық мән-мағынаға ие болады [22,с. 159].

Ал диалектикалық логикада абсолютті сәйкестіктің болуы мүмкін емес, таза абсолютті тең келетін, ешқандай айырмашылығы жоқ екі объектінің де болуы мүмкін еместігі былай тұрсын, ешнәрсе ешқашан да өзіне-өзі абсолютты тепе-тең бола алмайды. Себебі даму мен өзгерістер объектіні сәт сайын өзінің бірегейлігінен айырып отырады. А.Н. Чанышев зерттеулері бойынша, антикалық диалектика өкілі Гераклиттің: «Бір өзенге екі қайтара түсе алмайсың» деген нақыл сөзінің мәні де осында жатыр. Ал оның шәкірті Кратил бұл диалектикалық ойды одан ары дамытып: «Бір өзенге бір рет те түсе алмайсың» деген екен [63].

Қазақстанда жалпы бірегейлік мәселесіне алғаш көңіл аударған ғалымдардың бірі белгілі философ әрі саясаттанушы Г.В.Малинин болатын [64]. Бірегейлік ұғымының батыстық постмодернистік түсініктеріне талдау жасап, оның өзіндік ерекшеліктерін саралап, мән-мағынасын терең ашқан зерттеулердің қатарына А.Ержанова мен Б.Нұржановтың «Мәдениет, коммуникациялар, медиа» атты монографиясын жатқызуға болады. Бұл авторлар бірегейлік тақырыбының Батыста XX ғ. соңында-ақ орталық орынға ие болып, әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде кеңінен қолданыс тапқанын айта келіп, бұл ұғымның түп негізінде ХҮІІІ ғ. Р.Декарттың еңбектерінде орын тепкен субъективтіліктің философиялық тұғырнамасы жатқанын ашып көрсетеді.

Субъективтіліктің мәдениет тарихындағы эволюциясының негізгі үш тұғырнамасы (ағартушылықтың, әлеуметтанушылық және постмодернистік) болғанын тізбектеп, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін көрсетеді: ағартушылықтың тұғырнамасында тұтас тұлға бірегейлігі орталық орынға ие болса, әлеуметтанушылық тұғырнамасында бірегейлік әлеуметтік тұрғыда құрастырылған, конструкцияланған, әлеуметтік байланыстармен уәжделген деп түсіндіріледі; үшінші (постмодернистік) тұғырнама бірегейліктің өзгермелілігін, субъекттің әр уақытта әртүрлі бірегейліктерге ие болатынын алға тартады. «Постмодерндік субъект, бір-біріне жиі-жиі қайшы келетін «қалқымалы», фрагменттелген, шашыранды бірегейліктерге бөлінген», -деп жазады авторлар [23,с. 222]. Әуел бастан «Бірегейлік ұғымының субъективтілік ұғымына сүйенетіндігін» көрсете отырып, авторлар «бірегейліктің заманауи батыстық тұғырнамаларының классикалықтан (картезиандықтан) айырмашылығы неде екенін» паш етуге ұмтылады. Осы тұста олардың арасында 8 айырмашылық бар екенін тізбектеп береді: 1) бірегейліктің мәдени-әлеуметтік тұрғыдағы өзгермелілігін, әртүрлі мәдениеттер мен дәуірлерде түрленіп, құбылып тұратындығын; 2) оның малтығып, атқаратын қызметіне сай күй кешетіндігін; 3) оның тілге, тілдік ұйғарылымға тәуелділігін; 4) тілдің бірегейлікті әртүрлі уақыттық, кеңістіктік және прагматикалық жағдаяттарға сай тудыратынын, яғни бірегейліктің дискурсивті конструкция екенін; 5) бірегейліктің тек теңгерілуі ғана емес, сол басқадан (басқалардан) ерекшеленуі де қажет екенін; 6) тұлғаның әр түрлі жағдайларға сәйкес, бір мезетте бір ғана емес бірнеше бірегейліктерге ие бола алатындығын; 7) оның жеке адамның ойынан гөрі ұжымдық іс-әрекеттерге байланысты қалыптасатындығын; 8) бірегейленудің күрделі үдерісіндегі заманауи медиакоммуникациялардың барған сайын артып келе жатқан рөлін анықтайды [23,с. 220-221]. Бұл авторлар өз ретінде қазіргі

батыстық ғалымдардың, британдық әлеуметтанушы Пол Гилройдың, итальяндық ғалым, әлеуметтанушы Альберто Мелуччидің, ағылшындық мәдениеттанушы Стюарт Холлдың, американдық саясаттанушы У.Дж.М. Маккензидің және т.б. еңбектеріне шолу жасап, бірегейлік мәселесінің жаңа қырларына тоқталып, тақырыптың өзектілігі мен күрделілігіне ерекше мән беріп, маңызды қорытындылар жасайды [23,с. 225-235].

Бірегейлену ұғымы XX ғасыр соңында ғылыми айнылымға еркін еніп, өзінің қолданылу аясын кеңейте түсті. Ол әлемдегі заттар мен құбылыстарға ғана емес, жалпы қоғамдық өмірдің әрбір саласы мен әлеуметтік құбылыстарға, жеке адамдарға да қолданылатын әмбебаптанған терминге айналды. С.Хантингтон ғылымда бірегейліктің бірнеше түрі бар екендігін атап өтеді: экономикалық, ұлттық, этностық, аймақтық, мәдени, саяси және т.б. [31,с. 52].

Ұлттық бірегейлік мәселесінің өзектілігіне аса мән бере жария болған американдық ғалым-саясаттанушы әрі мәдениеттанушы С.Хантингтонның «Біз кіміз?» деген кітабы еді. Бұл автор бірегейлік ұғымының логикалық-философиялық нәзік қырларына үңіле бермей-ақ, ұлттық бірегейлік мәселесін тікелей қойып, оның шым-шытырық суреттемесін АҚШ қоғамдық, саяси-мәдени өмірінің тарихы мен реалдылықтарына байланыстыра талқылайды. Оның ойынша әрбір қоғамға, мемлекетке, ұлтқа, жекелеген адамдарға да өзіндік бірегейлік тән. Бұл арада бірегейлік дегеніміз әр нәрсенің (объектінің) өзіне, өз мәніне, өз табиғатына, белгілі бір талаптарға, құндылықтарға, рәміздер топтамасына және т.б. сай екендігінде деп түсініледі. Қоғамдық өмірдің күрделілігі, тарихи құбылыстардың өзгермелілігі ұлттық бірегейліктің де түрленіп, өзгеріп, дамып отыратындығын куәландырады. Ұлттық бірегейлік дегеніміз, автордың түсінігінде, ұлтты ұйыстыратын, бір ұлт етіп біріктіретін және де сол ұлтты басқалардан ерекшелейтін әлдебір қасиеттердің (құндылықтардың) жанды топтамасы, белгілі бір тарихи қалыптасатын өзгермелі жүйесі. АҚШ-тың саяси-қоғамдық өмір тарихының ұзына бойында, дейді ол, бұл бірегейлікті американдықтардың сезінуі құбылып отырды. Демек ұлттық бірегейліктің өз тарихи-объективтік негізі болуы тиіс және де оны халықтың сезінуі, түсінуі парыз,- бұл екеуінің тарихи-әлеуметтік тұтасуы әлеуметтік-психологиялық феномен ретіндегі ұлттық бірегейлікті паш етеді.

АҚШ-тың тарихына орай, С.Хантингтон алғаш тек XIX ғ. Азаматтық соғыстан кейін тәуелсіздік алғаннан соң ғана американдық халықтың пайда болғанын, өзін біртұтас ұлт сезініп ұлттық бірегейлігін алғаш түйсініп, тіпті американдық патриотизмнің американдық ұлтшылдыққа айналғандығын да көрсетеді. Алайда, автордың көрсетуінше, XX ғ. екінші жартысында американдық ұлттық бірегейлік белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты әлсіреп (оған мүмкін болар бірегейліктің басқа түрлері-субұлттылық, екіұлттылық және трансұлттылық бірегейліктер қатер төндіргендіктен), халықтың, мемлекеттің ыдырап кету қаупі күшейеді. «2011 жылдың 11 қыркүйегіндегі трагикалық жағдаяттар,-деп жазады С.Хантингтон, - Америкаға оның бірегейлігін қайтарып берді». Сырттан төнген қауіп барда, ұлттық бірегейлік жоғары дәрежеде сақталады, деп қосады ол, егер қауіп -қатер сезімі

әлсіресе, онда «былайғы бірегейліктер ұлттық бірегейліктен тағы да үстем бола бастайды».

Бұл автор американдықтарды ұлт қылып ұйыстырып және оларды басқа халықтардан ерекшелеп отырған бірегейліктің бұдан басқа тағы да екі дәлелін келтіреді. Мұнда америкалық бірегейліктің мәдени, діни негіздері мен менталитетінің ерекшеліктері көрсетілген (ағылшындық-протестанттық мәдениет, сонымен тығыз байланысқан «американдық кредо», протестанттық құндылықтар, XX ғ. соңына қарай пайда болған қауіп-қатерлер және т.б.) [31,с. 15-17].

Бұл автордың ағынан жарылып, өз елінің патриоты екенін жасырмай, ал сонымен қатар ғалым ретінде объективтік талдауға ұмтылуы, жан-жақты зерделей отырып, американдық бірегейліктің эволюциясын аңдап, болашағына да көз тастауы өте маңызды. Американың шынайы патриоты есебіне ол американдық бірегейліктің болашағына, ағылшындық-протестанттық мәдениеттің және американдықтардың бәріне ортақ түпкілікті дәстүрлер мен құндылықтардың сақталуына, сөйтіп осы негізде АҚШ-тың дүниежүзінде ізгіліктің тірегі ретіндегі өз орнын сақтап қалуына сенімді екенін білдіреді.

Бұл арада автордың келесі бір ескертпесіне құлақ асуға тура келеді: менің қалауым ағылшындық-протестанттық мәдениет жағында, бірақта бұл ағылшындық-протестанттық халық дегенді білдірмейді дейді ол [31,с. 18].

Бұл ескертпенің ар жағында терең мағына жатыр. АҚШ-та көптеген этностар мен халықтардың жұрнағы бірігіп өмір сүреді, демек бұл ел, автордың өз сөзімен айтқанда, «мультиэтностық және мультихалықтық» ел болып табылады. Мұнда жан-жақтан жиналған жүздеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бас қосқан. Жергілікті американдық үндістер тарих бетінен тайып, Еуропа құрлығынан барған ағылшындар легі осы аймақты игеріп, жаңа мемлекет құрып, оның ағылшындық-протестанттық мәдени негізін қалап, Конституциясын қабылдап, жалпы «американдық кредосын», құндылықтық ұстанымын анықтап берген болатын. Осы негізде туған американдық бірегейлік бірде сұйылып, бірде қоюланып, бірде әлсіреп, енді бірде күшейіп түрленіп отырады. Автор осы бірегейліктің мәдени-құндылықтық негіздерінің берік болуына ерекше мән береді де, болашақтағы үш мүмкіндіктің ішінен (космополитикалық, империялық және ұлтшылдық) алғашқысына артықшылық беретін сыңай танытады [31,с. 16-17]. Демек, американдық халық көптеген этностар мен халықтардың тарихи қалыптасқан бірлігінің арқасында азаматтық қоғам, азаматтық ұлт болып ұйысқан АҚШ деп аталатын космополиттік болашағы бар елдің тұрғындары. Бұл еңбектің маңыздылығы осы ойтамызды өзінше іске асыруында, сөйтіп ұлттық бірегейлік мәселесін талқылаудың нақтылы бір үлгісін жасап беруінде жатыр. Әрине, қазақ халқының тарихы, мәдени-әлеуметтік болмысы мүлде өзгеше, сонда да осы үлгінің сабақ болар тұстары мол деуге негіз бар, өйткені ұлттық бірегейліктің түпкі мәні бір, ал қалыптасуы мен дамуы әр халықтың тарихи-мәдени болмысына сай түрленіп отыруы заңды.

Қазақ халқының ұлттық бірегейлігі туралы зерттеулер ХХІ ғ. бас кезінде жүргізіле бастады. Ең алдымен бұл тақырыптағы ізденістер этнос, ұлт, ұлттық идея, ұлттық құндылықтар, ұлттық сана сияқты ұғымдар төңірегінде топталса, кейіннен ұлттық бірегейлік мәселесі кеңінен қойылып, арнайы философиялық, әлеуметтанулық, саясаттанулық бағыттағы зерттеулер қаулап көрініс бергені аян [12,с. 21]. Бұл тұрғыдан алғанда 2008 ж. өткізілген екі Республикалық конференциялар материалдары өте көрнекті болып, осы мәселеге арналған бастапқы ізденістердің хал-күйінен хабар береді [19,с. 291]. Мұнда тек профессор Г.Г.Соловьёваның мақалаларында ғана жалпы бірегейлік мәселесі ашық қойылып, бірегейлік дегеніміз не, ұлттық идея мен еуразиялық бірегейліктің арақатынасы қандай деген сауалдар қойылып, автордың өзі түйген ойлары баяндалып, бұл мәселенің терең де күрделі астары бар екені білдіріледі [19,с. 18-34]. Тұтас алғанда бұл конференцияларда көтерілген әртүрлі мәселелер мен ұсынылған ғылыми тұжырымдар Қазақстандағы этносаралық қатынастардың даму бағытына сай ұлттық идеяның мәні мен мазмұнының қандай болуы тиіс екеніне келіп саяды.

Бұл ұғымның өзгермелілігін, қайшылықтарға толы мазмұндылығын, қазіргі кездегі өзектілігін, көптүрлілігін философтар мен саясаттанушылар да, әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылар да бірауыздан дерлік атап, оған негізделген мәселелерді талдаудың қиыншылықтарын көрсетуге ұмтылады. Мысалы, белгілі философ Г.Г.Соловьёва, бұл ұғымды Қазақстанда философиялық талдауға алғашқылардың бірі болып кіріскен маман ретінде, бірегейлік мәселесінің күрделілігін айта келе, оның бір көрінісі болып табылатын этникалық бірегейлік туралы қоғам дамуының әр сатысында оның жаңа қырлары мен сырларының пайда бола кететінін аңғарып, бұл мәдени-этникалық бірегейліктің сусылдап бір орында қатып қалмайтынын, өзгеріп, дамып, түрленіп отыратынын, тіпті кей кездері дағдарысқа ұшырайтынын («Бірегейліктің дағдарысы») қызыға жазады [19,с. 18-20]. Бірегейлік ұғымының философиялық мәртебесі жайлы, философиялық – логикалық қырлары жайлы ойларын ортаға салып жүрген Г.Г.Соловьёваның мақалаларында жалпы бірегейлік ұғымының күрделі ішкі мазмұнын ашуға, оның динамикалық сыр-сипатына үңіліп, ұлттық идея мен еуразиялық бірегейліктің арақатынасын талдап, бұл мәселенің астарын ашуға тырысады [19,с. 18-34]. Бірегейлік, бір жағынан, ұқсастық, бірдейлік, тепе-теңдік, үйлесімділік, ал екінші жағынан, өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық, өйткені әр нәрсе, айталық әрбір адам, жалпы мен жалқының бірлігі. Белгілі бір ұлттың өкілі ретінде ол өз ұлтының мәдениетін, тілін, салт-дәстүрлерін қадірлеуі тиіс, өзінің ұлттық бірегейлігіне терең бойлап, оны мақтан тұтып, қадірлеп, басқа ұлт өкілдері алдында өзін лайықты ұстап, өзіндік мінез, тұлғалық қасиеттері арқылы өз бірегейлігін, өзінің индивидуалдылығын да көрсете білуі тиіс. «Бірегей болу, өзіндік еріктілігіне, басқаларға ұқсамайтындығына берік болу – адами қадір-қасиетін, абыройын, бекзаттығын, ата-жұртына деген махаббатын сақтауға жол ашатын туған мәдениетінің рухани бастауларын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, игеру дегенді білдіреді» дей отырып, ол оқу-білімнің ұлттық жүйесінің негізіне ұлттық

мәдени мұра қойылуы тиіс деген қорытындыға келеді [22,с. 176-177]. Әлемдік философия тарихын терең білетін бұл профессордың қазақ мәдениетіне, философиясына бет бұруы, А.Құнанбаев, С.Көпеев, М.Жұмабаев, Ы.Алтынсарин шығармашылығына ден қойып, жастарды оларды оқып-үйренуге шақыруы көңілге қонымды бетбұрыс деуге болады. Осындай ойларды бұл мәселені зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан философ М.Шайкемелов те, Э.Фромм, Ф.Хесле, Ю.Хабермас, К.Ясперс, С.Хантингтон сияқты және т.б. белгілі зерттеушілерге сүйене отырып, бірегейліктер жүйелері, бірегейліктердің иерархиясы, олардың объективтік және субъективтік жақтары, күрделі құрылымы туралы айтып, бірегейліктің заманауи тұғырламаларына терең талдау жасап [12,с. 12-21], одан ары этномәдени бірегейлендіру, ұлттық бірегейлік, қазақы бірегейлік деп мәселені жалғастыра зерделей түседі.

Бұл ғалымның этникалық бірегейлік пен ұлттық бірегейліктің арақатынасын талдап, этнос, ұлт, мемлекет ұғымдарын тарихи-әлеуметтік сипат бере қарастыруы айтарлықтай көңілге қонымды. Этникалық бірегейлік, оның түсіндіруінше, Архаиканың бастапқы кезеңдерінде орын тепкен және «біз- олар» дейтік құндылықтық реңі бар принципке негізделгендіктен этноцентризмге, яғни өз этникалық тобының өмір салтын басым деп санауға жетелеген. Ал, постархаикалық тарихта, дейді ол, бір емес, бірнеше этностар бірігіп мемлекет пайда болған кездері этностық бірегейлік күрделеніп, жалпыұлттық бірегейліктің маңызы артады, содан ұлт қалыптасып, ұлттық бірегейлік өз күшіне еніп, әртүрлі субұлттық бірегейліктерді өзіне бағындырады [12,с. 34-35].

Бірегейлік мәселесіне арналған ұжымдық зерттеуде [22,с. 176-177] көбінесе қазақстандық бірегейлік туралы, оның мәдени, саяси, рухани-әлеуметтік қырлары, құндылықтық негіздері, жаһандану үдерісінің хал-ахуалы жөнінде де әртүрлі (кейде даулы да) ойлар айтылады. Мәселен, этникалық ұлт және азаматтық ұлт ұғымдарының арақатынасы туралы сұрақ осындай даулы, айтыс-тартыс тудыратын мәселелер қатарына жатады, өйткені қазіргі жағдайда этникалыққа негізделген ұлт ұғымын ескірген деп санайтындар, сөйтіп азаматтық ұлт ұғымына даңғыл жол ашатындар кездеседі.

Біздің түсінігімізше, этникалық ұлт ұғымын ескірген, уақыты өткен ұғым ретінде ғылыми айналыстан шығарып тастауға болмайды. Этностардың ұлт болып ұйысуы, дербес мемлекет құрып, тарихи санасы мен мәдениеті жетіліп, әлемдік саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік қарым- қатынастар түзуі арқылы іске асады. Этникалық ұлттың құрылуының мысалын қазақ халқының тарихына жүгіне отырып анық байқауға болады. Қазақ хандығының белгілі бір тарихи жағдайлар тоғысында ХҮ ғ. ортасы тұсында бөлініп шығып, дербес отау тігуі, оның тұрақталып өсіп-өнуі, территориясының кеңеюі, басқа көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасының өрбуі осы территорияны мекендеген ру-тайпалардың бірігіп қазақ ұлтының дүниеге келуін паш еткен тарихи оқиғаларға жатады. Ал американдық ұлттың құрылуы азаматтық ұлттың классикалық мысалы бола алады. Оның түп-негізінде тарихи қалыптасып, өз еркімен, күш-жігерімен мемлекет құруға талпынған бірегей ұлт жоқ (американдық үндістердің резервацияларда шоғырланып, болымсыз күй кешуін есептегенде), онда жан-

жақтан (Еуропадан, Испаниядан, Мексикадан, Португалиядан және т.б. елді-мекендерден) жиналған көптеген этнос өкілдерінің өзара келісіп, үйлесімді түрде құрған мемлекеті (АҚШ) бар. Азаматтық ұлт ұғымының қолданылу аясы тым кең емес (дамыған батыстық мемлекеттерге қатынасында ғана). Ал Қазақстандағы жағдайға бұл ұғымды қолдану қиындықтар тудырады. Өйткені мұнда мемлекет құраушы елдің, жердің иесі қазақ халқы бар. Бұл тарихи негізі мығым айғақты айналып өту, елемей кету мүмкін емес деп ойлаймыз. Сондықтан «ұлт-мемлекет» үлгісін («ұлттық мемлекет» деуге жасқанып) 1995ж. қабылданған Конституцияға енгізу [21,с. 9], абстрактылы қарағанда демократия принципіне жақын көрінгенімен, шындығында қазақ ұлтының өрісін тарылтып, өз жерінде жүзден астам этностардың бірі ғана саналуы тарихи әділеттілікке жатпайды деп айтудың негізі бар деп есептейміз. Диалектиканың абстрактылықтан нақтылыққа өту әдісіне сүйенсек, «ұлт- мемлекет» («нация - государство») ұғымына жүгіну бұл қазіргі Қазақстан жағдайында негізсіз алға озудың, демек абстрактылы ойлаудың, болса екен деп тілейтінді шындық екен ғой деп қабылдаудың нәтижесі. «Ұлт- мемлекет» концепті, біздіңше, жасанды конструкт, сол «азаматтық ұлт» туралы түсінікті қайтсе де жандандырудың бір тәсілі. Әрине, Конституция бойынша барлық азаматтар ұлты мен нәсіліне қарамай тең құқылы. Демек ұлты қазақ азаматтың құқықтық жағынан басқа ұлт өкілдерінен еш артықшылығы жоқ. Алайда, тұтас қазақ ұлтының қазақ жерінде (мемлекетінде) тарихи заңды мәртебесі (статусы) бар екені еш күмәнсіз. Қазақ ұлты - мемлекет құраушы ұлт, осы жер мен елдің талассыз иегері. Өкінішке орай, 1995 ж. Конституция қазақ халқының осы тарихи мәртебесін ашық жарияламайды, «ұялақтана» жасырады. Соның бір салдары - тіліміздің мүшкіл жағдайы. Ал мұның басты себебі неде десек, үш жүз жылдық отарлық саясаттың қазақ ұлтын әбден езгілеп, ар- намысын таптап, бар байлығын иемденіп қана қоймай, ақыл- ойын, мінез-құлқын, ділі мен тілін іштей ірітіп құлдық психологияға айналдыруында: сол тұстағы қазақ көбіне өзіне-өзі сенбейтін; ұлттық ар – намысы, сана- сезімі төменгі деңгейде; өз тілін, өз мәдениетін, тарихын салт- дәстүрін, тіпті өзін-өзі сыйламайды, жалтақ, ынтасыз болып қалған. Сол саясат аясында елдің ең қадірлі азаматтары, ойшылдары, ынта-жігері жоғары белсенді адамдары әртүрлі себептермен қудаланып, ұлттың азып-тозуына апарғаны мәлім. Осы құлдық сана- сезім, психология әбден «қанға сіңіп», халықтың бас көтере алмастай халге жеткені, іс-әрекетке жарамсыз, алауыз болып қалғаны шындық деуге негіз бар. Тәуелсіздікке қол жетер-жетпес XX ғ. 80- жылдары қазақ ұлтының саяси-әлеуметтік, әлеуметтік- психологиялық, мәдени- рухани хал-күйі тұтас алғанда мәз емес еді. Дамыған социализм құрамыз деп жүріп, ұлт есебінде өшіп кетудің азақ алды деуге жарарлық жағдаятқа душар болған едік. «Ұра берсе, құдай да өледі», - деген нақыл сөз бар, үш жүз жыл тепкілеп, басымыздан сабалап ұра бергеннен соң есеңгіреп қалғанымыз анық. 90 ж. басында тәуелсіздік қолымызға өзі келіп сұранып тұрғанда, оны алайық па, жоқ па деп абыржып қалғанымыз, жұрттың ең соңында қалып, алуға мәжбүр болғанымыз да соның бір айғағы.

Қазақта: «Ауруын жасырған өледі», - деген мәтел бар. Жоғарыда келтірілген ащы шындықты мойындасақ қана, біз өзіміздің қазіргі мүшкіл болмысымыздың жай- жапсарын терең түсіне аламыз, сөйтіп тарих бетіне қайта оралуымыздың, ұлттық бірегейлікті нығайтудың шынайы мүмкіндіктеріне қол жеткізе аламыз. Рухани жаңғыру осы құлдық санадан мүлде арылып, бірегей ұлт болып қайта түлеуіміздің басты бір шарты екені даусыз. Белгілі мағанасында қазақ ұлты КСРО ыдыраған шағында реанимацияда жатқан шала -жансар, ауруы асқынған адамды еске салатындай еді. Қазақ қоғамының саны да, сапасы да төмен болатын. Қазақ тарапынан ұлттық бірегейлік туралы айту ол кезде мүлде орынсыз, мәнсіз болар еді. Онда социалистік интернационализм ұраны басымдық танытып, «бірегей кеңестік халық» атанып, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» мәдени өмір кешетінбіз. «Ұлтшылдық» ұғымы мүлде жоққа шығарылатын: барлық адамдар, бүкіл кеңес халықтары интернационалистік рухта тәрбиеленіп, кеңестік жүйенің қатаң қысымынан, қазақ этносына «кеңестік бірегейліктің» күштеп танылуынан, деп жазады ғалым М.Шайкемелев, әлем байқамай да қалған трагедияға душар болдық: қазақтардың көшпенді өмір салтының негіздері құртылып, тілдің және дәстүрлі мәдениеттің ұмытылуына әкеліп соқты [12,с. 5].

Тәуелсіздікке қолымыз жеткеніне отыз жылдай уақыт болғанымен осы құлдық санадан арылып, біз өзді-өзімізге қайтып орала алдық па? Ұлттық санамыз оянып, ұлт болып ұйысып, тіліміз бен ділімізді қалпына келтіріп, ұлттық мәдениетімізді мейлінше дамытуға күш салып, ұлттық бірегейлігімізді нығайта алдық па? Ұлттық бірегейліктің тарихи негіздеріне, терең тамырларына бойлайтын қазақылық қасиеттерімізді (намысқойлық, ерлік, кеңпейілділік, қонақжайлылық), салт-дәстүрлерімізді, тіліміз бен өнерімізді тірілте алдық па? Ең алдымен өз елімізде, өз жерімізде отырып, басқа ұлттар өкілдеріне өзімізді, қазақ атаулыны әбден танытып, сыйлата алдық па? Қазақ мемлекеті бүгінгі әлемде өзіне лайықты орын алып, нық басып, тәуелсіздігін әйгілеп, халықаралық деңгейдегі өз орнын ала алды ма? Біздің болашағымыз азаматтық ұлт құруда ма әлде ұлттық негізімізді мығым сақтай отырып, жаңа тарихи жағдаяттарға сай ұлттық бірегейлігімізді нығайта түсуде ма? Қандай құндылықтар жатыр мұның астарында? Рухани жаңғыру деп ұрандатқанда біз нені алдымен жаңғыртуға тиіспіз? Рухани жаңғыруды неден бастау керек? Міне осындай келелі сұрақтар көп, кейбіріне осы арада жауап беріп көрейік.Әрине, басты құндылықтарымыз тәуелсіздікте жатқаны, оны көздің қарашығындай сақтау керек екендігі мәлім. Алайда, тәуелсіздік алдық деп марқайып отыра беруге болмайды, оны баянды етіп, халқымыздың жан-жақты алға басуына, мәдени- әлеуметтік, саяси - экономикалық, рухани дамуына жағдай туғызу және бірегейлік саясатын дұрыс жолға қою қажет. Ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы нығаюы үшін, жастарымызды патриоттық, нағыз ұлтшыл, отаншыл сезімде тәрбиелеуге тиіспіз. Бұл арада «ұлтшылдық» атауын құбыжық ретінде қабылдап, қорқудың орны жоқ. Әңгіме сыңаржақ, даңғаза ұлтшылдықта (расизм , нацизм, фашизм сияқты) емес, орынды да өлшемді ұлтшыл болу әркімге парыз. Көрнекті мысал ретінде Димаш Құдайбергенді алуға болады. Өзінің дара өнерімен ол қазақты, өз халқын, ұлтын, мәдениетін, тілін, тіпті қазаққа тән сыпайы мінез-құлықты да

бүкіл әлемге жайып, нағыз өз ұлтын сүйетін патриот екенін көрсетіп жүр. Одан біздің жастарымыз үлгі алуға тиісті. Әрбір қазақ баласы, әрбір қазақстандық тұрғын (қызметші, іскер, оқушы, спортшы, айталық Г.Головкин сияқты) елімізді мақтан тұтып, қазақ халқының кеңпейілді, өнерлі, білімді, бейбітсүйгіш, дархан халық екенін паш етсе, солай мақтан тұтуға лайықты ел бола алсақ, ұпайымыз түгел болары хақ.

Тәуелсіздікті баянды ету мақсаты елді, мемлекетті басқарудың басты бағыты болуы тиіс. Демек, әрбір билік басындағы қызметкер ұлтшыл (орынды, өлшемді деңгейде) болып, халықтың қамын ойласа, оны мақсат етіп, адал қызмет жасаса ғана бұл мақсат орындалары анық. Демек, жастардың жаңа легі, жаңа буыны, келешек ұрпақтарымыз осындай ұлтшылдық рухында тәрбиеленіп, ұлттық бірегейліктің нығаюына үлес қосуы тиіс. Қазақстанда қаңтар (2022 ж.) оқиғаларына қатысты берген сұхбатында мемлекет басшысы Қ.-Ж.Тоқаевтың: «Президент үшін мемлекеттің мүддесі қашанда бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін», «менің Президент ретіндегі басты міндетім- бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу», «ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалау», - деп шешімді ұйғарым ұсынғаны ұлттық бірегейліктің, ел бірлігінің қамы деп анық тұжырымдауға болады [65].

Қазақстан Кеңес өкіметі кезінде жүргізілген интернационалистік саясаттың озық бір үлгісіне айналып, «ұлттар достығының лабораториясы» саналып, орыстандыру саясатына әбден көндіккен, Одақ үшін барын беретін, аты ғана ұлттық, заты түгелімен орталыққа бағындырылған, орыстандырылған мемлекет еді. Кенет тәуелсіздік алып, өмір сүру бағыты күрт өзгергенде, не істерімізді білмей, дамудың әртүрлі бағыттарын іздегеніміз белгілі. Сол кезде ғана ұлтымыз қазақ екені есімізге түсіп, ұлттық сана-сезіміміз ояна бастады. «Біз кімбіз?», енді қалай өмір сүруіміз керек, ұлттық мемлекет құрудың жай-жапсары қандай деген сұрақтар туындап, «болу не болмау» туралы қойған Гамлеттің сауалы алдымыздан шыққаны белгілі. 90-жылдары алғашқы парламент жиындарында депутаттардың айтыс-тартысы, 1993 ж. бірінші Конституцияны қабылдап, іле-шала 1995 ж. екіншісін қабылдауымыз, одан кейін де қайта-қайта оған өзгерістер енгізуіміз де тәуелсіздік жолының, тәуелсіз ойлау мен дербес іс-әрекетке жол салудың қиынның-қиыны екенін, ол үшін ең алдымен құлдық санадан, жалған социалистік мұраттардан (идеалдардан) арылу керек екенін көрсетеді. Бұл, әрине, біршама уақытты керек етеді. Отыз жыл ішінде Қазақстан кеңестік рухтағы «халықтар достығы лабораториясынан» дербес саясат жүргізе алатын, «халық үніне құлақ асатын» (Қ.Тоқаев), оның мұң-мұқтажын еститін нағыз ұлттық мемлекетке айнала алмады деп айтуға толық негіз бар. Оның үстіне алпауыт миллионер және миллиардер бизнес өкілдері өкімет тарапынан қолдау тауып, республикамызды сауда -саттықтың айлағына айналдырып, халқымызды аздырып-тоздырып жібергені тағы бар. Мұндай сыни талдауды жаратпай, көптеген жетістіктеріміз бен жеңістерімізді тізбектеп (Нұр-Сұлтанды тұрғыздық, ЕҚЫҰ-ны басқардық, неше түрлі Халықаралық Форумдарды өткіздік және т.б.) қарсы пікір айтатындардың болатынын біз білеміз. Оларға

айтарымыз: әрине, біз де тірі жанбыз, тіршілік жасап баққанымыз рас. ЭКСПО сияқты және т.б. атышулы жетістіктеріміздің де бар екені рас. Жұртты таң қалдырып, әлемде болмаған қос билікті мемлекетте өмір сүргеніміз де аян. Мұндай «жетістіктер» бізде жетіп артылуда. Бұлар еліміздің дамуына, халқымыздың алға басуына, ұлттық бірегейліктің нығаюына, ұрпақтар сабақтастығының саяси-әлеуметтік, рухани-адамгершіліктік тамырларының барған сайын күш алып іске қосылуына айтарлықтай оң әсерін тигізе алмайды, өйткені оларға жұмсалған қаржының көлемі (халықтың қалтасынан шыққан) ұшан теңіз екені және олар халқымыздың сағын сындырып, жастарымызды азғындайтын жемқорлықтың алаңына айналғаны да жасырын емес.

Егер біз шынымен ұлттық бірегейліктің қажеттілігін маңызды деп ұғынсақ, ұрпақтарымыздың болашағын ойлап, гүлденген тәуелсіз Қазақстанды тұрғызамыз десек, осы өткен отыз жылдан бергі тарихымыздан дұрыс қорытындылар жасауымыз керек, орын алған олқылықтар мен жіберілген қателіктерді болдырмастай шаралар қабылдауға тиіспіз.

Мұндай шешімді ұйғарымдарға негіз болған философиялық- әдіснамалық, саяси-әлеуметтік, қоғамдық- психологиялық зерттеулер қатарына Академиялық философия, саясаттану және дінтану институты 2018-2019 ж.ж. жариялаған қос томдық «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» [22,б. 460] деп аталатын іргелі ұжымдық зерттеу мен 2013 ж. жарық көрген М.Шайкемеловтің [12,с. 272] және 2014 жылы жарияланған Р.Қадыржановтың [11,с. 168] монографияларын ерекше атап көрсетуге тиіспіз. Бұл іргелі зерттеулер диссертацияның әр тарауында ұлттық бірегейлік мәселесінің әртүрлі қырларын ашу мақсатында, ойтүрткі және салыстырмалы талдауларға қажет материалдар ретінде кеңінен қолданылады.

Ұлт, этнос мәселелерін арнайы зерттеген ф.ғ.д. З.Н.Сәрсенбаеваның осы мәселелерге арналған зерттеуінде «азаматтық ұлт» немесе «саяси ұлт» деген сөз тіркестерін қолданбай, ұлт «саяси қауымдастық, жалпыазаматтық өзіндік сана ретінде қарастырылуы мүмкін» деп қана тұжырымдап, белгілі мағынасында сақтық танытуы тегін емес [66]. Бұл ғалым да Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынаста ХХ ғ. 90-жж. қалыптасқан күрделі жағдайды өзінше бағалап, этноқазақтық бірегейлік пен жалпыадамзаттық негізде тұрғызылуы тиіс жаңа Қазақстандық бірегейліктің арасында этникалық өзіндік санамен байланысқан қайшылықтар, мәселелер туындағанын еске салады. Мұнда да сол азаматтық ұлт пен этностық ұлт ұғымдарының арақатынасында бой көрсететін қайшылық сөз болуда. Автор қазақ тілді қазақтар мен орыстілді қазақтардың арасындағы түсінбеушілікке байланысты өз өкінішін білдіріп, олардың әлі күнге дейін бірегейлене алмай, тұтас мәдени -әлеуметтік бірегейліктің орныға алмай келе жатқанына, осы себептен де ұлттың өз тіліне, мәдени мұрасына, дәстүрлеріне деген қарым-қатынасының барған сайын әлсіреуін қынжыла баяндайды [66,с. 240-242].

З.Н.Сәрсенбаеваның зерттеуінде Қазақстандағы саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың мемлекет құраушы қазақ халқының даму деңгейіне және жалпықазақстандық азаматтық бірегейліктің қалыптасуына тәуелді екені туралы

дұрыс пікір ұсынылған. Шындығына келгенде Қазақстандық қоғамның даму жолы туралы ХХІ ғ. бас кезінде жүргізілген нақтылы әлеуметтік сауалнама көрсеткендей, респонденттер төрт топқа бөлініп, 35,2 пайызы Қазақстанның өз даму жолы болуы тиіс десе, 34,5 % - Қазақстан Ресейге қосылуы тиіс, 13,4 % - батыстық даму жолына түсуі керек деп, ал 15,2 % - жауап беруге қиналған көрінеді [66,с. 243]. Демек, бұл ХХІ ғ. бас кезінде еліміздегі ұлтаралық қатынастардың тым мәз еместігін, этномәдени бірегейліктің көкжиегі әлі бұлыңғыр екенін анық білдіреді. Еліміздің даму жолы туралы тұрғындардың ойларының төртке ажырап кетуі көп нәрсені аңғартатыны сөзсіз. Біріншіден, қазақ халқының саны 70% -ға жуық болғанымен, өз елінде доминантты рөл атқара алмай, әлі де «үлкен ағамызға» қарап бой түзейтініміз, сағымыз сынып орысша сөйлеп, орысша ойлайтынымыз өз-өзімізге сенімсіздігіміз, іскерлігіміздің, шығармашыл іс-әрекеттеріміздің төмендігі, бәсекелестікке дайын еместігіміз, демек құлдық психологиядан әлі де арыла алмай, торығып келе жатқанымыз байқалады. Екіншіден, мемлекетіміздің идеологиясындағы ұлттық, ұлтаралық мәселелерді шешудегі ағаттықтардың көптігін, сөз жүзінде бәрі тамаша болғанымен, іс жүзіндегі жағдайдың сын көтермейтінін білдіреді. Осының бәрін ескеріп, үшіншіден, жаңа Конституция қабылдап, қазақ халқының өзіндік мемлекет құраушы мәртебесін заң жүзінде бекітіп, мәдени-ұлттық интеграция үдерісін мықтап қолға алып, заңдарды қатайтып (күшейтіп), бұл мәселені дұрыс жолға қою керек деп ойлаймыз. Өйткені, Қазақ мемлекетінің іштен іріп, әр ұлт өкілдері үй ішінен үй тігіп, бөлектеніп, тіпті жатсынып, қазақты басынып, оның тілін, салт – дәстүрін, мемлекеттік рәміздерін менсінбей дараланып кету қаупі бар. Идеалында барлық ұлт өкілдерінің қазақ халқының тәуелсіз мемлекетінің аясында ортақ құндылықтарға ұйысып, бауырмалдық қарым-қатынас орнықтырып, этномәдени аксиологиялық бірегейлену өз деңгейіне жетіп, бір-біріне деген ыстық ықыласта, үйлесімді, келісті өмір сүргенге не жетсін! [67]. Сонда ғана, мүмкін, Қазақстанда азаматтық тұрғыдағы жаппай қазақы (қазақстандық емес) ұлт құрылды, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман туды» деп әуелетіп айтуға болар.

Жалпы ұлт мәселесіне арналған, «ұлт», «ұлттық қауымдастық», «ұлтшылдық» сияқты ұғымдарды арнайы зерделеп, «этностық ұлт» және «азаматтық ұлт» ұғымдарының арақатынасын ашып, біраз даулы мәселелерді шешудің жолын өзінше зерделеген американдық саясаттанушы Б.Яктың «Ұлтшылдық және қоғамдастықтың моральдық психологиясы» атты еңбегі ерекше құнды. Оның ойынша, ұлт атаулы адами қоғамдастықтың, ұлттық сана сезімнің түп негізінде әлеуметтік -психологиялық мәні бар ерекше қасиеттің (оны автор «әлеуметтік достық» деп те атайды) жатқанын ескеру қажет. Бұл қасиетті ол қоғамдастық мүшелері арасындағы орнығатын «өзара қамқорлық пен бауырмаластық қатынастар» («отношения взаимной попечительности и лояльности») деп әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан түсіндіреді. Автор «қоғамдастық» («сообщество») ұғымын осылай тереңдете бағамдап, оның басты бір түрі болып табылатын ұлттық қоғамдастық пен оған сәйкес ұлтшылдық ұғымын да ой елегінен өткізеді. Оның ойынша, ұлтшылдық қазіргі тарихи

кезеңде бүкіл әлемде кеңінен қанат жаюда, сондықтан оның мән-мағынасын ашудың, оны дұрыс түсінудің маңызы зор. Қоғамдасудың түрлері көп дейді ол, ал олар өз кезегінде жекелеген адамдардан (индивидтерден) тұрады. Біреулерінде адамдарды байланыстыратын осы айғақтық қасиет (адамгершіліктік сезімталдық) жеңіл-желпі деңгейде болуы мүмкін, ал енді біреулерінде бұл қасиеттердің күштілігі соншама, тіпті адам ол үшін өз өмірін киюға даяр болады деп түйіндейді [32,с. 20].

Ұлт, оның пікірінше, ұрпақтар аралық (межпоколенческое) қоғамдастық және мұнда бұл қоғамдастықтың мүшелеріне ортақ «мәдени рәміздер мен аңыз-әпсаналар» тән болғандықтан, оларды өзара қамқорлық пен бауырмалдылық сезіміне негізделген қатынастар біріктіріп тұрады. Бұл автордың көрсеткеніндей, либерал саясаткерлер үшін ұлт пен ұлтшылдық жағымсыз ұғымдар қатарына жатады, өйткені олардың түсінігінше, моральдық және саяси прогресс ұрпақаралық байланыстардың (демек ұлттық сананың) әлсіреуімен байланысты, сондықтан жер бетінде біртіндеп тек космополиттер мекендеуі тиіс. Алайда, олардың үміті ақталмай, ұлтшыл көңіл-күй, ұлтшылдық дәуірі, либералдық индивидуализм дәуірімен қатарласа жүріп келеді деп айғақтайды автор [32,с. 22]. Демек оның ойынша әлемде, бір жағынан, либералдық демократиялық өзгерістер орын теуіп жатса, сөйтіп жеке адамдардаң құқықтары мен еркіндігі қалыптасса, екінші жағынан, ұлтшылдық тамырлары да нығаяды. АҚШ пен демократиялық дамыған еуропалық мемлекеттерде азаматтық ұлтшылдық орын алуда. Мұны кейбір либералдар (мысалы, Я.Тамир) «ұлтшылдықтың либералдық формасы» деп атап, либералдық көзқарас тұрғысынан ақтап алуға тырысады.

Осындай айтыс-тартыстардың барысына сыни көз тастай отырып, автор бұл екі идеологияның (бірі-либералдық, екіншісі-ұлтшылдық) арасында терең байланыстың бар екенін, олар бір-бірін мүлде жоққа шығара алмайтынын, қайта бірінсіз екіншісінің іске аса алмайтынын көрсетеді [32,с. 23-25]. Оның пайымдауынша, ұлтшылдық пен либералдық демократия біріге батыстық елдерде (айталық АҚШ-та) көрнекті орын алуда, өйткені саяси іс-әрекеттің легитимдігі (заңға сәйкестігі) жөніндегі либералдық түсінік бойынша халық биліктің көзі болып саналады, ал бұл қайтсе де ұлтшылдықтың өсіп-өнуіне апарады (халық пен ұлт ұғымдарының тығыз байланысты екені белгілі). Мысалы, «Қазақстан халқы» десек алдымен оның тұтқасында тұрып мемлекет құраушы қазақ ұлты алға шығады, демек қазақ ұлтшылдығы орын алады. Бұл этностық сыпайы ұлтшылдықтың көрнекті бір мысалы, бірақ ол басқа ұлт өкілдерін ығыстыру, кемсіту, қудалау сияқты кері қылықтарға жетелемейді (оған мемлекетіміздің конституциясы да жол бермейтіні белгілі). Бұл арада «ұлт-мемлекет» туралы жасанды құрылғыны (конструктыны) кіргізудің, біздіңше, керегі жоқ сияқты. Демек Б.Яктың тап-таза «азаматтық ұлттың» да, «этностық ұлттың» да әпсанаға (мифке) ұқсайтындығы, ал шындығында ұлттар еркін таңдау мен мәдени мұраны қатар үйлестіре жүретіні туралы қорытындысымен әбден келісуге болады [32,с. 60].

Автор, әрине, ұлтшылдықтың шеткері формаларының адамзат тарихындағы қалдырған іздерін қатаң сынға алып, дегенмен ұлтшылдық сана сезімнің әлі де

болса қоғамдық өмірде ұзақ уақыт күш алып тұратынын, ал тіпті біртіндеп тарих бетінен жоғалып кетсе де, оның негізінде жатқан әлеуметтік достық сезімі жоқ болып кетпейді, тек ізгілікке негізделген басқа бір жоғарырақ формаға енеді деп ұйғарады, сөйтіп адамзат өмірінде моральдық психологияның атқаратын рөліне ерекше мән бере ойлау қажеттілігін ескертеді. Ұлтшылдық ұғымын жоққа шығарып, оны тек сыни тұрғыдан қарастырудың, сол арқылы қоғамның саяси өмірін либералдық тұрғыдан ғана түсіндіруге және болжауға деген ұмтылыстың, тап солай тек сыңаржақ ұлтшылдыққа негізделген көзқарастың адам айтқысыз кемшіліктерге апаратынынан, бұл ғалым өзінше сақтандырады. Бұл еңбектің біздің тақырыпқа байланысты құндылығы да тап осында: ұлттық бірегейлік феноменінің ұрпақтар негізінде нығаюын зерттегенде де сыңаржақтыққа жол бермеу керек, «ұлт», «ұлтшылдық», «ұлттық бірегейлік», «қоғамдастық» және т.б. осындай ұғымдардың диалектикалық өзара байланысына көңіл бөліп, оларды ажырата білумен қатар олардың арасындағы қайшылықты қатынастардың күрделілігін де ескеру маңызды. Сонымен қатар, ең бастысы, «ұлтшылдық» ұғымын өзінің оң мағынасында «ұлттық бірегейлік» ұғымымен біртектілі ұғым деп қабылдауға болады. Ұлтшылдық идеологиясы өзінің оң өлшемді қисынында ұлттың болмысының негізін қалап, оның беки түсуіне, толықсып дамуына, яғни ұлттық бірегейлікке бастайды. Демек, ұлтшыл болу өз ұлтын сүйумен, жан-тәнімен ұлтқа қызмет етумен барабар. Ұлтшыл адам безбүйрек әлдекім емес, ол басқа ұлт өкілдерімен бірігіп, шығармашылық еңбекпен ынтымақтаса айналысып, мемлекетіміздің дамуына қомақты үлес қосуға дағдыланады.

Бұл арада біз тағы да М.Шайкемеловтің еңбектеріне сүйеніп, ұлтшылдық ұғымына берілген оның түсініктемелеріне ерекше тоқталғанды жөн көріп отырмыз. Ол өзіне тән әдетпен белгілі ғалымдардың (С.Хантингтонның, Э.Геллнердің, Н.С.Трубецкойдың және т.б.) пікірлеріне сүйене отырып, ұлтшылдықтың екі түрі (біріншісінің – оң, екіншісінің – теріс құндылық ретінде) бар екенін ұйғарып қана қоймайды, оны ары қарай тереңдете талдап, бұл арада әңгіме толығымен қалыптасқан ұлт туралы болып отырғанына назар аударып, ұлтшылдық пен этникалық ұлтшылдықты ажырата білудің қажеттілігін көрсетеді [12,с. 35-37]. Ары қарай автор нақтылы әлеуметтік зерттеулердің нәтижелеріне сүйеніп, қазақ жастарына тән гипербірегейліктің себептерін қазақтардың этникалық бірегейлігінің тарихи дағдарысымен байланыстырып, патшалық заман мен Кеңестік дәуірде қазақ халқының мәдениеті мен тіліне, жалпы қазақ қоғамының өзіндік болмыс-бітіміне орны толмас зиян келгенін дәлелдей отырып, тәуелсіздік кезіндегі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалпына келтіруге деген талпынысына басқа халықтар өкілдерін бұл үдеріске түсіністікпен қарауға шақырады [12,с. 43-44].

Американдық ғалым Ф.Фукуяма бірегейліктің әлеуметтік- психологиялық қырларына үңіліп, оны адам жанының (гр.психенің) тимос деген (қаһарлану, мақтаныш, тәкәппарлық сезімдер) бір бөлігімен байланыстырады: «Жанның осы үшінші бөлігі, тимос, бүгінгі бірегейлік саясатының ішкі бауы болып табылады» - дейді автор [33,с. 43]. Өйткені адам баласы басқалардың ол туралы, оның іс

әрекеті, мінез-құлқы жайлы не ойлайтынына, оған қандай баға беріп, қалай қабылдайтынына, оны лайықты адам деп мойындайтынына не мойындамайтынына мән беріп, соған сай өзін оң не теріс сезінеді, оны не мақтаныш сезімі билеуі, не жұрттан қымсынып, налып қалуы мүмкін. Басқалардан артық болуға, жоғарырақ баға алуға ұмтылу «*мегалотимия*» деп, ал басқалардан кем болмауға тырысу, соны қалау «*изотимия*» деп аталады [33,с. 46-47]. Жеке адамның бірегейлікті аңсауы міне осылардан бастау алады екен. «Мен кіммін, мені басқалардан ерекшелеп тұратын қасиеттер бар ма, қоғамдағы орным қандай, мені жұрт бағалай ма, жоқ па» - деп, өз бірегейлігін іздеуге деген құштарлық осылайша психикасы сау әрбір адамға, әрбір әлеуметтік топқа тән екен. «Өз бірегейлігін мойындау мен құрметтеу – бұл бүгін әлемдік саясатта орын алып отырған көптеген мәселелердің бірқатарын қамтитын әмбебап ұғым» ретінде көрсетеді автор [33,с. 23].

Осындай түсініктемелер мен анықтамаларға сүйене отырып, біз ұлттық бірегейлік ұғымына төмендегідей анықтамамызды бере аламыз. Ұлттық бірегейлік дегеніміз ұлттың қоғамдық өмірдегі мәртебесін, өзіндік «Менін» анықтайтын әлеуметтік-психологиялық заңдылықтармен шартталған қасиеттердің, сол мәртебесін сақтай отырып, өзін-өзі қайта өркендетуіне қажетті саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік үдерістердің жиынтығы. Бірегейлік қоғамдық өмірдің елді біріктіре отырып, алға басуына оңтайлы болуы тиіс.

Егер де белгілі бір халықтың ұлттық рухы мығым, руханияты неғұрлым терең орныққан болса, онда ол үнемі бірегейленуге және ұлттық кодын сақтауға ұмтылып отырады. Бұл ұлттар мен ұлыстар тарихи қалыптасқан рухани негіз, рухани құндылықтар арқылы сусындайды. Ұлттық өзіндік сананың бірегейленуі мен сақталуы қашанда ұлттық бірегейліктің негізі болып табылады. Бұл тақырып қазақ философтарының еңбектерінде жан-жақты талқыланып, бүкіл адамзаттық құндылықтармен қатар (ақиқат, ізгілік, әділдік, сұлулық сияқты) әр халықтың өзіне тән өмірлік маңызы зор құндылықтары болатынын, қазақ халқының да өзіндік құндылықтық әлемі бар екенін дәлелдеп, теориялық та практикалық та маңызы зор зерттеулер жүргізуде [9,б. 400]. Ұлттық бірегейліктің түп негізінде жататын, оның іргетасын қалайтын құндылықтар қатарына, әрине, тәуелсіздікті жатқызамыз. Тәуелсіз мемлекет болып, дербес саясат жүргізіп, жастарымызға еркін ой мен шығармашылық іс-әрекетке даңғыл жол ашып, ұрпақтар сабақтастығының алтын арқауында қазақылық мінез-құлық, ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрлеріміз тұрса, ұлттық бірегейліктің мызғымас қамалға, шығармашылық әлеуеті мол бағдарламаға айналары анық.

Қазақ халқының дүниетанымы, сана-сезімі, дәстүрлі мәдениеті, бірегейліктің түп негізінде жатқан құндылықтары туралы тебірене жазған профессор Ж.А.Қабаева қазақтардың көшпелі өмір салтының ерекшеліктеріне мән бере сипаттап, әлемнің ұлттық суреттемесі қай халықтың болмасын өзіндік бірегейленуін анықтайтынын, мұндағы тілдің рөлін, ұлттық ойлау стилінің маңыздылығын атап өтеді. Тереңдей талдай келе, автор бейсаналық деңгейіне үңіліп, қазақ халқының бірегейлігінің бастауларын ұжымдық бейсаналықпен

байланыстырып, болашақта жаңа технологиялардың қарқынды дамуы кезіндегі жаңалықтарға психологиялық тұрғыдан дайын болуға назар аударады [68-70].

Бірегейліктің жоғарыда берілген анықтамасын толықтыру үшін, біз Ф.Фукуяманың осы ұлттық бірегейліктің негізгі функциялары және қалыптасу тәсілдері туралы айтқандарын ескеруге тиіспіз, өйткені диалектика ілімі бойынша дүниеде бәрі де өзгеріп, дамып отырады, сонымен бірге әр нәрсенің болмысында құрылымы мен қызметі арасындағы қайшылықты қарым-қатынастың орын алатыны белгілі. Бірегейлік не үшін керек, оның атқаратын қызметтері қандай деген сұрақтарға бұл ғалымның жауабын былайша баяндауға болады: біріншіден, елдің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, екіншіден, мемлекеттік басқарудың сапасын жақсартып, экономикалық дамуға жол ашу; үшіншіден, қоғамдағы сенімділік шеңберін кеңейтіп, адамдардың саяси-экономикалық белсенділігін арттыру; төртіншіден, мемлекеттегі қорғаудың тиімді жүйелерін жандандырып, либералды демократияның дамуына қажетті жағдайлар туғызу [33,с. 164-165].

Ұлттық бірегейліктің қалыптасуының тәсілдері туралы да ол төрт мүмкіндікті айтады: бірінші тәсіл – белгілі бір елдің саяси шекаралары арқылы не босаған жаңа территорияға қоныстанушыларды бағыттау жолымен немесе адамдарды орындарынан күшпен ығыстырып шығару әлде толығымен құртып жіберу жолымен, жергілікті халықты орнынан ығыстыру. Екінші тәсіл – халықты тілдік немесе мәдени топтардың қажеттеріне сай немесе, шекараларды өзгерту арқылы орналастыру. Үшінші тәсіл - әлдебір этникалық немесе тілдік топтың мәдениетіне азшылықтарды ассимиляциялау. Төртіншісі – берілген қоғамның бар ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық бірегейлікті қайта құру [33,с. 178].

Бірегейліктің мәнін ашып, оны тұтас құрылым ретінде ұғыну бірегейлік саясатын дұрыс әрі екпінді жүргізуге, оның заңдылықтарын меңгеріп, елдің дамуының шынайы стратегиясын құруға, болашаққа толассыз ұмтылуға бастайды. 2022 жылы қаңтар айындағы орын алған трагедиялық оқиғалар сол бірегейлік саясатында орын тепкен өрескел олқылықтардың салдары деуге болады. «Жаңа Қазақстан» идеясын ұлт бірегейлігінің жаңа саясатын құрудың бастамасы деп ұғынуға, яғни ұлттық бірегейлігімізді бастан аяқ өзгертіп, қайта құруға бет бұруымыз керек, ал бұл түпкілікті реформаларсыз мүмкін емес. Ең алдымен бізге дәл қазір қандай инклюзивті бірегейлік керек екенін, бірегейліктің ең оңтайлы моделін анықтап алу қажет. Бұл модель бірегейліктің функцияларын толық орындауға тиіс және де біздің қоғамның тарихи, мәдени, рухани құндылықтық, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты ескеруі тиіс. Сонда ғана бірегейлікті қайта құруды іске асыруға мүмкіндік туындайды. Біздіңше, бұл жаңа бірегейлік саясаты бұрындары орын тепкен өрескел қателіктердің жүйесін (соның ішінде жемқорлықты жеңіп, жеке басқа табынуға мүлде жол бермей, халық мүддесіне қызмет етуді, заңдардың үстемдігін қамтамасыз етіп, шынайы демократиялық саяси тәртіпті орнықтыру және т.б.) талқандап, мемлекеттік басқарудың (әлемдік тәжірибеге сүйене отырып) сапасын күрт арттыруға бағытталуы тиіс. Қазақстанның қазіргі жағдайына келетін болсақ, демократиялық дамудың деңгейі бұл автор меңзегеннен едәуір

төмен деуге негіз бар. Әрине, Ата Заңымызда демократиялық бағыттағы әлеуметтік мемлекет құрайтынымыз айтылғанымен, шынайы демократиялық тәртіптің ауылы әлі алыс екенін мойындауға тиіспіз. Сондықтан тәуелсіз мемлекетімізді толық қамтамасыз етіп, мемлекеттік басқарудың сапасын арттырып, экономикалық дамудың сара жолына түсіп, қоғамымыздағы еркіндік пен сенімділік шеңберін кеңейтіп, азаматтық белсенділікті арттырып және еліміздегі әлеуметтік қарым-қатынасты реттеп, әлеуметтік қорғау жүйесін, демократиялық тәртіпті жетілдіре түсу үшін еліміздегі нақтылы жағдаятты ескеріп, соған сай бірегейлікті анықтап алып, бірегейлік саясатын дұрыс жолға қоюға тиіспіз. Бұл бірегейлік, Ф.Фукуяма бойынша, сыңаржақ этностық (этноцентристік) немесе діни негізде құрылмауы тиіс. Алайда, қазіргі Қазақстан жағдайында Ф.Фукуяма көрсеткен төрт тәсілдің үшінші және төртінші тәсілдерін біріктіре қолданған жөн.

Бірегейлік саясатын дұрыс меңгеріп, халықтың мүддесіне сай жүргізгенде ғана ол қажетті нәтиже бере алады, әйтпесе бұл саясат шешілмес мәселеге айналып, қоғам өмірінде қиыншылықтар тудырары хақ. Тәуелсіздік жылдары мемлекетімізде жемқорлық белең алып, қоғам бай мен кедейге бөлініп, жұмыссыздық көбейіп, өмір қымбаттап, халықтың наразылығын тудырғаны бәрімізге белгілі. Мұнда ұлттық бірегейліктен гөрі, топтасқан шенеуліктердің, шамадан тыс байыған бизнес өкілдері мен билік басындағы алпауыттардың бірлескен қатарының бірегейлігі басымдық танытып, ақыры қаңтар (2022 ж.) айындағы трагедиялық оқиғаларға алып келді.

Қазіргі жаһандану жағдайында миграциялық үдерістер қаулап, мультикультурализм ұлғайып, әртүрлі топтық бірегейліктер көбейіп, ұлттық бірегейлік саясатын іске асыруға кедергі жасап, қоғамда әртүрлі қақтығыстар орын алып, бейбіт өмірге қауіп төндіріп тұрған шақта бір ескеретін жағдай ассимиляциялау үдерісімен байланысты. Бұл туралы да Ф.Фукуяма терең зерттеп, жан-жақты ашып жазады. Оның пікірінше, қоғамда қалыптасқан көптүрлі реалдылыққа сай келетін оңтайлы (инклюзивті) ұлттық бірегейлікті анықтап алып, жаңадан қоныстанушыларды (мигранттарды) осы бірегейлікке мәдени-әлеуметтік ассимиляциялау керек – бұл халықаралық саясатта әбден ысылып, кең тараған тәсіл. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Халқы Ассамблеясын құрып, оның мүшелеріне депутаттық мәртебе беріп, балаларына мектептер ашып, мәдени шараларды жоспарлап, олардың шоғырлана орналасуына жол беріп, оларды еркінсітудің ешқандай да қисыны жоқ екені әлемдік тәжірибеге сай емес екендігі, түпкілікті қазақы ұлттық бірегейлікке қауіп төндіретін салдары болуы мүмкін екендігі айқын. Сондықтан ұлттық бірегейлігіміз мығым болуын қадағалап, мүмкін болар қауіп-қатерлердің алдын алып, қажетті заңдар қабылдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тәсілдерін жетілдіре түсу қажет. Қазақ ұлттық мемлекетінің азаматы болғысы келетін әрбір адам (ұлтына, дініне, нәсіліне қарамастан) қазақ мәдениетіне төселіп, қазақ тілін, салт-дәстүрлерін игеріп, ассимиляциялану ыңғайына көнуі, бірегейлікке қарама-қайшы әрекеттерден аулақ болуы тиіс. Конституциялық заңдар осыны бекітіп, еліміздегі ұлттық бірегейлікті нығайтуға жол ашуы керек. Әрбір азаматтың елде

жарияланған принциптер мен заңдарға деген сенімі берік болуы жөн, бұл олардың азаматтық міндеті. Былтырғы қаңтар айындағы трагедиялық оқиғаларға көз тастап, оның да осы ұлттық бірегейлік мәселесіне тікелей қатысты екенін айта кетуіміз керек. Ұлтымыздың бірегейлігінен гөрі тәуелсіздік жылдары мемлекетіміздің жоғарғы билігі жемқорлардың бірегей баюынан, халық мүддесін аяқ асты етіп, жалған ұрандармен, оң нәтижесі жоқ бағдармаларды алға тартып, мемлекетімізді іштей ірітіп, халқымыздың наразылығын туғызып, мұны пайдаланбақ болған бір топ содырлардың баса-көктеп тәуелсіз мемлекетімізді талан-таражға салуына, сөйтіп еліміздің бірлігіне қауіп төндіріп, ұйымдасқан жемқор алпауыт күштердің билікке қайта келуіне жол ашпақ болған пиғылы сәтсіз аяқталғаны белгілі. «Іштен шыққан жау жаман» демекші, отыз жыл бойы еркінсіген, тез байып, өз қамын ғана ойлаған жемқорлар билігінің міне осылай әшкереленгенін заңдылық деп қорытуға болады. Президентіміз Қ.Ж.К.Тоқаевтың осы қанды оқиғалар тұсында қатаң шаралар қолданып, содырлардың бетін қайтарып, олардың ар жағында жасырынып тұрған арам пиғылды күштердің қарқынын басып, билікті толығымен өз қолына алып, оларға тойтарыс бергенін тәуелсіз елімізді, мемлекеттілігімізді, ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалуға мүмкіндік бергені белгілі.

Бұл тарауда ұлттық бірегейлік пен ұрпақтар сабақтастығы ұғымдарын зерттеудің концептуалдық негіздері сараланды және осы мәселелерге орай, өзіміздің нақты пікірлеріміз ұсынылды. Мұндай теориялық мәселелер келесі кезекте тәжірибелік және өмірмәнділік ахуалдарды зерттеуге жол ашатындығы туралы логикалық түзілімдер жалғасын табады. Ұрпақтар дегеніміз жәй ғана адамдардың тобыры емес, тарихи қалыптасқан, белгілі бір рухани құндылықтарды игерген, шығармашылық әлеуеті мол, қоғамның өз ішінен туындаған индивидтер қауымдастығы екендігі көрсетілді. Ұрпақтар сабақтастығысыз адамзаттың тарихи дамуы мүмкін емес. Тарихи үдеріс ұрпақтардың сабақтаса жалғасатын шығармашылық іс-әрекетінің нақтылы нәтижесі болып табылады. Ал, ұлттық бірегейлік дегеніміз ұлттың (халықтың, этностың) өзді-өзіне сәйкес келуінің мәдени, саяси, психологиялық қырлары көп өзгермелі әлеуметтік құбылыс екені анықталды. Мұнда этнос, ұлт, ұлтшылдық, ұлтаралық қатынас, этностық ұлт, азаматтық ұлт, мемлекеттілік және т.б. ұғымдардың диалектикалық қайшылыққа бай өзара байланысы орын теуіп, теориялық және практикалық маңызы зор ұлт болашағы, ұлт тағдыры, ұлттық патриотизм сияқты концепттер көкжиегі туындайтыны заңды.

2 ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ МЕН ДАМУДАҒЫ МАЗМҰНЫ МЕН МӘНІ

2.1 Ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің тарихи-әлеуметтік көріністері

«Сабақтастық» категориясы абстрактіліден нақтылыққа өтуді, тарихилық пен логикалықтың бірлігін түсіндіру үшін негіздеме болады. «Сабақтастық» категориясының әдіснамалық функциясын негіздеудің маңыздылығы, таным үдерісінде адамның сезінуден абстрактіліге, ал абстарктіліден – нақты-ойлау әдісіне көтерілуіне жол ашады. Нақтылықтан абстрактіліге, ал абстрактіліден нақтылыққа өту барысында сабақтастық болмысты тану процесінің қозғаушы күштерінің бірі ретінде де болуы мүмкін. «Сабақтастық» категориясының әдіснамалық функциясының маңызды белгісі ретінде, логикалық пен тарихилықтың сәйкестігі негізінде біз объективті дүниедегі құбылыстардың тұтастығын және ішкі өзара байланысын тани аламыз. «Сабақтастық» категориясы білімсіздіктен білімділікке қарай қозғалысты жүзеге асыруға ықпал ететін даму заңдарының маңызды бір сәті. Осылайша, дамудағы сабақтастық іргелі заңдылық болып табылады. Өткеніміз қазіргінің тіршілік етуінің базасына айналып, жаңа сапаның пайда болуына жетелейді.

Адамзаттың тарихи дамуында ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің әлеуметтік-саяси маңызы барған сайын арта түсуде. Сондықтан да әрбір ұлыстар мен халықтар, этникалық топтар мен ұлттар ұрпақтар сабақтастығын және оның сақталуы мен дамуын әрдайым қадағалап отырады.

Бұл үдеріс бір қырынан автономды, екінші бір қырынан гетерономды сипат алады. Автономдылық сол ұлт немесе халықтың өзін-өзі сақтау инстинктісінен бастап, «Өзгелерді» жатсыну саясатымен келіп орайласса, сыртқы формасы басқа да ұлт өкілдерімен бәсекелестікарнада жүріп отырады. Бұндай тарихи сахнадағы бәсекелестік(гетерономдылық) мыңдаған жылдар бойы адам санының көбеюі арқылы басқа халықтарға билік жүргізіп, өздерінің басымдылықтарын көрсетуге ұмтылумен жалғасын тауып келді.

Бәсекелестік бастапқыда физикалық, одан соң психологиялық-идеологиялық күрес түрінде жалғасын тауып жатты, біздіңше, қазіргі таңда осы екі түрі әлі сақталып келеді. Тарих эволюциясында осындай бәсекелестіктер нәтижесінде үлкен екі аймақ құрылды: Еуропа мен Азия. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардан бастап, қазіргі ғылыми ілім-білімге бет бұрған Еуропа мемлекеттері, шындығында да, Шығыс халықтарынан техника мен ғылым салаларының дамуы барысында басым түсіп отырды. Осыдан оларда Шығыс халықтарына кемсітушілікпен қарайтын «еуропоцентристік» сана қалыптасты.

Бұл, біріншіден, бұрмаланған тарихқа байланысты болса, екіншіден, ХҮІ-ХҮІІ ғғ. техникалық ғылымдарды дамытуға күш салып, оның нәтижелерін басқыншылық мақсаттарға қолданудан және Шығыс әлемінің өзіндік өркениеті мен мәдениетін менсінбеушіліктен туындаған, үшіншіден, Шығыстық діл мен мәдениеттің астарларын жете түсінбегендіктен болуы ықтимал.

Осындай еуроцентризмнің салдарын тарихшылар түркі-қазақ халқына да тікелей қатысты деп пайымдайды. Дегенмен, соңғы уақыттарда, XX ғасырда, шынайы тарихтың жазылуына байланысты объективті еуроазияшылдық көзқарастар да пайда болды. Ал еуроцентристер шығыс, оның ішінде, түркі халықтарының шынайы тарихын бүркемелеулерін жалғастыра берді немесе оған өздері де сенген сияқты. Мәселен, Н.Я.Данилевский түркілерге былайша баға береді: «Бұл тайпалар тек этнографиялық материалдар деңгейінде ғана қалды, сонымен тарихи өмірге мүлде қатыспады немесе тарихи қиратушы элемент деңгейіне ғана көтерілді» [71]. Ал Л.Н. Гумилевтің еуразияшылдық пікірлері мынадай бағыттарға келіп тоғысады: «Батыста Венгриялық пуштадан шығыста Хинганның бөктерлеріне дейін созылып жатқан Еуразияның құрғақшыл далалары Далалық суперэтностың экологиялық түпкірі болып табылады, ал мұны біздің уақытымызда шебер бақташылар мен салт аттылар қатарын түзетін түркілер мен монғолдардың ұрпақтары жайлап отыр» [72]. Халқымыздағы ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің көне дәуірлеріне үңілген тарихшылар сақтар-ғұндар-түркілер-қыпшақтар-Алтын Орда-Қазақ хандығы болып сабақтасқандығын дәйектейді. Ғалымдар б.д. V ғасырында ғұндар империясы ыдырағаннан 100-150 жылдан кейін олардың орнын басқан, генетикалық жағынан туыс түркі тілдес халықтар өздерінің Түркі қағанаты деп аталатын мемлекетін құрғандығын, олар да саяси-тарихи сахнада беделге ие болғандығын дәлелдеп жүр. Шыңғыс хан бастап, оның ұрпақтарының құрған Алтын Орда мемлекеті, ол ыдырағаннан соң құрылған Қазақ хандығындағы өмір сүру ұстанымдарының, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерінің, діни сенімдерінің сәйкес келетіндігі, географиялық жағынан бір аймақты қамтып жатқандығы және т.б. ұрпақтар сабақтастығы мен суперұлттық бірегейліктің сақталуының көрінісі деп түсіндіреді.

Қорқыт Ата жырларында айтылғандай, ұрпақтар осындай табиғи заңдылықтың үш сатысы арқылы сабақтаса береді: «Атам өлді, Мен қалдым, Жері, жұрты менде қалды, Күні ертең мен де өлермін, Сен қаларсың». Бұл заңдылық тек түркі ғана емес, бүкіл адамзат баласына тән құбылыс: аға ұрпақ – бүгінгі ұрпақ – келер ұрпақтың үздіксіз жалғастығы [73].

Бұл тұстағы «Жері», «Жұрты» деген сөздің ішкі мағынасына ойыссақ, әрине, ол басқа халықтардың немесе ұлттардың жері мен жұрты емес, сол өзінің атасынан қалған жері мен жұрты, ол да кейіннен өзінің ұрпақтарына мұра болып қалады. Бұл толғаулар тек отбасына ғана қатысты айтылған сөздер емес, жалпы ұлт пен ұлысқа қарата бағытталған үндеулер. Яғни бұл сөздің арғы жағындағы философиялық астарында ұрпақтар сабақтастығының бір нақты куәсі сол – мекен еткен Жері екендігі жатыр.

Осыдан халқымызда: «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген отансүйгіштікті насихаттайтын мақал қалыптасқан. Бұл орайда: «Сонымен түркілердің келесі бір ғибадаты отаны мен туған жеріне деген кәміл сенімі мен махаббатынан туындап, ол Жер мен Суды культ ретінде қарауға алып келді», - деп атап көрсетілген пікірді [74] келтіруімізге болады.

Бұл – ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің арғы тарихымыздағы қалыптасуы мен дамуының түркілердің еліне, жеріне деген тұнық сүйіспеншілігінің оянып, саяси-әлеуметтік күшке айналып, көршілес мемлекеттермен қарым-қатынас орнықтыра бастаған кездеріндегі көрінісі деп айта аламыз. Сондай-ақ, халқымызда ұрпақтар сабақтастығының тарихи-әлеуметтік негіздерін толғаған идеялар да бар. Мәселен, Абай: «Жас қартаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек» деп, адамзаттың әлеуметтік эволюциясындағы ұрпақтардың алмасу заңдылығының табиғи негіздерін ашып көрсетеді. Немесе ол: «Дүние - үлкен көл, Заман - соққан жел, Алдыңғы толқын - ағалар, Артқы толқын - інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер» деп [75], ұрпақтар алмасқанмен тұтас ұлттың сақталып отыратындығы туралы идеяны меңзейді. «Баяғыдай көрінер» деген жолдардың өзі сол халықтың өзінің тұтастай алғанда тұрақтылығын сақтап қалатындығын толғайды.

Отбасылық ұрпақтар сабақтастығында да ұрпақтарының кемелденуі, ата-анасының орнын басуы, сөйтіп ұлттық бірегейлену үрдісіне сәйкес келетіндігі де халық даналығыда бұрыннан-ақ айтылып кеткен өмірмәнділік тұжырымдар болатын. Мәселен, «Ата тұрып ұл сөйлесе - ержеткені болар, Ана тұрып қыз сөйлесе - бойжеткені болар», - деген нақыл сөздер осының айғағы.

Жеке отбасылық ұрпақтар сабақтастығы сол отбасындағы ұрпақтардың дүниеге келіп, ата-анасының ізін жалғастыратын репродуктивтік қызметпен байланысты. Көптеген халықтарда, сондай-ақ қазақ халқында да, ұрпақсыздық іргелі өмірлік қайғы болып саналған. Сондықтан ұрпағы жоқтардың қазақ қоғамында тұрмыс жағдайына қарамастан өмірлік мәртебесі де кей сәттерде төмендеу болып саналған.

Діни-мистикалық дүниетанымға, оның ішінде аруаққа табыну салтымызға орай, ұрпақсыздар қайтыс болған әулие-әнбиелердің мәйітінің басына түнеп бала тілеген немесе халық емшілеріне барып жәрдем сұраған. Бұл дәстүр, шындығында, бүгінгі күнге дейін де кездесіп отыратын жайт. Қорқыт ата жырларындағы «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» атты әңгімеде хандардың ханы Байындырдың қонақтау дәстүрінде: «Ұлы барын – ақ отауға, қызы болғанын қызыл отауға, ал ұлы-қызы жоғын қара отауға қондырыңдар, астына қара киіз төсендер, алдына қара қойдың етін тартыңдар, жесе жесін, жемесе тұрсын да кетсін. Ондай ұлы-қызы болмағандарға Тәңрінің қарғысы тиеді, біз де қарғыс айтамыз», - деп халыққа жар салған сәттен кейін, ұрпақсыз Дірсе ханның қайғырып жапа шегіп, Тәңірден жалбарынып бала сұрауы, ақырында ұрпақты болғандығы туралы оқиға [76] осының айғағы.

Бұл, екінші бір қырынан алғанда, бірегейлікке де қатысты. Әлеуметтік - генетикалық заңдылық бойынша, отбасындағы дүниеге келген ұрпақ анасына немесе әкесіне, қазақ халқы айтқандай, қанына тартады немесе ұрпағына «аузынан түскендей» деп қарата айтылған мәтелдер арқылы сипаттайды. Әрине, ұрпағы нақ сол тұлғаның өзі емес, бейне бір жаңартылған көшірмесі деуге де болады. Осыған орай, қазақ халқы бұл құбылысты «Бала – бауыр етің» деп, қысқаша тұжырымдайды.

Бұл да ұлт өкілі болған субъект үшін ұлттық әлеуметтік, психологиялық-ділдік бірегейлікке ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұмтылудың бүтін мен бөлшек, тұтас пен бөлік қатынасындағы жалғастықтың көрінісі болып табылады. Мәселен, нақтырақ айтсақ, әр отбасы өзінің ұрпақтарын ұлттық рух пен ұлттық болмыс талаптарына сай тәрбиелесе, онда тұтас ұлтымыз бірегейленеді деген сөз. Бүгінгі таңда бұл, белгілі мағынасында, Гегельдің жасаған философиялық жүйесіне сәйкес келеді. Осы жүйені жасау жолында ол көне заманда негізі қаланған диалектикалық ілімді пайдаланып бүкіл табиғат, тарих және рухани өмірді белгілі біртұтас үдеріс, яғни тоқтаусыз қозғалыс, өзгеріс, қайта құрылу, даму ретінде ұғынып, олардың ішкі қайшылықтары мен байланыстарын қарастырған. Ал мұның өзі диалектика ілімін жаңа сатыға көтеріп, дүниеге деген жаңа көзқарасты тудырғаны мәлім. Ал қазақ халқы өмірдің диалектикалық ырғағына құлақ асып ұрпақ тәрбиесіне баса көңіл бөлген. «Қызға қырық үйден, Ұлға отыз үйден тиым» салу бірнеше жүздеген жылдар бойы сақталып келе жатқан дәстүр. Дүниеге келген әрбір ұрпақ бір қырынан отбасының мүшесі болса, екінші бір қырынан халқының азаматы мен азаматшасы ретінде қабылданған. Ұрпақтардың қоғамдық өмірде әлеуметтенуі үшін салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар институты канондалған ережелер түрінде белгіленген.

Отбасылық сабақтастықтың ұлттық бірегейлікке ұласар бір маңызды шарты жастарды шежіреге дұрыс үйретуде жатыр. Ата-бабасын, өз руының шежіресін тани білу арқылы балалардың тарихи танымға деген қызығушылығы туындайтыны анық, өйткені бұл өмірде адамдар мәңгілік емес, бір ұрпақты екінші ұрпақ ауыстырып, өмірді жалғастырып, ал уақыт болса зымырап өтіп жатады. «Жеті атасын білу» заң ретінде қабылданған. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы ұғым бала тәрбиесінің маңызды бір ұстанымына айналған, ал бұл өз ретінде жастарды «ерлікке, елдікке, Отан сүйгіштікке баулиды» деп санаған [76,б. 36]. Шежіре тану рушылдыққа жетелемеуі тиіс, өйткені халық біртұтас, оны ру-руға бөліп, бірін-біріне қарама-қарсы қою, өз жағыңды ғана біліп, басқаларды менсінбеу немесе кемсіту мүлдем жарамсыз қылық, мұны әрдайым есте ұстаған жөн. Қоғамымызды ен жайлаған заманауи жемқорлықтың бір көзі осында жатқаны мәлім. Алайда бұған шежіре кінәлі емес екені анық. Шежіреге үйреткенде халқымыздың бірлігін, түп-тамырымыздың тереңдігін, халқын, елін сүйген, Отаны үшін жанқиярлық танытып күрескен, еңбек еткен әйгілі хандарымыз бен билерімізді, ақын-жырауларымызды, батырларымызды, ғалымдарымызды, өнерпаздарымызды руына қарамастан құрмет тұту, салт-дәстүрлерімізді қадірлеу әрбір қазақ баласының рухани парызы болуы тиіс. Отбасылық ұрпақтар сабақтастығының сөйтіп ұлттық бірегейліктің бастауы болуы, соған ұласуы заңды.

Халқымызда отбасылық ұрпақтар сабақтастығының мән-маңызы, рухани-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық жағына және бірегейлікке негізделген философиялық астарлары терең мәнді мақал-мәтелдермен қысқаша тұжырымдалған және халықтың жадында олар мызғымай сақталған: «Анасын көріп қызын ал», «Ағаға қарап іні өсер», «Ағасы бардың - жағасы бар, інісі бардың - тынысы бар», «Әке көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер» және т.б.

[76,б. 11]. Көріп отырғанымыздай, мұнда ұлттық тәрбиеден бастау алатын мінез-құлықтың, өмірлік тәжірибенің, ділдің өзара сабақтаса келіп, ұрпақтар буындарын бірегейлейтіндігі туралы баса айтылады. Ұрпақтардың ұлттық болмыс пен тіршілік ету дәстүрлерін дәнекерлеп, ұлт руханиятын алға бастыратын субъектілер ретіндегі мәні зор.

Осы руханияттың арғы бастауларының бір негізі діни сенімдерде жатыр. Көне діни сенімдер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып мыңдаған жылдар бойы сақталып келді. Себебі діни сенімдер ұлт руханиятының бірегейлігінде маңызды рөл атқарған еді. Бұл туралы белгілі философ М.С.Орынбековтың еңбектерінен мол мағлұмат алуға болады. «Ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі 2.5 ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын туындатуы заңды еді», - деп жазады ол. «Қазақтың ата тегінің арғы философиясынан бастап дінге сенімінде, тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың мифологиясында», «үлкен мәселелер тізбегі» жатқанын көрсетіп, қазақ даласында неше түрлі наным - сенімдер мен діндердің (Тәңірге, Жер, Су, Ұмайға табыну, манихейшілдік, христиан дінінің кейбір ағымдары (несторианшылдық пен яковшілдік), зороастризм және т.б.) орын алғанын атап өтеді, діндердің әртүрлілігімен қатар оларға синкретизмнің тән екенін білдіреді [77]. Осы идеяны ары қарай дамытқан, белгілі әлеуметтанушы С.Оспанов арғытектану іліміне арналған кітабында, қазақ халқының дүниетанымының түп-негізінде тәңіршілдікпен ілесе зороастризмнің (отқатабынушылықтың) жатқанын меңзеп, «оның тәңірлікпен терең тамырласқан бастапқы сенімдік сарындары, этикалық, салт-дәстүрлік, ырым-жоралғылық, рәсім-рәміздік нормалары, қазіргі біздің рухани- ділдік әлеміміздің ең ескіден келе жатқан арғытектік-архетиптік өзегін құрайды» деп ұйғарып, осы наным-сенімдерге тән басты құндылықтар ретінде ол адалдықты, шыншылдықты, әділдікті, сөз бен игілікті істің терең бірлігін айтып, бұлардың мұсылмандық нормалар мен құндылықтарға ұласа дамығанына ден қояды [78]. Демек, бұл авторлар қазақ халқының арғы рухани-тектілік анықтамалары, рухани кодтары осы көне діндердің аясында қалыптасқанын білу ұлттық рухтың түп-тамырының тарихы тереңде, жатқанына назар аударудың маңыздылығына сілтейді.

Ә. Нысанбаев пен Н. Аюпов: «Түркітілдес халықтардың философиялық ойының қалыптасуындағы бір ерекшелік діни синкретизм мен дүниетанымдық бағдардағы діндарлықтың басымдылығына байланысты», -дей келе, түркілерде тәңірішілдік алдыңғы орында тұрғанымен, олардың мәдени тарихынан зороастризмнің де, буддизмнің де, манихейліктің де іздерін аңғаруға болатынын, қатаң монотеистік ислам дінінің өзі бұл аймақта таза ортодоксалды күйінде тарала қоймағанын, ал түркі халықтарының діни дүниетанымының дәстүршілдігі, оның жоғары синкреттілігі исламның түркілік реңге боялуына ықпал еткенін атап көрсетеді [79]. Түркілердің дүниетанымын және орта ғасырдағы ойшылдардың пікірлерін зерттеуші Жанұзақ Әкім: «Түркілер туралы орта ғасырдағы ұлы ғалым Махмұд Қашғари «Түрік тілдерінің лұғатында» былай деген: «Ұлы Тәңір айтады: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды түрік деп атап, күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, түріктерімді

карсы аттандырамын», - деген жолдарды негізге ала отырып, Түркі мен Тәңірі арасындағы өзіндік үндестікті ұсынады және Аттиланың «кұдайдың қамшысы» деп аталғандығына да тоқталып өтеді [80].

Шындығында, тәңіршілдік сеніміне орай сол көне Түркі халықтарының дүниетанымы арқылы тұтас ділі құрылған еді. Көне түркілер өздерін Көк Тәңірінің тәкәшар ұлдарымыз деп түйсінген. Көне Түркі жазба ескерткіштеріндегі: «Жоғарыда көк тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы, Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды» [81] деп басталатын жолдар жалпы түркілік ерікті рух пен ұлттық бірегейленуден айнымауды көздейтін ұстанымды білдіреді. Осы жолдар бірнеше ғасырлар бойы Түркі халқының рухтануы үшін қажетті және ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталған қағида болып айшықталады.

Күлтегін мен Білге қаған елдік идеясын басты орынға қойды. Халқының санының өсіп-өнуіне айрықша мән берді: «Аш халықты тойындардым, Жалаңаш халықты киіндірдім» [81, б. 106]. Түркі билеушілері халқының болашағы мен олардың тәуелсіздігіне алаңдады, ұрпақтарын отаншылдық рухта тәрбиелеп, елдікті сақтап қалу идеясына баулыды.

Академик Ғ.Есім де тәңіршілдіктің ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып, оның ұлттық рухтанушылықты үнемі-үздіксіз сақтап отырғандығы, ерлікке, өршілдікке бастайтыны туралы өз ойын былайша тұжырымдайды: «Тәңір Түркілердің дүниетанымында өз сыры өзінде, құпия оқшау күйде... Биік көктегі Тәңірі оларға қиял, арманына қанат, жүрегіне қайрат беретін тұңғыық. Биікке бас ию, биіктікті аңсау, адамдарды өршіл философияға талпындырады. Биіктікке ұмтылу – ерлік, батырлық философиясы» [82]. Ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасуындағы оның діни сенімдерге негізделген көріністерін халық тәлім-тәрбиесінің арқауы деп бағамдаған У.Жомирова өз ойын былайша тиянақтайды: «Түркі қағанаты, Қарахан дәуіріндегі халық тәлім-тәрбиесі ежелгі формаларға – миф, шаманизм, зороастризм, суфизм, діни наным-сенімдерге негізделген» [83].

Себебі көне діни сенімдер ғасырлар бойы руханияттық мәдениетте халық жадында сақталып келе жатқан ұлттық бірегейліктің айғақтарының бірі. Тәңіршілдік арқылы бірегейленген ұлттық діл, кейде күңгірттеніп, кейде ықпалды фактор ретінде өріс алып отырған. Дегенмен, оның сарқыншақтары кейінгі түркі ұрпақтарының жадында, архетиптерінде сақталып қалып отырды.

Тәңіршілдік аңыздарында «Ақ Жол», «Қара Жол», «Ала жол» деп аталған рухтар болған. Олар жолға шыққандарды желеп жебеуші және кейде қиындыққа душар етуші ретінде түсінілген. Бүгінгі таңда да осы рухтарға қатысты түсініктер мен ұғымдардың сарқыншақтары жоқ емес. Себебі алыс жолға шығу бір қырынан қатерлі болса, екінші бір қырынан жолаушы үйіне қайтқан сәтте мақсатына жетіп, «олжалы» оралуы тиіс. Осыған байланысты, сол көне дәуірлерден бері сақталып келе жатқан тәңіршілдік элементтерінің жолға байланысты айтылатын бата-тілектерінің бірі: «Жорытқанда жолың болсын, Қыдыр ата жолдасың болсын», «Аман барып, сау қайт!». Егер сапар ұзақ және қиыншылықты болса, сол рудың, ауылдың халқы жиналып, ас беріп, ақсақалдар

оларға бата тілектер айтатын болған. Осы дәстүр бүгінгі күні де еліміздің көптеген өлкелерінде кездеседі.

Ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлікті паш ететін көне діни тотемдік сенімдердің бірі – көк бөріні құрмет тұту. Бұның пайда болу себебі, көне дәуірлердегі түркі халықтарының ата-бабаларының қасқырдан тарағандығы туралы мифтердің [84] мазмұнымен байланысты. Осы аңыздағы ұрпақтар сабақтастығының мифтік сипаты бөрі рухын өздеріне көшірген халықтық сенімдермен келіп орайласады.

«Оғызнаме» мен «Қорқыт ата кітабында» қасқыр хайуанаттан гөрі, жағымды мифтік бейне түрінде сипатталады. Бірақ бөріге арнап құрбандық шалу, оған жалбарыну мен Аллаға сиынғандай тәуба ету сияқты сенім элементтері сол дәуірлерден бері тұрмыс-тіршілікте байқалмаған, тек оны тотем ретінде бағалаған. Бөрі тотемі тек ұрпақтардың тарихи жадысы арқылы жай ғана сақталып қойған жоқ, Түркі халқының тұрмысы мен жауынгерлік рухының бірегейлігін жалғастыруда да елеулі қызмет атқарды, бұл кейіннен де бірнеше ғасырларға ұласып, XIX-XX ғасырларда күңгірттен бастады. Соңғы көріністері, Сүйінбай ақын толғауларында да байқалады:

«Бөрілі басым – ұраным,
Бөрілі менің байрағым,
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым..» [85].

Ә. Марғұлан да бөрі тотемінің тым көне замандардан бері сабақтасып келе жатқан дәстүр екендігін атап өте келе, оның элементтері қазіргі таңда айқынсыздау болып келетіндігіне де тоқталады [86]. Бұл бөрі тотемінің дүниетанымымыздағы сабақтастығы Кеңес үкіметі тұсында жойылды деуімізге де болады. Тек халық арасында оны тікелей қасқыр деп атамай, «Итқұс», «Құртқа» деген атаулар берген. Бүгінгі таңдағы түсірілген «Шал» атты фильмде де осы бөрі рухы қылаң беріп отырады.

Бөрінің зоопсихологиясын зерттеушілер оның өміршең, алғыр, айлакер, намысшыл хайуан екендігін айтып жүр. Осындай сапаларды бойына жинақтаған түркі халқы бірнеше мың жылдықтар бойы өздерінің өршіл рухын сақтап келген. Оны жоғарыдағы Сүйінбай ақынның рухтануға ұмтылдыратын «Қозып кетер қайдағым» - деген жолдарынан көруге болады.

Көне дәуірден алмасқан ұрпақтардың жадында сақталған наным-сенімдердің бірі – Күнге табыну дәстүрі болған. Ол көне ғұн-сақ замандарынан бастау алып, кейінгі түркілердің сенімімен жалғасын тапқанмен, бүгінгі таңда жойылып кеткен деуімізге де болады. Дереккөздерде ғұндар жайлы былай делінген: «Шаньюй ертемен күнге табыну үшін, кешке қарай айға табыну үшін шығады». Ғұндардан қалған бұл дәстүр түріктерге ауысты. Бұл ғұндардың алғашқы түріктер екендігі жайлы болжамды қуаттайды. Киіз үйлерінің есігі әрқашан оңтүстікке ашылған, Монғолиядан айырмашылығы осында. Таным бағдарында шығысты құрмет тұтушылық көне тас балбалдардан көрінеді. Тіптен, көне Түркі тілінде шығыс алдыңғы жақ, батыс (кейінгі) арқа бет, ал оңтүстік – оң, солтүстік – сол жақ болып саналады. Күлтегін ескерткішінде былай

делінеді: «Ілгері-күншығыс, оңға-түстік, кейін-батыс, солға-терістік». Бұл кеңістік орналасуының қатаң тәртібін бекітті» [87]. Күнге табынудың ұрпақтар алмасуындағы ділдік көріністері бірнеше ғасырлар бойы сақталғанмен, ол да бірте-бірте солғынданып, қазіргі таңда ол мүлде жойылды деп айта аламыз. Тек ділдік ұжымдық бейсанадағы сарқыншақтары бар. Мәселен, күн батып бара жатқан сәттегі ұйықтауға болмайтын табу – Күнмен талас ұйықтама; жиі сипатталатын күннің бейнесі – Күннің көзі; өмір сүрудің төменгі деңгейі – күн көріс (яғни күннің жарығын көріп, тірі жүру); ұзақ өмір сүруге деген тілек – шырағың сөнбесін; өзгеге қарата айтылған эмоционалдық лебізді сөздер – күнім, айым және т.б.; қазақ қыздарының есімдері – Күнсұлу, Күнім, т.с.с.

Сонымен қатар, «күн нұры» деген тіркеспен байланысты «Нұр» да қастерлі, кейде мистикалық тұрпатты болып келетін көнеден келе жатқан ұғым. Түркілердің мифологиялық санасында әйелдердің күн нұрынан жүкті болуы кездесіп қалатын жайт. С. Қондыбайдың зерттеулерінде айтылғандай: «Бәйтеректің түбінде, Нұрбұлақтың қасында Нұрдан жүкті болған Қанбибі тоғыз айдан соң босанатындығы туралы миф» [88], осының айғағы. Бүгінгі таңдағы «Нұрберген» деген ер адам есімі де осы сюжеттен қалған архетип болуы ықтимал.

Ал Ғ.Ақпанбек Нұрдың түрлерін айта келе, оның көне замандардан ислам дініне, одан бүгінгі заманға дейін сабақтасқан формаларын былайша көрсетеді: «Нұр сыддық –адалдық, әділеттілік, шындық; Нұр сабыр – төзімділік, табандылық, шыдамдылық; Нұр шәкір – қадірлеу, құрметтеу және қастерлеу; Нұр фәкір – тәкаппарлық, асқақтық; Нұр зәкір - көркем келбет, сипат. Аллаға мадақ; Нұр намаз – ғибадат ету, құлшылық жасау; Нұр ораза – өзін тыю, қанағат ету; Нұр иман – ақиқатты түсіну және сену; Нұр садақа – қайырымдылық жасау; Нұр пәк жан - әрқашан таза болу [89]. Шәкәрім Құдайбердиев Нұр туралы пайымдауларын қысқаша былайша сипаттап береді: «Нұр-Жарық. Нұр күннен, не оттан шықса да жан-жағының бәріне күлтеленіп шығады» [90].

Ұрпақтар сабақтастығына тікелей қатысты және діни-мистикалық сипат алатын түркі халықтарындағы сенімнің бір түрі – ата-баба аруақтарына (онгондарға) табыну. Бұл тұста аруаққа табынуды фәнилік және бақилық деп ажыратып алуымызға болады. Яғни осы дүниеде өмір сүріп жатқан әулие-әнбиелер, аруақ қонған адамдар, қасиетті емшілер, т.б. мен о дүниелік болған ата-баба рухының кеңістік пен уақыттан тыс әлемдегі кейінгі ұрпақтарын желеп-жебеуші ретінде және күнәһарларды жазалаушы түріндегі тарихи-әлеуметтік келбеті деп түсіндіруімізге болады.

Мәселен, С.Оспанов аруақ феноменін былайша тарқатып өтеді: «Аруақтылыққа ие болған адамның да, оны көріп, соның ықпалына енген, ерекшеліктерін көрген адамдардың да санасы, сенімі ерекше сапалық сипаттарға ие болады. Мысалы, аруақты батырдың, соғыс кезінде сол аруағын шақырып, орасан күш пен батылдыққа ие болып жаудың шебіне тиіп, оны қақыратуы өзгелерге қуат берсе, жаудың үрейін ұшырады, басқаша айтқанда, жеңіс айқын, күмәнсіз жақындайды....Міне осы айтылғандардың барлығы ертедегі тәңіршілдердің ғана емес, соларды мойындайтын біздердің де саналарымызға

онтологиялық әсер етеді. Яғни бұл құбылыстарды тәңірлік тұрғысынан қаралған сана онтологиясының көріністері дей аламыз» [78,б. 265].

Аруаққа табыну көне түркілік дәуірден бері сабақтасып келе жатқан ұрпақтар сабақтастығы мен оның дүниетанымындағы бірегейліктің айқын нышаны екендігін көреміз. Бұл ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті ерікті-еріксіз, саналы-бейсаналы түрде сақтаудың халқымыздағы діни сенімдік және тарихи-әлеуметтік көрінісі екендігі туралы тұжырым жасауымызға болады.

Бұнда, біріншіден, аруақтарға сыйыну арқылы ұрпақтардың жалғасуының әлеуметтік-генетикалық тұрғыдан негізделген, канондалған ұстанымдары жатыр. Себебі басқа этностар немесе ұлттар өзінің тарихи эволюциясында, туысқандық тамырларынан тыс о дүниелік болғандарға сыйынбайтындығы белгілі жайт. Сондықтан да, қандай-ма болмасын аруаққа сыйыну сол аруақтың өзімен туыстық байланысын түйсінеді, сезінеді. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтаудың, аруақтардың рухын өзіне көшірмелеудің халықтық дүниетанымы мен өміріндегі маңызды буын еді. Мәселен, Абылай хан жауға шапқан сәтте өзінің атасы Абылайдың атын атап аруақтар шақырады. Бұл мысалдан ұрпақтар сабақтасығы негізіндегі ұлттық бірегейліктің сақталуының әлеуметтік-генетикалық шарттарын анық аңғаруға болады.

Екіншіден, бұл тұстағы ұрпақтардың ділі мен дүниетанымы арқылы жалғасқан сол халықтың болмысын сақтауға деген ұмтылыс, әрі мистикалық, әрі императивті түрде тағайындалған деуімізге де болады. Санаға бұйырылған жағымды императивтер «Аруақ қолдасын», «Ата-бабаның аруағы желеп-жебеп жүре берсін» деген сияқты ыңғайлармен қолданыс тапса, үрей туғызатын императивтер «Аруақ атсын», «Аруақ атқан оңалмас..», «Ата-баба аруағын қорлама» және т.б. қуатты сөздер арқылы берілген. Себебі аруақтардың кейінгі ұрпақтарына ықпал етуінің магиялық сыры бар деген ұғым қазіргі таңда да сақталып қалған. Ол ұлттық бірегейлікті сақтап отыратын о дүние әлеміндегі әрі «өлі», әрі «тірі» құбылыс. Халықтық дүниетанымдағы аңыздарда да Қорқыт ата туралы: «Өлі десем өлі емес, тірі десем тірі емес» деген сөздердің халық жадында сақталып қалуы осыдан болса керек.

Үшіншіден, кейінгі ұрпақтар аруақтарға сыйыну арқылы өздерінің және одан кейінгі ұрпақтарының ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға ұмтылады, ол халықтың ділі мен өмір сүру салттарының сақтаушысы мен дұрыс жолдан ауытқымауының кепілі іспеттес болған. Бүгінгі таңда да аруаққа табыну кең құлаш жайған күйде сақталмаса да, кездесіп қалады. Батырлардың, билердің, әулиелердің, тіпті өзінің марқұм болған ата-бабасының рухына құран бағыштау, жеті шелпек пісіру сияқты дәстүрлер осының айғағы. Бұл тек дәстүр сабақтастығы емес, мистикалық дүниетаным бойынша жалғасқан ұлттық бірегейлікке деген ұмтылыстың көріністері деп айта аламыз.

Төртіншіден, бұл құбылыстың біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысты қыры – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін адам бойындағы осы тылсым қасиет. Жоғарыда атап өткендей, тірі аруақтар о дүниелік болар сәтінде немесе қайтыс болған соң, өзінің осы емшілік немесе көрегендік қасиетін өзінің ұл-

қыздарының немесе жақын туыстарының біріне «аманаттайды», мұраға қалдырады, тасымалдайды. Осыған орай, қазіргі таңда да тарихи дәуірлердегі әйгілі, елге сыйлы аруақты адамдардың ұрпақтары осы құндылықты сақтап, өзінің бойына дарыта алған сәтте оның қоғамдық ортадағы беделі өсе түседі немесе сол әулеттің ұрпағы ретінде құрметке ие болады. Осыдан қазақ халқында «жеті ата» феномені қалыптасқан. Әрбір «осы заманғы» ұрпақ өзінің жеті атасын білуі шартталған. Осыған орай, Қазақ халқында «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген қатаң салтқа негізделген «дала білімдері» сақталған.

«Жеті атаңды білмей қалсаң, әке жетесіз баланы өсіргені үшін кіретін жерге тесік таба алмайтын. Қазір атасын, әкесін ғана біліп, қалған аталас ағайындарын білмей жатқан балалар көбеюде. Біз мұндай жастардың кесірінен, мүгедек ұрпақ таратамыз. Бұрын қазақ оқымаса да, таза қанды ұрпақ тарату үшін салт-дәстүрге «Жеті атаны» енгізген. Қазір біз оқып, тоқысақ та ата-бабамыздың жолын ұмытудамыз, ол үшін кәсіптік білім тоқып, диплом алмай тұрып, адамгершілікті үйреніп алғанымыз жөн. Ойланайық дені сау ұрпақтың ата-бабасы болғымыз келсе. Билік қолға түссе, осы жеті атаны Конституцияға бап ретінде енгізу артық болмас еді» деген сияқты қоғамдық пікірлер ұрпақтар сабақтастығындағы ұлттық бірегейлікті сақтауды заңдастыру қажет деген тұжырым жасап отыр [91].

Мұнда «Бала, әке, ата, арғы ата, баба, текті ата, түп ата» деген түзілім арқылы ретроспективті бағдар құрылса, «Ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат» тізбегі арқылы ұрпақтардың перспективті жобасы жасалады және олардың әрқайсысының өзіндік атаулары болғандығы де белгілі жайт. Ұрпақтар сабақтастығы біздің халқымызда тек вертикальді уақыт бойынша емес, горизонтальді үлгіде де қатаң сақталған: «Баба – арғы ата, үлкен ата. Ата – әкесінің әкесі, бергі ата. Әже – әкенің шешесі, үлкен әже. Әке – өзінің туған әкесі. Ана – өзінің туған шешесі. Аға – өзінен үлкен ер бала. Апа – өзінен үлкен қыз бала. Қарындас – өзінен кіші қыз бала. Іні – өзінен кіші ер бала. Сіңлі – ападан кейінгі қыз бала. Ағайын – бауырлас, аталас адамдар Нағашы – шешесінің туыстары. Қайын жұрт – әйелінің немесе күйеуінің туыстары. Женге – ағаның әйелі. Жезде – апасының күйеуі. Келін – інісінің әйелі. Күйеу бала – сіңлінің күйеуі. Жиен – ападан не қарындастан туған бала. Жиеншар – жиеннен туған бала. Бөле – шешенің апасы не сіңлісінің ұл-қыздары. Балдыз – әйелінің інісі не сіңлісі. Бажа – әйелінің әпкесінің не сіңлісінің күйеуі. Абысын – қайын ағасының әйелі. Ажын – қайын інісінің әйелі. Құда – күйеу мен қалыңдықтың аталары мен әкелері, аға-інілері мен туған-туысқандары. Құдағи – қарама-қарсы жақтың әжелері, шешелері, апалары. Құдаша – қарама-қарсы жақтың сіңлілері. Бел құда – туылмаған (белдегі) балаға ниет еткен құдалар. Бесік құда – бала туылған кезден ниеттескен құдалар. Қарсы құда – екі құда бір-бірінен қыз алысуы. Бас құда – бір-бірімен қыз алысып, қыз беріскен қат-қабат құдалар. Жанама құда – екі жақтың сөзін сөйлер құдалар (Бас құданың жанына еріп келген жора-жолдастары). Бауыздау құда – мал бауыздағанда бата берген құда. Немере – ата-ананың ұлынан туған бала. Шөбере – немереден туған бала. Шөпшек – шөбереден туған бала. Немене – шөпшектен туған бала. Туажат – неменеден

туған бала. Жүрежат – туажаттан туған бала. Жекжат – жүрежаттан туған Жұрттың Баласы» [92].

Діни сенімдердің ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы негізгі қызметтерін былайша жинақтап көрсетуімізге болады.

1. Діни сенім адам рухына қуатты ықпал ете алатын қоғамдық сананың формасы болып табылады. Ол көне замандардағы ата-бабалар дәуірінен бері сақталған діни уағыздардың жиынтығы болғандықтан, келер ұрпақ оны зайырлы мемлекет жағдаятына сай еркін қабылдауы тиіс, мұнда діни сенімге мәжбүрлеуге жол жоқ. Ал дінге сенетін ұрпақтар үшін өмір сүрудің дәстүрлі жолы болып белгіленгендіктен, олар діни сенімдерді тарихи жадыда тасымалдаушылар болып табылады. Олай болса, ұлттық руханияттық бірегейлікті бұл жағынан осы тасымалдаушылар сақтап отырады.

2. Діни сенім мен діндер бұған дейінгі тарихи дамуда ұлт руханиятының басты бір айғағы болған, қазір де сол қызметін сақтап келеді. Көне дәуірлерде халықтық дүниетаным мен діл, көбіне, дінге қарай бағдарланды. Ол кезеңде, әрине, арнайы білім беру жүйесі, ғылым, саяси күрделі жүйе, т.б. рухани мәдениет салалары болмағандықтан, дін басымдылық алып, ұрпақтарамыздың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын бірден-бір құрал болатын. Сондықтан да ұрпақтар ерікті-еріксіз түрде діни руханияттан сусындап, оны өз еріктерімен мойындап, келер ұрпаққа жеткізіп отырды.

3. Этностың әлеуметтік-генетикалық тұтастығы да айтарлықтай ықпал етеді. Жоғарыда айтқандай, ғұндар – түркілер – қыпшақтар - Алтын Ордалықтар - қазақтар болып сабақтасқан түбі бір түркілік діл халықтардың руханияттылығы, соның ішінде діни сенімдері де, ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастық арқылы жалғасып, мәдени-әлеуметтік дамудың логикасына сай өзгеріп отырады. Оның алға басуы не кейін кетуі жаңа ұрпақтың рухани күш-қуатына, шығармашылық әлеуетіне және де ұлтаралық, халықаралық қатынастардың райына да тәуелді болмақ.

Келесі кезекте ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттың бірегейлене түсуінің әлеуметтік институттар ретінде құрылған, саяси жүйеге негізделген тамырларына тоқталып өтетін боламыз. V-VII ғасырлардағы көне түркі қағанатындағы ел билеушілерінің (Қағандардың) кейіннен Қазақ қоғамы тұсында Хандар болып жалғасуы мемлекеттік жүйедегі сабақтастықты білдіреді. Шындығында да, Қаһан сөзі мен Хан сөзінің этимологиясы мен семантикасы туыстас, тарихи грамматика тұрғысынан түрленген, тек өзгерген формалары ғана: «Қаһан-Хаһан-Хаан-Хан» болуы ықтимал. Сондықтан, қоғамның басқару жүйесіндегі 1000 даған жылдарға созылған осындай ел басқару жүйесін, біз «Сабақтасқан Хандық институт» деп атауымызға болады.

Бірақ хандар өздерінің ел билеу ережелерінде бұрыннан қалған салттар мен дағдыларды сақтап отырған және оны кейінгі ел билеушілерін табыстаған. Хан – халқының тағдырына алаңдап, өз елінің болашағы үшін күресетін, әділетті шешім қабылдайтын елдің көсемі, яғни ең ірі тұлғасы болып есептелген.

Бұл жердегі сабақтастық пен бірегейліктің саяси-әлеуметтік негіздемесінің басқа халықтардан ерекшеленетін жайттары бар. Біріншіден, хандар ұрыс

даласында жауларымен бетпе-бет кездеседі. Екіншіден, тәрбие арқылы қалыптасатын әлеуметтік-генетикалық сабақтастық сақталуы тиіс. Шыңғыс хан дәуірінен кейін қазақ қоғамында тек оның ұрпақтары ғана ел билеуге құқылы болған. Оларды кейіннен халқымыз «төренің тұқымдары» деп атаған. Осы сабақтастық хандық институты мен ел билеу жүйесінің бірегейленуін қамтамасыз еткен. Шыңғыс хан кезеңінен басталған осы төрелік бірегейлік Қазақтың ең соңғы ханы Кенесарымен тәмамадалғандығы баршамызға аян.

Қоғамның саяси жүйесіндегі тағы бір маңызды әлеуметтік институт – Билер билігі. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген тарихи-танымдық сөздер бастау алып, кешегі Сырым батырға (әрі би) дейін сабақтасқан дәстүр, билер институтының жалғасуы арқылы халқымыздағы саяси жүйенің бірегейлігін қамтамасыз етіп отырған. Билер туралы Д.С. Раев қазақ даласындағы билердің ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталуын кең әлеуметтік кеңістік бойынша былайша таразылайды: «Шешендік сөздерде қазақ даласы көшпелілерінің бүкіл коммуникация жүйесі мен дүниетанымының дәстүрлі ұлттық логикасы, қозғалу ритмі жатыр» [93].

Билердің қызметі негізінен: билік айту, дауларды шешу, әділ шешім қабылдау, шешендік даналық сөздерін халыққа жариялау, сыртқы және ішкі саясаттағы тұрақтылықты сақтау болса, қазақ даналығы оны кейінгі ұрпақтарға тасымалдап отырған. Би-шешендер қазақ қоғамындағы адамгершілік қағидаттардың сабақтасуында маңызды роль атқаратын, әділеттілік қағидасын жалғастыратын субъектілер. Егер де билер әділетті шешім қабылдасаса, онда ол би статусынан айрылады, халық оны би ретінде қабылдамайды. Сондықтан да халқымызда «Тура биде туған жоқ» деген ұстаным ғасырдан-ғасырға жалғасқан билер институтының ережесі мен олардың «ар-ождан кодексі» деп айта аламыз. Билердің осы кодексі тұтас халықтың ділі мен дүниетанамы арнасында мыңдаған жылдар бойы сабақтасқан, ұрпақтан-ұрпаққа берілген дала заңдарының рәмізіне айналған және қоғамдық санаға сіңірілген.

Билерді тек шешім шығарушы ғана емес, қазақ қоғамындағы, тарихи санасында орныққан әділеттіліктің рәміздік белгісі мен «рухани бренді» деп айтуымызға болады. Бұл көне түркі дәуірінен бері сабақтасқан этикоцентризмнің заңдастырылған құқықтық астарына ұқсайды.

Логикалық түрде байыптасақ, жаугершілік замандарда хандар билер кеңесін құрып, сыртқы және ішкі саясаттағы өзекті ахуалдар туралы ақыл-кеңес құрып отырған. Сол арқылы іргелі мәселелерді белгілі бір деңгейде шешкен. Ал мәселе шешілмейтін болса, оны халқымыз сарказммен, сабақ алу ұстанымын қажет етумен, қазіргіше айтсақ, антипрагматизмді жойып прагматизмге ұласатын қағидатты насихаттайтын диалогеманы: «Күл төбенің басында күнде жиын» деп қысқаша тұжырымдаған. Қазақ халқының діліндегі осы сарказм бүгінгі таңда да кездесіп қалатын жайт.

Ендеше, билер институты тек жеке адам емес, тұтас ұлт тағдырының шешілуінің этножауапкершілігін мойнына алады. Жаугершілік замандағы: «Енді не істеу керек?» деген сауалға нақты, дәйекті жауап беру аса үлкен жауапкершілікті талап ететін интеллектуалдық сұраныс. Осыған орай, «Шаршы

топта сөз бастау қиын» деген мәтел тек бір адам ғана емес, бүкіл ұлт пен адамзат тағдырын шешіп беруге тиісті өсиеттер мен шешімдерді ұсынудың қатері немесе нәтижесінің жағымды, оңды болып шығуына бағдарланған күрделі экзистенциалдық толғаныстың туындысы.

Демек, билер тек сыртқы жаулардан сақтану ғана емес, ел ішіндегі бірлік пен татулықты қамтамасыз ететін субъектілік тұғырлар болған. Олардың заманында бірегейлік деген ұғым болмаса да, «ата-салтын сақтау», «Дала заңы» және т.б. деген ұғымдар заманауи ұлттық бірегейлікпен теңдесетін түсініктер. М. Шахановтың «Махамбеттің тағдыры» поэмасындағы «Ата заңы, баба заңы деп, Әкесі қолына алды садағын» деген жолдар қазіргі замандағы трагедиялық нұсқадағы архетиптерден елес береді.

Билердің шешімдері ұлттың болуы мен бомауы және өз табиғи болмысы негізінде өмір сүруі мен сүрмеуі туралы мәселелерді қозғап, көп жағдайда ұлт тағдырын оңтайлы шешімдер арқылы сақтап қалып, бүгінгі күнге дейін қазақ халқының бар болуына, сөйтіп ұлттық бірегейлікті сабақтастыра нығайтуға ықпалдастырған ұйғарымдар еді.

Қазіргі таңда да туындайтын пессимистік қоғамдық пікірлер халқымыздағы ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік мәселесіне алаңдаулы. Дегенмен, отандық тарихқа үңілсек, көне түркі дәуірінен бастап, тек этникалық бірегейлік қана емес, ұрпақтардың сабақтаса алмайтындығы туралы да толғаулар жиі айтылған. Мәселен, ғұндардың қытайлардан жеңіліс тауып, оларға отар болып, салық төлеп тәуелді болуынан бастап, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл-сұлама» аталған қырғын кезінде халқымыздың жартысына таяуының жойылып кетуі; 1932-1933 жылдардағы аштықта қазақ халқының 3 млн. адамынан айрылып жатқан сәттегі «Халқымыз енді жойылуда» деген пессимизмі, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі Ж.Молдағалиевтің «Мың өліп мың тірілген» халқының мәңгілік жасампаздығын әйгілеп бергендей болады. Осыған орай: егер де біздің ата-бабаларамыз тарихи сахнадан әлсін-әлсін жойылған болса, бүгінгі қазақ халқы қалайша іргелі мемлекет құрып отыр? - деген сауал туындайды. Мұның жауабын, тегі, былай тұжырымдаған жөн болар: Қазақ хандығы пайда болғанда қазақ халқы да алғаш дүниеге келіп, біртіндеп мемлекеті нығайып, халқының саны көбейіп, территориясы кеңейіп, ұлттық бірегейлігі арта түседі. ХҮІІ ғ. соңы мен ХҮІІІ ғ. басына қарай ұзын саны 3 млн. таяу халқы бар қазақ елі, сол тарихи уақыт жағдайында тұрғындарының саны бойынша елеулі, мемлекеттілігі мығым елдер қатарында болатын. Қазақ халқының ішкі әлеуетінің мол болуы, қиын қыстау (соғыс, аштық және т.б.) кездерінде ұлттық бірегейлікке деген ұмтылыстың артуы, ұрпақтар сабақтастығының үзілмеуі, хандар мен билердің, батырларымыз бен ақын-жарауларымыздың, еңбекқор халқымыздың өмір көрігін біріге басуы, тарихтың басқа салған қиыншылықтарынан, қырғын-сүргінінен аман-есен құтылып, қайта түлеуге аяқ басуына мүмкіндік бергені аян. Келесі кезекте, қазақ қоғамындағы ерекше құбылыстардың бірі – батырлар институты деп айтуға болатын құбылыстың ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызы

мен өмірмәнділік көріністерін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан саралап өтеміз.

Батырлар да ұлт тағдырының шешуші тұлғалары. Батырлардың біздің қозғап отырған мәселемізге қатысты екі қырын атап өту маңызды. Біріншіден, олар-ұлттық болмыс пен оның бірегейлігін сақтаудағы маңызды әлеуметтік топтар, екіншіден, генетикалық тұқым қуалаушылық бойынша сабақтасқан физикалық-физиологиялық қуатты тұлғалар. Осы тұста, айта кететін бір жайт, қазақтағы әйгілі тұлғалардан тұқым алып қалу дәстүрі болғандығы жасырын емес. Себебі көне дәуірден бері жалғасқан және құндылық ретінде бағаланған күштің культі жаугершілік замандарда маңызды роль атқарған еді. Кейіннен, Р.Бэконның «Білім – күш» деген қағидасы енгеннен кейін және ол өзінің ақиқаттығы мен шынайылығын дәлелдегеннен соң, өмірлік сынақтар арқылы экзистенциалдық тұғырға айналды. Осы ұстаным бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоймай отыр.

Батыр ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың ғылыми-теориялық негіздемесін білмесе де, табиғи эволюция заңдылығындағы халқының төл болмысын, оның ешкімге де отар болмауына деген жауапкершілікті өзіне-өзі қалап алған тұлға. Оған отанды қорғағандығы үшін ешкім де еңбекақы төлеген жоқ. Себебі физикалық қуаттың культі көне замандардан бері өмірлік қажеттіліктер арқылы сабақтасқан еді. Мәселен, оның көне тамырларына үңілген М. Орынбеков өз ойын былайша тиянақтайды: «Ерліктің қаһарлы денесі, оның қорқынышты бейнесі жер асты әлеміне сай келді. Әдебиетте шамандардың Ерлік туралы түсінігі сипатталған. Онда Ерлік – «атлеттік дене бітімі» бар шал деп көрсетілген» [94]. Ал М. Таңжаров халқымыздағы осы физикалық қуат культінің сабақтастығы мен оның замануи көріністері туралы өз ойын былайша өрбітеді: «Қазақ халқы осы физикалық күшті мәңгілік табынуға айналдырған танымды басшылыққа алды, жоғарыда атап өткеніміздей, «Таусоғар», «Тау көтерген Толағай» сияқтылар тұрақты архетиптік образ ретінде тарихи санада сақтала отыра, бүгінгі спортта қайтадан жаңғырды. Осының нәтижесі ретінде қазақ спортшылары кір тасын көтеруде әлемдік аренада алдыңғы орындарды иемденуде. Біз халқымыздың жекпе-жек түрлерінде неліктен әлемдік жетістіктерге жетіп отырғандығын түйсіне аламыз. Мәселен, 2009 жылғы Азияның жазғы жекпе-жек ойындарында біздің қазақстандық спортшылар айтарлықтай жетістіктерге жетті. Яғни, бұл – «Толағайдың» мифтік образынан бастау алған, эпостық дәуірдегі батырлық тұлғамен көркемдік бейнеде сабақтасқан, Қажымұқан, Балуан Шолақ, Ә.Айқанов, Ж.Үшкемпіров сынды тарихи реалды бейнелермен жалғасын тапқан «күш» құбылысының заңды көрінісі екендігі күмәнсіз. Демек, қазақ халқының бойындағы физикалық қуаттылық өз деңгейінде ұрпақтан-ұрпаққа генетикалық кодтар арқылы тасымалданып, өзінің өміршеңдігін сақтап, болашаққа да солай «жолдама» ала алады дегенді білдіреді» [95]. Бұл пікір де дәйекті секілді, мәселен, Қазақ спортшылары футбол, теннис, шаңғы, т.б. спорт түрлерінен әлемдік деңгейде танымал емес, ал жекпе-жек спорт түрлерінен әлемге танымал. Шындығында да,

бұндай физиологиялық қуаттылықтың генетикалық кодтар арқылы берілгендігі көне замандардағы батырлық рухтан бастау алады.

Бірақ «Білекті бірді, білімді мыңды жағады» деген халық мәтеліне орай, физиологиялық қуаттылық ұлт пен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты қару емес, тек спорт түріне ауысқандығын ескерсек, онда қазіргі заман өркениетті батырлардың дүниеге келуін талап етеді. Мәселен, Т.Әубәкіров өзінің интеллектуалдық қабілеті мен білімі және физиологиялық қуаттылығы арқылы осындай мәртебеге жеткен еді. Өйткені, оны да сабақтастыққа негізделген халқымыздың рухының айшықты бейнесі деп айтуымызға болады. Демек, қазақ қоғамындағы ұрпақтардың алмасуы арқылы бірегейліктің тарихи негізде сақталып, бүгінгі заманға дейін тасымалдануының рухани шарттары, саяси жүйедегі әлеуметтік институттар, әйгілі тұлғалар халқымыздың экстенсивті дамуының айқын көрінісі болып табылады.

Ұрпақтар сабақтастығының табиғи-биологиялық, генетикалық қырын айта отырып, бұл үдерістің шын мәнінде алғанда қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени негізделген құбылыс екеніне ерекше көңіл аударған дұрыс. Айталық, батыр тұлғалы адам қаншама алып күш иесі болғанымен, оның жетілген сана-сезімі, азаматтық рухы, еліне-жеріне деген махаббаты, дамыған дүниетанымы болмаса, одан халықтың қамын ойлайтын нағыз батырдың шығуы күмәнді. Демек батырлық та мәдени-әлеуметтік негізі бар дара құбылыс. Қазақ тарихында батырлар, батырлық іс-әрекет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, әр заманның ыңғайына орай өз батырлары туындап, халқымыздың даңқын артыратыны заңдылыққа айналған дәстүрлі құбылыс. Қобланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Қамбар батыр, Ер Қосай және т.б. халық батырлары туралы дастандар, ойрат-моңғолдармен соғыста есімдері әйгілі болған Қабанбай, Наурызбай, Қарасай батырлар, Абылай, Кенесары сияқты батырлық істерімен де мәлім болған хандар, Кеңес үкіметі тұсындағы екінші дүниежүзілік соғыста даңқы шыққан Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Талғат Бегелдинов, Әлия, Мәншүк сияқты батыр ұлдарымыз бен қыздарымыз-осының бәрі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қазақ халқына тән қазақылық мінез-құлықтың айқын бір белгісі осы бұлқыныста, ар-намыстың күштілігінде жатқанын көрсетеді.

Дәл осындай зейінді ұрпақтарды қоғам өмірінің әртүрлі салаларына сай (мысалы, өнер, білім, ғылым, өнеркәсіп, ауыл-шаруашылығы, спорт, жазушылар және т.б.) тізбектеп, жіктеп талдауға болар еді. Әрине, әр тұлғаның (мысалы, әр ғалымның, әр әншінің, әр еңбек ерлерінің, атақты спортшылардың және т.с.с.) өз өсу жолы, өз өмір тарихы, өз еркі мен қалауы болатыны рас, сонымен бірге замана ырғағына сай әр ұрпақты ерекшелеп тұратын ортақ белгілердің де болатыны заңды. Сондықтан ұрпақтар сабақтастығының өз қозғаушы күші бар деуге болады және ол, биологиялық-генетикалық субстраты болғанмен, өзінің шын мәнінде рухани-әлеуметтік мәні бар өмірге талпыныстан, құштарлықтан туындайтын, мәдени-әлеуметтік кеңістік пен уақытта орын тебетін адамдардың іскерлік-шығармашылық іс-әрекетінің біріккен әлеуеті. Қазіргі кезде бұл мәселе «адами капитал» ұғымымен қамтылып, жас мамандардың жаңа деңгейде және

инновациялық даму талаптарына сай, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағыттала дайындалуын көздейді [96].

Бұл тарауда ұлттық бірегейлік пен ұрпақтар сабақтастығы арасындағы тығыз байланыстың тарихи-рухани көріністеріне шолу жасалып, тарихымыздың ұзына бойында діни-мистикалық дүниетанымынан бастап, әртүрлі діндердің (тотемизмнің, тәңіршілдіктің, манихейшілдіктің, зороастризмнің, ислам дінінің, аруақтарға табынудың) ұлттық сана-сезімге, ұлттың ұйысуына, салт-дәстүрлеріне, діліне әсері зерделенді. Осында айтылған жайттардың бір қорытындысы ұрпақтар сабақтастығының адами факторға, жекелеген адамдардың (индивидтердің), әлеуметтік топтардың (мәселен, хандар, билер, батырлар, т.т.) бастамаларына, іс-әрекеттеріне тәуелділігінде. Әр ұрпақтың арасында өз майталмандарының, озық біліктілігі мен іскерлігі арқасында жетекші рөл атқарушыларының (ұйымдастырушы, ұжымдастырушы, біріктіруші, басқарушы және т.б.) болатынын атап өтуге тиіспіз. Демек әр ұрпақтың тарихи-әлеуметтік тұрғыда шартталған өзіндік ерекшеліктері, ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытудағы өз мақсат-мұраттары, соларды іске асыруға қажетті айла-тәсілдері, әлеуметтік-психологиялық негізде қалыптасқан қарым-қатынастары мен өзара байланысу, бірін-бірі қолдау, сыбайласу формаларының болуы ықтимал. Мысалы, қазақ ағартушыларының тарихын алатын болсақ, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев сияқты ұлы ағартушылардың бастамалары елде бекіп, оқу-ағарту ісі барған сайын дамып, келесі ұрпақтар бұл істің алға басуына өз үлестерін қосып, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев сияқты азаматтардың нәтижелі ізденістері арқасында қазақ халқының ғылым мен білімге, мәдениет пен өркениетке деген талпынысы шыңдалғаны бәрімізге аян. Әрине, бұл іс бұқара халықтың қолдауын тауып, мың-мыңдаған ұстаздар, ғалымдар, білім алушы жастар, мамандар тәрбиеленіп, саяси-әлеуметтік деңгейде реттеліп отырғаны белгілі.

Демек, ұрпақтар сабақтастығы тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік үдеріс және оның қозғаушы күші адами капиталға тәуелді екен. Әр тарихи кезеңнің өз даму деңгейіне сай келетін көзі ашық, көкірегі ояу индивидтері тарих алға қойған мәдени-әлеуметтік іс-шараларды белсенді түрде алға бастырып, ұрпақ алдындағы азаматтық міндеттер мен борыштарды уақытылы әрі сапалы орындауға бейім келеді деуге негіз бар.

2.2 Қазіргі замандағы еліміздегі ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының тетіктері

Қазіргі таңда әрбір халық пен ұлттың өз бірегейлігін сақтауға деген ұмтылысы күшейіп келеді. Себебі тарихи тұрғыдан сабақтасқан ұлттық болмыстың құлдырауының ықтималдылығы немесе оған төнетін қауіп-қатерлер бүгінгі таңдағы әлемдік саяси сахнадағы маңызды мәселелердің біріне айналуға. Оған бірнеше эндогенді және экзогенді факторлар әсер етіп отыр. Біріншіден, жаһандану жағдайындағы қатерлер, екіншіден, сыртқы ұлттық қауіпсіздікті нығайту саясаты, үшіншіден, мультикультурализмнің қауіптілігі, төртіншіден, саясаттағы әртүрлі идеологиялар және т.б..

1991 ж. еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық болмысымызды қайта жаңғыртып, рухани мәдениетімізді өркендетіп, ұмыт болып бара жатқан руханиятымыздың кейбір тұстарын жандандыру мемлекетіміздің стратегиялық саясаты мен жалпы қоғамдық сананың серпілісіне айналды.

Қазіргі замандағы еліміздегі ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының тетіктерін біз былайша жүйелеп беруді жөн көрдік:

1.Тарихи-әлеуметтік: тарихи-рухани құндылықтарымыздың тұрақтылығы, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың сақталуы, тарихымызға құрметпен қарау, тіл, рухани жаңғыру және т.б.

2. Психологиялық: ұлттық өзіндік сана, Ұлттық Мен, Ұлттық қоғамдық санадағы интроспекция, этнорефлексия, Ұлттық рухтың парадоксальдығы және т.б. Адамдар өздерінің күнбе-күнгі өмірінде ақыл-ой арқылы заттар мен құбылыстарды талдап, олардың бір-бірінен айырмашылығын анықтай отырып, ұлттық өзіндік сана мен ұлттық Менді қалыптастыруға ұмтылдырады.

3. Саяси-идеологиялық: ұлттық идеяның тәжірибе жүзінде жүзеге асуы мен арман-мұраттардың орындалуы, отаншылдық, жастар тәрбиесі.

Жоғары бөлімде көрсеткендей, ұлттық бірегейліктің сақталуының тарихи эволюциясы бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Егер де мұндай тарихи сабақтастық болмаса, онда ұлттың болуы мен болмауы мәселесі туындайды. Кейбір халықтардың тарихы хронологиялық жағынан бірнеше мың жылдықты құраса, кейбірі, керісінше, жас халықтар болып есептеледі. Біздің тарихи дамуымыз көптеген ғасырларды бастан өткергенін, тамыры тереңде жатқан діліміздің, тұңғық зердеміздің халық жадында сақталғандығын қазіргі таңда ғалымдарымыз дәйектеп жүр.

Сол көне дәуірлерден бүгінгі заманға дейін сабақтасқан және қазіргі кезде де ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты тетіктерінің бірі болып отырған құбылыс, ол – рухани мәдениетіміздің маңызды бір бөлігі әдет-ғұрып пен салт дәстүр. Белгілі мәдениеттанушы ғалым, мәдениет пен өркениет дамуының заңдылықтарын мәдениет философиясы деңгейінде зерделеуші, профессор Т.Х.Ғабитовтың: «Қай кезде болмасын заманымыз тыныш болса, ұлттық қауіпсіздігіміз нық болса, халқымыз салауатты өмір салтын ұстанатын болса, білімді азаматтар мен мықты саясаткерлер көбейсе, кәсіби мамандар мен өркениетті, мәдениетті жас ұрпақтар өссе, Қазақстан болашақта әлемдік деңгейде үлгі етер мемлекет қатарына қосылар деп үміттенемін» - деген арман-тілегіне құлақ асып, еліміздің жарқын болашағы ұрпақтар сабақтастығы, мәдени өркени жетістіктеріміздің қазақы салт-дәстүрлер негізінде сұрыпталып, алға басуы арқылы ғана іске асатынына көз жеткізе аламыз [97].

Сондай-ақ, Г.Барлыбаеваның: «Дәстүрге келетін болсақ, оның бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін, тарихи қалыптасқан, салыстырмалы орнықты, қайталанатын қоғамдық қатынастар екені белгілі. Ал егер «дәстүр» мен «әдет-ғұрып» ұғымдарының арақатынасы туралы сұрақ қоятын болсақ, онда олардың екеуі де белгілі бір норманы, ережені білдіреді, ал «әдет-ғұрып» термині эмпириялық түрде берілген дәстүрді бейнелеуге бейім. Сонымен бірге «дәстүр»

термині әдет-ғұрыппен салыстырғанда, сөзсіз әмбебап ұғым болып табылады» [98] -деген көзқарасы біздің осы ұстанымымызды қуаттай түседі.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жай ғана ырым-тыйымдардың мистификациялық көріністері емес, ол мыңдаған жылдар бойы жинақталған, өмірлік сынақтан өткізілген көпқызметті болып келетін іргелі саяси-әлеуметтік институт. Онда құқықтық ережелер мен өмір сүру салттары, моральдік нормалар мен рухани құндылықтар, медициналық терапиялар, т.б. жинақталған. Бір ғана мысал, атқа міну терапиясы көптеген аурулардың алдын алудың шарттары екендігін, оның денсаулыққа пайдалы болатындығын бүгінгі күнгі ғалымдар дәйектеген.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып туралы Г. Тоқсанбаева оның «білім» мен «өмір тәжірибесі» сынынан өтудің бірлігі арқылы шыңдалып, дәуірлер екпіні мен тарих сынына төтеп беріп, теориялық сипаттағы практикалық әрекеттер мен жалпы концепттер болып шыққандығын, ата салты әлеуметтік прогрестің дамуындағы құндылықтар жүйесінің ауысуына, дәуірлік талғам мен шарттардың өзгеруіне, заманалар мен келімді-кетімді дүниенің түрленуіне қарамастан біршама тұрақты күйінде сақталып отырылғандығын тұжырымдайды [99].

Ш. Уәлихановтың: «Бұл жерде дөп басып айту өте қиын, аңыздардың бізге келіп жеткендерінің қайсысы ертеден, қандай діннің ұғымынан пайда болды, қандай сенімнің әсеріне ұшырады деген мәселенің төңірегінде қарама-қайшы, әр түрлі пікірлер бар», -деген тұжырымына орай [100]. әдет-ғұрыптарымыз да осындай өткелдерді басынан кешірген. Сондықтан да, қазіргі кезде кейбір дәстүрлеріміз ұмыт болғанмен, «реэтноизациялану» деп атауға болатын үрдістер оларды қайта жаңғыртуға деген талпыныспен айғақталады.

Көп қызметтік салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың бір қыры, этикоцентристік бағдарға негізделген дүниетанымның сабақтасуының бір көрінісі – адамгершілік қағидаттар. Оның түп бастауын көне дәуірлердегі зороастризм сенімімен байланыстыратын көзқарастар кездеседі. Мәдениеттанушы Т.Ғабитовтың пікірінше де, екі рухтың, яғни зұлымдық рухы – Анхра Майнью мен ізгілік рухы – Ахура Мазданың мәңгі күресі алғаш рет жалпыадамзаттың зұлымдық пен ізгілікті ажырату жөніндегі дихотомиясын белгілеп берген, екеуін бір-біріне қарсы қойған осы идея болып табылмақ [101].

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың ұлттық бірегейлікті сақтау тетіктері ретіндегі рөлі қазіргі заман үшін де маңызды болып отыр. Оларды былайша тиянақтап беруге болады.

1. Бұйрықтық түрде талап етілуі. Ол бір қырынан императивтер түрінде берілгендіктен қазіргі заманда да, болашақта да үздіксіз сабақтаса беретін құбылыс. И. Канттың кесімді императиві сияқты тұжырымы біздің салт-дәстүрлер институтына сіңірілген. «Ата салтын бұзды», «ата-баба рухын қорлады», «дәстүрден аттап кетті» деп, орындамағандар оларды бұлжытпай орындауы тиіс еді деп, қоғамдық санаға сіңірілген және баршаға ортақ бұйрықтар екендігін айғақтап, бұзғандар сол халықтық дәстүрлер бойынша жазаға да тартылады. Сонымен қатар осы құрылымның тағы бір бұйрықтық түрі – тыйым салулар. Бұл тыйымдардың кейбірінің мағынасы белгісіздеу, неге олай

жасауға болмайтындығы да бізге түсініксіздеу, тіпті оның неліктен екендігі де әскери бұйрықтар сияқты талқыланбайды, тек орындалуы ғана тиіс. «Табалдырықты баспа», «Қалың киімнің жағасын баспа», «Топырақты үйме», «Босағаға керілме», «Көкті жұлма» және т.б. тыйым салулардың қайсібірінің астары күңгірттеу. Ал қазіргі таңда олардың кейбірі ұмыт болған немесе бұлжымайтындай болып орындала бермейді. Әйтсе де, ұлттың өзін-өзі айқындауы мен өзін-өзі тануында бүгінгі күні бұндай әдет-ғұрыптардың ролі зор.

2. Сабақтастықты қалауы. Салт-дәстүрдің өзінің табиғаты, болмысы тұтасынан алғанда сабақтасуға негізделген, оның сақталуы да «өткеннен қабылдап алу – сақтау – келер ұрпаққа жеткізу» түзілімі бойынша өмір сүреді. Ұрпақ, Ата-баба мұрасы, Үлгі-өсиет, Салт-дәстүр тізбегі ұлттық бірегейлікті сақтау тетіктерінің бірі болған және қазір де солай. Салт-дәстүр мен ұлттық моральдегі ұрпақтардың сабақтасуы бойынша негізделген мазмұндық құрылым, яғни сабақтастық пен бірегейліктің сақталуын көрсетететін ұстанымдар: үлкенді сыйлау, ағаға құрмет, кішіге ізет және т.б. Осындай дәстүріміздің этикалық қырлары бүгінгі таңда да ұлттық бірегейліктің руханияттық қырын сақтап қалудың тетіктерінің бірі екендігі күмәнсіз.

Сабақтастықты Т.К.Бурбаев қазақ менталитетінің рухани тұтастыққа бағдарланған құндылықтарды қабылдауға негізделетін функциясы бар екендігі бойынша түсіндіріп, демократиялық құндылықтарды игілік ретінде қабылдау, терең игеру үшін соған сай менталитетті қалыптастыру қажеттілігін атап өтіп, қазіргі Қазақстан жағдайында халықтар арасындағы менталдық бірігуге баса мән береді: «...ментальдық бірігуді демократиялық бірігудің негізі деп қарауымыз қажет. Сонда ғана қоғамдық азаматтық келісім, ұлтаралық өзара татулық шынайы түрде шығады» [102]. Демек, ментальдық бірігу ұлттық бірегейліктің бір негізі болып табылады.

Осы арада «ұлттық бірегейлік» терминін қолданбай-ақ, қазақ ұлтының бірлігі мен тірлігін, болашағын анықтайтын рухани құндылықтарына мән бере, тәуелсіздік жағдайындағы алғашқы тоғыз жылдық тәжірибемізді ой елегінен өткізе, бір жағынан, тәуелсіздік таңының атқанына қуана отырып, екінші жағынан, осы жолдағы қиыншылықтар мен ауытқуларды, жіберіліп жатқан қателіктерді сыни талдап (әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шығып), «Біз кіміз?» (С.Хантингтонның әйгілі кітабының атауымен барабар!) атаулы публицистикалық еңбегін 2000 жылы жариялап үлгерген профессор С.Б.Дорженовтың көрегендігіне таң қалмасқа болмайды. Бірегейлік туралы зерттеулердің Қазақстанда басталуының алдын ала жарияланған бұл кітап, автордың жанайқайы тәріздес. Кітаптың басты идеясы, менің түсінуімше, мынада: егеменді ел болып, гүлденген Қазақстан тұрғызып, дамыған мемлекеттер қатарына қосылу үшін не істеу керек деген сұраққа автор бәрін өзімізді танудан, «Біз кіміз?» деген сұрақтан бастауымыз керек деп, осы сұраққа өзінше жауап беруге ұмтылады. Автордың ойынша, тәуелсіздік тұғырының берік болуы, ісіміз табысты болуы, көздеген мақсаттарымызға жету үшін, халқымыз жоғарғы моральдық талаптарға сай (адалдық, ар- намыс тазалығы, іскерлік,

білімділік, зиялылық, жауапкершілік, т.т.) өмір сүріп, ата-баба өсиеттеріне құлақ асып, «ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп» ынтымақ-бірлікке шақырған ата-баба өсиеттерінің жолынан таймай, өзіндік мінез-құлық танытып, бірлікті берік сақтап, ынтымақтаса іс тындыруы тиіс [103]. Бұл да ұлттық бірегейлікке қол жеткізіп, оны берік сақтаудың бір тетігіне жатады.

3. Салт-дәстүрдің қазіргі заманмен үндесуі. Р. Наурызбаева оның ұлттық бірегейлікті сақтаудағы тетіктердің бірі болатындығын баяндамаса да, қазіргі замандағы негізгі мағынасын жалпылама түрде былайша ашып береді: «Ұлттық салт-дәстүрлер негізгі сипатына қарай ерекшеленеді: а) ұрпақтан – ұрпаққа жалғасады; ә) өмірдің ырғақ құбылыстарымен: уақыт, тарих көшіне қарай қалыптасады; б) ұжымдық, символдық іс – қимыл, қоғамдық қарым – қатынастың құралы» [104].

И. Ахметов салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың қазіргі замандағы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы тетіктерінің бірі екендігін былайша тұжырымдайды: «Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып канондары, мифтік және діни салттар, тұрмыс қалыптарының ерекшеліктеріне байланысты бейімделу, көшпелілік өмір стилін қабылдау өлшемдері, жаугершілік заман талабына сай тұлға қалыптастырудың методологиясы, т.б. бүгінгі заманға байланысты түрде қазақ азаматына лайықты сапа ретінде бағамдалды» [105]. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптың көнеден қалыптасқан ережелерінің кейбірі бүгінгі күнге дейін сол қалпында сақталып, руханияттық бірегейлігімізді сақтауға негізделіп отыр. Мәселен, А. Айдосов: «Ас-той үстінде мүше беру Қорқыт заманынан бастау алған дәстүр. Қорқыт малдың басы мен жамбасын жасы үлкен құрметті адамға, құлақты отбасындағы кенже балаға, таңдайды шешен бол деп үлкен ұлға, көзді бойжеткен қызыңа қара деген ниетпен шешесіне береді» [106], -деп, дастархан басындағы этикеттің тарихы тым әріден бастау алатындығын және шығу тегі мен негізгі өмірлік маңыздылығын атап өтеді. Бұл мүше бөлу бүгінгі таңда да сақталып келе жатқан тамақтану ережелерінің бірі болып отыр. Әсіресе, қой малын сойып, оның бас сүйегін бөлуде осы салт бұлжымайтын, өзінің өміршеңдігін жоймаған дәстүр сабақтастығының айқын бір көрінісі. Сондай-ақ, сойылған малдың басқа мүшелерін бөліп беру де жалғасын тапқан игілікті іс: құйымшақты қызға, төсті күйеу балаға, миын қарттарға тарату, т.б.

4. Салт-дәстүр өзінің өміршеңдігі арқылы басқа салттарға, идеологияларға төтеп бере алатын ұлттық болмыстың атрибутына айналған әлеуметтік ықпалды институт. Мәселен, іргелі исламдық фундаменталистер мен әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің орындалуы арасында соңғы уақыттарда әр түрлі келіспеушіліктер болғандығы да рас. Исламисттер шариятта кездеспейтін барлық мистикалық сипаттағы дәстүрлерді орындай бермеуге шақырады. Ал кейбір дәстүрлер ислам шарттары мен қағидаттарын орындаудан да туындап жатады.

Салт-дәстүрдің қуаттылығы мен өміршеңділігінің мазмұны жөнінен айқындалған бір көрінісі, тіпті магиялық сипатқа ие салт – бата беру. Аслан Жақсылықов: «Сонымен ауызша айту дегеніміз магияның ерекше синтетикалық нысанының бірінен саналады, онда тілек айту, қалыпқа салушылық, иландыру,

энергетизм, рухани қатынас, заттану, мақсат қою тәрізді сан қырлы функционалдық деңгейден көрініп, сынақтан өткен» [107].

Бата беру тек өзінің өміршендігі арқылы ғана емес, ықпал ету өрісі бойынша да ұлттық бірегейліктің психоэлеуметтік тетіктерінің бірі бола алады деп айта аламыз. Себебі кей жағдайда теріс бата деген жағымсыз мәнде қолданылатын дәстүрлер де жоқ емес, оның ықпал өрісі де осындай. Бүгінгі таңда да ұрпақтар сабақтасуы арқылы жалғасып келе жатқан осы салт о дүниелік болған адамға ас беру үстінде құран оқумен қатар қолданылатындай беделге ие.

Ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақтаудың тағы бір маңызды тетігі – тіл. Тіл мәдени сабақтасудың маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Ол бірнеше ғасырлар бойы орнықты бола отырып, кей кезеңдерде өзгерістерге түскенімен, жалпы орталық нүктесін сақтап қалады.

Ағылшын ғалымы А.Бернард өзінің «Антропология тарихы мен теориясы» атты қазақ тіліне аударылған оқулығында белгілі ғалымдар А.Л.Крёбер, У.Х.Р.Риверс пен А.Р.Радклифф-Браунның көзқарастарын салыстыра зерделеп, ұлттық бірегейліктің тұғырларының бірі болып табылатын тілдің ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталып отыратындығының негізгі қырларын ашып береді: «Психология» (*аудармашыдан* - яғни адамның концептуалды ойлау қабілеті) туысқандық атауды тіл арқылы береді. Ал ол атаулар тілдің бір бөлшегі. Ал тіл тәуелсіз түрде элеуметтік мінез-құлықты сипаттайды. Ол концептуалды ойлау қабілеттеріне мыналарды жатқызады: адамның қай буынға жататындығы, адамның шежірелік қатардағы орны, келесі буындағылардың оны қалай атайтыны, әр туысқанмен қандай туысқандық қатынаста екені, жасы, жынысы, туысқандық қатынас кімге қатысты айтылса, сол адамның жынысы, қандас туыстар мен некелес туысқан екені, туысқанның «өмір жағдайы» (мысалы, тірі не өмірден озғаны, некеде не бойдақ болуы)» [108]. Ол тілдің ұлттық бірегейлікті анықтайтындығына, туысқандық-қандастық байланыстарды сипаттайтындығына ықпалдаса алатындығын туындатып, тіптен оның тұлғалық болмысын жариялап тұратындығын бағамдайды. Ұлттық тіл – тек қана сөйлеудің, атаулардың басқа тілдерге қарағанда басқаша берілуі емес, сол этностың тұтас болмысы мен тіршілігін айғақтайтын, дүниетанымының өзіндік ерекшеліктерін ашып бере алатын халықтың рухының айғағы. Мәселен, ана тілімізде, басқа тілге аударылмайтын философиялық ұғымдар немесе категориялар деп те атауға боатын сөздер кездеседі: құт, намыс, заман, айналайын және т.б. Бұл этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда әрбір халықтың, этностың әлем мен қоғамды көріп-білу призмасының ерекшеліктеріне байланысты туындайтын заңды құбылыс.

С.Г.Тер-Минасованың: «Лингвистикалық ерекшелік, әсіресе, тілдік ақпараттық, лексико-фразеологиялық тіркесімділік, әртүрлі тілде сөйлеуші халықтың саяси-дәстүрі, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті, элеуметтік-мәдени коннотациялары сөз семантикасына әсер етпей қоймайды» деген тұжырымы да рухани мәдениеттің тілдік көшірмелері мен атаулары болмай қоймайтындығын байыптайтын көзқарастарды білдірсе, «Тіл – ұжымның қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін сақтап, жеткізу арқылы адамдар тобынан этносты, ұлтты

калыптастыратын қуатты қоғамдық қару. Мәдениеттің ұлттық ерекше құрамдарының ішінде тіл бірінші орында....Тіл – ол тілде сөйлеуші адамдарды белгілі бір қоғамға телитін белгі. Этностың негізгі ерекше белгісі – тіл. Оны ішкі және сырқы екі жағынан алып қарастыруға болады: ішкі бағыт бойында ол этникалық интеграцияның негізгі факторы ретінде айқандалады; сыртқы бағыт – ол этностың негізгі этнобөлшектену белгісі» [109] деп, тілдің этникалық бірегейлікті сақтайтын құрал екендігін де дәйектеп береді.

Осыған орай, тіл сол халықтың ұрпақтар сабақтасуы арқылы тарихи жадында сақталатын бірегейліктің басты буындарының бірі. Сондықтан да бүгінгі таңда да тілдің осы қызметі өзіндік мәнін тереңдетіп келеді. Белгілі ғалым М.Сәбит атап өткендей: «Тіл – бұл халық рухының күш-қуаты, оның жанының күйін, ішкі жан дауасының әлеуетін, оның осында және дәл қазір болуының ғана емес, алыс болашақта да бола алатынының растаушысы» [110]. Ұрпақтардың алмасуы арқылы мәдени сабақтастықтың ұлттық бірегейлікті сақтауы тек осы сәт қана емес, алыс болашаққа да бой сермеуі тиіс екендігін профессор М.Сәбит тілмен байланыстыра сипаттайды. Осы орайда, М.Хайдеггердің: «Тіл – болмыстың баспанасы» тұжырымына ұқсатып, біз: «Ана тілі – сол ұлттың баспанасы» деп пайымдауымызға болады.

Лингвистердің пікірінше, тіл ойды жарыққа шығарудың құралы ретінде: коммуникативтік, эмоционалды - экспрессивтік, метатілдік қызметтер атқарады. Ендеше, біз әлеуметанулық - саяси, мәдени - рухани тұрғыдан оған ұлтты бірегейлендіру қызметін қоса аламыз. Өйткені қазақ тілінің тарихи тамырлары тереңнен бастау алады. Мысалы, ғұн заманындағы «шаньюй» сөзі Ғұн тілінде «Сеңгір» деп дыбысталатыны анықталған. Бұл – «биік», «асқақ», «жоғары» деген мағына береді де қазіргі түркі тілдерінде, мысалы, қазақ тілінде «Сеңгір таулар», «Заңғар көк» сияқты тіркестерде кездесіп отыратындығын, ал 1971 жылы жазылған Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың «Көне Түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деп аталатын еңбегінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілінің қазіргі қазақ тілімен байланыстылығы туралы пікірмен келісетіндігін білдірген [111]. Осындай тілдің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп жалғасуы бүгінгі таңда да ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқаратын тетік. Осы арада этнолингвистика ғылымының ұлтты, оның өміртарихын, рухының тілі мен ділін танып -білудегі рөлінің зор екендігі байқалады.

«Этнолингвистика – этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы. Сондықтан Э-лық зерттеулердің бірде сөздік қордың қойнауында сақталып көне дәуірден келе жатқан байырғы лексиканың мазмұнын ашуға бағытталғанын білсек, бірде этнос болмысынан, дүниетанымынан туындаған тілдік фактілердің сырын ашып, пайда болуын айқындауды мақсат еткенін көреміз. Бұл сала көп жағдайда этностың шығу тегіне, салт-дәстүріне, сондай-ақ өмір-тіршілігіне қажетті де ерекше орын алатын заттық мәдениеттің қыр-сырына ерекше мән

беріп келеді» [112]. Тіліміздің ішкі әлеуетін қоздыра отырып дамытудың бір арнасы ретіндегі, қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусына сай бола алмай ақсап жатқан мүшкіл хал-жағдайына орай осындай лингвистикалық зерттеулердің қажеттілігіне баса көңіл аударып, тіл мамандарына салмақты ой тастаған философ Қ.Жүкешовтің тіл философиясы бойынша жазған кітабы, оның сыни қорытындылары мен ұсыныстары ұлттық бірегейлік мәселесінің кейбір жаңа қырларына (мысалы, қазақ тілінің даму жолдары, қостілділік, орыс тілді қазақтардың қоғам өміріндегі жағдайы және т.б.) көңіл аударып жаңаша ойлап, жаңаша шешімдер қабылдауға нұсқайды [113].

Қазіргі таңда қазақ тіліне қатысты маңызды ахуалдар туындап отырғаны белгілі. Олар:

1. Терминдердің аудармасына байланысты калькалау немесе мағыналық аударма жасау мәселелері.

2. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту.

3. Үш тілділік тұғырының болашағы.

4. Тілдік қорды сақтау және дамыту.

5. Қазақ тілінің контентінің сапасын арттыру, тіл білімін әлемдік лингвистика деңгейіне көтеру.

6. Қазақ тілі дамуының философиялық астарына үңілу, тіл философиясы бойынша зерттеулерге ден қою және т.б.

Бірінші мәселе бойынша, біз мынадай логикалық тұжырымдар құра аламыз: а) егер, барлық терминдерді таза қазақ тіліне аударатын болсақ, онда әлемдік тілдік кеңістіктен қалыс қалуымыз ықтимал, оның себебі ағылшын тілін меңгеруге бет бұруға қазіргі ұрпақтардың интернационалдық терминдерден көз жазып қалуының ықтималдылығы туындайды; ә) егер ол терминдерді аудармайтын болсақ, онда тілімізге, жалпылама айтсақ, кез-келген ұлттық тілдің қорының сақталуына нұқсан келетін тәрізді.

Кейбір мамандар тілімізді шет елдік жаңа терминдермен сол бетінше қабылдап байытуды жөн санайды, кейбірі тіліміз шұбарланып кетеді деп қауіптеніп, қазақ тіліндегі баламасын қайтсе де табуға меңзейді. Ақиқат осы екі ұсыныстың ортасында болар: тілімізге орамды болып, орнын тауып кіріп кететіндерін шеттетпей, бірақ көбіне оңтайлы аударма баламасын тауып тілімізді өз шығармашылық қауқарының арқасында байытып жатсақ, нұр үстіне нұр емес пе? Сөйтіп әлемдік мәдениет пен ғылым-білімнің прогресіне ілесе алға басуға, әлемдік өркениеттілік бірегейлікке ұмтылу дұрыс болар. Әңгіме басқа, қазақтың ішінен шыққан жұлдыздарымыз әлемдік мәдениеттің дамуына өз үлесін қосып, қазақ халқының атақ-даңқын жер жүзіне жайып, қазақ тілінің, мәдениетінің жемістері мен жеңістері жер жүзіне жайылып жатса, шіркін! Дәл қазір Димаш Құдайбергендей жұлдызымыздың арқасында әлемдік деңгейде, қазақтың әндері мен мәдени өрнектеріміздің паш етілуі – қуанарлық сәт! Бұл біздің халықаралық деңгейдегі бүкіл адамзатпен бірегейлігімізді жария ететін, абыройымызды алға арттыратын құнды айғақ екені сөзсіз, соны түсініп және қадірлей білуіміз қажет.

Екінші мәселе бойынша да түйткілді ахуалдар жоқ емес. Тілдің қолданылу аясы лингвистикалық климатқа тікелей қатысты. Конституцияда анық

көрсетілгендей, қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық тіл болғанымен, екінші тіл қатар қолданылатын «мемлеттік тіл типтес» пафосқа ие болып отырғандығы жасырын емес. Осыған орай, құлдық психологиядан арылып, қазақ тілінің рухани төл кеңістігіміздегі қолданылу аясын кеңейте түсу маңызды жағдайлардың бірі.

Үшінші мәселені, Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі бір деңгейде шешіп бергендей болды. Ол тұлға бірінші сыныптан бастап қазақ тілінде сабақ оқуы, кейіннен ағылшын тілін үйренуді ата-ананың келісімімен жалғастыруы туралы өз пікірін білдіргендігі логикалық тұрғыдан оң шешім болды деп оңтайлы ұстаным қабылдауымызға болады. Расында, өз тілін ең алдымен үйреніп алмайынша, ана тілінің дариясында еркін жүзіп, оның сыбыры мен сыбдырына әбден төселіп алмай жатып, басқа тілге бет бұру оғаштыққа жатары сөзсіз.

Тілдік қорды сақтау және дамыту мәселесі ұлттық тіл қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Тілдің шұбарланып, басқа тілдер есебінен «баюы» мультикультурализмнің тілдік ахаулға кері әсері, қазақ тілді ортаның әлсіздігі, үкімет басындағы қазақ азаматтарының кертартпалығы, қазақ тілін оқытудағы олқылықтар және саяси-экономикалық басқарудағы кемшіліктер (мысалы, саны аз диаспораларды ассимиляциялау мәселесінің дұрыс ұйымдастырылмауы) және т.б. әлеуметтік-психологиялық тегі бар себептердің тілімізге қауіп төндіретіні, оның тілдік қорының өсіп-өрбуін тежеп, ұлттық бірегейліктің нығайуына бөгет болатыны анық.

Бесінші және алтыншы мәселелерді айрықша қозғап жүрген белгілі ғалым, қоғам қайраткері Қ.Жүкешевтің дәлелдеуі бойынша, қазақ тілінің контенті индустриалдық қоғамның рухани қажеттіліктеріне сай болмағандықтан, оқырмандарды өзіне тартпайды, тілге деген сұраныс сол себепті тым төмен. Қазақ тілінің әлі де жанданып кете алмай, мемлекеттік тіл мәртебесіне сай бола алмай жүргенін ол осылай түсіндіруге бейім [113, с. 226-233]. Қалай болғанда да, мұндай сыни ұйғарыммен санаспау мүмкін емес. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандары және де қазақ философтары осы бағыттағы зерттеулерге көңіл аударып, тіліміздің арнасын кеңейтіп, қарыштап алға басуына тілдік ортаның жетіліп, ұлттық бірегейліктің нығайуына қомақты үлес қосарына сенім артуға тиіспіз. Бұл ғылыми мәселелер шоғыры әсіресе жас ғалымдарды қызықтырып, ұрпақтар сабақтастығының нақтылы бір жемісті көрінісіне айналып, ұлттық бірегейлігіміздің сапалық деңгейі көтеріліп, ұлттық сана-сезімнің көкжиегі кеңейетіні сөзсіз деп ойлаймыз.

2.3 Ұлт өміршендігінің ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталуының философиясы

Сабақтастықтың құрылымдық-семантикалық негіздеріне келсек, жуықтайтын ұғымдар мен негізгі атрибуттарын былайша жинақтап ұсына аламыз: үздіксіздік, жалғастық, мирасқорлық, ескі мен жаңаның ауысуы, берілу, тасымалдану, жаңару, даму, ілгерілеу (прогресс), байланыс және оның түрлері.

Сабақтасу, өткенді тікелей қайталау немесе жай ғана механикалық жалғастық емес, ол қоғам дамуында жаңаруды керек ететін әлеуметтік

прогрессивті құбылыс болып табылады. Сабақтасу сонымен қатар, көп жағдайда жағымды мәнде айтылады. Қарама-қарсы түсініктер үздіктілік, қайталамалылық, жойылу, құру, т.б. жағымсыз мәнде айтылатын түсініктерге жатады. Бұл арада мынаны ескерген жөн сияқты. Жақсы мен жаман, жағымды мен жағымсыз, оң мен теріс және т.б. осындай бір-біріне қарама-қарсы ұғымдардың тез арада орын ауыстыра қоятыны, солай алмасып отыратыны белгілі. Қазақта: «Жақсыдан жаман туар емі болмас, жаманнан жақсы туар теңі болмас» деген өмірден алынған ұлағатты сөз бар. Философия тарихында қарама-қайшылықтардың айналмалылығы логикалық парадокстарға ұласып (мысалы: «Ахиллес тасбақаны қуып жете алмайды» деген сияқты), ақырында диалектиканың қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңында өз шешімін тапқан болатын. Осыны ескерсек, сабақтастық тек қана таза үздіксіздік емес, үздіксіздік пен үздіктіліктің, жаңа мен ескінің, бар мен жоқтың диалектикалық бірлігі мен қайшылықты қарым-қатынасының («күресінің») нәтижесі екені анықтала түседі.

Ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың екі қыры бар. Осы заманға дейін мәдени-рухани кеңістік оны терең түйсініп, қазіргі таңда саяси-әлеуметтік және философиялық деңгейге көтеріп, ғылыми-теориялық маңызын ұғына отырып, тұжырымдамасын да жасап келеді. Осыған орай біз ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі мазмұндамасын ұсынуды жөн көрдік.

Тұлға қашанда өзін сақтауға және әлеуметтік ортада беделін жоймауға ұмтылады. Оның қазақтардағы нақты және қастерлі көрінісі «тектілік» деп аталады. Текті тұқым сабақтасқан биофизиологиялық, психологиялық-әлеуметтік тамырлары бар үлгі. Осы арада тектіліктің табиғаты туралы да ой тастауға болады. Көбінесе былайғы жұрт тектілікті гендік тұрғыдан түсіндірмек болып, бәрін адамның қанына, генетикасына жүктейді. «Қанында бар», «қанында жоқ», сондықтан «текті» немесе «текті емес» деп ұйғарып жататындар көптеп кездесіп жатады. Әрине, биогенетикалық түп-тамырын бұл құбылыстың мүлдем жоққа шығаруға болмайтыны анық, өйткені адам баласы жыныстық қатынастарсыз дүниеге келмес еді. Алайда, бұл тектіліктің ішкі сырын аша алмайды, бұл оның тек табиғи алғышарты ғана. Тектіліктің шынайы мәні тәлім-тәрбиеде, ата-бабадан үзілмей, сабақтаса жалғасып келе жатқан халықтық діл мен даналықтың өміршеңдігінде жатыр. «Көрген көргенін істейді», - дейді қазақтар.

Қазақ халқының тектілікті қастерлеуін белгілі мағынасында үлгі санап, соның мән-мағынасын ашу, тектілік дәстүрін жалғастыруға күш салып, жастарды озық ұлттық рухта тәрбиелеудің ұлттық бірегейлікті сақтау мен жетілдірудегі маңызы орасан зор. Осы тектіліктің сақталмауынан жер бетінде қаншама ұлттар мен халықтар жойылды және жойылып барады. Мысалы, «Ресейдің қанды қылышына ілініп, аяусыз күрескен ұбықтар түгел дерлік қырылады. Кемпір-шалдар мен азғантай тобы Осман сұлтанының жарылқауына сеніп Анадолының құмында азапталып, үйсіз-күйсіз тентіреді. Өз отандары, қайсар Кавказды тастап Түркияға келген ұбықтарды ешкім басынан сипамады. Аштыққа шыдамағандары сол жерде жан тәсілім етеді. Заурхан Золак

сондай қырғынды, өз халқының қалай жойылғанын көзімен көрген, жер бетіндегі соңғы ұбық» деген қайғылы ахуалға назар аударыңыз [114]. Бұл қайғылы мысалдан нені түюге болады? Біріншіден, ұбық этносының сабақтаса жалғасуы үзілді, тарих бетінен зорлық-зомбылықтың күшімен жоқ болды. Өз халқының бірегейлігі үшін, болашағы үшін күрескен ұбықтардың текті әулеттері солды, тіпті жоқ болып тынды. Ал, екіншіден, Сібір жақта жайғасқан ұсақ ұлттар мен ұлыстарды да біртіндеп тұғырынан тайдырған Ресейдің осындай саясатын тектілікке жатқызуға бола ма?

Ал қазақ халқы тарихында тектіліктің айрықша атап өтуге болатын мысалына төрелік тұқымның ұрпақтарының елді билеп келген мирасқорлығын жатқызуға болады. Бұл да жарты мың жылға жуық аралығында сақталған сабақтастық. Кенесары хан соңғы Шыңғыс тұқымы. Неміс философы М.Хайдеггерше айтсақ, осындай ұлттық бірегейліктің үзілуі «қол-астындағы-болмыс» ретінде көрініс беретін орыс отаршылдығының айғағы. М.Хайдеггер «өзіне-арналған-болмыс» және «нақты бар болмыс» ретінде онтологиялық негіздеме жасаса [115], біз оны ұлттық деңгейге шығара қолдана аламыз. Сонда халықтың шынайы келбеті ашылады. Қазақ халқының дүниетанымы және ділі жаңашылдыққа бет бұрып келеді. Сондықтан біз ғылым мен білімге қарай жаңа қадамдар бастық. Тарихқа көз салсаңыз, Абайдың қазақ қоғамының әлеуметтік сыншысы ретіндегі айтқандары кейіннен А. Байтұрсынұлының пікірлерінде жалғасын тапты:

«Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызындаса?!» деп [116], ол ұлтымызға қозғау салып, ой-толғамдар ұсынуы қазіргі заманғы отандық ғалымдардың идеяларында, ақындардың шығармашылығында сабақтастығын тауып жатқандығы күмәнсіз. Бұл ұлттық идеяның қазақ халқы үшін арналған негіздемесінің рәміздік көрінісі іспеттес.

Қазақстанның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік кеңістігінде мынадай маргинализмге апаратын идеологиялық қауіптердің елесі туындап отырған сыңайлы: еуропаландыру, америкаландыру, орыстандыру, арабтандыру, оның үстіне жуықтауы ықтимал қытайландыру. Бұл үдерістер мемлекетіміздің стратегиялық саясатын оңтайландыру талабына ұласады. Еліміздің даму бағдары демократиялық қоғамға қадам басудан басталатыны белгілі. Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылуы белгілі мағынасында мультикультурализмге меңзейді. Бірақ бұл тұста іргелі философиялық сауал туындайды: «Егер де біз мультикультуралистік саясатты ұстансақ, ұлттық болмысымызды және оның руханияттық деңгейін қалайша сақтап қала аламыз?».

Осы жөнінде қайшылықты сауалдар туындап отырғандығы жасырын емес. Позитивті ойшылдар жаһандану заманында мультикультурализм объективті процесс деп өз ойларын түйіндесе, ал сыни бағыттағы ғалымдар мультикультурализмнің жағымсыз жақтарына көңіл аударып, халықтың өз тілін, мәдениетін, өз менталитетін сақтауға үндейді. Әрине, мультикультурализм құбылыстарымен санасуға тура келетіні анық, бірақ олар ұлттық бірегейлік идеясы мен саясатын жоққа шығармауы тиіс. Бұл арада «егемен халық», «ұлттық мемлекет» сияқты ұрандарға жүгінуге тура келеді. Қазақстан жағдайында, әрине, егемен қазақ халқы, қазақ ұлттық мемлекеті деп мойындаған абзал, өйткені мұнда өз туған жерінде, өз Отанында, мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп, егемендігі үшін, бірегейлігі үшін жанталаса күресіп, «мың өліп, мың тіріліп» келе жатқан бірден бір халық – бұл, әрине, қазақ халқы. Сондықтан, Қазақстан Республикасы – бұл қазақтың ұлттық мемлекеті, бұл мемлекеттің тұтқасын мықтап ұстап, өз бірегейлігін жер жүзіне жария етіп отырған қазақтар. Өкінішке орай, бұл айдан анық ақиқатты бүркемелеп, саяси ойынға айналдырып, қазақты елдегі жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың қатардағы бірі ғана ретінде көрсетіп, қазақ бірегейлігінің мазмұнын кемсітіп көрсеткісі келетіндер бар. Тіпті 1995 ж. қабылданған Конституцияда да «қазақ ұлттық мемлекеті» деген ұғым анық айтылмайды, сондықтан қазақ тілінің мемлекеттік тіл екендігі туралы бап та дәлелсіз, оғаш сияқты болып көрінеді. Қазақтың өз ұлттық мемлекеті деп ашық көрсетілсе, қазақ тілінің мемлекеттік тіл екені де өзінен – өзі айқын болар еді. Сонда мультикультурализм қазақ ұлттық бірегейлігінің заңды бір сәті, орнықты ассимиляциялаудың заңды бір нәтижесі ретінде өз орнын табады. Бұл бірегейліктің қалыптасуы мен дамуының үдерісі ұзаққа созылған қазақ халқының тарихымен барабар.

Ұлт туралы, ұлттық болмыс пен ұлттық намыс туралы, ұлтаралық қатынастар туралы сөз қозғағанда, міндетті түрде ұлтшылдық тақырыбының пайда болары сөзсіз. Ұлтшылдық кеңестік кезеңде қатты сыналып, керісінше, интернационализм, әсіресе пролетарлық формасында, ерекше мадақталып, идеологиялық қызметтің бір принципіне айналған еді. Қазіргі кезде бұл түсініктерге деген көзқарас түбегейлі өзгеруде. Ұлтшылдық ұғымын теріс, мүлде қажеті жоқ деп сынаудың дұрыс еместігін ұлттық бірегейлік ұстанымына орай талдасақ, онда ұлтшылдықтың, яғни өз ұлтын сүюдің, қадірлеудің еш оғаштығы жоқ екені әбден анықталады. Ұлтшылдық ұлттық бірегейлікпен, белгілі мағынасында, барабар деуге болады. Бірақ оның өз өлшемі бар екендігі де мұнда анықтала түседі. Ұлтшылдық белгілі бір шектен шықпауы тиіс, ол абсолютті болмауы тиіс, әйтпесе ол расизм, нацизм, фашизм сияқты сыңаржақты ұғымдармен, жағымсыз саяси қозғалыстармен ұштасатын болады.

Академик Д.Кішібеков өзінің ұлттық идеяға арнап жазған кітабының екі параграфын «Ұлттық идеяны ұлтшылдыққа айналдырмау керек» және «Ұлтшылдық – ұлттық идеяның кері жағы» деп атап, ұлтшылдық мәселесінің төңірегінде өз ойларын кеңінен баяндайды [4, с. 156-171]. Осы параграфтардың өз атауларынан-ақ автордың әсіре ұлтшылдыққа қарсы екені айқын байқалып тұр. Бұл, әрине, өте дұрыс көзқарас. Академик Д.Кішібеков ұлтшылдық

ұғымының салыстырмалы қырлары бар екендігін, оны абсолюттендіруге болмайтынын, мұнда да диалектиканың өлшем туралы тұжырымдамасына жүгіну керектігін, бұл ұғымның нақтылығын дәлелді баяндап, ұлтшылдықтың да өзіне тиесілі орны бар екеніне мән бере агрессивті ұлтшылдыққа жол бермеу керектігін көрсетуі өте орынды.

Ұлт, ұлтаралық қатынас, этностардың мәдени интеграциясы мәселелерін тиянақты зерттеп, нақышын келтіре осы ұғымдардың ара жігін саяси-философиялық тұрғыда саралап жүрген белгілі философ әрі саясаттанушы Р.Қадыржанов алғашқылардың бірі болып қазақстандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда ұлтшылдық ұғымының мән-мағынасын терең ашып, оның идеологиясының ұлттық бірегейлік, ұлттық идея, ұлттық бірлік, ұлттық автономия, азаматтық ұлт, этномәдени ұлт сияқты ұғымдармен ара байланысын ашып көрсетеді. Ғалымның тұжырымы бойынша, Қазақстанда ұлттық бірегейлікті нығайту, оның деңгейін жоғары көтеру бірегей қазақстандық азаматтық ұлтты қалыптастырумен барабар. Автор, біздің ойымызша, ҚР Конституциясының азаматтық қоғам, демократиялық-құқықтық мемлекет туралы баптарына сүйеніп, солардың негізінде азаматтық ұлт және соған сай азаматтық қоғам құрудың мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан еш қайшылықсыз суреттеп береді [117]. Ұлтшылдықтың көптүрлілігін, этноұлтшылдықтың табиғатын, оның терең эмоционалдық-психологиялық тетіктеріне зер сала талдап, автор Кеңес Одағының ыдырау себептерін, ондағы ұлтшылдық идеясының рөлін, ал одан ары өз еліміздегі ұлт, ұлтаралық қатынас мәселелерінің шешілу жолдары мен болашағына көз жүгіртіп, бұл салада әлі де шешімін таппай жатқан сауалдардың көп екеніне тоқталады. Қазақстанда 1993 ж. қабылданған бірінші Конституциядан көп ұзамай-ақ 1995 ж. екіншісіне көшудің себептерін талдап, мұның аржағында ұлтаралақ қатынас мәселесінің, әсіресе, саны жағынан үлкен этностар қазақ пен орыс арасындағы қарым-қатынастың бұзылу үрдісі (мысалы, орыстардың үдере көшуінің) жатқанына сілтеп, бұл әрекетті ұлттық саясатта этноұлттық үлгіден азаматтық ұлт үлгісіне өту деп бағалайды да, жаңа Конституцияда «бірегей ұлтты титулды ұлт және басқа ұлттар деп бөлу жоқ» деп, бұл өзгерісті ұлттық саясаттағы ұлт-мемлекет тұғырнамасына деген түбірлі бетбұрыс деп санауға болмайтынын, бұл екі жетекші әрі бәсекелес ұлттар арасындағы саяси компромисс екендігі туралы ұйғарымға келеді [117,с. 126-128]. Бұл автор да азаматтық ұлт ұғымына басымдық танытып, болашақ соның жолында деген қорытынды жасайды.

Жоғарыда айтылған «саяси компромисстің» объективтік негізі қандай? Бұл сол тұстағы биліктің мәселені сырғытып, оның ушығып кетуі мүмкін деп сақтанып, тағы да сол «көнбіс» қазақ ұлтының есебінен уақытша шешім қабылдаудың, сөйтіп мәселені түбегейлі шешпей жалтарып кетудің кезекті бір түрі емес пе?- деген ой туады. Біздің ойымызша, ұлт ұғымының түпкілікті нұсқасы болып табылатын «этностық ұлт» ұғымын кемсітіп, «азаматтық ұлт» ұғымымен мүлдем ауыстыру, жалпы ұлт ұғымының жаны болып табылатын ішкі мәнін суырып алумен, оның тек сүлдесін (сыртқы қалпын ғана) қалдырумен барабар. Біздің ойымызша, мұндай қорытындыны мүлдем жоққа шығаруға

болмас, әрине, алайда, Б.Яктың осы екі ұғымның («этностық ұлт» және «азаматтық ұлт») бірін - бірі қажет етіп, әрдайым қайшылықты түрде ұштасып жататыны, олардың бұл күрделі қарым-қатынасы болашақта жаңа формаға еніп жалғаса беретіні туралы пікірінің негізі бар деп ойлаймыз.

Осы тұста ұлттық патриотизм туралы да сөз бастауға тура келеді. Нақтылы, яғни мазмұнды ұлттық патриотизм, данғазалыққа, құр мақтан мен айқай-шуға жетелемеуі тиіс, оның өлшемді, сыпайы, өз жөнімен орын алуы маңызды. Ұлттық патриотизмнің де өлшемі біз зерделеп отырған ұлттық бірегейліктің көлемінен аспағаны дұрыс. Заңды, орынды, толыққанды ұлттық бірегейліктен асып-тасып, кеудемсоқ патриотизм жалған ұлтшылдыққа, асыра сілтеуге апарып соғады. Ар-ұятқа, білімділік пен адамгершілікке негізделген, халықтың тарихы мен мәдени болмысын терең меңгергендік арқасындағы саналы түрдегі патриот болу әр азаматымыздың борышы деуге болады. Халқымыздың болмысы мен ой-өрісін, тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін, аңыз әңгімелері мен салт-дәстүрлерін, діні мен ділін (менталитетін) тереңдей зерттеу, жәй өзімшілдік, орынсыз ұсынылған, дәлелі жоқ жорамалдарға сүйеніп, ұлтымызды қайтсе де ұлының ұлысы ретінде көрсетуге тырысу шынайы ғылымға жатпайтын, орынсыз даңғазалықтың бір көрінісі болып табылады. Жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісінде мұндай теріс әрекеттерге, орынсыз мақтанға, дәлелсіз айтылған пікірлерге орын болмауы тиіс. Артық сілтеуге негізделген, дәлелі жетімсіз, тек жорамал түрінде ұсынылып, әлі пісіп жетілмеген ұйғарымдардың оқулықтарға, оқу-құралдарына енбегені абзал.

Тарихи уақыт, соған сай тарихи сана да өзгеріп, құбылып отыратыны мәлім. Бұл туралы тарихи сана мәселесін зер сала зерттеген философ Б.Сатершиновтың «Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры» деп аталатын еңбегіне сілтеме жасай отырып, қарастырғанымыз дұрыс. Ол да өз кезегінде М.М.Бахтин, А.Ф.Лосев сияқты орыс философтарына сілтеме жасап, тарихи сананың қалыптасу үдерісінің «этномәдени және этноәлеуметтік алғышарттарына» арнайы тоқталып, тарихи сананы этномәдениет дамуының үдерісімен салыстыра зерделейді. Тарихи сананың әркез тарихи анықталған шекараларының барын ескеріп, «оның бүкіл тұла бойы шекаралардан өсіп шығады», - деген М.М.Бахтиннің ойына сүйеніп: «Адамзат буындарының алмасуы – сәйкессіздіктердің, ие болу мен жоғалтулардың динамикалық тізбегі... Осы тізбекті, оның байланыстылығын сақтау – тарихи сананың арқалайтын жүгі» [69, б. 178] деп, тарихи сананың қалыптасуының ұрпақтар сабақтастығымен астасып жатқан, қайшылыққа толы үдеріс екенін айқара ашады да, «қазіргі заманның шуылының арасынан өткеннің жаңғырығы ғана емес, болашақтың үндеуі де естіліп жатады», - деп түйіндейді. Сөйтіп «өткен шақ – осы шақ», «осы шақ – болашақ», «өткен шақ - болашақ» тіркестеріне мән бере тарихи сананың қалыптасуының ішкі арнасына көз жүгіртіп, тарихи сананың субъектілері ретінде айрықша әлеуметтік- этностық қауымдастықтар түзілетінін көрсетеді де: «Бұл тұрғыдан алғанда тарихи сана этностық өзіндік санамен теңгеріледі», - деген қорытынды ойға келеді [69, б. 179].

Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан теория жүзінде зерделеп алған соң, бұл автор қазақ халқының тарихи санасының дамуының формаларын талдауға кіріседі. Ал бұл ұлттық бірегейлік пен ұрпақтар сабақтастығының Қазақ даласындағы нақтылы көріністерін бағамдауға жол ашады. Бұл автордың қазақ мәдениетінің, ұлттық идеяның, ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуының кезеңдерін сындарлы талдап, нақтылы нәтижелерге қол жеткізуі біздің келесі тараудағы ізденісіміздің басты бір арқауы болмақ.

Ал жоғарыда көрсетілген алғаш Қазақ хандығының, демек алғашқы тәуелсіз мемлекет құрып, егемен ел болуымыздың 550 жылдан жаңа асуына көңілі толмай, қалайша біз қазақтар, көрші қырғыздар мен өзбектерден кешігіп қалғанбыз, болуы мүмкін емес қой деп қынжылуына орай, бір жағынан, мұның әбден орынды екенін, екінші жағынан, бұған соншама мән беріп, қатты қынжылудың орны жоқ екенін былайша дәлелдеп көрмекпіз.

Еуроазиялық дүлей кеңістіктегі уақыт ырғағы мен үш мың жылдай созылып жатқан тарих толқынына көз тастап, ой жүгіртіп қарасақ, әрине, тұтас алғандағы тарихи-әлеуметтік этномәдени үдерістің бір мезгілінде көршілес орналасып, өзбек қырғыз, қазақ, татар, башқұрт т.с.с. дербес ел болып бөлініп кетуінің уақыт жағынан алғанда шамалас болуы тиіс деп есептеп, олардың арасындағы тым алшақтықтың (2500-2200-550) логикаға сыймастығын аңғару қиын емес, ал бірақ мұның осындай болуының басты себебі тарихшылардың еншісінде демекпіз, яғни субъективтік тұрғыдан кеткен әртүрлі есептеу мен қорытудың нәтижесі болуы ықтимал. Сонымен бірге профессор М.С.Орынбековтің еңбектеріне сүйене отырып, бұл мәселе жөнінде мынадай уәж айтуға болады. Өзінің «Алғықазақтардың арғы философиясы» [7, с. 1] деген кітабында автор «протоқазақ» ұғымын кіргізіп, қазақ тарихына деген тың көзқарастың пайда болуына мүмкіндік жасады. «Протоқазақ» дегеніміз әлі қазақ емес, алайда белгілі бір тарихи – әлеуметтік жағдайларда қазаққа айналатын, болашақта қазақ халқын құрайтын этностық құрылымдардың жиынтық атауы. Оны «алғы қазақ» деп айтуға да болар еді. Ал осы «алғықазақтың» қазаққа айналуы, қазақ ру-тайпаларының бас қосып біртұтас халыққа айналуының, ұлт болып ұйысуының бастауында Қазақ хандығы (Керей мен Жәнібек) тұр. Бұл-тарихи шындық. Мүмкін, дәл осындай тарихи, мәдени – әлеуметтік, этникалық үдерістер өзбек пен қырғыз тарихында да орын алған болар? Әлде олардың ұлттық санасы ерте оянып, ру-тайпалары бірігіп одақ құрып, ұлттық бірегейлікке ерте қол жеткізген болар? Бұл қайшылығы мол саяси-этникалық, тарихи-әлеуметтік, мәдени-психологиялық қырлары бар үдерістің географиялық детерминанттарының да болуы мүмкін. Ұлы даланы жайлаған қазақ ұлыстарының бір тудың астына бірігуі де қосымша уақыт пен күш-қайратты, белгілі бір тарихи жағдайдың тап келуін қажет етуі мүмкін. Не болса да, дәл осы арада бұл елдердің тарихшылары бас қосып, логикалық-әдіснамалық, тарихи-философиялық, саяси-әлеуметтік мәселелер шоғырын біріге талқылап, бір шешімге келуіне болар еді деп жорамалдаймыз.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі тарихымызда Шыңғыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек, Бұрындық пен Қасым хандардың билігі кезінде халқымыздың саны біртіндеп өсіп, жеріміз кеңейіп, мемлекеттік мәртебеміз биіктеп, барған сайын ұлттық бірегейлігіміз арта түседі, мемлекетті басқарудың тетіктері қалыптасып, тәртіп орнығып, ХҮІ ғ. басында алғашқы мемлекеттік заңдардың жиынтығы ретінде Қасым ханның «Қасқа жолы» қабылданады. Жан-жақтан анталаған (шығыстан -ойраттар, оңтүстіктен – өзбек хандықтары, солтүстіктен – Ноғай Ордасы, батыстан орыс князьдіктері) шапқыншылармен, жер үшін, елдік үшін жүргізілген жорықтар мен қақтығыстар, қазақ халқының ерік-жігерін қайрап, өміршендігін арттырып, ұлттық бірегейлігіне дем беріп, тәжірибесін жинақтауға жол ашқан еді. ХҮІ ғ. соңына қарай «Есім ханның Ескі жолы», ал ХҮІІ ғ. соңында Әз-Тәуке ханның билігі кезінде «Жеті жарғы»- деп аталатын мемлекетті басқаруға, елдікті сақтауға арналған заңдардың жаңа жүйелері қабылданады. Ел басқару, билік жүргізу өнері шыңдалып, хандармен қатар билердің де үстемдігі артып, халықтың хал-жағдайына, арман-мұраттарына, мүдделеріне құлақ асу тетігі күшейе түседі.

Қазақ елінің тарихында ұлттық бірегейлікке ауыр салмақ түсірген, тарихи сынақтан өткізген екі жүз жылдан астам уақыт (1525 – 1759 жж.) созылған қазақ-ойрат соғысы болатын. Бірде жеңіп, бірде ойсырата жеңіліп («Ақтабан шұбырынды» - 1723-1725 жж.), ең ақырында Абылайханның басқаруымен (1754 – 1755 жж.) түпкілікті жеңіске жетуіміз ұлттық бірегейлігімізді қайта жаңғыртқан еді. Демек, ұлттық бірегейлік өзгермей қатып қалатын, біркелкілігін сақтап тұратын тұрақты шама емес, ол саяси-әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық жағдаятарға сай өзгеріп, құбылып, бірде өсіп, бірде төмен түсіп құлазып тұрады. Оның бірде өсіп-өнуі мен енді бірде кеміп, кейін шегінуінің ішкі де, сыртқы да себептері болуы мүмкін. Айталық, халықтың тұрмысы жақсарып, көңіл-күйі көтеріліп, болашағына деген сенімі артқан кезде, ұлттық бірегейлік те өсіп-өне түсуі әбден мүмкін. Ал бұл, өз кезегінде ел басқарудың бағыт-бағдарына, ел ішіндегі тәртіпке, ел азаматтарының саналылығы мен іскерлігіне, елдің бірлігіне, ішкі-сыртқы саясаттың сындарлы болуына, қауіпсіздік тұғырының берік болуына және т.б. тәуелді. Бұған КСРО тарихынан екі мысал келтірейік. Дүниежүзілік екінші соғыс тұсында кеңес халықтарының бірлігі артып, ұлттық бірегейлігі өсіп, неміс басқыншыларымен жан аямай ерлікпен соғысып, жеңіске қол жеткізгені белгілі. Керісінше, XX ғ. 90-шы жылдарының басында еш соғыссыз-ақ Кеңестер Одағының ыдырауы, ұлттық бірегейліктің күрт төмендеуімен тығыз байланысты екені белгілі.

ХҮІІІ ғ. 30-жылдарының басында «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі ауыртпалығы зор зар-заман тұсында біртіндеп қазақ жеріне бұрыннан көз тігіп жүрген патша билігінің қазақ жерін кеңінен жайлап, қазақтарды ығыстыра қоныстанып, түгел дерлік өз тәртібін, өз заңдарын енгізіп, жергілікті халықты бодандыққа көндіріп, жүздеген қарсы көтерілістерге бой бермей, өз үстемдігін орнатқаны белгілі. Қазақ халқы бұратана халықтардың біріне айналып, ұлттық бірегейлікпен мәңгілік қоштасудың реті келгендей күй кешті. Кеңес өкіметі кезінде біздер хандарымыз бен билерімізді білмедік, оларды байлардың тұқымы,

бай-феодалдар өктемдігінің өкілдері деп сынап, түкке тұрғысыз етіп көрсетіп, ұрпақтар сабақтастығын біржола үзіп, ақыл-есімізден, тарихи санамыздан, жадымыздан айырып тастағаны қандай өкінішті. Біз төл тарихымыздан, тіліміз бен ділімізден айырылып, біржолата орыстанып кетуге аз-ақ қалған едік. Ұлттық бірегейліктен айырылып, құлдық сана қалыптасып, ұлтымыздың бетке ұстар азаматтарын көрмей-білмей, түсінбей өскендіктен меңіреу болып қалғанымыз да шындық. Содан барып ұлтты ұйыстыратын басты тетіктерден, құндылықтарымыздан айырылып қалдық.

Қазақты қызғыштай қорғап, қайтсе де тарих бетінде аман алып қалуға барлық күш-жігерін жұмсаған хандар, билер, батырлар мен бірге халықтың рухани өмірі мен салт-дәстүріне құлақ асып, рухани құндылықтарының қайнарын айғақтауға еңбек сіңірген ұлы ақын-жырауларымыздың сабақтаса дамыған поэзиясындағы далалық сарын, еркіндік идеясы, ұлы ағартушыларымыз Шоқан, Ыбырай, Абай мен Шәкәрімнің шығармашылығына ұласып, ұлттық бірегейліктің тұтас философиялық тұғырнамасын тудыруға жетеледі. Бұл арада біз сонымен бірге «Алаштың» алып қайраткерлерінің ізденімпаз, алмасқылыштай өткір саяси-әлеуметтік әрі гуманистік демократиялық тұрғыдағы ойлары мен іс-әрекеттерінің түп негізінде жатқан философиялық арқауына және М.Әуезовтің Кеңес заманының қатқыл социалистік реализмінің тар шеңберіне сыя бермейтін «Абай жолы» романының мән-мазмұнына да меңзеп отырмыз. Алдымен ақын-жыраулардың шығармашылығына тоқталсақ, олар тарихи уақыт желісін, халықтың сана-сезім өрісін жетік түсінген сөзге шешен, елге көсем бола білген даналар. «Қазақ даласының ойшылдары» тақырыбына зерттеу жүргізіп, монографиялар сериясын жариялаған авторлардың (М.Орынбеков, І.Ерғалиев, Қ.Әлжан, С.Е.Нұрмұратов, Қ.Ш.Нұрланова және т.б.) еңбектерінде [118] ақын-жыраулар халқымыздың философиялық дүниетанымының негізін қалап, адам мен дүниенің қарым-қатынасын, кеңістік пен уақыттың адами айшықтарын, замана ағымын, жақсы мен жаманның, ізгілік пен зұлымдықтың, махаббат пен өшпенділіктің қайшылықты қырларын көшпенділік өмірдің жай-жапсарымен қабыстыра, адам баласының арман-мұраттарымен байланыстыра ой елегінен өткізген нағыз ойшыл даналар екені дәлелді баяндалған. Қазақ эстетикасының ішкі мәніне терең бойлаған белгілі философ Қ.Ш.Нұрланова қазақ дүниетанымының, өмірлік философиясының түп-тамырында «іштесу» идеясының жатқанын дәлелді тұжырымдаған болатын [119].

Қазақ философиясының бастаулары орта ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармашылығында, демек дәстүрлі қазақ мәдениетінің түп нұсқасында жатыр деуге негіз бар. Философияны мәдениеттің дамуымен бірге қарастыру, оны мәдениеттің квинтэссенциясы деп топшылау қабылданған деуге болады. Олай болса, ең алдымен дәстүрлі қазақ мәдениетінің анықтамаларын еске алуға тиіспіз, өйткені төл мәдениетіміздің айшықты бастаулары сол тұста қаланған деп жорамалдауға негіз бар. «Дәстүрлі мәдениет деп ежелден қалыптасып, ғасырдан ғасырға жалғасып, өзгеріп отырғанымен, сол халықтың дүниетанымдық бастаулары мен басты құндылықтарының көзіне айналып, оның өмір сүруінің

салттары мен бағыттарын, тәсілдері мен жолдарын реттейтін негіздерін айтамыз», -деп жазады белгілі маман-философ І.Ерғалиев. Сондықтан да дәстүрлі мәдениеттің халықтың өмірінде алатын орны ерекше және мәні өте зор. «Оның ерекшелігін халықтың тіршілік салттары мен әдет-ғұрыптарынан байқайтын болсақ, мән-мағынасын адамға тәлім-тәрбие берудегі маңыздылығы мен рухани өмірде атқаратын жұмыстарынан шығаруға болады» [120]. Қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің ішкі бірлігін, олардың тілімізбен байланысын «кұт» ұғымының мысалын алып өрнектей келе, бұл автор дәстүрлі мәдениеттің адам мен қоғам өмірінде атқаратын рөлін көрсетіп, дәстүр мен инновацияның арақатынасын өзінше межелеп, дәстүр жаңа нәтижелерге, мақсаттарға жетелемесе де, дәстүрсіз де бәрібір жаңа істің тынбайтынына назар аударады. Салттар мен дәстүрлер халықтың ойы мен іс- әрекетін тұтастырып, жаңашыл бастамалар туындауының белгілі мағынасындағы алғышарты, мәдени-рухани құндылықтарды тасымалдаушы сатылар ретінде дүниеге көзқарасты тұтастырып, халықтық мән-мазмұн беріп тұрады. Әрине, өмірде рет-ретімен, өмірдің жаңа лебімен келетін, әйтпесе жаңаша ойлайтын ұрпақтардың жаңа легімен туындайтын жаңа идеялар, теориялар, көзқарастар, соларға сай жаңа бастамалар, іс-әрекеттер, техника мен технологиялар да қоғам өмірін алға бастырып, адам баласының ақыл-ойын жетілдіруге, философиялық ойының дамуына жетелейтіні анық.

Қазақтың байырғы философиясы осы дәстүрлі ортағасырлық мәдениеттің ішкі бауы, «квинтэссенциясы», жан дауасы. Бұл философияның шынайы иегері жаны таза, адамгершілігі мол, батыл да батыр, елін, халқын, жерін шексіз сүйетін, жау шапса найзасын іліп, атымен жайдақ шабатын көзсіз ер, намысқой, саналы да ойлы қазақ адамы. Қазақтың көзі қырағы, көңілі кең, құлағы түріңкі, ақыл-есі бүтін, ойы озық, тілі өткір, өміршен болғаны, философиялық ойға бейім болғаны мәлім. Бұған қазақтың дамыған мифологиясы, аңыз ертегілері, мақал-мәтелдері, астарлы сөз саптауы (шешендігі), салт-дәстүрлері, шежіресі, үйлесімді қарым-қатынастары, бай ауыз әдебиеті (фольклоры), поэзиясы, айтысы, дамыған қол өнері мен ән-билері, саз өнері, күмбірлеген күйлері, адамдардың сіз-бізі(іштесуі), сыйласымдық рәсімдері куә. Оның үстіне қазақтың кең даласы, құлпырған табиғаты, жұлдызды аспаны, дөңгеленген киіз үйі, үйір-үйір жылқысы, бал татыған қымызы мен шұбаты, құрты мен бауырсағы, жал-жаясы мен қазы-қартасы және еркіндікке негізделген келісті көшпенділік өмір салты бар. Қазақ философиясының басты мәні оның этикалық, адамгершіліктік табиғатында екені белгілі [121]. Осы қазақ философиясын, далалық көшпенділер философиясын алғаш жария еткен де, жырлап өткен де қазақ ақын-жыраулары (Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Махамбет және т.б.). Олардың жыр-дастандары, қазақы ой-толғамдары, өмірмәнді сарындарға толы: олар қазақ халқының көңіл-күйін, қуанышы мен қайғысын, арман-мұратын, сенімі мен үмітін, бары мен жоғын, өткені мен болашағын, бүкіл жан дүниесін, болмыс-бітімін түгел қамтып, елдікке, ерлікке, кісілік қасиеттерге үндейтін тәрбиелік мәні зор асыл мұра болып табылады [122].

Қазақ хандығының бастапқы үш жүз жылдық (ХҮІ-ХҮІІІ) болмысы кезінде қалыптасып үлгерген дәсүрлі мәдениеті, сол тұстағы ақын-жыраулардың шығармашылығында бейнеленген дәстүрлі қазақ дүниетанымы мен философиясы қазақ халқының тума болмысының айнасы болып табылады. Қазақ міне осындай дархан халық, оның шынайы болмысы тап осындай кең, ол тумасынан ер жүрек, еркін, батыр, аңғал, аңғарымпаз, адал, оның жүрегі махаббатқа толы (еліне, жеріне, отанына, сүйген жарына). Қазақ - күрескер халық, өміршең халық, бірлігі мен тірлігі жарасқан халық. Ол - кең даланың, Ұлы Даланың еркін өскен еркесі. Қазақтың алғашқы бітім бейнесі, міне, осындай оптимизмге толы. Қазақтың ұлттық бірегейлігінің түпкілікті түр-сипаты ақын-жыраулардың толғауларында осылайша жария болған. Қауіп қатерлер де жоқ емес, олардан сақтану қажет: «Сақтықта қорлық жоқ», - дейді қазақ даналығы. Әрине, бұл – идеал, тарихи негізі бар мұраттама. Біз бұл мұраттарымызды жоғалтпауға, қайта жаңғыртуға, кіршіксіз таза сақтауға тиіспіз. Ұлтымыздың бірегейлігінің таза арнасы осында қаланған. Ұрпақтар сабақтастығының үлгілі жалғастығы осында орныққан. Біздің рухани жаңғыруымыздың түп қазығы, тарихи бастауы, «коды» осында жатыр. Мұны шартты түрде «қазақылық» деп атаған жөн болар. Б.Сатершинов: «Ұлттық мәдениеттегі осындай қарама-қайшылықты ерекшеліктерді, қазақы өмір сүру тәртібін, оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан көрінетін дүниетанымдық және ментальдық ерекшеліктерді «қазақшылық» деген ұғымға сыйдыруға болады», - деп жазады [68,б. 191-199]. Бұл атаулар мән-мағынасы жағынан бір-біріне барабар деуге болар, алайда «шылық» деген шылаудың асыра сілтеуге тартатын, кертартпалыққа бастайтындай көріністерінен аулақ болған дұрыс сияқты. «Қазақылық» қазақ халқына іштей тән, еркін мінез-құлықты, өз қалауымен, өз ой-болмысы арқасында тәуелсіз ой мен бой түзеуді білдіреді. Осы қазақылықтың ең алғаш, ең басты көрінісі Қазақ хандығының құрылуына байланысты: жауапкершілікті өз мойындарына алып, «Біз-қазақпыз!» деп жар салған Керей мен Жәнібектің іс-әрекеті нағыз қазақылыққа жатады.

Жыраулар өнерінің айшықты бір үлгісі ретінде көбінесе Ш.Уәлиханов «дала философы» деп атап жоғары бағалаған Асан Қайғының шығармашылығы ұсынылады. Расында, оның мына жолдарында философиялық тұғыры мығым терең ойдың жатқаны анық:

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас –
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз –
Шер толқытса шығады [123].

Бұл өлең белгілі мағынасында, Абайдың өлеңдерін еске салады. Абайдың: Өлең -сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данаасы, - деп басталатын өлеңінде, оның өлең сөзге қоятын жоғары талабы айтылғаны белгілі:

Өлеңге әркімнің - ақ бар таласы,

Сонда да бар олардың таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы? [74,с. 72-73].

Абай осы өлеңнің ең соңғы шумағында «терең ой, терең ғылым» деп, өлең сөзге салмақ сала, сөз бен ойдың арасындағы терең байланысқа меңзейді. Ойсыз сөз-жалған, «өтірік пен өсекке» былғанған бос сөз. Қазіргі философияда тіл мен ойлаудың, сөз бен ойдың арақатынасы терең зерттеліп, тілдің (демек сөздің де) өз мәртебесі бар екені, оны тек адамдардың бір-бірімен тілдесуінің, қарым-қатынасының құралы ғана деп саяз түсінуге болмайтыны айтылып жүр. Абайдың да «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» дегені, сөздің алып күш екенін білдіреді. Ал, «өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы болса», онда мұндай сөзге не жетсін? Мұны терең философия демеске, философиялық тұжырым демеске хақымыз жоқ. Қазақта шешендік өнердің кереметтей дамығаны белгілі, бұған бай фольклорымыз куә. Қазақ халқы сөзді сыйлаған, сөзге тоқтаған, сөзді аса құрметтеп баптаған. Мұның тамаша айғағына жуыр арада жарық көрген 100-томдық «Бабалар сөзі» жинағы жатады. «Бабалар сөзіне» арналған халықаралық симпозиумды ашқанда сөйлеген сөзінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры Т.Балықпаев: «Бабалар сөзі-қазақ халқының тыныс-тіршілігін, шаруашылығын, терең дүниетанымын, ғасырларға жалғасқан мәдениетін, дұрыс деп тапқан өмір сүру қағидаттарын көрсететін бай мұра», онда «ғасырлар сынынан сүрінбей өткен рухани құндылықтар қазіргі мәдениетіміздің қайнар көзі болып келе жатқаны анық» деп, оның саналы ұрпақ тәрбиелеудің таптырмас құралы болатынына өз сенімін білдірген еді [124]. Осы симпозиумда сөйлеген сөзінде «Бабалар сөзі» сериясын басынан соңына дейін басқарған, академик С.Қасқабасов «қазақ фольклоры әлем мәдениетіндегі бірегей құбылыс» дей келе: «Бабаларымыз бар байлығын жүрекке жинап, бар талантын, бар зергерлігін алдымен тілге салған», -деп ағынан жарылады [124,с. 4].

Асан Қайғы мен Абай арасындағы сөз бен ой үндестігі рухани сабақтастықтың кереметтей үлгісі болып табылады. Жалпы алғанда 100-томдық «Бабалар сөзі» қазақ халқының арғы және бергі тарихын жалғастырып, болашаққа, болашақ ұрпақтарға да жол сілтеп тұрған даналықтың көзі екені анық. Осы «Бабалар сөзін» «Әлемде теңдесі жоқ мұра» деп бағалаған белгілі ғалым Д.Қамзабекұлы: Тәуелсіз Қазақстанға дейінгі тұлғалардың өз «ұрпағына қалдырған ең үлкен аманаты-елге жауапты болу немесе жауапкершілік» деп қорытады [124,с. 9]. Демек, бабаларымыздан бізге мұра болып жеткен бұл байлығымызды, тіл байлығын, сөз өнерін, жауапкершілік сезімін көздің қарашығындай сақтау абзал. Сонда ғана еліміз бүтін, ұлтымыз бірегей болып қала бермек, аға ұрпақтардың жастарға тапсырған аманаты бекем орындалмақ.

Ақын-жыраулардың ақыл ойы, ар-намысы, адамгершілік ұстанымдары мен сөз өнері ағартушылық идеяларымен байып, Абай шығармашылығында пісіп жетілген формасына еніп, түрлене дамып, нақтылы жалғасын тапқаны белгілі.

Ал Абайдың шығармашылығы, оның жастарды оқу-білімге, өркениет дамуының жетістіктеріне, адамгершілікке, бүкіл адамзаттың қол жеткен биіктеріне ұмтылуға шақыруы өз ретінде «Алаш» қайраткерлерін рухтандырып, олардың гуманистік демократиялық көзқарастарының дамуына, әлемдік өркениет жетістіктеріне ұмтылдыруға, жоғары этикалық ұстанымдарға бағдарлануына ықпал жасады. Осы идеялар жүйесі кейіннен атақты қазақ жазушыларының М.Әуезов бастаған легін, Қ.И.Сәтбаев бастаған қазақ ғалымдарының тобын, қазақы зиялы қауым ұрпақтарының өсіп-өнуіне әкеліп соққаны мәлім. Сөйтіп Қазақ хандығынан бастау алған еркіндік идеясы түптің түбінде қайтадан қазақтың тәуелсіз мемлекетінің салтанат құруына, егемен еліміздің бірегейлігінің онығуына ықпал етті. Алайда бұл үдерістердің өте күрделі тарихи жағдайларды баса-көктеп, азаттыққа, ұлттық бірегейлікке, қайтадан тәуелсіз мемлекет құруға деген үміттің бірде жанып, бірде сөніп, әртүрлі дағдарыстарды бастан кешіре отырып, көздеген мақсаттарымызға қиыншылықпен жеткеніміз белгілі. Мұнда «Алаш» қозғалысының бастап берген жолының, -ал бұл жолдың өз кезегінде Абай салған жолмен, ол меңзеген еркін ойлау, еркін өмір сүру әділетті қоғам идеяларымен астасып жатқаны анық, -солардың екпінді іс-әрекеттерінің қазақ халқын рухтандырып, егемендік идеясымен қаруландырып, түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге басты себеп болғаны сөзсіз [125].

Ұлттық бірегейлікке қол жеткізу, оны сақтау және одан ары нығайту ұлттық қауіпсіздік мәселесіне келіп тіреледі. Қауіп-қатердің түрлі-түрлі себептері болатыны анық, ал оларды шартты түрде ішкі (эндогенді) және сыртқы (экзогенді) деп екіге бөлуге болады. Қазақ хандары осындай себептерді реттеудің жолдарын алдын-ала болжап, тиісті заңдар жүйесін құрып, олардың дұрыс қолданылуын қатаң бақылап отырған. Мысалы, халқымызда қыз және ұл тәрбиесіне баса көңіл бөлінген және оны өмірлік тәжірибеде атқара білген. Бұл тәжірибелер мыңдаған жылдарға созылған ережелер ретінде қалыптасқан. Бұндай өмірлік тәжірибені және ережені бұзған адамдар ешқашанда кешірілмейтін жазаға бұйырылған. Сондықтан қазақ халқының өміршендігі және ұрпақтарының сабақтастығы үнемі сақталып отырған деуге болады. Сыртқы себептерге, сыртқы күй-қатерлерге ең алдымен табиғат құбылыстарына байланысты факторларды (қуаңшылықтарды, қатты жер сілкіністерін, су тасқындарын және т.б.) жатқызуға тиіспіз. Мұндай табиғи апаттардан сақтану қоғам тарапынан, тұрғындар тарапынан да белгілі сақтық шараларын дер кезінде және оңтайлы қолдана білуді қажет ететіні белгілі және де бұлардың ұлттық бірегейлікке нұқсан келтіруі мүмкін болғанымен (әсіресе, тым шектен шыққан күшті табиғи апаттар), оны мүлдем құртып жібере алмайды деуге негіз бар, өйткені ұлттық бірегейлік ең алдымен қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-әлеуметтік құбылыс. Мысалы, 1932-1933 жылдардағы ашаршылықты алайық. Оның нәтижесінде қазақтардың жартысына жуығы қырылып, біразы қыр асып, яғни жан-жаққа бытырап кеткені белгілі. Өз елінде, өз жерінде қазақтар азшылыққа айналып, геноцидтік саясаттың қысымынан мүлдем жоқ болып кетудің алдында қалғаны аян. Ал бұл ашаршылықты таза табиғи құбылыс деп айтуға, әрине, болмайды., оның ішкі саяси-әлеуметтік себептерінің де

болғаны анық. Сыртқы себептердің тағы бір үлкен көрінісі шапқыншылыққа, соғыстарға тиесілі. Жоғарыда екі жүз жылға созылған жоңғар шапқыншылығы туралы айтылған болатын. Қазақ халқы жаугершілік заманда да жан-жақтан төнген қауіп-қатерге төтеп беріп, өміршеңдік танытып, өз мемлекеттік бірегейлігін сақтай білген, сөйтіп халықтың саны да біртіндеп өсіп отырған. Белгілі демограф М.Тәтімовтың деректері бойынша, қазақтардың саны 1926 жылғы санақ бойынша 4 млн. жуық болса, 1939 жылғы санақта-3,1 млн., 1959 жылы-3,622 млн. болған. Ашаршылықтың салдарына 1941-1945 ж.ж. екінші дүниежүзілік соғыстағы шығындар қосылып, халықтың өсуін қатты тежегені осыдан анық көрінеді [126]. Әрине, ашаршылықты да, тіпті әртүрлі соғыстарды да таза сыртқы себептерге жатқызуға болмайды, мұнда да ішкі мен сыртқы орын алмастырып, бір-біріне септігін тигізіп отыратыны белгілі. Мұндай апаттардан ұрпақтар сабақтастығы әлсіреп, үзілер-үзілмес қалыпқа түсіп, ұлттық бірегейлік көрсеткіштері де төмендей беретіні хақ.

Бұл арада Ресейге бодан болғаннан 1991 ж. тәуелсіздікке қайтадан қол жеткізгенге дейінгі 300 жылға таяу тарихымызда қазақ халқының, әсіресе ХІХ ғ. ортасынан, яғни патшалық отаршылық саясаттың күшейіп, елімізге тереңдеп кіруінен, одан кейінгі Кеңестер Одағы кезінде жүргізілген ұлттық саясаттың салқынынан, өз жерінде қысымдық көріп, бағынышты күй-кешіп, ұлттық бірегейлігіміздің көмескіленіп, осы саясаттың салдарынан халқымыздың сандық өсуі де тежеліп, сапалық өсуіне зор кедергілер қойылғаны тағы бар. Осыған мысал ретінде «Алаш» қайраткерлерінің өмір тәжірибесін келтіруге болады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және олармен рухани-саяси біріккен зиялы топ өкілдері «Алаш» партиясын құрып, ХХ ғ. бас кезінде бүкіл Ресейді дүр сілкіндірген саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, рухани дағдарысқа орай құрылған саяси қозғалыстар мен партиялардың өзара күресіне араласып, өзіндік сипатымен, берік саяси ұстанымымен өз орнын сол кездегі саяси өмірде таба білген бұл қазақ зиялыларының қызметі түптің-түбінде Қазақ автономиясын құруға алып келгені белгілі. Қазақ автономиялық республикасы кейін Қазақ кеңестік социалистік республикасына айналып, КСРО құрамына еніп, КСРО ыдырағаннан кейін тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылды. Сөйтіп қазақ халқының мемлекеттік деңгейдегі бірегейлігі қайтадан қалпына келгені тарихи фактіге айналды. Демек, қазақ халқының аты өшпей, дербес мемлекетке айналуымыздың түпкі негізінде «Алаш» қайраткерлерінің еңбегі зор. «Алаш» қайраткерлерінің өмірі мен саяси-әлеуметтік қызметі, олардың шығармашылығы, ой-өрісі, халқына-еліне деген сүйіспеншілігі, адамгершілік қасиеттері қазақы ұлттық патриотизмнің, орнықты ұлтшылдықтың қайталанбас үлгісі бола алады. Қазақтың соңғы ханы Кенесары басын бәйгеге тігіп, өле-өлгенше елім деп, жерім деп, Отаным деп орыс басқыншыларымен қасық қаны қалғанша жанталаса соғысса, дәл солай «Алаш» алыптары да қазақ халқының бірегейлігі, жарқын болашағы үшін бар ақыл ойын, күш-жігерін салып күрескені бүкіл қазақ жастарына мәңгілік мұра болып қала бермек. Бұның дәлелін келтіріп жатудың өзі артық, өйткені олардың қай-қайсысының да шығармаларында осы қазақ дабылы, қазақтың асқақ та өршіл жан дауасы, қазақ зиялылығының терең

арнасы, қазақ даласының кең сахарасы, қазақ халқының арман-мұраты мен қайғы-қасіреті мен-мұңдалап тұрғаны анық. Мысалға, М.Дулатовтың шығармалар жинағын алып қарасаң, бастан-аяқ қазақтың мұң-мұқтажы, көңіл-күйі, өткені мен қазіргісі, қазіргісі мен болашағы жайлы толғана жазып, қайтсе қазақты бодандықтан арылтып, азат ел болу үшін күреске, оқу-білімге, өркениеттілікке үндеу, қазақ халқының сана-сезімін оятып, ынталандырып, жастарды да осы жолға шақыра ұран тастап, белсенді іс-әрекетке, бірегей ел болуға шақырады [127].

Кеңес өкіметі, коммунистік партияның саясаты «Алаш» қайраткерлерін қатты қудалады, түрмеге жапты, атты, Сібірге айдады. Оның ең көрнекті өкілдеріне, олардың ізбасарларына күн көрсетпей, соңына түсті. Осылай қазақтың ойшыл, өршіл, ақылгөй азаматтарының біртіндеп көзін жойды деуге толық негіз бар. Атақты жазушымыз М.Әуезов те, академик Қ.Сәтбаев та осындай қудалауға түсіп, бұл қақпаннан әзер құтылғаны рас. Осындай әрекеттердің арқасында халқымыздың бетке ұстар азаматтарын қудалап, саяси қуғынға ұшырату, қысқаша айтқанда ұлттымызды бассыз қалдыру, ұрпақтар сабақтастығын, ақыл-ой, іс-әрекет жалғастығын үзудің орын алғаны, халқымыздың көнбіс болып қалғаны рас. Ішкі эндогенді қауіп қатерлерге келетін болсақ, қазақтың ру-руға, тайпа - тайпаға, жер-жерге бөлініп, ішкі бірлігінің сақталмауы, еліміздің іштен ыдырауы-ең басты ішкі қауіп, біздіңше, осында жатыр. Халқымыздың бір де бірегей болуы ұлттық, мемлекеттік бірегейліктің басты шарты екені анық. Мұндай эндогенді факторлардың белгілі бір қоғамдық, әлеуметтік-психологиялық негіздерден туындауы мүмкін. Мысалы, «көре алмаушылық» ғасырлар бойы жалғасқан жағымсыз мінез құлық. Осы мәселе психологиялық, саяси, философиялық тұрғыдан зерттелмеген және оны жоюдың тетіктері ұсынылмаған ахуал. Қазақ халқында «Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды» деген мәтелдің астарында күндестік психологиясының негіздері жатқан тәрізді. Бұл эндогенді қатер ұлттық ұйысудың үрдістеріне үнемі қайшы келеді. Мысалы, Көне дәуірдегі ғұндардың, Алтын Орда хандарының бақталастығынан бастап, 19 ғасырдағы Кенесарының бауырлас қырғыз халқының өкілдерімен теке-тіресін тарихи айғақ ретінде еске алуымызға болады. Бұл үдерістің қазіргі кезеңге дейін жалғасып келе жатқандығы өмірдің объективті ақиқаты десек те болады.

Ақын-жырауларымыз халық өмірінің тынысына құлақ асып, кеңістік пен уақыт ырғағына сай қоғамдағы, адамдар арасындағы қарым-қатынастардағы өзгерістерді жіті бақылап, заман ағымындағы әрбір жаңа бұрылыстарды, жаңа құбылыстарды қалт жібермей, қазақтың дүниені танып-білуіндегі, көңіл-күйіндегі түйткілдерге мән бере, замана философиясын жасақтады деуге болады. Осындай тұтас философиялық үдерістің бір тарауын «зар заман» ақындарының шығармашылығы құрайды. Көшпенді қоғамның қасіретті ақырын байыптаған және жат идеологияның қатерін сезінген олар (Шортанбай, Дулат, Мұрат және т.б.), қоғамнан түңіліп, сол заманның кемшіліктерін айқара ашып береді.

Мысалы, Дулат Бабатайұлы (1802-1871 жж.) заман туралы өз ойын былайша сабақтайды:

«Қилы-қилы заман-ды,
Заманға сай адам-ды
Салғастырып қарасам
Су мүйіз болған танадай
Шыр көбелек айналам.
Кешегі бір заманда,
Қайран қазақ қайтейін,
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көксер бас аман,
Бәйбіше – тантық, бай – сараң,
Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары – жалқау, кер табан,
Құсы – күйшіл, ат –шабан,
Жырғалаң жоқ, жобалаң.
Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?»,-деп налиды [128].

Осы замана тақырыбының бастауында да Асан Қайғы тұрғаны мәлім:

«Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,

Балалардың дәурені тамам болар»,- деп мұнаяды ол, сөйтіп осылай елін-жұртын бос жүрмей, болашақты ойлап, шымыр іс тындыруға, белсенді де іскер болуға, заманға бой алдырмай, оған төтеп беріп, оның бетін дұрыс бағытқа бұратындай болып, әр адамның адамгершілік қағидаларын берік ұстанып кемелдене түсуіне шақырады. «Адам дамуы қандай жағдайда болмасын басқа біреудің есесінен жүзеге аспауы керек, тек қана адамгершілік қасиеттерге, игілік, ізгілік принциптеріне сүйене отырып, шындыққа айналуы тиіс» [129] деп, Асан Қайғының этикалық ойларын белгілі қазақ философы Қ.Ұ.Әлжан өзінше пайымдайды. Бұл «азғын»заманның қауіп қатерлеріне, бұлттарыстарына төтеп беру үшін, халықтың бірлігін нығайту, шашырап, бытырап кетпей, «бірлік бар жерде, тірлік бар» дегенге меңзеп, бірлікте болуға шақырғаны, дана жырау Асан Қайғының тарихтың сол тұстағы белесінде-ақ ел болудың, тәуелсіз өмір сүрудің басты шарты халқымыздың біртұтас болып бірігіп, бас қосып, ынталы іс-әрекет жасауында екенін айқын түсіне білгендігін көрсетеді. Бұл тарауда ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытудың басты қырлары ұрпақтар сабақтастығы принципі негізінде сарапталып, оның тарихи-әлеуметтік формалары қарастырылып, діни дүниетанымның қазақ халқының рухани өміріне, ұлттық санасына әсері байыпталып, басты құндылығымыз тәуелсіздігімізді баянды ету тетіктерінің жүйесі ұсынылды.

3 ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ САҚТАЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРЫ

3.1 Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік аясында ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудың түйткілді мәселелері

Кез-келген халық немесе ұлыстар болсын көне замандардан бері бүгінгі күнге дейін өздерінің ұлттық қауіпсіздігін сақтауды басты бағдар ретінде ұстанып келеді. Ұлттық қауіпсіздік сол халықтың немесе мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі. Қазіргі заманғы өркениетті мемлекеттер ғана емес артта қалған қауымдастықтар мен тайпалар бірлестігі де өздірінің ұлттық рухани қауіпсіздіктерін сақтауды жалпы көнеден қалған және сабақтасқан өмір сүру салттарымен, салт-дәстүрлерімен байланыстырады. Мәселен, Африкадағы алғашқы қауымдық құрылыста өмір сүріп отырған тайпалар да бүгінгі күнгі өркениеттік даму ережелерін мойындамайды немесе оны қабылдамайды. Тіпті болмаса, ондай өркениеттік тұрмыс қалпынан бейхабар болуы да ықтимал. Олар осыған қарамастан, өздерінің салттарын сақтап қалуға ұмтылып, діни немесе мифологиялық танымдық үлгілерін жоймай, жалғастырып келе жатыр.

Біздің еуроцентристік немесе қазіргі техногендік даму призмасынан қарасақ, олар артта қалған және жабайы халықтар сияқты болып көрінеді. Егер де тереңірек философиялық тұрғыдан байыптасақ, олардың өмір жолы «Өзіне қанағаттану мен өмір салтына деген ризашылық» мотивтерімен байланысады. Бұл халықтар табиғат аясындағы экстенсивті ғұмыр кешуді қалайды, өздерінің елді мекендері бойынша экологиялық қауіпсіздікті сақтайды.

Олар өздерінің ұлттық қауіпсіздігін арнайы саяси билік пен мекемелер арқылы сақтамаса да, халқының жасамапаздығының осындай үлгісін таңдап алған. Бұндай халықтар табиғи эволюция негізіндегі бірегейліктің, оның ішінде мәдени-экономикалық жағынан дамудың экстенсивтілігін мыңдаған жылдар бойы сақтап келеді.

Жер бетінде қаншама халықтар мен ұлттар болса, олардың дүниеге көзқарастары да әрқилы болып келеді. Осы тұста айта кететін бір жайт, ислам халықтарындағы дәстүр мен дін сабақтастығының сақталуына айрықша көңіл бөлуі. Себебі ислам дініндегі жазбалар константты болып құрылған, сондықтан бұл діни сенім бойынша рухани-мәдени, танымдық дәстүр сабақтастығы мызғымастан жалғасуы тиіс. Ал кейбір халықтар үшін ислам дініндегі кейбір салттар артта қалғандық болып саналады. Мәселен, әйел теңдігі мәселесіне қатысты пікірлер әрқилы, ал еуроцентристік көзқарастар бойынша мұсылмандық елдердің көпшілігінде әйел дискриминациясы бар.

Ұлттық қауіпсіздік кейінгі кезде ғана арнайы ұғым түрінде қалыптасқанымен, ол адамзат тарихының қалыптасуынан бастап қолға алынған маңызды шаралар мен істердің бірінен саналады. Қазіргі таңда ұлттық қауіпсіздік өркениетті және дамушы елдерде ресмиленген саяси ұстаным ретінде құрылған арнайы бағдарлардың бірі.

Ендеше «Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз не?» деген сауалға тоқталып өтейік. Оған әр түрлі түсініктемелер мен анықтамалар берілген. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы оған мынадай анықтама береді: «*Ұлттық қауіпсіздік – қандай да бір мемлекеттің ұлттық мүдделерінің шынайы және ықтимал қатерлерден қорғалу деңгейі... Ұлттық Қауіпсіздікте қауіпсіздіктің үш деңгейі (жеке тұлға, қоғам және мемлекет) бөлініп шығады*» [111,б. 30].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Қауіп. – 1. Қорқыныш, үрей, сақтық. 2. Мәліметтерді абайсызда немесе әдейі бұзу, жария қылу және рұқсатсыз өзгерту, ақпаратты ұрлау және тағы осы сияқты әрекеттерден төніп тұрған қауіп». «Қауіп-қатер. 1. Адам өміріне зиянын, залалын тигізетін жағдай, нәрсе, оқиға. 2. Рұқсат етілмеген қатынас құру кзінде қандай да бір тәсілмен ақпаратты өңдеуге тыйым салатын немесе ақпараттың бүлінуінен сақтайтын қызмет құралдарының істен шығуы» [130]. Құқық саласы бойынша жазылған сөздік-анықтамалықта: «Қауіпсіздік - (англ. Safety, Security; нем. Sicherheit, Gefahrlosigkeit) тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалу жағдайы. Қауіпсіздіктің негізгі нысандары: тұлға – оның құқығы мен бостандықтары; қоғам – оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет –оның конституциялық құрылысы, егемендігі мен аумақтық тұтастығы» [131] екендігі туралы айтылады.

Бұндай анықтамаларды көптеп келтіре беруге болады. Дегенмен, біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша, «ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық бірегейлік арасында қандай байланыс бар?» деген логикалық сауалдар туындайды және оны толығырақ ашып көрсетуіміз де қажет-ақ.

Жоғарыда бірінші тарауда ұлттық бірегейлік туралы концептуалды талдаулар жүргіздік. Осыған орай, ұлттық бірегейлік пен ұлттық қауіпсіздік негізінен алғанда бір-бірімен іштей байланысты болып келеді. Олардың ара байланысын біз былайша түйіндеп өтеміз.

1. Ұлттық бірегейлікті сақтау өздігінен іске асатын үдеріс емес, ол әр түрлі сыртқы жән ішкі қатерлерден сақтану шаралары арқылы тұрақты болады. Бірегейлену үдерісіне кереғар эндогенді және экзогенді факторлар болуы мүмкін. Бірақ олардың белгілі циклын немесе ықпал ету күшін анықтау қиын. Мәселен, соғыс жағдайында немесе басқа да идеологиялардың аясында мұндай факторлар кездейсоқ болуы ықтимал. Сондықтан да ол алдымен қауіпсіздікті ресми немесе бейресми түрде, мемлекеттік немесе қоғамдық пікірлер негізінде қорғаумен келіп ұштасады.

2. Ұлттық қауіпсіздік тактикасы мен стратегиясы қашанда белгілі бір мемлекеттің сақталуын және қатерлерден қорғануын қалайтын іс-тәжірибелік және идеологиялық маңызды қызмет. Ұлттық бірегейлік пен ұрпақтар сабақтасуы ұлттық қауіпсіздікті сақтамаса, өз мәнінде жүзеге аспауы да ықтимал. Бұл жөнінде американдық ғалымдар Холли Баркус мен Синтия Вернер: «Орталық Азия елдерінің бірі саналатын Қазақстан бірегейлігін анықтау өте қиынға соғады, себебі бұл тәрізді елдерде географиялық мекенге байланысты көршілес елдерден ерекшелейтін бір ортақ мәдени, тілдік немесе діни бірегейлігін ажырату күрделі» [132], -деп пайымдаған болатын.

3. Ұлттық қауіпсіздікті сақтау мен ұлттық бірегейлікті одан әрі нығайта түсу өзіндік мақсаттар мен стратегиялар арқылы жүзеге асады. Мысалы, ұлттық қауіпсіздікті сақтау бағдарламаларында отансүйгіштік сезімді нығайту мен жастарды оған тәрбиелеу сияқты парыздар бекітілген. Шындап келгенде, ұлттық бірегейлік пен қауіпсіздіктің өзара орайлас ұғымдар екендігіне көз жеткізе аламыз.

4. Қауіпсіздікті сақтау мүлде қоғамдық санада үрей тудыру емес, ол перспективті игілікті ұстаным. Ал ұлттық бірегейлік толықтай сақталған жағдайда, қауіпсіздіктің өздігінен де жүзеге асуына мүмкіндіктер ашылады. Бұл ұлттық діл тұрғысынан алғанда, рухы биік халық өзінің бірегейлігін сақтай алады деген канон болып шығады. Сол кезде қатерлерге төтеп берудің психологиялық тетіктері үздіксіз қызмет атқарып тұрады. Белгілі бір халықтың басына сырттан қатер төнген уақытта оның өзіндік қорғаныш тетіктері ояна түседі.

Жер бетінен жойылып немесе ассимиляцияланып кеткен халықтар мен ұлттарға тарихи деректер куә бола алады. Бізге беймәлім және шындығы ашылмаған бірнеше тарихи оқиғалардың бар екендігі жасырын емес. Жаулап алу, отарлау, идеологияландыру салдарынан ондай халықтар басқаша атауларға ие болғандығы да шындыққа жатады.

Осы тұста біз швейцариялық психиатр Э.Кюблер-Росстың жеке адамның өлім алдындағы психологиялық бастан кешу үрдістеріне шолу жасай отырып, оны қоғамдық-саяси және жалпыұлттық деңгеймен салыстырып қарауымызға болады. Оның танатологиялық түсінігі бойынша, адам өлім алдында мынадай бес сатыларды бастан өткізеді екен: алдымен теріске шығару, одан соң ашу шақыру мен саудаға салу, депрессияға ұшырау және ақыр соңында қабылдау [133].

Кез-келген отарланған немесе өзге елдердің әсерімен жаулап алынған халықтар осындай күйлерді де бастан өткізеді деуге болады. Қазақ халқы да Ресей құрамында үш жүз жылға жуық отар болған жағдайда, көптеген көтерілістер ұйымдастырды. Мәселен, қазіргі оралмандар, яғни шет елдерге қоныс аударғандар, тайталасудың өзіндік барынша оңтайлы жолын таңдады. Олар ұлт тағдыры мен оның бірегейлігін сақтаудың бірден-бір жолы қоныс аудару деп ұғынды және оралмандар арасында өзіндік ұлттық бірегейлігін салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, өмір сүру салты арқылы сақтағандар таза абсолютті болмаса да, орнықты деңгейде деп айта аламыз. Олар өз кезегінде, ұрпақтардың сабақтасығын ұлттың руханияттық болмысын сақтау арқылы қорғап қалуға болатындығына айрықша мән берген еді.

Егер де ұлттық бірегейлік ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғаса түсетіндігін терең түйсінсек, бұл тұста ақпараттық қауіпсіздік мәселесі туындайды. Мәліметтерге жүгінсек, әскери қауіпсіздік, достастық мемлекеттер қауіпсіздігі, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі, ақпараттық қауіпсіздік, халықаралық қауіпсіздік, саяси қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік, ядролық қару қауіпсіздігі [134]. сияқты түсініктерге ақпараттық қауіпсіздікті де енгізген. Ал Қазақстан ұлттық энциклопедиясында

бұған «трансұлттық компьютерлік қылмыс, киберлаңкестік, мемлекеттің техникалық және технологиялық тәуелсіздігінің артуы, ақпараттық технологиялардың жоқтығы, отандық БАҚ-ның ішкі нарықтан ығыстырылуы, мемлекеттік органдардың ақпараттық құралдарымен тиісті дәрежеде қамтылмауы, мемлекеттік ақпараттық саланың толығымен бақыланбауы, отандық және шетелдік БАҚ-ның теңсіздігі, т.б. жататындығы көрсетілген [111, б. 30]. Біз бұл тұста ақпараттар арқылы таралатын «идеологиялық қауіпсіздік» ұғымын ұсынамыз. Өйткені ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторларының бірі – идеологиялық қатерлер болып саналатындығын дәйектей аламыз және қойылып отырған мәселеміз бойынша осы тақырыпқа толығырақ тоқталып өтетін боламыз.

Ол үшін, алдымен, ақпараттық кеңістік аясындағы идеологияларға тоқталамыз. Қазіргі жаһандану жағдайында әлемдік ақпараттық кеңістік негізінен алғанда ашық. Ол қазіргі таңда тұтас голограмма іспеттес. Қазіргі Қазақстандық қана емес, жалпы дүниежүзілік ақпараттық кеңістіктегі идеологиялар ағымы өзінің ықпалын арттыруға тырысады.

С.Хантингтон «Өркениеттердің қақтығысы» атты еңбегінде қақтығыстардың шығу тегі мен өрісін зерделей келе, оның қиюласқан идеологиялар, жаһандық саясаттағы мәдени шекаралар арқылы өрби түсетіндігін атап өтеді [135]. Бір қарағанда, Қазақстан мемлекетінің өзіндік саяси идеологемасы мен ұлттық идеясы өз мәнінде алаңсыз және сыртқы ықпалдарсыз жүріп отырған сыңайлы. Дегенмен, біздің ойымызша, сондай-ақ қазіргі қоғамдық пікірлер мен ғалымдардың пікірлеріне сүйеніп өз ойларымызды түйіндесек, отанымыздың идеологиялық кеңістігінде де әр түрлі сырттан таңылатын идеологиялардың өзіндік ықпалы мен екпіндерін байқай аламыз. Әрине, олардың тек жағымсыз қырларын ғана көруге тиіс емеспіз, жағымды, оңтайлы, тиімді тұстары да жоқ емес. Дегенмен, ұлттық қауіпсіздік аясындағы ұлттық бірегейлікті сақтау нақ осы идеологияларға байланысты және оның біздің ұлттық мүдде мен мемлекеттік саясатымызға сай келмейтін тұстарына қатысты болып шығады.

Ал ақпараттық тұрғыдан ықпал ету де әр түрлі масштабта көрініс тауып отыр. Мәселен, ақпараттар арқылы әлемде арандату саясаты жүргізіліп отырғандығын көптеген саясаттанушылар мен саясаткерлер ерекше атап өтеді. «Американдық мәдениет» деп аталып жүрген «мультикультурализм жай ғана көп мәдениеттілік үлгісі емес, өзінің құндылықтарын әлемге идеологияландырумен келіп ұштасып отырады. Ол құндылықтар адамзаттық игіліктермен кей сәттерде үйлеспей жатады», - деген пікірлер де осының айғағы [136]. Осы жолдардың авторы Ә.Е.Әбуов өз ойын былайша жалғастырады: «Шындығында, олар жаһандануды империализмнің жаңа формасы немесе электроника ғасырындағы капитализмнің жаңа кезеңі деп есептейді. Өзгелері жаһанданудан отаршылдықтың жаңа формасын ғана көреді, жаңа отарлаушы елдің (метрополияның) рөлін АҚШ, ал оның отарларының рөлін – ол жерге бұрынғыша тек қана шикізат емес, жабдықтарды да, жұмыс күшін де, капитал мен өндірістік үдеріске қажетті компоненттерді де жеткізуші, - осымен бір

мезгілде жаһандық рыногының бір бөлігі болып табылатын қалған елдердің көпшілігі ойнайды» [136,б. 104]. Осы сияқты ұстанымдар әлі күнге дейін сақталып отыр. Мысалы, спорт және дене тәрбиесінің философиялық мәселелерін зерттеп жүрген И.Ахметов бұндай құбылысты қауіпсіздік аясындағы қатерлер деп есептейді: «Анашалық заттарға қатынас – америкаландыру мен батыстандыру саясатындағы ұрпақтың биопсиходеградациясына алып келетін социотрагизм» [137], - деп есептейді.

Осындай жағымсыз мәнде қарастырсақ, идеологиялар күресіндегі АҚШ-тың ықпал етуші ретіндегі өзіндік бір көрінісі деуге болатын «Америкафобия» деген атауды, бейтарап мағынада түйсінсек, ал жағымды жақтарына тоқталар болсақ, олардың өмір сүру салттарын игеру арқылы жағымды дәстүрлерін, бай экономикалық тәжірибесін меңгеру болып табылады.

Жағымды қырлары сыни тұрғыдан талқыланбайды, ал жағымсыз қырлары американдық идеологияның ұлттық бірегейліктің бұзылуына алып келетін қатерлердің біріне жататындығында. Әрине, американдықтардың өмір сүру салтындағы дағдылар басқаша екендігі белгілі. Өйткені «американдықтар» деген мақтанш сезім болғанымен, олардың этностық құрамы әр түрлі: француздар, ағылшындар, португалдар, испандар, жергілікті ұлт үндістер мен кезінде Африкадан тасымалданған құлдардан (негрлерден) және т.б. құралады. Сондықтан да олардың ұғымындағы ұлттық бірегейлік басқаша мағынаны білдіреді. Ол елдің халқы өздігінен-ақ, ерікті-еріксіз түрде мультимәдени кеңістікте өмір сүреді.

Американдықтардың өмір салты ол мемлекеттің демократиялық құқықтық ұстанымына қарағанда, бейтараптық ұстаным тұрғысынан алғанда аса жағымсыз емес сияқты болып көрінеді. Дегенмен, жоғарыда айтқандай, ол ұлттық мемлекет емес. Сондықтан да, Қазақстанда ұлттық бірегейлікті сақтау үшін ол еліктейтіндей мінсіз үлгі бола алмайтындығы анық. Дегенмен, кейбір Қазақстанда тұратын саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік кеңістікте өз орны, өз мәртебесі бар мамандар (мысалы, белгілі ғалым-экономист, қоғамдық қызметкер П.Своик және де ол, әрине, жалғыз емес, өйткені оның пікірін қолдайтын, оның айтқанына құлақ асатын дос-жарандары, шәкірттері, әріптестері және т.б. бар екені анық) сол американдық үлгіні негізге алып, ұлттық бірегейлікті сақтайтын дұрыс жол санайды да, «азаматтық ұлт» ұғымына сүйенеді [138].

Америка тәжірибесіне расында бұл ұғымның сай келетінін, онда толып жатқан ұлттар мен ұлыстардың белгілі бір синтезделген бірегейлігі тарихи орныққанын және мұның қалайша бекіп кеткенін С.Хантингтон тамаша көрсеткен болатын [31,с. 635]. Қазақстандық жағдайдың мүлдем басқаша екенін, мұнда да көп ұлттар өкілдері болғанымен, ел мен жердің түпкілікті иегері қазақ халқы, мемлекет құраушы қазақ ұлты бар екенін, сондықтан мұнда тәуелсіз Қазақ ұлттық мемлекетінің (Қазақстан Республикасы) қайта түлегенін ескерсек, қазақтың ұлттық бірегейлігінің аясында қоғамдасқан жүзден аса ұлттар мен ұлыстардан тұратын Қазақстан халқы бар екені мызғымас айғақ болып табылады. Әрине, бұл мемлекеттің де әлі де шешілмей жатқан мәселелері көп

екені белгілі, соның ішінде ерекше бір айта кететіні – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің, конституциялық заңның бар екеніне қарамастан, нық орныға алмауына байланыстысы. Бұл мәселе туралы көп айтылып та, жазылып та жатады. Мысалы, белгілі философ, профессор М.Сәбиттің тіл туралы, соның ішінде арнайы қазақ тілі жайында жазып жүрген мақалаларында [139], «Ана тілі», «Жас Алаш» газеттеріндегі өткір жарияланымдарда бұл мәселенің әртүрлі қырлары ашылып, себеп-салдары талқыланып жататыны баршаға аян. Кейде мемлекет басшылығы Қазақстан Халқының Ассамблеясының қызметіне сілтеме жасап, ұлтаралық мәселеге қатысты жетістіктерімізді көбірек айтып, шешілмей жатқан тұстарын бүркемелей, жұмсартып қана береді. Шындығына келгенде осы қазақ тілінің тәуелсіздіктің отыз жылдығы жағдайында әлі кешеуілдеп келе жатқаны, бұл саладағы көптеген кемшіліктердің бетін ашары хақ.

Келесі бір идеологиялық ықпалды вестернизация ретінде қарастыруға болады және оған рационалдық тұрғыдан келуіміз керек. Еліміздегі эмоционалдық көзқарастар да екі жақты, біріншісі-олардың аса жоғары өркениеттік ұстанымдар бойынша өмір сүріп жатқандығына қызығушылықпен қараса, екінші бір пікір олардың өмір сүру салттарының шығыс халықтарына, оның ішінде қазақ халқына да сай келмейтіндігін тілге тиек етеді және олардың да идеологиясы мен өмірлік мұраттары біздің еліміздің идеологиялық кеңістігіне өз әсерін тигізіп жатқандығын жоққа шығармайды.

Бұндай көзқарастар жоғарыда мысал келтіргендей С.Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегінде, О.Шпенглердің «Еуропаның ақыры» туындысында, Ф.Ницшенің антихристиандық құлдар моралі түсінігінде, т.б. баяндалған ұсыныстары негізінде қалыптасқан. Жалпы алғанда, бұндай пікірлердің шығу тегі әлемді «Батыс және Шығыс» деп дихотомиялауға байланысты және діни сенімдерінің әртүрлілігіне де қатысты.

XIX ғ. қазақ даласындағы руханияттық кеңістікте де осы екі аймақтық мәдениет бойынша екі түрлі насихаттық жұмыстар жүргізілгендігін тарихшы ғалымдарымыз, әдебиетшілеріміз баса айта бермейді, тіпті оның XX ғ. басына дейін созылғандығын да жасыруға болмайды.

Нақтырақ айтсақ, ағартушылық деп аталатын бағыт, ресейлік және еуропалық мәдениетке бет бұруды қолдады: Ыбырай, Шоқан, Абай және т.б. Ал екінші бір бағыт заманы өтіп бара жатқан көшпелі өркениетті қолдады. Олардың поэтикалық философиясының өкілдері «Зар заман» ақындары деп аталды: Шортанбай, Мұрат, Дулат және т.б.

XIX ғ. соңынан бастап, XX ғ. басына дейін жалғасқан қазақ даласындағы мұсылмандық діни сенімге негізделген білім беру жүйесіне қатысты жәдидшілдер мен хадимшілдер арасындағы тартыс та, шындығында, еуропалық мәдениетке бет бұру мен қазақи діни дәстүрлерді қатаң сақтап қалу арасындағы дискурс алаңы болатын.

Ендеше, қазіргі таңда да еуропаландыру деп аталып жүрген идеологияның жағымды да, жағымсыз да жақтары бар екендігі сөзсіз. Еуропада қазіргі таңда бірен-саран мемлекеттер бір жыныстылардың некелесуін заңдастырған және ол туралы бағдарламалар да жасап отыр. Бұл, бір қырынан алғанда, биологиялық

ұрпақтар сабақтастығына кереғар келсе, екінші бір қырынан алғанда, рухани жағынан да кері кетуді білдіреді. Бұл шығыс мемлекеттері, оның ішінде қазақ халқының да рухани құндылықтары мен өмір сүру салттарына сай келмейді.

Еуропалық өркениетті елдердегі демографиялық үдерістер де алаңдаушылық туғызады. Жоғарыда айтқандай, оның әртүрлі әсерлері бар. Еуропалық дәстүрлердің насихатталуы да бір қырынан қабылдауға, екінші бір қырынан ықпал ету күшінің психологиялық тетіктеріне байланысты. Бұрынғы кезеңдерде халқымыздың отбасында бала туу көрсеткіштері жоғары болған. Қазіргі таңда бұл үдеріс саябырсыған. Ал еуропалықтардың отбасында 1-2 баламен немесе ұрпақсыздықпен де өмір сүре беру аса бір антиқұндылық емес, кей сәттерде қалыпты тұрмыстық ахуал болып есептеледі.

Еуропалық идеологиялардың жағымсыз ықпалына деген еліктеушіліктің субъективті факторлары да жоқ емес. Олар өздерінің БАҚ арқылы өнері мен тілі, ділін таратуды арнайы мақсат етпесе де, оны Шығыс халықтарының көпшілігі қабылдап келеді. Дегенмен, шығыстағы араб-мұсылмандық әлем қорғаныш тетіктерін пайдалана отырып, олардың өздеріне сай келмейтін құндылықтарын қабылдамауға шақырады.

Еуропалық мәдениеттің біздің ұлттық құндылықтарымызға сай келмейтін қырларын, қарапайым мысалдармен түсіндірсек, таңғы асты жуынбастан жатып орындарында тамақтану, үйдің ішінде аяқ киіммен жүру, отбасындағы кикілжіңдердің көріністері, эротикалық мазмұндағы сюжеттер, т.б. олардың кинофильмдері мен ақпараттық желілері арқылы тарап жатыр.

Бұндай үдерістердің тарихи тамырлары кәрі құрлықтағы ХҮІ-ХҮІІ ғғ. ғылыми-техникалық төңкерістің жетістіктеріне деген әлем халықтарының қызығушылығынан туындаған. Осы үдеріс бүгінгі таңда да басқа да әлемнің халықтарына және Қазақстанға үлгі ретінде қабылданған.

Ал оған деген жағымсыз көзқарас еуропоцентризм деп аталған және вестернизация деген атауға ие болған. Бір ғана мысал, арғытүркілік ғұндарды Еуропа тарихшылары «варварлар», «жабайылар» деп түсіндірген және ол тарихи санада қалыптасып қалған білімдер қорына еніп кетті. Бұл тұста, еуропаландыру идеологиясы аясындағы ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі күрделі және қайшылықты ахуалдардан құралады.

Келесі бір идеологема – ислам дінін тарату арқылы құрылған «арабтандыру» деп атауға болатын құбылыс. Әрине, бұл ықпалдан қазақ халқы жаппай араб дәстүрлеріне бет бұрды деп айта алмаймыз. ХІХ ғ. Ресей отаршылдарының саясаты дін арқылы бағынышты халықтың рухын өшірумен келіп жалғасын тауып жатты және ол бірнеше жылдарға бағдарланған стратегия еді.

ІІІ. Уәлихановтың: «Бүкіл дала Орта Азиядан шыққан, өздерін әулиемін деп таныстыратын фанатик кезбелерге және татардан шыққан шала сауатты молдаларға толып кетті. Таяуда шекаралық округтарда дуана болып жүрген күрд, ноғай және түріктер пайда болды», - деген сөзі осыған дәлел. Ресей империясының ХІХ ғ. ортасына дейін жүргізген қырдағы исламды қолдау саясатын біржақты тек жақсы деп бағалау өте қиын. Сырттан келген әртүрлі дін

өкілдері мен сектанттар, Орынбор дін басқармасы бекіткен «указной молдалар» өздерінің шала сауаттылығымен, теріс қылығымен қазақ руханиятына тікелей әсер етіп, оның тарихи танымдары мен табиғи дәстүрлерінен, рухани тазалығынан айырды» [140],- деп көрсетеді. Бұл идеология 1917ж. Кеңестер Одағы құрылғаннан кейін түбегейлі жоққа шығарылды және діни көзқарастарды тұтасымен керітартпа дәстүрлер деп танып, атеистік саясатын ұстанып, тек ислам ғана емес, барлық діндерге тиым салынды.

Ал тәуелсіздік алғаннан кейін, қайта қазақтандыру идеологиясы бойынша салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз, діліміз бен дініміз, жалпы айтқанда, рухани-мәдени болмысымызға қайта оралу, яғни руханияттық бірегейлендіру қолға алынғаннан кейін, ислам діні қайтадан жандана бастады.

Сол кезеңдерден бастау алған дінімізді қайта жаңғырту мақсатындағы игі істердің жүзеге асып жатқаны белгілі. Дегенмен, сол сәттегі қазақстандық діни қауымдастықтың сауаттылығының төмендігі де кей кездері кері ықпал етті. Еліміздегі діни-рухани кеңістік ислам дінін жамылған әр түрлі керітартпа ағымдардың да идеологиясына жүгініп, олардың идеяларын кейбір дінге бет бұрушы бұқара қауым өкілдері «дұрыс» деп қабылдады. Ол діни экстремизм мен терроризмнің және осындай пиғылдардың пайда болуына алып келді.

Бұл шындығында. діни-рухани сабақтастықтың қоғамдық өмірдің кейбір салалары мен кейбір сәттерінде бұзылуына алып келді. Өйткені қазақ халқының тарихында, ХІХ ғ. керітартпа идея ұстанатын қадимшілдік бағытты айтпағанда, бұндай үдерістер кездескен емес.

Осыған сәйкес келетін, қазіргі таңда исламдандыруды арабтандырумен шатастыратын немесе алмастыратын көзқарастар да жоқ емес екендігін айта келе, бұл үдерістің ұлттық рухани сабақтастықты сақтауға кеселдер келтіретіндігі жасырын емес екендігі туралы өз ойларамызды түйіндей аламыз. Мұнафықтық пен арабтарға еліктеу әсіресе кейінгі ұрпақтар арасында белең алып отыр. Бұрынғы ата-бабамызда ондай дүниетаным болған емес. Ғылыми терминологиялық тілмен айтқанда, дезидентификация жаппай бүкілхалықтық сипат алмаса да, ұлттық қауіпсіздік жағдайындағы қатерлердің бірінен саналады.

Шындығында, арабтардың өмір салты, олардың географиялық және психологиялық климаты өзгешелеу, бірақ канондық діни танымдық өлшемдеріміз сәйкес келеді. Дегенмен, олардың өмір сүру салттарын тікелей көшіріп алу, ол дінімізді жаңғырта түсудің үлгісі бола алмайды.

Сондықтан, ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптастырудың тетіктерінде арабтандыру мен исламдандырудың ара жігін ашып алу керек. Ал А. Косиченко шынайы дін және діни экстремизм мен терроризм екеуі мүлде екі басқа құбылыстар екендігін атап өтеді және екеуін шатастырмау, біріктірмеу, бір-бірінен туындатпау қажеттілігі туралы өз ойларын ұсынады [141]. Мәселен, мұсылмандық фундаментализм ұстанатын хиджаб кию, әйелдерге спорттық ойындарға қатынасуға тыйым салу және т.б. қазақ халқының ділі мен тұрмыстық өмір салтына сәйкес келе бермейді. Сонымен қатар, кейбір мұсылман қауымының иелері, оның ішінде дін иелері қазақы салт-дәстүрді жоққа шығаруға тырысады. Міне бұл исламдандыру емес, арабтандырудың

көрінісі. Бұл қоғамдық өмірге болашақта белсене араласатын жас ұрпақтар арасында көрініс табады және сабақтастықтың сақталуына кедергілер келтіреді.

Діни фанаттыққа деген ұмтылыста қазіргі таңда жастардың үлес салмағы басым. Тарихта біздің ислам дінін ұстанған ата-бабаларымызда бұндай жайттар кездеспеген, бұл діни бірегейлік аясындағы аға ұрпақтар мен жас ұрпақтар арасындағы дүниетанымдық айырмашылықтарды көрсетеді. Оның себебі - жат пиғылды ағымдардың идеологиясының ықпал өрісі мен еліктірушілік технологиясына байланысты екендігінде.

У.К. Шубаева кезінде діни жат бағыттардағы ағымдардың ресми емес институтында әр түрлі психологиялық тәсілдер қолданатындығын, атап айтқанда, елестер тудыру, сендіру мен санаға сіңіру, ритм бойынша сөз жаттығулары және т.б. атап өтсе [142], А.Д. Құрманалиева мен С.Ө. Абжалов сынды ғалымдар олардың психотехникасын санаға бағдарлану, сөйтіп өзіндік Менін жоғалтуға айналдыру екендігін түсіндіріп өтеді [143]. Бұндай пікірлерді көптеп келтіре беруге болады. Дегенмен, қазіргі таңда оптимистік тұрғыдан келсек, 2000-2010 жылдарға қарағанда, діни экстремизм мен терроризм қаупі әлемде және елімізде сейілді деп айтуымызға болады (Әрине, Сирия сияқты жеке жағдайларды айтпағанда).

Бірақ та жастардың санасында, басқа да радикалды ұйымдардың саясатында теріс пиғылды көзқарастардың сарқыншақтары сақталып қалды. Олар террористік әрекетке бармаса да, қалыптасқан стереотиптерден арыла алмай келеді. Бұны аналогиялық тұрғыдан отаршылдық сана аясындағы кезіндегі Кеңестендіру-орыстандыру саясатымен де байланыстыруға болады. Бұл идеологияның психологиялық технологиясы мұндай интенсивті болмаса да, әр түрлі идеялық қаруларды қолданғандығы белгілі. Біз бұның да зардаптарынан құтыла алмай келеміз, дегенмен, ілгерішіл бетбұрыстар да өз нәтижесін көрсетіп келеді.

Келесі бір ақпараттық қауіпсіздік пен нақты өмір сүру жағдайындағы ахуалдардың бірін – «Постмодерндендіру-субкультураландыру» деп атадық. Себебі субкультураның құрылымындағы идеологемалар мен өмір сүру салттары постмодернистік ұстанымдардың біздің құндылықтарымызға сай келмейтін қырларымен сәйкес келетін сияқты. Әрине, постмодернистік мәдениет немесе постмодерндік философия сан қилы және кең ауқымды дүниетанымды құрайды. Ол қоғамдық өмірдің салаларын қамтып келе жатқан, әсіресе, рухани мәдениетті «бағындыруға» бағдарланған өзінің заманауи мінсіз үлгі екендігін өздері ұсынады, кейде ол қоғамдық және теориялық сана тарапынан әлемдік рухани кеңістікте де қолдау табады. Сондықтан бұл идеологеманың элементтері біздің мәдени сахнада да көрініс тауып келеді.

Постмодернистік идеяны тұтастай жоққа шығарып, оның ұлттық бірегейлікке айтарлықтай кедергі болатындығы туралы біржақты тұжырым жасауға да болмайды. Субкультура постмодерндік қағидаттарды қабылдаумен және өздерінің әлемдегі мультикультуралистік саясаттағы бағдарларды ұстануымен ерекшеленеді. Бұл тұста біз арнайы зерттеу тақырыбымызға қатысты болмағандықтан, бұл екі ұғымның ішкі мағынасына терең талдаулар

жасамаймыз. Оның ұлттық бірегейлік пен ұрпақтар сабақтастығына қатысты қырларын және кейбір түйткілді ахуалдарын шолып өтеміз.

Постмодернизм бағыты классикалық емес философиялық ойлау бағдарларын негізге алып, қазіргі таңдағы адамзаттың ойлау бағдарларын постметафизикалық деп баға бере келе, тұрмыс пен мәдени даму бойынша бірнеше жаңаша терминдер түзілімін ұсынады: ризома, номадология, хаосмос, симулякр, театрландыру, субкультураландыру, гибридтендіру, карнавалдандыру және т.б. ұғымдар [144].

Субкультура мәдениет ішіндегі мәдениет қана емес, жастардың өзінің талғамы бойынша таңдап алынған, классикалық мәдениет пен дәстүршілдік қағидаттарына сүйене бермейтін, олар үшін ерекше бір замануи құндылық деп есептелетін ритуалдардың, білімнің, тұрмыс қалпының үлгілері және өмірлік тәжірибеде жүзеге асып отырған құбылыс. Қазіргі таңда, соңғы уақыттарда бұл түсінік арнайы қолданыла бермейді, бірақ мазмұны жағынан белгілері бар.

Субкультураландыру арнайы ресми түрде құрылған идеология да емес, бір қарағанда, постмодернизациялау элементтерінің бірі. Ол жастардың өзіндік мәдениеті ретінде дәстүрлі мәдениетті мойындамай өзіндік модельдерін құрып, ұрпақтар сабақтастығы арасындағы мәдени құндылықтарды басқаша парадигмаларда ұсынады.

Бірақ субкультура тұрақты емес, оның сақталу мерзімі ұзақ болмағандықтан, ол контркультураға айналып, сол халықтың дәстүрлі мәдениетінің өзіне қайта тоғысуы да жиі кездесетін жағдаят, ал егер өміршен болатын болса, қалыпты мәдениеттің құрамдас бөлігі болып қала береді. Мәселен, музыка саласындағы кезінде субкультура ретінде танылған, кейде сынға да ұшыраған «Дос-Мұқасан» ансамблінің халық әндерін эстрадаландыруы қазіргі таңда қалыпты мәдениетке айналды.

Қазіргі Қазақстан жағдайында да субкультура әртүрлі масштабта қоғамдық өмірдің әрбір саласында көрініс тауып келеді, бірақ әлеуметтік уақыттың тездеуіне байланысты, кей сәттерде өзінің мағынасын жояды. Қазіргі субкультураның бір қыры карнавалдандырумен де байланысты. Кезіндегі, хиппилер, рокерлер және т.б. бағыттағы арнайы атауы бар жеке көріністер болмаса да, жастар арасында біз «шоу-құмарлық» деп атауға болатын үдерістер кездеседі. Ол да қоғамдық өмірдің салаларын қамтып келе жатқан үдеріс болғандықтан және, әсіресе, жастардың сұраныстарын қанғаттандыруға негізделгендіктен, жеңіл және мағынасыздық тудыратын әзіл-қалжың, көңіл көтеру мен пиар жасау, т.б. көріністер терең астарлап әзілдейтін ресми емес сахнаны тамашалап, өмірлік мағынасы бар тарихи танымды бойына сіңіріп келген аға буын өкілдерінің талғамымен келісе бермейтін жайттар да кездеседі. Әзілге негізделген бағдарламалар мен өздеріне арнайы ұпай жинау үшін әрекет ететін қойылымдар да жоқ емес. Мысалы, «Қалаулым» атты бағдарламада қазақ халқының құндылықтарына сай келмейтін көріністер жарияланады және оны жастар қауымы тамашалайды. Демек, олар жас буынды еліктіріп, өздерінің идеологиялық ақпараттық қана емес, тұрмыс салты туралы іргелі өмірлік мәселенің игілікті болып құрылуына да кері ықпал етеді.

Бұндай карнавалдандыруға еліктеу және оны қабылдау, бір қырынан алғанда, психиканың бейсаналы аймағында, өмірден қашу (эскапизм), яғни өмір шындығымен бетпе-бет келуден алшақтай түсумен келіп ұштасады. Яғни субкультураның «шоуландырылуы» жастардың өмір шынайылығына қарсы тұра алмаған сәттерден туындаған өзін-өзі алдаусырату, жұбату сезімдері де болуы ықтимал.

Қайтадан ұлттық саз өнеріне оралсақ, қазіргі таңда қазақтардың домбыра, қобыз, т.б. аспаптарымызды рок жанрына ауыстырудың гибридтендірілуі көп жағдайда қоғамдық сананың эстетикалық сұраныстарын қанағаттандырып келеді. Олай болса бұл субкультурадағы жағымды гибридтендіру.

Жалпы алғанда, өмір сүру салтына байланысты қазіргі жастар мәдениетінің, тұрмыс қалпының жағымды және жағымсыз жақтары бар. Әрине, бұларды жаппай біркелкілік деп те тануға болмайды, дегенмен жалпы беталыстар ретінде ұсына аламыз.

Жағымды жақтары: ІТ технологияларына бейімделіп, «Цифрлы Қазақстан» жағдайында деген өмір сүруге бейімділік, жаңашылдықты тез қабылдау мен адаптациялану, исламдық діни сенім қағидаттарына мойынсұну, өнерге деген құштарлық, нақты өмірмәнділік мақсаттарға бет бұратын прагматизм, еркіндік пен өз құқығын қорғауға ұмтылушылық, саяси, мәдени, әлеуметтік, тұрмыстық өмірдегі жаңалықтармен хабардарлығының интенсивтілігі, білім мен ғылымға бет бұрған жастардың үш тұғырлы тіл саясатын, оның ішінде, ағылшын тілін меңгеруі немесе оны үйренуге деген құштарлықтың артуы және қазақ тілін салыстырмалы түрде басым көпшілігінің толықтай меңгеруі, шылым шегу, ішімдік ішу сияқты жағымсыз өмір салтының төмендеуі және т.б.

Жағымсыз жақтары: басқа мәдениет белгілеріне деген талғаусыз еліктеушілік, ислам дінінің фанаттық бағдарына елігу, кітап оқу мәдениетінің төмендеуі, салт-дәстүрлерді сақтаудың кемшін тұстары, утилитаристік сананың басым болуы, ішінара кездесетін инфантильділік, отбасылық өмірге деген жауапкершіліктің төмен болуы, яғни жас отбасылар арасындағы ажырасудың көбеюі, жастар арасында бұрынғыға қарағанда суицидтің жоғарылығы, дәстүрлі тарихи құндылықтарды менсінбеуі немесе оның астарын толықтай түйсінбеуі, физикалық дене еңбегіне деген жалқаулық, жауапкершіліктің төмендеуі, индивидуализмнің белең алуы, қоғамдық өмірдегі жемқорлықты, «пара берушілікті» сақтап қалуы және т.б.

Бұл жалпы бағдарлар, әрбір сипаттаманың өзінің ерекшеліктері де бар. Бұл айырмашылықтардан біз қазіргі жастар мәдениетінің негізгі келбетін тани аламыз және ұрпақтар сабақтастығындағы ұлттық бірегейліктің сақталу және сақталмау жақтарының негізгі көріністерін байқаймыз.

Бұл тұста ескеретін бір мәселе мынада: әлеуметтануда «жастар әлеуметтануы» деген атаумен аталған сала бір қырынан алғанда, ғылыми ізденістерді нақтыландырады, екінші бір қырынан алғанда, ол тым кең ұғым. Негізінен жастар, 14-28 жас аралығы деп саналса, осы хронологиялық жас мөлшерінің өзін бірнеше кезеңдерге де бөлуге болады. Мәселен, жоғарыда

айтылғандай, суицид 14 пен 18 жас аралығында жиі кездесетін жағдай, одан кейін ол азая түседі.

Ақпараттық кеңістіктегі келесі бір сақталып келе жатқан ағым орыстандыру идеологиясы. Қазіргі таңда орыстандыру идеологиясының ықпалы төмендеген. Дегенмен, оның сарқыншақтары сақталып отырғандығы шындық. Ол қоғамдық өмірдің салалары мен өмір сүру салттарымызда да көрініс тауып отыр. Оны тіл мәселесіне қатысты таразылап көруімізге болады.

Қазіргі таңда БАҚ-дағы орыс тілді және қазақ тілді кеңістікті салыстыра отырып, мектептер мен балабақшалар, теледидар мен радиодағы ақпараттар, тілдердің қолданылу аясы, т.б. мәліметтер бірнеше жылдардан бері айтылып келгенін байқауға болады.

«Арқа Ақшамы» газетінің бас редакторы Ж. Жаңқашұлы қазақстандық кәсіпкерлер орыс тілді басылымдарды көтермелеуге көбірек көңіл бөлетіндігін, жарнама берушілердің көбі орыс тілді газеттерге жүгінетіндігін, олардың мемлекеттік тілде жарнама беруге, мемлекеттік тіл саясатын қолдауға құлықсыздығын атап өтеді [145]. Таңатар Таған бүгінгі таңдағы мектептердің ахуалын таразылап, «Қазақ мектептері қашан көбейеді?» атты мақаласында қазақ халқының санының өсіп отырғандығына қарамастан, қазақ мектептерінің санының аздығын, Алматы қаласында мемлекеттік тілдегі балабақшаның 12-13%-дан, қазақ мектептері үлесінің 35%-дан аспай, аралас мектептер үлесінің 45% деңгейінде болуы ешқандай сын көтермейтіндігін, 2020 жылға дейін аралас мектептерді жауып, қазақ және орыс мектептерін қалдыру бағдарламасын іске асыру қажеттігін, мемлекеттік тілге басымдық беріп, балаларды қазақ мектептеріне беруге жан-жақты жұмыстар жүргізу және орыс мектептерінде мемлекеттік тілдің тиісті деңгейде оқытылуын қадағалау қажетігін атап өтеді [146].

Осындай ақпараттарды көптеп кездестіруге болады. Бұл, әрине, қазіргі таңда да орыстандыру саясаты жүргізілу үстінде деген мағына бермейді. Басты мәселені, келер ұрпақтардың қазақ тілін меңгеруінің мөлшерлемесін айқындайды. Мұндай орыс тілді балабақшалар мен мектептерді тәмамадаған жастар, әрине, қазақ тілін өзінің отбасы немесе әлеуметтік ортасы арқылы меңгеріп шығады, дегенмен, оның ішкі астарлы трансценденциялық мағынасын терең түйсінбеуі мүмкін.

Екінші бір мысал, орыс тілінен қазақ тіліне аударылған мәтіндер, жарнамалар, хабарлар, мемлекеттік заңдар және т.б. тікелей калькаланып берілгендіктен түсініксіздеу болып келеді. Шындығында да, қазақ тілінде ұсынылған ресми заңдар қазақ тілін жетік меңгергендер үшін де ұғынықсыздау болып келеді. Орыс тілі қазақ тілі емес екендігі қарапайым логика бойынша түсінікті. Оның мағыналық, стильдік, танымдық, ойлау мен сөйлеу мәдениеті негізіндегі мәнерлік айырмашылықтары бар. Сондықтан, аударма калькалану түрінде емес, мағына бойынша орындалуы керек. Егер де осындай тікелей аудармаларға жол беретін болсақ, болашақ ұрпақтардың тілдік қоры байырғы, дәстүрлі қалыптасқан тілімізден бірте-бірте алшақтай түседі деген сөз.

Әрине, орыс тілі Конституциямызда жазылғандай, ұлтаралық қатынас тілі болып саналады және ақпараттардың көпшілігі бізге орыс тілі арқылы жеткізілген. Бір ғана мысал, біздің ғылыми танымдық кеңістігіміздегі әлемдік ғалымдардың еңбектерінің көпшілігі орыс тілі арқылы жеткізілген. Ғылыми және басқа да ақпараттардың тек орыс тіліне ғана тәуелді болмауы үшін ұрпақтарымыз ағылшын тілін жетік меңгермейінше мүмкін де емес, оған бірнеше жылдар уақыт керек сияқты.

Осы жоғарыда шолу жасалған ақпараттық қатерлердің алдын алуға байланысты еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ұлттық саясат өркендеп, қоғамдық өмірдің барлық саласында егемендік тұғырын нығайта түсетін шараларды саяси-әлеуметтік негізде қолға алды. Оны бір қырынан мемлекеттік саясат ресми түрде ұстанса, екінші жағынан қоғамдық санада қолдау тапты. Бұл кезеңдерде ғылым саласы ұлттық ғылыми танымды қайта зерделеп, этнопсихология, этнопедагогика, ұлттық философия және т.б. қоғамдық ғылымдар саласын өркендетуге бет бұрды.

Оның ішінде, отандық философтар қазақ философиясын қайта зерделеп, оны жастарымызға және әлемге танымал етуге ұмтылды. Олар бір қырынан, ұлттық бірегейлікке деген бетбұрыстың руханият арқылы өрлеуінің нақты тәжірибелік мысалы болатын болса, екінші бір жағынан алғанда, жоғарыдағы айтылған идеологиялық ықпалдардан қорғанудың тетігі еді. Бұл мәселеге байланысты еліміздегі философтар ғылыми-теориялық мазмұндағы еңбектер жазды. Кейбір философтар өздерінің арнайы мектептерінің ізін қалап, идеяларының философиялық тұжырымдамасын жасады. А.Айталының «Ұлттану» бағдарламасы, Ж.Молдабековтың «Қазақтану» ілімі осының айқын мысалы бола алады.

Қазақ философиясын зерттеуші ғалымдардың негізгі мақсатты ұстанымдары-ұрпақтардың санасына ұлттық дүниетанымды таныту мен ділдік негізде сіңіру. Тарихи танымдық бағдар тек өткен өміріміздегі оқиғалар тізбегінен құралмайды, тұтас халықтық дүниетанымды жете зерделеп, оны болашақ ұрпақтарға паш етумен жалғасады. Бұл ұлттық философияны зерделеудің бірінші ұстыны болса, екінші бір түйткілді мәселе, осындай қазақ халқы руханиятындағы ұлағатты өмірмәнділік идеялар мен өмір сүру салттарын олардың қабылдауымен келіп түйіседі. Бұл мәселені келесі бөлімдерде толығырақ таразылайтын боламыз.

3.2 Ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы өрбітудегі мультикультурализмнің рөлі

Қазіргі таңда ғылыми қауымдастық пен қоғамдық пікірлер арасында екіұдай пікірлер арқылы ұсынылып жүрген дискурстардың бірі – мультикультурализм мәселесі. Ол біз қарастырып отырған негізгі мәселенің мәні мен маңызын және түйткілді тұстарын ашып беруге тікелей байланысты адамзат мәдениеті дамуының бір келбеті.

Осы әлемдік мәдениет дамуының жаңаша форматына тоқталар болсақ, оның ұлттық бірегейлікпен арақатынасының түйткілді мәселелерін айналып өте

алмаймыз. Себебі - «ұрпақтар сабақтастығындағы мәдени мұрагерлік сан қилы мәдениеттермен арабайланыста бола ала ма?» деген сауал туындайды.

Біріншіден, мультикультурализм қазіргі таңдағы дүниежүзінде, оның ішінде, әсіресе, еуропалық халықтарда қолдау тауып отырған жаһандану заманындағы өзіндік бір үлгі іспеттес. Бұл белгілі деңгейде тұтас руханияттық кеңістік аясындағы тәжірибе сияқты, кейде болмай қоймайтын адамзат өмірінің тағдырына тағайындалған құбылыс тәрізді.

Осыдан «Қазақ халқы тарихында осындай мультикультуралистік үлгілер болған ба, оның стихиялы көріністері кездескен бе?» деген мәселе қойылады.

Келесі түйткілді сұрақ: «Мультикультуралистік бағдар саясиаланған үдеріс пе, әлде қоғамдық сана қабылдаған, қолдау таба алатын даму бағдары ма?». Тағы бір маңызды сауал: «Мультикультуралистік кеңістік аясында ұрпақтардың ой санасында ұлттық мәдениет қалай сақталады?». Осындай күрделі және қайшылықты ахуалдарды белгілі бір параметрлері бойынша әлеуметтік философия тұрғысынан талдап өтетін боламыз.

Екіншіден, мультикультурализм табиғаты мен шығу тегінің негіздері көптеген осы мәселені зерттеушілер үшін аса маңызды болып саналады. Мультикультуралистік саясатқа байланысты екіұдай пікірлер қалыптасқан: бірі – оптимистік бағытты қолдаса, екіншілері ұлттық бірегейлікті сақтауға қатысты пессимистік бағдарларды ұсынады. Бұл да қарастырып отырған негізгі тақырыбымызға байланысты түйткілді ахуалдардың бірінен саналады.

Үшіншіден, мәдени-рухани сабақтастық туралы ұлттық код және мультикультуралистік ұстаным арасындағы арабайланысқа да қатысты сұрақтар туындайды. Бұл тұстағы күрделі мәселе: екі бағдардың қуат күші мен ықпалын өлшейтін нақты құралдардың болмауы. Сондықтан да «екі бағыттың қайсысы басымдылықта, әлде ол идеологиялық нұсқалар бойынша немесе астарлы психологиялық тетіктер бойынша жүзеге аса ма?» деген сауалдар құрылады.

Осы мәселені арнайы зерттеуші Ж.А.Көшербаев мынадай тұжырымдар жасайды: «Мультикультурализм индивидтерге ол елдің заңын, басқалардың құқығын және адам құқығын бұзбайтын бірегейлік болған жағдайда ғана басқа мәдениеттермен теңдестік құқығын береді. Сонымен қатар, мультикультурализм – либералдық құндылықтарды кеңейту және бірінші кезекте, жеке адамның құқықтарына алаңдаушылық таныту саясаты. Мультикультурализм өзінің жеке элементтерінің ешқайсысына басымдық беруге жол бермейді. Ол көпшіліктің азшылықпен санасуын есепке алады, бірақ ол соңғылардың мемлекеттің бүтіндігін бұзбағанын қадағалайды.

Мультикультурализм қоғамды әртүрлі белгілеріне қарай құру құқығын береді, бірақ ол қоғам мен мемлекет құқығын сақтауды қадағалап отырады, сол немесе басқа да қауымдастықтардың мүшелерінің құқықтары бұзылмағандығын, соның ішінде қауымдастықтан шығу немесе ешқайсысына кірмеуге де еріктілік сақталады. Осылайша, мультикультурализм екі жақты ымыраға келушілік саясаты: топтық және мемлекеттік мүдделер арасындағы келісім, топтық және жеке адам арасындағы келісім» [147]. М. Бахтиннің ойынша, мәдени сұхбаттасу өзге мәдениеттерден өзіне қажеттісін ала алады және ол жеке мәдениеттердің

дамуына ықпал ете алады. Ол субъективтіліктер арасындағы қатынастар аясында тең құқылы болып келеді [148].

Э.Левинас мультикультурализмнің қызметі мен негізгі үдерістік мағынасын құрылымдық түрде талдап береді де, оны былайша толығырақ сипаттайды: баламалы мәдениеттердің бір ретке келуі, саяси-әлеуметтік астары бар қозғалыс, мәдениеттің дәстүрден кейінгі өркениеттік өлшемдерінің пайда болуы, бірігу мен бірегейлену, теңдік пен таңдау еркіндігі және т.б. Ол мультикультурализмді екі бағытта ажыратты: радикалдық формасы мен біркелкілік бағдары. Радикалды бағдарды толеранттылыққа негізделген этноцентрліктен алшақтайтын, қажетті құндылық деп санайды. Біркелкілікті мәдениеттердің түпнұсқалы құрылымдарының бірыңғайлануы деп санайды [149]. Э.Паин мультикультурализмнің әрбір мәдениеттің жоғары немесе төменгі сатыға қойылуына, мемлекетті құраушы жергілікті ұлт және сырттан келгендердің мәдениетін ажыратуға мүмкіндіктер бермейтіндігін атап өтеді [150].

АҚШ ғалымы Сара Камеронның пікірінше: «XIX ғасырдың аяғына қарай Ресей тарапынан 1,5 миллионға жуық крестьян шаруаларының көшіп келуі 1896-1916 жж. 20 жылға ғана жетер жетпес жылдың ішінде шыңына жетті. Аталған тарихи жағдайға сталиндік жүйенің орнығуы түркі тілдес мұсылман елдерін көпұлтты халыққа айналуына алып келді. Салдарынан қазақ халқы өзінің ұлттық бірегейлігін жоғалтуына алып келді. Алайда, қазақ халқы зиялыларының күрестерінің нәтижесінде өзінің түбегейлі бірегейлігін жоғалтпағандықтан, 1991 жылы тәуелсіздігіне қол жеткізді» [151].

Сонымен қатар, біздің қоғамда дінаралық келісім мен көпконфессионалдықты ұстанатын саясат құрылды. Осы сәтте, бастапқыда ресми емес түрде болса да, қоғамдық санада жастарымыздың басқа діндерге елігіп және оны мойындап, сол дін өкілдеріне айналып бара жатқандығы туралы дабылдар қағылды. Қазіргі таңда бұндай идеялық толқулар саябырсыды.

Осыдан туындайтын нақты сұрақ: «Көп ұлттар мекендейтін елімізде басқа халықтардың өзіндік мәдениетін өркендету біздің ұлттық бірегейлігімізге қаншалықты деңгейде нұқсан келтіре алады, әлде ешқандай ықпал ете алмай ма?» Тарихқа жүгінсек, отанымыздағы өзге ұлттардың қоныс аударуы XX ғасыр басындағы Ресейдегі Столыпиннің жер реформасына қатысты орыс шаруаларының қоныс аударуынан бастап, Ұлы Отан соғысы мен тың игеру жылдарындағы басқа да ұлттардың біздің жерімізге ерікті-еріксіз түрде иммиграциялануымен жалғасты.

Ол қазіргі таңда гастарбайтерлер, әсіресе, Өзбекстан жерінен келген мигранттардан да көрініс табады. Осындай үдерістерге назар салсақ, қазақ халқы өзінің мәдениеті мен дәстүрін 200 жылдай өтсе де, сақтап келеді. Әрине, олардың мәдениетінің белгілі бір деңгейде ықпалы болған да шығар. Дегенмен, ұлттық мәдениеттің субстраттары сақталды, осыншама жылдар ішінде қаншама ұрпақтар алмасты. Ұрпақтардың алмасуы үздіксіз процесс, ал рухани мәдени ұлттық бірегейліктің сақталуы саяси билік немесе манипуляциялар бойынша да үздікті болып келуі де мүмкін.

Мультикультурализм жаһандану заманында болмай қоймайтын құбылыс, соның ішінде көпұлтты Қазақстан жағдайында да мойындалуы тиіс жағдай. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық бірегейлікке деген ұмтылыс қарқын ала бастады, ал әртүрлі ұлттардың өздігінше мәдениетін өркендетуі, оған соншылықты кері ықпал еткен жоқ. Қазақстанда мәдениеттердің конгломераты құрылмады. Әрине, әр қилы мәдениеттер өзінің ықпалды, оңды, тиімді қырлары мен өмір салтына қолайлы дәстүрлері арқылы көптеген әлем халықтарына да ықпал ете алады. Мәселен, көне Үнді жерінде пайда болған йога өнері қазіргі таңда да дүниежүзіне тарап, өзінің терапиялық, медитациялық, тіпті спорттық деңгейін әйгілеп келеді. Ол Қазақстанға да таралған. Бірақ қазақтардың барлығы буддизм дінін ұстанып кеткен жоқ. Ол біздің халқымыздың мәдениеті үшін «Өзге» болғанымен, йога өнерін өмірмәнділік мақсаттарда да қолдануға болатын тиімді нұсқалардың бірі болып саналады.

Ал оның қазақ дәстүрімен де байланысатын қырларын аңдадық. Мәселен, «малдас құрып отыру» йоганың отыру позасына ұқсайды, ал медитация ислам дініндегі сопылық ағымдағы транстармен де жалпылама түрде байланысты сияқты. Бұдан көріп отырғанымыздай, мәдениеттер арасындағы сәйкестіктер мен мазмұн негізінде олар біріне-бірі ассимиляцияланып кетпейді, бірақ үндестік пен өзара келісімділік сақталады. Мәселен, Т. Ғабитов ислам діні мен тәңіршілдік арасындағы өзара кірігуді мысалға алады. Тәңіршілдіктегі жаратушы Тәңірінің Алламен синонимдес ұғымдарға айналғандығын, аруақтар (онгондар) – пірлерге, машайықтарға ауысқандығын, шаманның зікір салуы сопы әрекетінің элементімен келіп тоғысқандығын атап өтеді [152].

Шындығында, түркі халықтарындағы көне заманнан бері сақталып келе жатқан бақылар қазіргі таңда емшілерге айналды және олардың көпшілігі Алланың атымен сөйлейді. Бұл ислам діні, шаманизм, батыстық экстрасенстердің т.б. магиялар мен оккультизмдердің мультикультурализмі емес, өзгеше бір құбылыс. Оны біз діндер арасындағы өзара түсінушілік пен келісімділік деп атауымызға болады. Бұндай консенсус дін тарихы мен таным аймағында да кездеседі. Мәселен, Үнді жеріндегі буддизм, индуизм, сикхизм сияқты діни салттар бір-біріне ұқсайды, кей сәттерде табыну дәстүрлерін қайталайды. Осыдан біз бұрын бір-біріне үндеспейтін діни бағыттар «өзара келісімге келгендей» болып отырғандығы туралы тұжырым жасай аламыз.

Бұдан туындайтын біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты мәселе, мультикультурализмдегі әртүрлі мәдениеттердің ассимиляциялану, адаптациялану, конвенциялану, т.б. үдерістері жүріп отыратындығы. Бірақ ол тек бір-екі немесе он жыл емес, бірнеше жүз жылдықтарды қамтитын кеңістіктік-уақыттық құбылыс.

Мәселен, қазіргі таңда да адамдарды жерлеу рәсімдерінде тәңіршілдіктің, шамандықтың, исламның дәстүрлері арналас (параллельді) түрде орындала береді. Қарапайым тұрмыстық өмірді мысалға алсақ, құран оқу мен ас қайыру, бата беру, аруақтарды еске алу, т.б. ислам дінінде қолданылмайды, ал аруақтарды құрмет тұту көне шамандықтың сарқыншақтары.

Көріп отырғанымыздай, мультикультурализм табиғатының өзіндік ерекшеліктері бар. Ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасқан шамамен 30 мыңдай жылдық тарихы бар шаманизмнің кейбір элементтері қазіргі күнге дейін түркі халықтарында, оның ішінде, қазақтарда да сақталып келеді. Ол кейде әрбір заманның ыңғайы мен халықтың өзгерген дүниетанымына орай түрленіп отырған.

Нақты замануи өмір шындығына келсек, эстрадалық әуендерге билеу мәнері бұрын біздің дәстүрімізде болмаған. Ол қазіргі мәдени экзальтациялық тұрмыс салтымыздағы қалыптасқан нормаға айналған. Бастапқыда бұлай билеу аға ұрпақ пен өскелең ұрпақтар арасында келіспеушіліктер туғызған еді (шамамен XX ғасыр орта шенінде). Ал қазіргі таңда ол біздің ұлттық мәдениетіміздің, өмір сүру салттарымыздың біріне айналды және көпшілік тарапынан терістелмейді. Ол қазіргі таңда көпшілік халықтар мойындаған көңіл көтеру дәстүріндегі өзіндік экзальтациялық акт.

Бірақ осы тұста ескеретін жайт, би билеу дәстүрі көп мәдениеттің ықпалдасуы немесе бір мәдениеттің үстемдігі емес, ол тарихи тамырлары терең салттар. Жай ғана формасы мен мәнері өзгерген физиологиялық әрекет болып сақталып қалды.

Біздің елімізде де қазіргі таңда аға буын, орта буын, өскелең ұрпақтардың барлығы осындай эстрадалық әуендерге билеуді терістемейді. Бұдан шығатын қортынды: көнеден сақталған кейбір дәстүрлер модернизацияланған мәдениет үлгілері ретінде өзгеріп отырғанымен, ол өз деңгейінде қабылдана береді.

Жоғарыда айтылғандай, артта қалған алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінде өмір сүріп жатқан кейбір Африка халықтары жазба мәдениетті мойындамайды және оған ұмтылмайды. Олар өздерінің бірнеше мыңдаған жылдар бойғы ұрпақтар арқылы сабақтасып келе жатқан бірегейлігін осылай сақтап қалуды қалайды.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау, бір қырынан алғанда, ұрпақтардың дүниетанымы мен заманға бейімделуіне байланысты. Екінші жағынан, объективтендірілген әлеуметтік климатқа қатысты.

Мультикультурализм тек біздің елімізде ғана емес, жаһандану заманында басқа да көптеген мемлекеттерде өздігінен құрылған адамзаттық консенсус. Бірақ тарих тегершігіне көз салсақ және қазіргі заманғы кейбір мемлекеттердің саясатына үңілсек, көп түрлі мәдениеттерді қаламай, бір ғана ұлттық бірегейлікті қатаң ұстану бағдарларын көруімізге болады.

Көне тарихқа шолу жасамай-ақ, 15 республикадан құралған Кеңестер Одағындағы мәдениет, тұтастай алғанда, социалистік мәдениеттің бірегейлігін қалыптастыруды қалады және оны 70 жыл бойы ұстанды. Бұл тұста айта кететін жайт, 15 түрлі халықтар, тіпті автономды республикалардың өзіндік дәстүрлері мен салттары ішінара сақталғанымен, оларды бірегейлендіру басқаша форматтарда жүргізілді. Мәселен, ортақ тіл, атеистік дүниетаным, гендерлік саясат, отаншылдық сезім, өзіндік білім беру жүйесі, коммунизм идеологиясы, т.б.

Қазіргі таңда Қытай Халық Республикасын мысалға алсақ, ол мемлекетте де бірнеше халықтар өмір сүреді. Олар қазіргі таңда, ақпараттық желілердегі мәліметтерге сүйенсек, діни бірегейленуді қолға алған сыңайлы. Ислам дінін ұстанатын немесе басқа діни сенімді қолдайтын халықтарды діни экстремизм қаупі туындауы ықтимал деген күдікпен өздерінің сенімдері бойынша бірегейлендіруге ұмтылып келеді.

Ал біздің еліміздегі көпконфессионалды пен діни төзімділік туралы шығарылған заңдар бойынша, діни толеранттылық ұстанымы негізінде бірнеше дін өкілдері бейбіт қатар өмір сүре береді.

Дін, этнос және ұлтаралық қатынастарға байланысты Ареты Демосфенус: «Әр алуан дін және этностардың елде өмір сүруі, басқа мәдени құндылықтармен таныса отырып, қоғамның өркендеуіне алып келеді. Дегенмен саяси күштер мен басшылардың қысқа мерзімді экономикалық мүдделерінің бірінші орынға шығып кетуі ортақ адамзаттық құндылықтардың орнығуына кедергі туғызады» [153], -деп мәлімдеп, оның күрделі ахуалдық жүйесін паш етеді.

Жоғарыда қозғалған жалпы әлеуметтік ахуалдан ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға қатысты алғанда мультикультурализмнің күрделі құрылым екендігін байыптай аламыз.

Бұл мәселенің бірнеше нұсқаларын ұсынуды жөн көрдік.

1. Заман мен дәуірлер алмасуына байланысты бағытталған ұлттық бірегейлену туралы. Ұлттық бірегейлік кеңістік пен уақыт ағымына байланысты абсолютті түрде сақталмайды. Өскелең ұрпақтар мен аға буын арасындағы кейбір түсінбеушіліктер де осыдан туындап жатыр. Аға буын өкілдері қазіргі таңдағы заман ағымының және әлеуметтік уақыттың жеделдеуіне байланысты оған «ілесеміз алмаушылық» деп атауға болатын психологияны бастан кешіп отыр. Бұндай ой пікірлер тек бүгінгі күннің ғана келбеті емес, тарихтың рухани дамуының өн бойында кездеседі.

Тарихи руханиятқа үңілер болсақ, әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде, одан соң А.Ясауидің, т.б. ойшылдардың, тіпті кейінгі ХІХ ғасырда өмір сүрген ойшыл Абайдың идеяларындағы жастардың рухани моральдік деңгейінің төмендеп бара жатқандығы туралы идеялары ғасырлар бойы жалғасып келе жатқандығын ескерсек, бұл үдеріс осылай тасымалданатын болса, онда қазіргі жағдай туралы не айтуға болады.

Сондықтан да, кейбір этикалық ұстанымдар отанымыздағы әртүрлі ұлттардың өзіндік игілікті ережелерін қабылдауға алып келеді. Қазіргі таңда елімізде өмір сүріп отырған халықтардың мәдениеті қазақ халқының мәдени дәстүрлерін жоққа шығарып, өздерінің дүниетанымын жалпы игіліктілік пен озық үлгі деп жариялап отырған жоқ және оның идеологиялық немесе манипуляциялық белгілері байқалмайды.

Ал жас ұрпақтың ұлттық бірегейлікті сақтауын және одан ауытқуын екі масштабта қарастыруға болады. Біріншісі, уақытша болатын құбылыс. Екіншісі, басқа халықтардың мәдениетіне, өмір сүру салтына деген еліктеушіліктің сақталып қалуы. Аға буын мен жастар арасындағы кейбір түсінбеушіліктер

осыған байланысты туындайды. Бұл тұста айта кететін жайт сыни көзқарастар тұрғысынан қарағанда, заманға бейімделудің оңтайлы әрі терең пайымдауды қажет ететін ыңғайлары бар.

Оларды атап көрсетуімізге болады: үш тұғырлы тіл саясатына орай, ағылшын тілін толық меңгеруге деген ұмтылыстар, компьютерлік технологияны жетік меңгеру және соған бейімделу, интернет материалдары арқылы жедел арада ақпараттарды қабылдау және т.б.

Мәселен, ағылшын тілін жетік меңгеру әлемдік халықаралық қатынас тілі болғандықтан, ол жастардың заманға бейімделуінің көрінісі. Егер де ата-бабамыз ағылшын тілін қолданды ма әлде білмеді ме деген сауал қойсақ, бабаларымыздың салтында бұндай дәстүрлер болған жоқ деп тиым салсақ, онда ол ұлттық бірегейліктің бұзылуы болып шыға ма? Әрине, олай емес.

Ұлттық бірегейлік қашанда константтылық пен динамикалылықтың диалектикалық бірлігінен құралады. Ғылыми зерттеу әдіснамасы тұрғысынан алсақ, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, тарихилық пен логикалықтың бірлігі орын теуіп, күрделі диалектикалық сипатқа ие болады.

Константты қыры көне дәуірден сабақтасқан ұлттық кодты сақтаумен ұштасады. Ал динамикалық қыры бірегейлік ұрпақтан ұрпаққа жалғасса да, ол әрбір ұрпақтар алмасуының сатыларында өзгеріп отыратындығына қатысты. Оның нақты өлшейтін параметрлері жоқ. Мысалы, тарихқа шолу жасасақ, Қараханидтер тұсындағы түркі халықтарының ислам дінін қабылдауы мен Алтын Орда ханы Жәнібектің мұсылмандықты ресмилендіру арасында қаншама хронологиялық алшақтықтар бар. Шындығында, біздіңше, сол дәуірлердегі қазақ даласында мультикультурализмнің діни келбеті көрініс тапқан.

Ал өзгергіштік пен бейімделу әрбір заманның ыңғайына байланысты болуы керек және ұлттық кодтың негізгі субстратын сақтауы тиіс. Диалектикадағы терістеуді терістеу заңында абсолютті терістеу деген болмайды, «жаңа» «ескінің» тиімді, онды, өміршең жақтарын сақтай отырып орнығады. Мәселен, XIX ғасыр соңынан бастау алған академиялық білім беру жүйесін керітартпа ағымдар «Орыстың оқуы» деп түсінген және діни ұстанымдарды қалаған. Жоғарыда айтқандай, жәдидизм мен хадимшілдік білім беру арасындағы қайшылықтар мен текетірістер осыдан туындаған. Шындығында, жәдидшілдік білім берудегі жаңашылдыққа деген ұмтылыс еді. Одан ұлттық бірегейлік бұзылған жоқ.

Ал Кеңестер Одағындағы білім беру тұсындағы атеистік насихаттар бірегейліктің сақталмауына алып келді. Мультикультурализм соңғы уақыттарда пайда болған термин, оның тарихи келбетін шындығында, «протомультикультурализм» деп атасақ, бұрыннан-ақ қалыптасқан үдеріс. Тарихта мәдениеттердің сұхбаттастығымен қатар күресі де болғандығы ақиқат. Бірақ бұл тұста, күрделі және екіұдай шындықтар бар.

Осы тұста, қазіргі таңда да жаңашылдыққа деген ұмтылыстың адасушылық және интенсивті дамушылық жақтары бар. Бүгінгі таңда еліміз «Цифрлы Қазақстан» бағдары бойынша өмір сүруге және экономиканы дамытуға қарай бет

бұрып отыр. Егер де бұл беталысты шет елдік жағымсыз идеология деп қабылдасақ, онда әлемдік өркениет көшіне ілесе алмай қаламыз.

Цифрландыру жағдайында да ұлттық руханияттылық өз мәнін сақтай алады. Біз үнемі мысалға алатын Жапонияның өзіндік ұлттық дәстүрі мен өркениеттік даму бағдарын қатар алып жүріп отырғандығы осының айғағы.

Дәстүршілдік пен жаңашылдық диалектикалық бірлікте болуы тиіс. Бірақ дәстүршілдік қанша пайыз немесе жаңашылдық деңгейі қаншалықты болуы тиіс деген сұраққа олардың тоғысуы әрдайым тарихи жағдайларға сай нақтылы шешіліп отыратынын алға тартуға болады.

Юваль Ной Харари: «Жаңашыл мүмкіншіліктердің қазіргі заманда аз ғана бөлігі іске асырылуда. Айталық, заманауи қоғам мен мәдениет биологиялық тәуелділіктен ажырауда. Біздің қоршаған ортаны өзгертуде ғана емес, ішкі әлеміміздегі құндылықтар да қарқындап өзгеруде. Осыған байланысты қоғамдық үрдістердің көп бөлігі дәстүрлі қоғамның түсініктерінен шығып бара жатқандықтан қайта қарастыруды талап етеді» [154], - деп атап көрсеткен болатын.

Тарихта әлемге әйгілі болған түркілердің мұрагерлері, жауынгер Қазақ халқы неліктен орыстарға 300 жыл бойы отар болғандығы өздігінен-ақ түсінікті. Себебі ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Еуропада от қарулары пайда болды. Қылыш пен найзамен соғысатын заманның өткендігін олар түйсінген жоқ. Бағынбаған қазақ жұртын ресейліктер зеңбірекпен атқылады. Міне, бұл жаңашылдыққа деген интенсивті бетбұрыстың болмауының салдары. Сондай-ақ, қазіргі таңда да электронды үкімет пен цифрландыру бағдарламасын жоққа шығаратын болсақ, кейіннен артта қалған елдер қатарына енеміз.

Ұлттық бірегейлікті толыққанды сақтау үшін де жас ұрпақтарды жаңа технологияларды игеруге баулуымыз қажет. Заман ағымына сай бірегейлікті сақтау өзінің форматтарын өзгертіп отырады. Бірақ оның нақты формуласы болмайды. Техногендік даму интернационалды, ол белгілі бір ұлттың немесе халықтардың жеке мәдениеті емес. Ғылым да интернационалды, дегенмен қоғамдық ғылымдар саласында этнопсихология, этнопедагогика, ұлттық философия сияқты салалар бар. Олардан білім алған ұрпақтар халқымыздың ұлттық болмысын оқып үйреніп келеді. Ұлты қазақ жас ұрпақ ағылшын тілін меңгеріп, орысша сөйлеп, қазақ тілін меңгермей, басқа мәдениеттерге еліктегенмен, оның генетикалық кодтары сақталады, бұны ешкім өзгерте алмайды.

Заман ағымы қазіргі таңда тез өзгереді. Кейбір аға буын мен теориялық және көпшілік санада жастардың басқа мәдениеттерді қабылдауға деген ұмтылыстары бар екендігі туралы айтылады. Бірақ біз бұл тұста заман ағымы мен әлемдік даму беталыстарына сай ұлттық бірегейленудің әрдайым қажет екендігін айта аламыз.

Осыдан бірнеше жыл бұрын «қазақстандық ұлт» идеясы пайда болғандығы белгілі. Бірақ бұл елімізде тұратын азшылық ұлттар тұтастай қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін қабылдап, өздерінің дәстүрлері мен өмір сүру салттарын жоғалтуы тиіс деген сөз емес, олай болмайды да. Тіптен туыстас түркі халықтары да ассимиляциялана алмайды. Нақты қарапайым мысал келтірсек, домбыра

аспабының қырғыз, өзбек, татар, т.б. халықтардағы өзіндік нұсқалары бар, ол осыдан бірнеше ғасырлар бұрынғы дифференциацияланған үлгілердің жиынтығы. Қазіргі таңда да олар өздерінің осы аспаптарын өнер жолында қолданады.

Олардың барлығын біріктіріп, ортақ домбыра аспабын жасап шығару идеясы болса, ол ақылға қонымсыз. Осыдан он шақты жыл бұрын ортақ түркі тілі идеясы ұсынылды. Халықаралық қатынас тілі қазіргі таңда ағылшын тілі болып саналады және ол бірнеше жылдар бойы сақталады. Ал ортақ түркі тілі жөніндегі зерттеулердің өз болашағы бар, өйткені тілдің кез-келген музыкалық аспаппен салыстыруға келмейтін терең ақиқаты бар, ол-әмбебап рухани құрал, рухани құндылық. Түркі тілдерінің шығу тегі ортақ, бұлар туыстас тілдер, олардың рухани тамыры бір. Әңгіме барлық бұл халықтар бір ортақ тілде сөйлесін деген пікір болмауы тиіс. Бұл бағыттағы ізденістердің мән-маңызы туыстас халықтардың бірлігінің терең тарихи тамыры бар екендігін дәлелдеуде, сөйтіп түркітілдес халықтардың тарихи бірегейлігін негіздеуде жатыр.

ҚР Конституциясында мемлекеттік тіл қазақ тілі болып қабылданған. Ол елімізде тұратын басқа халықтардың өз ана тілдерін ұмыттырудың идеологиясы деген мағына білдірмейді. Сонымен қатар, жергілікті ұлт қазақ халқы басқа халықтардың тілін меңгеруі де талап етілмейді. Ал бірақ ағылшын тілін игеру қазіргі заман талабы, бірақ ол қазақ тілін ұмыттыру деген саясат емес.

2. «Бірегейліктің түрленуі» деп атауға болатын құбылыс туралы, алдымен, генетикалық-физиологиялық негіздегі мәселені таразылаймыз. Мәселен, қазақтардың басқа ұлт өкілдерімен некелесуі. Ол негізінен алғанда, генетикадағы хромосомалар туралы пайымдауларға көз жүгіртсек, ұрпақтардың коды ер адам жағына қарай тартылады. Бірақ дегенмен, қазақ халқындағы «қан» деген ұғымға байланысты алғанда, ген таза абсолютті жұптасқан адамдардың тек біреуіне ғана қатысты емес. Халқымызда «нағашыларына тартқан» деген ұғым бар. Сонда өзге ұлт өкілдерімен отбасын құрған ұлты қазақ азаматтардың ұрпақтары қандай болуы ықтимал?

Интернационалды отбасылардың жиі кездесуі, ол еліміздің көпұлтты мемлекет болуымен де байланысты. Бірақ оның тарихи тамырлары да жоқ емес. Тарихи деректер бойынша, көршілес ғұндар мен қытайлардың арасындағы бірнеше ғасырға созылған қақтығыстар мен бейбіт қатынастар әр түрлі жағдайда шешімін тауып отырған. Қытай билігінің саясаты өздерінің қыздарын ғұн билеушілеріне тұрмысқа беріп отырумен де жалғасын тапқан, одан соң «қытайлық жиендерге» анасы қытай идеологиясын жүргізген. Ол ғұндарға деген реваншизмді қалыптастырудың психотехникасы деп айтуымызға болады.

XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының кейбірі орыс, татар халқы өкілдерінің қыздарымен жұптасқан. Оның өзіндік себептері де бар сияқты. Ол қазақ қыздарының сол кезеңдегі сауатсыздығы және олармен жұптасуға деген ықылассыздықтан туындаған болуы ықтимал. Себебі керітартпа исламдық дәстүрлер қыз балалардың білім алуын қаламаған. Осындай архетиптер бүгінгі таңда да солғындау түрде елес береді. Гендерлік саясат туралы қоғамдық пікір

талқысында «әйелдердің билікке, ғылымға ұмтылуы дұрыс па, әлде теріс пе?» деген сауал бар. Бұл өз алдына бөлек мәселе.

Интернационалды отбасын жалпыласақ, отбасылық мультикультурализм немесе нақтырақ айтсақ, «дуакултурализм» деп атап айтуымызға болады. Әрине, олардың адаптациялануы мен дезадаптациялануы жеке жағдайларға байланысты болып келеді.

Ендеше, «олардың ұрпақтары генетикалық жағынан абсолютті түрде ұлттық бірегейлікте бола ала ма?» деген сауал туындайды. Бұл іргелі мәселелік алаңға шығарылады және жаратылыстану ғылымдарының зерттеу объектісі болып табылады.

Бұл да бірегейліктің генетикалық тұрғыдан алғандағы түрленуі сияқты. Дегенмен, бұндай үдеріс тек қазақ халқында емес, тарихи дәуірлер алмасуындағы бүкіл әлемдік жағдай. Бұндай интернационалды отбасы құрудан жойылып кеткен халық немесе ұлт тарихта тіркелмеген.

Екінші жағдай, ішінара рухани мәдениеттің белгілі бір саласының құбылуы. Қазақ халқында: «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген даналық ұғымы бар. Яғни қазақ халқының руханияты, оның ішінде өмір сүру салттары мен ғұмыр кешу туралы даналық пайымдаулары үздіксіз сұрыпталып отырады деген сөз.

Ол тарихи таным бойынша айқындалады. Мәселен, зороастризм сеніміндегі жерлеу дәстүрінде мүрдені құстардың жемтігіне арнау біздің көне дәуірлердегі салтымызда болған болуы ықтимал екендігі туралы айтылады. Қазіргі таңда түсірілген ғұндар туралы «Келін» атты фильмде осы көріністер анық байқалады. Бүгінде біздің халқымызда ондай салттар мүлде жоқ, жоғалған немесе ұмыт болған немесе «тозығы жеткен» дәстүр ретінде қабылданған.

Тәңіршілдікке сенген түркі халықтарында жауын жауған сәтте найзағайдан қорқу фобиясы болған, ол да бірте-бірте жоғала бастады. Дегенмен, Кеңес Үкіметі тұсында «Озығы бар» дәстүрлеріміз де ұмыт бола бастады. Реэтнизация циклы түрде қайталанып тұратын құбылыс. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, қайта қазақтандыру немесе қайта ұлттық бірегейлендіру бойынша, руханиятымыз жаңғыра түсті. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, зороастризм сеніміндегі «Наурыз» мерекесі қайтадан қолға алынды. Ол зороастрлық сенімдегі салт-дәстүрлер мен тұрмыс қалпының кейбір бірліктерін (единицаларын) сұрыптап алу деп айта аламыз.

Бұндай үдерістер ғылыми түрде верификацияланбайды немесе З.Фрейд теориясындағы «Жоғарғы-Мен» психикалық құрылымымен өлшенбейді. Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі мыңдаған жылдар бойы сұрыпталып, өңделіп, өзіне-өзі ішінара бірегейленіп, қайталанатын құбылыс. Сондықтан ол ұлттық болмыстың тек руханиятының ғана емес, жалпы жасампаздығының негізгі шарттарының бірі болған.

Бұл мыңдаған жылдар бойы сабақтасқандықтан, қазіргі таңда да бірегейленудің әр түрлі форматтарын қабылдайды. Атап айтқанда, дәстүрлеріміз таза абсолютті түрде бірегейленуді мақсат етпейді немесе ол өзгермейтін мистикалық абсолютті рух емес.

Ұлттық мәдениеттің белгілі бір саласындағы құбылулар модернизациялану емес, өзара ауысулар мен өзгерістерге алып келеді. Оған да экзогенді және эндогенді факторлар ықпал етеді. Ұлттық мәдениет тұтас құрылымдық жүйе және оның салалары мен элементтері бір-бірімен үндесіп жатқанымен, оның бөліктерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен дербестіктері бар.

Ал олардың құбылуы ұлттық руханият пен рухқа, дүниетаным мен ділге байланысты. Сайып келгенде, оның субъективті факторлары халықтың санасындағы әр түрлі трансформациялардан туындайды. Негізінен алғанда, ұлттық код үнемі модернизациялануды қаламайды, кейде либералдық, кейде консерваторлық аңсар бойынша да жүріп отырады. Ішінара құбылу кейде бумеранг секілді болып та келеді. Мәселен, 1917 жылға дейін халқымызда көп әйел алушылық дәстүрі сақталған, кейіннен ол жойылып, қазіргі таңда оның кейбір белгілері ресми емес түрде қайтадан байқалып отыр.

Бұндай бірегейлену беталыстары сыртқы идеологиялар мен басқа мәдениеттер ықпалымен де сырттан таңылады. Тұтас қазақстандық мультикультуралистік мәдениет те, идеологиялық тұрғыдан алғанда, органикалық біртұтастық. Осыған орай, басқа да халықтардың мәдениетінің элементтері жергілікті қазақ халқының дүниетанымына ықпал етуі ықтимал. Бірақ бұл біздің халқымыздың мәдениеті отанымыздағы әрбір халықтардың құрандысымен толығады деген сөз емес. Ол таңдаулар мен іріктеулер, сұрыпталу мен таңдап барып қабылдаулар арқылы жүріп отырады.

3. Мультикультурализм жағдайындағы «бірегейлену оқшаулығы» деп те атауға болатын құбылыс туралы. Әрине, қазіргі жаһандану заманында, көп ұлтты және көп конфессионалды саясат ұстанған еліміздегі бейбіт қатар өмір сүру жағдайында таза абсолютті оқшау мәдениеттің болуы мүмкін де емес. Дегенмен, салыстырмалы түрде оқшаулану үдерістері қоғамдық пікір мен теориялық сана дискурстарында кездеседі.

Оқшаулықты философиядағы «Мен», «Біз», «Олар», «Өзге», «Басқа» сияқты түсініктерімен де байланыстыра қарастыруымызға болады. Макс Шелер бөгдені сезіну онымен арақашықтықтағы қатынасты сақтай отырып, «Бөгдені» түсінетіндігін атап өтіп, ұнатудың әсерімен өзінің «Мені» арқылы оның да «Менін» түйсінетіндігін, «Бөгде» бірақ та өзін-өзі танытатындығы туралы ойларын пайымдайды [155].

Ал Э.Гуссерль өзінің феноменология ілімінде «Мен» және «Бөгде» ұғымдары таза сананың актілері екендігін айта келе, «Бөгде» тікелей берілетін таным емес, олардың арақатынасының трансценденциялы екендігін пайымдап, «Мен» және «Бөгденің» тең құқықтылықта екендігін атап өтеді [156]. Ж.П. Сартр бұл мәселені жеке тұлғалық қатынастар бойынша экзистенциалдық тұрғыдан таразылайды. Оның түсінігі бойынша, екі адамның қарым-қатынасы әрқайсысының Өзі емес екендігін түйсінумен жалғасын тапқанмен, «Бөгде—үшін—болмыс» «өзі—үшін—болмыстық» құрылым болып табылмайды [157]. Ойшыл сондай-ақ, оқшаулық пен жалғыздық ұғымдарына тоқтала отырып, басқаларды жат деп есептейтіндігін және Мендер-дің әр түрлі екендігі олардың

бірін-бірі толық түсіне алмайтындығына байланысты екендігі туралы тұжырымдар жасайды.

Г.З. Абдрасилова қазақтардағы «Мен»-«Бөгде» қатынасын басқаша түсіндіреді. Ол әрбір тұлғаны жетілдіруге көмектесетін тарихи қалыптасқан шындық деп ой түйіндейді [158].

Осы айтылған пікірлерден мультикултурализмнің өзіндік феномені мен тамырларын айқындау үшін жалпылама талдаулар жасадық. Оның да жалпыдан жекеге өту бойынша әлемдік және халқымыздың өмір салтына байланысты қырларын мынадай тізбекпен кесте бойынша көрсетуімізге болады (кесте 1).

Кесте 1

Біз	Өзге
Адамзат	Өзге планеталықтар (мистикалық)
Этнос немесе халық	Басқа халықтар мен этностар
Жергілікті ұлт (мысалы қазақ халқы)	Сол елді мекендейтін басқа халықтар
Тұрғылықты қазақ халқы	Оралмандар
Жүзге бөліну бойынша өзінің жүзі	Басқа да жүздер
Жүз ішіндегі өзінің руы	Басқа да рулар
Өзінің мекендейтін тұрғылықты аймағы	Басқа да аймақтар тұрғындары
Өзінің отбасы мен туыстары	Басқа отбасы және басқа да туыстары
Жеке тұлғаның өзі	Басқа де жеке тұлғалар

Жоғарыда келтірілген философтардың пікіріне орай, біз мультикультурализм мен ұлттық бірегейліктің арақатынасын былайша нақтылап, өзіміздің зерттеу тақырыбымызға байланысты таразылай аламыз.

Айтылған арақашықтық ұлттық құндылықтар мен еліміздегі басқа да халықтардың мәдениеттері арасындағы арақашықтық, өйткені олар тұтасып кетпейді, ал өзара кірігіп, сіңісіп кетсе, онда мультикултурализм «мегакультурализм» деп атауға болатын құбылысқа алып келеді. Бірақ ол арақашықтықтың нақты өлшемдері, біздіңше, осындай әр түрлі мәдениеттердің тарихи эволюциясында сақталып қала береді. Көріп отырғанымыздай, аналогиялық түрде, арақашықтықты сақтау, ол жек көру немесе бірін-бірі түбегейлі жоққа шығару арқылы емес, «ұнату» арқылы жүзеге асады. Ол жоғарыда кестеде көрсетілгендей, жеке адамдар арасындағы қатынастан бастап, жалпы адамзаттық деңгейіндегі қатынастарды түйсінуге болатын оңтайлы дүниетаным.

Осы тұста, Ә. Нысанбаевтың «Өзара түсіністік философиясы» туралы идеясын мысалға алуымызға болады. Ол қазіргі заманғы Қазақстандағы көп ұлттардың дәстүрлері мен дініндегі айырмашылықтарға қарамастан түсіністікте болуы қажеттігіне негізделіп философиялық пайымдаулар жасайды. Академик Ә.Н.Нысанбаев қазақ халқының бірегейлігінің тарихи алғышарттарының философиялық тұғырнамасын Әл-Фараби мен Абай Құнанбаевтың шығармашылығынан туындайтынын, Әл-Фарабидің әлем мәдениеттерінің (антика заманының, Шығыстың, түркілік аймақтың және қазіргі кезеңнің)

арасындағы өзара түсіністіктің көпірін салушы сәулетші екендігін көрсетсе, ал Абай гуманист, ағартушы және ойшыл ретінде жалпы адамзатқа тән махаббат сезімі әділеттілікті баса айтқанына сілтеме жасап, Еуразиялық бірегейліктің түп негізінде мәдени диалог пен өзара түсіністік философиясы жатқанын өзінше дәлелдейді [159,]. Демек ұлттық бірегейлік еуроазиялық бірегейлікке ұштасып, заманауи жаһандану заманында жаңа түрге, жаңа мазмұнға ие болатынына меңзейді. Белгілі мәдениеттанушы, ғылым докторы Ж.Мүтәліпов Еуразия бірлестігі мен оның мәдениетін, жалпы «Еуразия» идеясын Шығыс пен Батыс диалогының (сұхбатының) бір маңызды бөлігі ретінде қарастырып, бұл мәселенің әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететініне көңіл аударады [160].

Бөгденің өзін-өзі таныту себебі, ол өзі үшін «Бөгде» емес, ол өзі үшін «Мен», тек өзге үшін ғана «Бөгде» болып табылады. Сондықтан да, «Бөгде» сол өзінің «Мені» арқылы «Басқа бөгделерге» «Мені» бар екендігін айқындайды. Қарапайым тілмен түсіндірсек, кішкентай балалардың өзі өзін-өзі қоршаған ортасына, тіпті ата-анасына танытады, өзінің де тұлға екендігін мойындаттыруға ұмтылады, отбасындағы, өмірдегі, тұрмыстағы кейбір жағдайлармен келісе бермейтіндігін жариялайды.

Қазақ халқы да, Ресей отаршылдығына қарсы сәтсіз болса да, көптеген баскөтерулер ұйымдастырған. Міне, бұл қазіргі тілмен айтқанда, «пиар» емес, Ресей отаршылдары түсінігіндегі «Бөгденің» өзін-өзі танытуы болып шығады. Қазақтар сол кезеңдерде ресейлік империя үшін «Өзгелер» болса, сол «Өзгелер» өздерін мойындаттыруға ұмтылды, ал Ресейлік призма тұрғысынан қаралған сол өзгелер, олар – «Біздер», яғни, Қазақ халқы.

Әрине, «Бөгде» немесе «Мен» адам санасындағы жіктеушілікпен байланысты. Олар тең құқылы. Мысалы, қазақстандық ұлттар арасындағы әрбір халықтардың мәдениетін жоғары-төмендік сатыға қоюға болмайды. Ал қазақ мәдениетінің белгілі мағынасындағы «басымдылығы», біріншіден, отаршылдық дәуірінде ұмыт болған болмысымызды қайта жаңғырту, ұлттық бірегейліктен ажырап бара жатқан табиғи қалпымызды қайта қалпына келтіру, мемлекет құраушы ұлт ретінде өз руханиятын өркендетудің «парыз» екендігімен байланысты. Мәселен, корейлердің, немістердің, татарлардың, орыстардың өз отандары бар. Олардың мәдениеті жер бетінен жойылып кетпейді, аймақтық тұрғыдан шекаралары бекітілген жерлерінде сақталып қала береді. Ал Қазақстан – қазақтардың отаны. Бірақ біздің еліміз «Мен» және «Бөгденің» тең құқықтылығына нұқсан келтірмейді. Оған төзімділікпен қарайды және арақатынастарды ресмилендіреді, Қазақстан халқының Ассамблеясы арқылы ұлттардың өзара тең құқықтылығын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Жоғарыда ұсынылған Ж.П.Сартрдың пікірлері экзистенциалдық сипаттағы оқшаулануға байланысты. Әрине, әрбір адам ол өзі, оны өзгелер сол адамның дәл өзіндей түсіне бермеуі мүмкін. «Бөгде–үшін–болмыс» «өзі–үшін–болмыстық» құрылым болып табылмайды деген түсінігі де еліміздегі қаншама әр түрлі мәдениеттер болғанмен, олар тіптен түбі бір түркі халықтарының руханияты болса да, олардың ешқайсысы қазақтардың ұлттық бірегейлігіне тұтасып кете алмайды немесе халқымыздың мәдени-рухани дәстүрлерінің құрамдас бөлігі

болып табылмайды. Белгілі бір деңгейде ықпал етуі ықтимал, бірақ бірегей болмысына сіңірілмейді.

Болмыс жалпы тіршіліктің бір ғана бөлшегі емес, ол жалпы бар болу мен сақталу. Осыған орай, қазақтардың ұлттық бірегейленуі жеке жағдайлармен шектелмейді. Қазіргі таңдағы ұлтжанды азаматтардың кейбірі тек ана тілінің қолдану аясын кеңейту мәселесін қолға алып отыр. Ол оңды, игілікті қадам. Бірақ бұл үдеріс бірегейленудегі руханилықтың бір ғана саласын қамтиды. Бірегейлену, тіл, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, т.б рухани кодымыздан бастап, ұлттық экономика мен Қазақстанның әлемдік сахнадағы беделін арттыратын брендтерге дейінгінің барлығын қамтиды.

Қазақстанда 130 дан астам ұлт өкілдері тұратын болса, олардың әрқайсысының өзіндік төл мәдениеті мен өмір сүру салты бар. Әрбір мәдениет «өзгелердің» өзінің мәдениеті емес екендігін түйсінеді. Біздің таным түсінігімізге, ділімізге сай келмейтін басқа халықтардың кейбір салттарын қаншама құрметтесек те, оның ішкі мәнін толықтай абсолютті түрде қабылдай алмаймыз. Сәйкесінше, отанымызда өмір сүріп отырған әрбір халықтар өздері үшін «өзгелердің», оның ішінде, қазақтардың да өмір салттарын толықтай ішкі мәнін тереңнен түйсіне алмайды, бірақ бәрі де түсіністікті қалайды. Түсіну мен түсіністік тура синонимдес ұғымдар емес.

Ал отандық зерттеушілер бұндай қатынастарды ділімізге орай өзгешерек түсіндіреді. Жоғарыда айтылғандай, Г.З. Абдрасилованың пікірлеріне тоқталып өтсек, ол «Мен»-«Бөгде» қатынасының тарихилық ұстанымында әрбір тұлғаны дамытуға бағдарланған көрінісі екендігін түсіндіре келе, оның Қазақ халқындағы құрылымы туралы айтуының себебі, шындығында, бұл құбылыстың әрбір ұлттар мен ұлыстардың өзіндік діліне байланысты шешімін табатындығымен келіп орайласады.

Қазіргі таңда еліміздің көпұлтты және әр түрлі діндердің өзара келісімділігі саясаты, мультикультурализм табиғатын айшықтап берді немесе оның алғышарттары болды. Бұл ұлтаралық қатынастардың және олардың ынтымақтастығының өзіндік келбетін құрды.

Бұл тұста еліміздегі мультикультурализм мен жоғарыда аталған ұйымның құрылуының саяси-әлеуметтік қырлары мен маңызына тоқталып өтуімізге болады.

1.Еліміздегі басқа ұлттардың XIX ғ. бастап, XX ғ. орта шеніне дейінгі қоныс аударулары Қазақстанды сайып келгенде көп ұлтты мемлекетке айналдырды. Бірақ жергілікті халықтың жалпы психологиялық климаты мен қонақжайлылық дәстүрі оларды қабылдады. Сондықтан, кейіннен олар бірте-бірте біздің еліміздің тұрақты тұрғындарына айналды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін зайырлы, құқықты және ұлттық толеранттылық саясатын ұстанатын мемлекет құрды. Көріп отырғанымыздай, бұндай бағдарлар отанымызда өмір сүріп отырған халықтардың бейбіт қатар өмір сүруін ресмилендіріп, арнайы ұйым құрды. Ол өздігінен тарихи өзгерістерге байланысты еліміздегі мультикультуралистік ұстанымды қажет етті.

2. Қазақстан Халқының Ассамблеясы мен мультикультурализм, жалпы алғанда, әлемдегі барлық халықтардың бейбіт қатар ынтымақтастықта өмір сүруінің шағын үлгісін жасап берді. Бұл үдеріс жергілікті халықтың ұлттық кодын сақтай отыра жүргізілуге болатындығын дәйектеді және өзінің өміршендігін жобалады.

Жапондық ғалым Рё Накай да: «Мультиэтникалық қоғамдағы көпшілік немесе азшылық ұлтқа қарамастан әр азаматтың саяси-әлеуметтік және сайлау үрдістеріне қатынасып, азаматтық ұстанымдарын көрсетуі олардың ұлттық бірегейлігі мен өз ұлтына деген мақтаныш пен бағалау сезімін арттыра түседі» [161], -деп тұжырымдаған болатын.

3. Қазақстанның көп ұлтты келбеті халқымыздың бірегейлене түсуіне әлеуметтік психологиялық тұрғыдан ықпал етті. Жоғарыда кестеде көрсетілгендей, «Мен» және «Өзге» арасындағы қатынастар аймақтық және руаралық тармақтарға да бөлінеді. Ғылыми танымда дәйектелгендей, трайболистікке жуықтайтын климат біздің қоғамда да елес береді. Ендеше, көп ұлттық кеңістік қазақтардың өздерін «Біз» деп санап, өзара бірегейленуіне алғышарттар жасады.

4. Еліміздегі 130-дан астам ұлттардың өзіндік мәдениеттерін жаңғырта түсуі олардың тұрмыс салттары мен рухани мәдениетін игеруге ықпал етті. Өзге халықтар мәдениетін зерттеу немесе олардың тілін меңгеру ұлттық бірегейліктен айрылуға бетбұрыс дегенді білдірмейді. Халықтар мәдениетін зерттей отыра, зерделей келе, өзіміздің халқымыздың ұрпақтар алмасуы арқылы бірегейлікті сақтаудың тиімді жобаларын олармен салыстырып барып құруға мүмкіндіктер ашады.

Бірегейленудің келесі бір тұрмыстық-әлеуметтік келбеті географиялық аймақтық қоныстану ерекшеліктеріне байланысты. Бұл жерде айта кететін маңызды жайт, ауыл, қала, мегаполистер және Қазақстанның солтүстік, оңтүстік, батыстық және шығыстық аймақтарда өмір сүретін қазақтардың тұрмыс салтына байланысты мәселелерге қатысты болып отыр. Кеңес дәуірінде қала мен село арасындағы айырмашылықтарды жою саясаты жүзеге асырылды, одан соң әлеуметтік ғылымдарда қала мен ауыл әлеуметтануы тақырыптары арнайы қозғалды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап кейінгі жылдары оңтүстік Қазақстан облысындағы жергілікті қазақтарды солтүстік облыстарға қоныс аударуға деген ынталандыру саясаты жүргізілді. Бұл тек саяси ұстанымдар емес, біз қарастырып отырған ұлттық бірегейлікке, оның ішінде, «оқшауланған бірегейлікке» тікелей қатысты әлеуметтік философиялық мәселе.

Кеңес дәуіріндегі қала мен село арасындағы айырмашылықтарды жою, ол алдымен экономикалық ахуалға және тұрмыс қалпы арасындағы алшақтықты түзетумен байланысты болды. Бірақ, бұл тұста, ұлттық бірегейлік туралы мәселе қозғалған жоқ. Шындығында, ауылдық мекендерде пайыздық мөлшер бойынша, қазақтардың саны артық, өзге ұлт өкілдері сирек тұрады. Ал қалалық жерлерде, оның ішінде мегаполистерде әр түрлі ұлт өкілдерінің сандық көрсеткіштері ауылға қарағанда жоғары екендігі түсінікті жайт.

Олай болса, ұрпақтар сабақтығының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызды факторларын қарастыра келе, аймақтық орналасу бойынша қойылып отырған мәселеге қатысты ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтарды былайша жіктеп көрсете аламыз: (кесте 2).

Кесте 2

Ауылдық жерде	Қалаларда
Қазақ халқының саны басым болғандықтан, ұлттық тұрмыс салтының белгілері сақталған және басымдау	Қазақ халқымен қатар басқа да ұлт өкілдері мекен еткендіктен, дәстүрлер сабақтастығының бірегейлене түсуі ауылдық жерлерге қарағанда төмендеу
Отбасында бала санының қалаға қарағанда көбірек болуы	Ауылға қарағанда отбасына ұрпақтардың аз келуі
Ауылдық жерлердегі тұрғындардың жас ерекшеліктеріне байланысты, аға буын («Көне көз қариялар») көбірек, сондықтан олар көнеден қалған дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға бейім	Қалалық жерлерде аға буын өкілдері аздау және олар көбінесе ресейлік, еуропалық дәстүрлер бойынша өмір салтын кешеді
Ауыл тұрғындары кез-келген ұлттық мүддеге қатысты емес жаңалықтарға күдікпен қарайды (Мәселен, ауылдық жерлерде неге ажырасу аз?)	Қалалық жерлердің тұрғындары саяси үдерістерді тез қабылдайды және оның барлығын инновациялар деп түсінуге бейім келеді.
Ауылда ұлттық рух өздігінен стихиялы табиғи деңгейде сақталады	Ұлттық идеология ресмиленген арнайы шаралар негізінде іске асады және кей жағдайда жасандылық байқалады
Ұлттық өнер, спорт майталмандары, т.б. ауыл жастарынан көбірек өрбіп шығатындығы туралы пікірлердің де астарында шындық бар	«Асфальт қазақтары» деген қоғамдық санадағы пікірлерге орай, олар ғылыми-техникалық өркениетті басым орынға қояды
Қазақ тілін барлығына жуық дерлігі өте жетік меңгерген	Әлі де болса, маргинализм байқалады
Этикаға көбірек көңіл аударады	Этикетті сақтауға көбірек назар аударады

Ескерту: біздің зерттеу еңбегіміз әлеуметтік философиядан болғандықтан, біз аталған мәселелер бойынша әлеуметтанулық арнайы сауалнама жүргізген жоқпыз, қоғамдық пікірлер мен ғалымдардың ойларын негізге алдық.

Көріп отырғанымыздай, ауылдық жерлердегі қазақтар бірегейліктің оқшауланған формасында ерікті-еріксіз түрде тұрмыс кешеді. Ал қалалық жердегілер де еріксіз түрде мульткультуралистік кеңістікте өмір сүреді.

Қазіргі таңда ауыл мен қала арасындағы экономикалық, өркениеттілік, тұрмыстық жағдай бірегейленіп келеді, ал ұлттық руханият пен өмір салты арасында әлі де болса айырмашылықтар бар. Бұл тұста, «қайсысының ықпал өрісі қоғамдық беталысы күштірек және нәтижесі қандай болмақ?» деген сауал туындайды. Бұл мәселе заман ағымына орай, өзінің реалды көрінісін айғақтап береді.

Қазақстан аумағындағы геосаясат пен Кеңес дәуіріндегі идеологияға байланысты солтүстік облыстарда өзге ұлт өкілдері, әсіресе орыстар мен

немістер көбірек болғандықтан, олардың да отандық рухани кеңістікте өзіндік орны бар. Ал оңтүстік облыстарда, Ақтау мен Атырау облыстарында «қазақылық» деп атауға болатын өмірлік салттар кеңірек орын алады. Осыған орай, оңтүстіктегі қазақтарды солтүстікке қарай қоныстандыру ол өлкелердегі қазақы болмысты күшейте түсу мақсатын қолдаудан туған. Бұл тұста, олардағы ұлттық бірегейлік еліміздің басқа аймақтарынан оқшауланған деген түсінік тұмауы тиіс.

Ендеше, ұлттық бірегейліктің тегіс форматын құру оңтүстік облыстардағы жастарды солтүстікке қарай қоныс аударуға деген ынталандырумен жалғасын тапты. Тұтас ұлттық бірегейлік құру идеясына келесі бөлімдердегі перспективтік бағдарлар аясында тоқталып өтетін боламыз.

3.3 «Мәңгілік Ел» идеясы аясындағы ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті жетілдірудің көкжиегі

Жалпы адамзат дамуы соңғы ширек ғасырға жуық уақытта өзінің әлемдік саяси сахнадағы мемлекеттілік деңгейі мен ұлттық бірегейлігін одан әрі нығайта түсу қажеттілігінің аса маңызды екендігін өзара бәсекелестік аясында тереңірек ұғындырғандай болды. Сондықтан әрбір мемлекет жаһандану жағдайында ұлттық қауіпсіздігін сыртқы саясат пен ішкі саясат арнасында нығайта отырып, жаңа идеялар мен идеологемаларын ұсынып, оны жүзеге асырудың нақты қадамдарын қолға алуы тиіс екендіктерін түйсінді.

Қазіргі таңда кейбір еуропалық мемлекеттер мультикультурализм идеясына да сын көзбен қарайды, оны ұлттық бірегейлікпен қатар жарыспалы түрде алып жүрудің тетіктерін іздестіру үстінде. Бұндай үдерістерден біздің еліміз де тыс қала алмайды. Сондықтан да, халқымыз ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтап, оның мызғымастығын ұстанатын тұжырымдарын ресми түрде немесе ресми емес түрде болсын іске асыруды қолға алған.

Осыған орай, айта кететін бір жайт: ұлттық бірегейлік пен еліміздің жарқын болашағын қамтамсыз етуге арналған бағдарламалар, идеялар мен руханияттық кеңістігіміздегі ықпалды тетіктерді, мемлекеттік идеология негізінде ұсынылған жобаларды мынадай стратегиялық бағдарларға ажыратқанды жөн көрдік.

Біріншісі - тәуелсіздік рухын өркендете түсу барысындағы шаралар, «Мәдени мұра», «100 кітап», «Рухани жаңғыру» және т.б. бағдарламалар нақты прагматикалық арнадағы іс қимылдар және орындалуы тиісті өз нәтижелерін жақын уақыттарда жариялауы қажет мотивациялар. Олар арман-мұраттар емес, абстрактіліктен нақтылыққа көшудегі қажетті іс-қимыл мен халықтың сұранысынан туындап отырған қоғамның рухани саласына аса көңіл бөлінген көпшілік пен мемлекет бірлесе отырып атқаратын маңызды ахуалдар. Ол белгілі бір өлшемдерде өзінің нәтижесін көрсетті және болашақта да бұл қызметтер өрлей түседі [162].

Екіншісі - алыс болашақ пен мұраттар деп атауымызға болатын жалпылама концепттер және рухтандырушылық рәміздердің идеялық және материалдық бірлігі. Атап айтсақ, «Барыс» рәмізі, «Мәңгілік Ел» идеясы, «Ұлы даланың жеті қыры» тарихнамасы және т.б. Мәселен, Барыс жай ғана титул емес, көне

замандардағы мифологиядан сақталған және қазіргі таңда да әлем халықтарының дүниетанамында орын алып отырған, рухани қолайлы рәміздердің бірі болса, «жеті қыр» дегеніміз шындығында, түркілік өркениетті әлемге әйгілеудің есебі ғана емес, өткеннің шындығы, біз қарастырып отырған мәселеге байланысты түркілік және қазақы бірегейлікті тарихи жады арқылы жаңғыртып отырудың, циклды түрде қайта жаңартудың ғылыми тұрғыдан ұсынылған негіздемесі.

Ал «Мәңгілік Ел» халқымыздың түпкілікті мақсат-мұраттарының жалпылама тұжырымы, мұны біз қойылып отырған мәселемізге байланысты әлеуметтік философия тұрғысынан таразылап өтетін боламыз. Осыдан мәселені тарқату үшін мынадай екі тұғырдың бар екендігін ескердік: Мәңгілік Ел мұраты және бұл идеяда орныққан ұлттық бірегейлікке деген ұмтылысты ары жетілдіре түсу. Осыған орай, бізге Мәңгілік Ел идеясына концептуалды түрде шолулар жасап, оның ұрпақтардың мирасқорлығы және ұлттық бірегейлік ұстанымдарымен ара байланысын әлеуметтік философиялық негіздемелер бойынша саралап өту аса маңызды. Шындығында, «Мәңгілік ел» концептісімен ұлттық бірегейлік, ұрпақтар сабақтастығы ұғымдары тікелей байланысты.

«Мәңгілік ел» идеясына тоғысатын әлемдік философия тарихында белгілі бір деңгейде өрнегін өрбіткен арман-мұраттардың іске асуын аңсаған жорамалдар мен ілімдердің бар болуы заңды. Бұл ілімдер әлемдік руханияттың тарихы бойынша, Платонның «Атлантида» идеясынан бастау алып, кейіннен араб-мұсылмандық шығыстағы көрнекті ойшыл, әлемге танымал екінші ұстаз – әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбегінде көрініс тауып, одан соң Асан Қайғының «Жерұйық» идеясында қазақы мазмұнда жаңғырып [163], кейіннен батыс Еуропадағы Т.Мордың «Утопия аралы» еңбегіндегі әділеттік туралы пайымдауларымен сәйкестеніп, Т. Кампанелланың «Күн қаласы» атты туындыларындағы тұжырымдармен үйлесім тауып, К.Маркстың коммунизм теориясында жалғасып, бүкіл әлем халқының жаңаша өмір сүруінің үлгісін ұсынған еді. Алдымен, Мәңгілік Ел ұғымына қысқаша тоқтала келе, оның философиялық, семантикалық-логикалық мағынасын ашып алуымыз қажет. Бұл ұғым да екі бағдарда құрылады. Біріншісі, жалпы алғандағы «мәңгілік» ұғымы, екіншісі, «ел (ел болу)».

Қазақ Совет Энциклопедиясында мәңгілікке былайша анықтама берілген: «Дүниенің, болмыстың, материяның уақыт бойынша шексіз өмір сүруін білдіретін философиялық категория. Діни ілімдер мен идеалистік философияда: құдыреттің, құдайдың, «абсолюттің», «абсолютті идеяның, рухтың», «асбсолютті ақылдың», «әлемдік гармонияның» шексіздік сипатын дәріптейтін ұғым [164].

«Мәңгілік ел» концептін саясаттанулық тұрғыдан зерделеуші Ж.Сарсенбаева: «мәңгіліктің бастауы болғанымен, ешқашан аяқталмайтын үдеріс, шексіздік пен шетсіздік, тұңғыық және үнемі-үздіксіз бар болу, таза абсолюттілік, өміршендік, т.б. мағыналарды білдіреді. Мәселен, кеңістік пен уақыт – мәңгі: басталмаған, аяқталмайтын, шексіз, шетсіз, т.б. Қарама-қарсы ұғымы – өткіншілік, яғни уақытша ғана бар болу, кейіннен, әлемнен мүлде, із-түссіз жоғалу. Дегенмен, кейбір құбылыстардың мәңгілігі үздікті болуы да

ықтимал. Яғни уақытша жоғалып, реті келгенде қайтадан бар болып, өзінің болмысын әрі қарай жалғастыра береді», -деп түсіндірсе [165], арғытектік руханиятымызда, мәселен, зороастризм сенімінде ізгілік рухы – Ахура Мазда мен зұлымдық рухы – Анхра Майньюдің күресі мәңгі екендігімен байланысты архетиптер екендігіне көз жеткізе аламыз. Гильгамеш дастанында да мәңгілік өмір идеалы бар. Тәңіршілдік сеніміндегі орталық түсінік Көк те мәңгілік екенінен бастап, кейіннен Қорқыт бабамыздың мәңгі өмірді аңсауы, Ж. Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында: «Кісі мәңгі болмас, мәңгі аты, Арыға мәңгі қалар шапағаты», -деп көрсетілген пайымдаулары [166]. «Өлмегенде не өлмейді, әлімнің хаты өлмейді», -деп толғаған Бұқар жыраудың идеялары [167] және т.б. бүгінгі таңдағы «Мәңгілік ел» идеясының ұсынылуының және оның нығая түсуінің тарихи ділдік алғышарттары деуге де болады. Демек, «мәңгілік бар болу» жасампаздығы біздің халқымыздың ділінде сабақтасқан-ұйысқан арманы деуімізге болады.

Тұжырымдамада келтірілген қағидаттарға тоқталар болсақ, «Мәңгілік Елдің» қазіргі таңда басты жеті ұстанымы бар: біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; Мәңгілік Ел идеясының үшінші ұстыны: зайырлы қоғам және жоғары руханият; төртінші ұстын, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; бесіншіден, жалпыға ортақ еңбек қоғамы; алтыншыдан, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; жетіншіден, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік өмірмәнділік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысу.

Әрине, қазіргі таңдағы Мәңгілік Ел ұстанымдары нақ осындай, бірақ дәуірлер мен заман тынысына орай, қойылып отырған мәселелер іске асқан соң, жаңа мұраттар туындайтындығы заңды құбылыс.

Осыған орай, біз «Мәңгілік ел» туралы өзіміздің тұжырымымызды былайша тиянақтап көрсете аламыз: «Мәңгілік Ел дегеніміз – Қазақстанның жан-жақты даму стратегиясының негізгі бағдарларын қамтитын, өзінің одан әрі өркендеуінің арман-мұраттарының жиынтығы мен тәжірибелік мақсаттарының бірлігін білдіретін футурологиялық идеология».

Р. Әбсаттаров осыдан бірнеше жыл бұрын мемлекеттің саяси-әлеуметтік даму бағдарында ғылыми тұжырымдама қажет екендігін атап көрсеткен еді. Ол Қазақстан Республикасында әлеуметтік зерттеулер мен стратегиялық даму институттары болғанмен, бұлардың ғылыми негіздемелермен толығып отыруы тиістілігін мәлімдеп, елімізде ғылыми дискурстар аймағында футурология ілімінің дамуының кешеуілдеп қалғандығы және осы саланы қолға алу керектігі туралы өз пікірлерін білдірген еді [168].

Ендеше, біз «Мәңгілік Ел» идеясы аясында ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті жетілдіре түсудің бағдарларын ұсынуда алдымен оның әдіснамалық шарттарын көрсете аламыз.

Ұлттық бірегейленудің мынадай схемасы сақталуы тиіс: «Тұлғаның өзіне-өзі бірегейленуі – Отбасылық деңгей – Аймақтар арасындағы сәйкестік өресі – Ұрпақтар арасындағы сабақтастық – Тұтас ұлттық бірегейлік».

Тұлғаның перфекционистік негізде жетілуін ұлт тұлғасы ретінде бірегейленуімен ыңғайластырылған жағдайда, ол өзіндік Менін сол ұлттың өкілі болғандығын мақтаныш сезімімен байланыстырып, оны үнемі жітілдіре түсуі қажет. Бірақ ол белгілі бір өлшемдерде этникалық толеранттылықты сақтайтын тұлға ретінде қалыптасуы тиіс. Қоғам жай ғана адамдардың механикалық түрде біріккен жиынтығы емес, ол органикалық тұтастықтың руханиланған, мәдениеттелінген, әлеуметтендірілген және ілгері өрлеп отыратын ресмиленген конгломераты іспеттес. Сондықтан тұлға құндылығы қазіргі таңда «адам ресурсы», «адам капиталы» деген сияқты ұғымдармен аталып отыруына байланысты, әрбір қазақстандық азамат ұлттық идея аясындағы рухани кеңістікте ғұмыр кешкен жағдайда ұлттық бірегейліктің сақталуы өздігінен органикалық түрде жүзеге асады. Ол отанымыздағы әрбір тұлғаға қатысты индивидуалистік парыз болуы тиіс. Сондықтан бұл тұста, «ұлттық бірегейлік деңгейінде құрылған адам ресурсы», «ұлттық бірегейлікті сақтайтын адам капиталы» деген сияқты атаулармен беруге болатын тұлғалардың моделін құрастыру да маңызды шаралардың біріне саналады.

Тұлғаның ұлттық идеяны насихаттаушы ретінде жарнамалануы міндетті емес, алайда әлеуметтік сахнада әйгіленбейтін, ұлттық рухты бойына сіңірген тұлғалардың жиынтығы тұтасынан алғанда ұлттық бірегейлікке бастайтын қоғамдық күшті құрайтындығы сөзсіз.

Ал отбасылық деңгей туралы айтқанда, бұл жай ғана ер мен әйелдің жұптасқан репродуктивті қызмет атқаратын құрылымы емес. Сондықтан да отбасындағы әке мен ана өздерінің ұрпақтарын ұлттық рухта тәрбиелеуге міндетті. Кезінде Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген екен [74,б. 123]. Отбасындағы жас ұрапақтардың санасын ұлттық рух негізінде қалыптастырудың жаңа моделін жасақтау қазіргі таңда аса маңызды болып отыр. Бұл үлкен әлеуметтік-педагогикалық мәселенің түп негізі тәрбиеге келіп тіреледі. «Тілін кесер едім» деп айтылған Абай сөзінің мән-мағынасы да осы тәрбиеге меңзейді. Ұлттық тәрбие, белгілі мағынасында, тарихи тамыры тереңге кететін, рухани көзі ата-бабаларымыздың тырнақтап жинаған өмір тәжірибесінен бастау алатын, қыры мен сыры мол асыл қазына: «Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйімен, сыбызғы-сырнай үнімен, асқақтата салған әсем әнімен, ғашықтық (лиро-эпостық) жырымен, мақал-мәтел, шешендік сөз, айтыс өлеңдерімен сан ғасыр бойы өз ұрпағын «сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат тәрбиелеп келе жатқаны шындық» [169] деп жазады белгілі ғалым-педагогтар Қ.Жарықбаев пен С.Қалиев, ұлттық тәлім тәрбиенің халықтық мектебінің халық педагогикасының бар екенін дәлелдеп. Бұл екі автордың осы сілтеме жасалып отырған «Қазақ тәлім-тәрбиесі» атты оқу құралын жалпы құрылымы, ішкі мән-мазмұны, қазақ жастарын ұлттық рухта, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра отырып ұлттық бірегейліктің арнасында тәрбиелеудегі маңызы зор еңбек деп бағалауға болады.

«Үлгілі отбасы» тек өмір салтымен ғана емес, ұлттық рух пен ұлттық болмысты бойына сіңірген ұрпақтарын тәрбиелеп шығарумен де өлшенуі тиіс.

Отбасылық институт еліміздегі ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақтауда ресми емес түрде болса да өз алдына борыштар жүктейді. Кез-келген отбасынан білімді, білікті, тәжірибелі, өмірге бейім ұрпақтар даярланып шығуы ықтимал. Бірақ әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген екен. Демек, ұлттық қорғаныш тетіктердің бірі – келер ұрпақтардың ұлттық руханиятты тұлға болып жетілуіне, азамат болып тәрбиеленуіне баса назар аудару екендігі түсінікті жайт.

Қазақтардағы: «Бір биеден ала да туады, құла да туады» деген мәтелдің философиялық астары терең. Оны қысқаша былайша түсіндіріп өтуімізге болады. Генетикалық ілім негізіндегі ұрпақтар жалғастығындағы өздігінен сабақтасатын тұрақтылық таза абсолютті емес. Бұл отбасындағы жас ұрпақтар аға буынның физиологиялық келбеті мен руханияттық ділінің болмысын үнемі-үздіксіз тұтастай абсолютті түрде қайталамайды деген сөз. Осыдан ұрпақтар сабақтасуындағы түйткілді мәселелер туындайды.

Ұрпақ қалдыру мен оның дүниеге келуі табиғи заңдылық болғанмен, оның руханияттылығы мен рухани болмысы әрқилы болуы да ықтимал. Адамның қалыптасуына ықпал ететін мега –, мезо –, макро –, микрофакторлар бар. Микрофакторлар осы отбасындағы немесе қоршаған ортасындағы өзіндік топтарының ықпалымен байланысты. Мега- немесе макрофакторлар әр түрлі сыртқы (экзогенді) ықпалдарға қатысты болып келеді. Сондықтан да жоғарыдағы айтылған мәтелдің мағынасы да осыған келіп саяды.

Бұл тұста қай деңгейдегі факторлардың ықпал ету өрісінің қуатына байланысты құрылатын тұлға болмысы, бір қырынан алғанда, оның субъектілік танымы мен талғамына байланысты болса, екінші жағынан, ол сыртқы әсерлер арқылы қалыптасатындығына да қатысты. Сондықтан отбасы тәрбиесі мен ұрпақтарының ұлттық рухтық сана бойынша жетілуі де екіұдайлық болып шығады.

Қазіргі таңда, жоғарыда атап өтілгендей, елімізде ұлттық бірегейлендіру мен оны негіздеудің игілікті шаралары жүзеге асып келеді. Егер де «отбасылық әлеуметтендіру» ондағы ұрпақтарды қанағаттандырмайтын болса, ол макроәлеуметтендіруді таңдайтын болады. Ата-ана мен бала арасындағы компромистердің кей сәттерде бұзылуы да осыған байланысты. Нақтырақ айтқанда, жоғарыдағы қазақ мәтеліне сүйенсек, отбасы «Құла болса», ол «Ала» ұрпақ алып келеді немесе керісінше. Демек, отбасындағы ұлттық құндылықтардың сақталуы немесе сақталмауы ондағы өскелең ұрпақтарға барынша ықпал етеді және кейде бұндай үйлесімділік бұзылып, дисгармонияға да айналады.

Жоғарыда ұсынылған схемамыз бойынша көрсетілген «Аймақтар арасындағы сәйкестік» буынына тоқталсақ, ол біз қарастырып отырған зерттеу тақырыбымыз бойынша мынадай мәселелер легін туындатады.

1. Қазақ халқының тарихи құрылуының негіздеріне сүйенсек, ұлт болып қалыптасуының тамырларына үңілсек, олар әртүрлі рулардың қауымдастырылған өзіндік бір үлгісі. Сондықтан да әрбір ру мекендеген

аймақтардың барлығының ұлт ретінде бірегейленуінің күрделі құрылымдану жақтары бар. Қазіргі таңда да дәстүрлер мен салттар, өмір сүру дағдылары арасында айырмашылықтар кездесіп қалады. Бұл қазақ даласының аймағының кеңдігіне және кезінде ақпараттар алмасуының уақыт мерзіміндегі ұзақтығына байланысты.

2. Әрбір аймақтағы тұрмыс салттары әр қилы болғанмен, жалпы алғанда, тұтастық сақталған, мысалы, қазақтарда лингвистикалық диалектілер айтарлықтай емес, әрине, ептеген айырмашылықтар болуы мүмкін. Осы беталыс бірнеше мыңдаған жылдықтар бойы сақталып келеді. Дегенмен, қазақ әдеби тілінің қалыптасуы ондай шашыраңқылықты бәсеңдетіп, бір арнаға ыңғайластырған еді.

3. Қазақстандағы аймақтық ділдік айырмашылықтар сыртқы факторларға да байланысты шығар. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, ұлттық бірегейлікті тұтастық ретінде сақтау заманауи өзекті мәселелердің бірінен саналады. Әрбір аймақтағы немесе облыстағы өзіндік озық, жағымды, игілікті құндылықтар ретінде саналатын өмір сүру мен дәстүрлеріміздің элементтері де бірегейленуі тиіс. Мысалы, наурыз мерекесі қарсаңындағы Қазақстанның батыс өңірлеріндегі «Көрісу» деп аталатын дәстүр, Атырау алқабындағы күй тартуға деген құмарлық, Сыр өлкесіндегі жыршылық өнер және т.б. тек сол аймақтарда ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса отырып, бүкіл Қазақстанға таралуы тиіс. Біз бұны ұлттың бірегейленуінің тұтастануы деп түсіндіре аламыз. Бұл – мәселенің бір жағы десек, екінші жағы, бірегейлену дегеніміз абсолютті бірегейлік, қатып-семіп қалған тепе-теңдік емес екендігін ескерген жөн. Кең даламыздың әр аймағына тән, тарихи қалыптасып қалған өзіндік ерекшеліктерінің (тұрмыс салтындағы, жүріс-тұрысындағы, киелі киесіндегі, әні мен биіндегі, тіпті түрі мен тіліндегі, қалаларды тұрғызудың архитектуралық стиліндегі және т.б.) болғаны еліміздің бірлігі мен бірегейлігіне неше түрлі рең беріп, құлпыртып тұратынын атап өтіп, бұл бірлік пен бірегейліктің, диалектика тілімен айтқанда, «әрқилылығының бірлігі» («единство в различном») екеніне көз жеткізуге тиіспіз. Демек, ішкі бірлік, рухани бірегейлік, рухани құндылықтарымыздың бірлігі (тәуелсіздік туының «желбірегені», өзара келісім мен түсіністік, толеранттылық) ең басты бағдар, міне, осында. Осы ішкі бірліктің, толықсыған ұлттық бірегейліктің басты қозғаушы күші де, оның басты құрастырушы архитекторы да, тәуелсіз ұлттық мемлекетіміздің иегері де қазақ халқы болып табылады, - оған, біздің ойымызша, ешкімнің де таласы болмауы тиіс.

Осы тұста ұлттық идея туралы қазақ философтарының зерттеулерінде әртүрлі ұсыныстардың болғанын айта келе, солардың негізінде «Мәңгілік Ел» тұғырнамасының қалыптасқанын, оның атауының өзінде ұлттық бірегейлік үдерісінің көп уақытты қажет ететін көпқырлы әрі қайшылықты құбылыс екені өз көрінісін тапқанын ескерген жөн. Мысалы, қазақ бірегейлігін жан-жақты әрі мұқият зерттеген философ М.Шайкемелов, Қазақстанда ұлттық идеяның екі қанаты бар екеніне (бірі- жалпыұлттық, яғни қазақстандық идея, екіншісі- қазақы ұлттық идея) назар аударып, ұлттық бірегейлік мәселесінің нақтылы шешімі түптің-түбінде осы екеуінің біріге тоғысуында жатқанына меңзейді [12,с. 176]

Расында, азаматтық ұлт, азаматтық қоғам, еркіндік, либералдық демократия сияқты жалпылама ұғымдарға ден қойғанда, таза абстрактылы ойға салынып кете беруге болмайды, реалдылық жағдаяттарды, уақыт пен кеңістікті жайлаған шындықты әрдайым есте ұстаған жөн. Ал біздің жағдайымызда бұл реалдылық, бұл шындық ең алдымен қазақ халқының тарихи болмысында, оның өзін-өзін іштей сезінуінде, оның арман-мұраттарының өзегінде жатқаны мәлім. Осыны ескеріп, автор: «Ойлау салтын және мінез -құлық нормаларын өзгерту, жоғалған құндылықтарды түлету, барлығына ортақ бірегей заңдарды енгізу және сақтау қажет», -деп қорытып [12,с. 177], қазақы болмыстың риясыз шындығына меңзейді. Демек, «азаматтық қоғам», «азаматтық ұлт» деп жүріп, қазақ болмысынан алшақтап кетуге болмайтынын, мұның қауіп-қатерге толы сатқындықпен тең екенін ескертіп, тоқтау айтады, жөн сілтейді.

Мәңгілік Ел аясындағы ұлттық бірегейлікті нығайтудың өзіндік перспективті жобалары мен стратегиясын былайша ұсынуды жөн көрдік.

1. Мәңгілік Ел бағдарламасында, нақты бір мерзімді уақыттар көрсетілмейді, себебі ол, негізінен алғанда, еліміздің перспективті дамуының жаңаша және шынайы болашаққа арналған тұжырымдамалық жобасы. Дегенмен, бұл жобаны іске асыру қазіргі және болашақ жастардың ынта-жігеріне де тікелей байланысты. Қазіргі жастар аса белсенді, саяси сахнада интербелсенді болғанымен, Қазақстанның ғылыми-әлеуметтік әлеуетін сабақтастырып, одан әрі өркендете дамыту мәселесінің күрделі екендігін ескергені жөн. Ол үшін еліміздегі білім мен ғылымның жай-жапсарын күрделі жөндеуден өткізіп, қажетті тұстарын қайта құрып, ғалымдарымыздың аға буыны мен келесі ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайтып, мейлінше қолдап, жастарымыздың ғылыми-техникалық та, саяси-әлеуметтік те, қоғамдық - гуманитарлық та салалардағы шығармашылық іс-әрекеттеріне еркіндік беріп, жағдай туғызу аса маңызды.

2. «Мәңгілік Ел» идеясының саяси-әлеуметтік платформасының теориялық-футурологиялық деңгейі ұлттық бірегейліктің жасампаздығын арттырып, атауы айтып тұрғандай, мәңгілікке бағдарланған болуы тиіс. Ұрпақтар сабақтастығы арқылы, ұлттық бірегейлікке ұштасып, ал бұл бірегейлік одан ары дамып, еліміздің әлемдегі өз орны, өз мемлекеттік статусы нығайып, заманауи мәдени-өркениеттік үдеріске, оның дамуына тиісті өз үлесімізді қоса отырып, демократиялық сипаты мығым, толерантты қарым- қатынас, ұлттар мен ұлыстардың қазақылық негіздегі бірлігі берік орныққан шынайы әлеуметтік, құқықтық, зайырлы мемлекет ретінде қалыптасып, тәуелсіздігіміз баянды болса игі.

3. Синергетика іліміне сүйенсек, біз үшін хаостан тәртіп түзіледі. Себебі, біздің халқымызда ұлттық бірегейліктің және бірегейленуінің тарихи әлеуметтік негіздері терең. Мысалы, К.Г. Юнгтің ұжымдық бейсаналықтың архетиптік негіздері туралы тұжырымдамасы, архетиптік туралы ойларының жалпы мазмұнамасы ата-баба рухы және оны құрметтеуге саятын дәстүрімізге сәйкес келеді [170]. Бір ерекшелігі К.Г. Юнг оны тек бейсаналық құрылымдама ретінде түсіндірсе, ал қазақи ділдегі өткенмен тығыз байланыстың формасы, ол-ата-

бабамыздан жеткен құндылықтарымызды шексіз құрмет тұту, замана талаптарына сай мұралап, жаңа мән мен мазмұнға кенелту, мүмкіндігінше байыта түсу.

4. Мемлекетіміздің саяси сахнадағы әлеуметтік мәртебесін одан ары жоғарылата түсудің үлгілерін ғылыми деңгейде ұсыну. Ол үшін бізге ғалымдар қауымдастығының қазақ қоғамындағы деңгейін арттыру қажеттілігі пайда болуда. Қазіргі заманауи философтар, басқа да қоғамдық-гуманитарлық сала өкілдері жаңа төлтума идеяларымен танылуы тиіс. Сондықтан, ХХІ ғ. отанымыздағы зиялы қауымға ресми- бейресми, ерікті-еріксіз түрде, И. Кант айтқандай, априори бұйрықтар тағайындалған сыңайлы. Кезінде қазақ халқының батырларының «мақсатты міндетке айналдырғаны» сияқты үлгіні қабылдауды қолдаймыз. Біз жаңа «Рим клубын» ашпасақ та, ұсынған идеямыз бойынша, оның қазақстандық үлгісі болғандығын қолдаймыз.

Ықпалды американдық ғалымдардың бірі саналатын Ф.Фукуяманың пікірінше: «Заманауи саяси-әлеуметтік биліктердің көпшілік болып саналатын экономикалық ықпалды күштерге арқа сүйегенімен, кейде азшылық болып табылатын мәдени және этностық топтар қоғамдық үрдістерге тосқауыл болып, билікті өзімен консенсусқа немесе келісімге келуге мәжбүр ете алатын күшке айналды» [171]. Осы тұста ғалым қоғамдық үрдістердің оңтайлы бағытын қалыптастыру мақсатында саяси институтционалды элитаны орнықтыруды ұсынады.

5. Қазақ халқының рухын, әсіресе, жастардың ұлттық серпілісін одан әрі көтермелеу қазіргі саяси ахуалдармен келіп орайласып отыр. Қазақстан Республикасы 2019 жылды «Жастар жылы» ретінде жариялап, олардың әлеуметтік жағдайы мен болашағының стратегиялық бағдарын жариялайтын құжаттар қабылдап, оның ұстанымдары қоғамдық өмірде белгілі бір деңгейде ғана іске асқаны белгілі. Жастар ұрпақтар сабақтастығының физиологиялық қана қызметін атқарушы емес, тұтас ұлттық болмысымызды сабақтастыратын тұлғалар ретінде жалғасуы тиіс. М. Жұмабаев айтқандай: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін, Алаш атын аспанға, Шығарар деп бір күні».

Сонымен қатар, құлдық психологиядан арылудың жаңа технологиясын жасау және оны болашақ ұрпақтардың сана-сезіміне сіңіру. Біздің халқымыздағы жастар мен ересек ұрпақтар арасындағы кездесіп қалатын дисгармония жағдайында жастар тарапынан ересектерге де сыни пікірлер айтылады. Олардың дені ересек ұрпақтардың құлдық психологиядан арыла алмауы, мәселен, дінсіздік, орыстілділік, маргинализм және т.б.

Дәстүрлі қалыптасқан дін, тіл, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып тәжірибесінің оңтайлы тұстарын тиімді пайдалану. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып ұстанымдарының көпшілігі қоғамдық өмірде әлі де қолданылмай келеді. Мәселен, өзбек халқы өздерінің ұлттық киімдерін қоғамдық ортада киюді ұят санамайды. Ал біз тек оны наурыз мерекесінде бір сәткі акт ретінде ғана пайдаланамыз.

6. «Мәңгілік Ел» бағдарламасының аясында ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы негізінде нығайтудың бір бағыты халқымыздың санын арттыруда жатыр. Бұл маңызды әлеуметтік-демографиялық мәселеге айтарлықтай көңіл бөліп, ұрпақтар алмасуының заңдылықтарына сүйене отырып, белгілі демограф М.Тәтімов көрсетіп кеткен мүмкін болар 25 млн. межені (оның 1984 ж. Шыққан еңбегінде бұл көрсеткішке жету үшін 80-90 жыл керек делінген) [126,б. 5] көздеп, басты байлығымыз болып табылатын халқымызды мәпелеп, оның сапасы мен санын диалектикалық бірлігінде өсіруге жағдай туғызу қажет.

7. Халқымыздың саны мен сапасының үздіксіз өсуіне орай, келесідей екі практикалық маңызы бар ұсынысты жариялауды жөн санаймыз: біріншіден, шет жақтарда шашырап жүрген өз қандастарымызды мүмкіндігінше жеңілдіктер туғыза отырып, жедел елге қайтарудың жағдайларын жасау қажет; екіншіден, еліміздің ішкі саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағдайлардың оңтайлануына, ғылым мен білімнің дамуына, жалпы зияткерлік- демократиялық ахуалдардың жақсаруына бет бұрып, өскелең жас мамандардың, жас ғалымдардың өз елімізде орнығып, қызмет етуіне мейлінше қолғабыс көрсету (ал бұл өз ретінде сыбайлас жемқорлық, рушылдық, жершілдік, бюрократизм сияқты кертартыпалықтың сарқыншақтарын мүлде жоқ қылуды талап ететіні белгілі), қоғамымызда айқын бір деңгейдегі мәдени-зияткерлік рай туғызу қажет.

8. Мемлекетімізде сан-алуан ұлт өкілдері мекендейтіндіктен ұлтаралық қатынастарды реттеудің жаңа үлгісін (моделін) жасақтау қажет деп есептейміз. Мұнда да ең алдымен мемлекет құрушы қазақ ұлтының заңды мәртебесін ұлықтап, өз елі мен жерінде өз мәртебесіне сай жанартылған конституциялық нормалардың аумағында емін-еркін өмір сүруіне, титулды ұлт ретінде шығармашылық әлеуетін кеңінен паш етіп, демократиялық принциптері орныққан әлем елдерінің қатарына сөзсіз ілігуіне шынайы мүмкіндік туғызу қажет.

Қазақ арасындағы тарихи санада қалыптасқан жағымсыз мінез-құлықтарды жою(мысалы, күндестік психология, көре алмаушылық, рушылдық, жершілдік, бойкүйездік және т.б.), құлдық психологиядан арылу, сөйтіп шығармашылық әлеуетімізді кеңінен ашып, жасампаздық іс-әрекет жүзіндегі бәсекелестікке бой ұру қазіргі заманғы ұлттық бірегейлікті сақтап, оны өрістетудің басты қадамдарының бірі. Бұл сырттан сыни бақылауда анық көрініс табады.

Силия Эммельхайнц, Холли Баркус, Синтия Вернер сынды белгілі американдық ғалымдардың пікірінше, ұлттық бірегейлік сабақтастығында «Моңғолиядан келген оралман қазақтардың өздерінің туған отанына оралған, өз қандастарымен қазақ тілі мен дәстүр бірегейлігі түбірлес болғанымен, орыс тілін және космополиттік Кеңестік жүйе тәжірибесі болмағандықтан Қазақстандық зиялылармен сабақтастықта, коммуникацияда айтарлықтай қолайсыздық тудырды» [172], - деп айтқан пікірлері де шындыққа жанасады.

Ұлттық бірегейлікті нығайта түсуді зерделеу барысындағы ұсынылған идеяларымызды XX ғасырда қалыптасқан прагматистік реконструкциялау тәсілі негізінде түсіндіріп өтуімізге болады:

- «ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптастыруды реконструкциялау»: инструменталистік бағдар – бірегейлікті нығайта түсуді рухани және практикалық мақсаттар бойынша шешуді қолға алу;

- ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы негізіндегі жалғасуын тәжірибелік тексеру және сыни таразылауға ашық мүмкіндіктер беру;

- әлеуметтік-генетикалық ұстаным бойынша қазіргі жағдайдағы бірегейліктің қалыптасуы мен шығу тегін және эволюциясын қадағалап отыратын және бірегейліктің үнемі өзіне-өзі қайта оралатын, қайталанатын үрдістеріне зер салып отыру;

- ұлттық бірегейлікті дамытуда қашанда ғылыми негіздер бойынша рационалды түрде сараптап, эмоционалдылыққа беріле бермей, этикалық жауапкершілікті сақтаудың қажеттілігін ескеру.

Қорыта айтқанда, ұлттық бірегейлік ұрпақтар сабақтастығының игілікті өлшемдері арқылы нығаяды, ал оны «Мәңгілік ел» идеясы қолдап қана қоймайды, бұндай ахуалдар болмаса, елдің мәңгілік бола алмайтындығы да түсінікті жайт. Сондықтан, ұрпақтар сабақтастығының өз мәнінде өрбіп, ұлттық бірегейліктің одан әрі орныға түсуі «Мәңгілік ел» мұраттарының жүзеге асуына жол ашатын алғышарттар болып келеді: «Халқымыздың ата-бабадан мұраға қалып, тарихи сабақтастықта жетілген және қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен ғасырлар бойындағы мемлекеттік идеологиясынан нәр алған бабаларымыздың «Мәңгілік Ел» идеясы XX ғасырдағы Қазақ Елінің ұлттық идеясына айналып, өзінің өміршеңдігі мен жасампаздығын әлемге паш етіп отыр», -деп жазады бірқатар авторлар осы идеяның мән-мазмұнын жан-жақты талдауға арналған монографиясында [173].

Ұлттық бірегейлік бірнеше мыңжылдықтар арқылы сақталып келе жатқан, тарихи дамудың өн бойында кейде құлдырауға ұшыраған, кейде күшейе түскен құбылыс. Ендеше, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, бұл үдерісті тек ретнизациялау бойынша емес, конструкциялау бойынша да құрылымдауымыз қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» атты зерттеу тақырыбымыз бойынша мынадай қортындыларға келдік.

1. Ұрпақтар сабақтастығы ұғымына семантикалық-логикалық талдаулар жасау барысында, оған берілген анықтамалар мен түсініктемелерге сүйене отырып, «Сабақтастық», «Сабақтасу», «Ұрпақтар» және оған қатысты генетикалық ұғымдарға, атап айтқанда, қауым, ізбасарлық, туыстық, бір негізден тарау, ұжымшылдық т.б. философиялық мазмұнына шолу жасай келе, өз анықтамамызды былайша ұсындық: «Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз – үздіксіз қайталанатын «өткен-бүгінгі-болашақ» ұрпақтар арасындағы табиғи-биологиялық, мәдени-әлеуметтік түрде үздіксіз жалғасып отыратын барлық тәжірибелердің өміршендігінің жиынтығы, жалпы ұжымдық ментальдік көрініс». Ұрпақтар сабақтастығы бойынша қоғамдық санада қалыптасқан пессимистік және оптимистік климатты таразылап, «қабылдау – сақтау – келешекке жеткізу» тізбегі бойынша жалпы даму беталыстарын зерделеп, құрылымдық негіздерін туындаттық: мирасқорлық, мұраға қалдыру, өткеннен қабылдап, оны сақтап, болашаққа беру, үздіксіздік, жаңару және т.б.

2. Ұрпақтар сабақтастығының қайшылықты да тұстары бар екендігіне сыни тұрғыдан келіп, оның психологиялық, этикалық, саяси-әлеуметтік негіздерін таразылап, бұл үрдістің табиғи-биологиялық қырларының мәдени-әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық детерминанттармен ұлттық сана, ұлттық діл, құндылықтар әлемі, тіл, мәдениет ұштасып, біртұтас үдеріс құратынын пайымдадық. Бұл тұста, Т. Шарденнің, И. Пригожин мен И.Стенгерстің идеяларына сүйене отырып, диалектиканың заңдарын басшылыққа алып, сабақтастық пен бірігейлікті ұлттық дүниетаным бойынша саралап, өз ойтолғамдарымызды тиянақтадық.

3. Ұлттық бірегейліктің мәнін философиялық деңгейде ашып көрсету барысында, «бірегейлік» түсінігінің негізгі мағынасына үңіле отырып, оған сәйкес келетін ұғымдарға аналогиялық талдаулар жасап, оған өз анықтамамызды ұсындық: «Бірегейлік дегеніміз – формальді логикалық-семантикалық тұрғыдан алғанда, объектінің немесе құбылыстың барлық өзіне тән сапалары мен қасиеттерінің абсолютті сәйкес келуі, өз болмысын өзі қайталауы, өзінің өзіне үнемі сәйкес келуі». Оған қарама-қарсы құбылыс айырмашылық, сәйкес еместік, өзгешелік. Мағыналас синонимдер мен терминдер: сәйкестік, барабарлық, инварианттылық, эквиваленттілік. Бұл ұғымға диалектикалық логика тұрғысынан шолу жасап, бірегейліктің ауытқуы қажеттілік пен кездейсоқтық арнасында болуы ықтимал екендігі туралы қорытынды жасалды. Ұлттық бірегейлік туралы зерттеулерді негізге алып, оған өзіндік түсініктемемізді бердік: «Ұлттық бірегейлік дегеніміз – ұлттың қоғамдық өмірдегі мәртебесін, өзіндік «Менін» анықтайтын әлеуметтік-психологиялық заңдылықтармен шартталған қасиеттердің сол мәртебесін сақтай отырып, өзін-өзі қайта өркендетуге қажетті саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік үдерістердің

жиынтығы». Ұлттық бірігейліктің нақты белгілерін жинақтап көрсете келе, оның терең мағыналы құбылыс екендігін байыптадық. Осы контекстінде ұлт, ұлтшылдық, патриотизм, ұлттық идея сияқты ұғымдар қатары сарапталды.

4. Ұлттық бірегейліктің «бірегейлік саясат» ұғымымен (Ф.Фукуяма) ішкі бірлігіне мән беріп, қоғам дамуында оның атқаратын функциялары мен құрылу тәсілдерінің арабайланысы көрсетіліп, оңтайлы бірегейлікті дұрыс таңдап алып, оны дұрыс құрудың ұлттық миллиардерлердің дамуындағы маңызы көрсетілді. Осы жылғы қаңтар айындағы трагедиялық оқиғалардың ар жағында бірегейлік саясатында жіберілген жүйелі қателіктердің (ұлт бірегейлігі мен ұлттық мүдделерден гөрі алпауыт мемлекеттердің бірегейлігі мен мүдделері алға қойылып, қоғамның байлар мен кедейлерге ажырауына, жемқорлықтың шарықтап өсуіне жол берілгені, саяси басқарудың теріс бағыт алуына, заңдардың сақталмауына әкелгені және т.б.) жатқаны сыни талдауға алынған.

5. Сабақтастықтың генеалогиялық, нақтылылық құрылымдарын зерделеп, оның түркі-қазақ халқына қатысты тарихи мәліметтер бойынша берілген еуроцентристік бағыттағы ұсынылып келген идеяларына сыни тұрғыдан талдаулар жасадық. Ұрпақтар сабақтастығы мен бірегейлікті біз жеке мен жалпы қатынасына қарай жіктеу форматын ұсындық: тұтас ұлттық – әлеуметтік институттық (рухани және антропологиялық), құндылықтық – жеке отбасылық. Бұл сатыларға ұлттық тарихи танымдық және әлеуметтік тұрмыстық негізде мысалдар келтірдік. Мифтік дүниетаным, байырғы діни сенімдердің, шежіренің философиясындағы маңызды ахуалдарды қарастырып отырған мәселеміз бойынша сабақтастық негізінде талдап өттік.

Діни сенімдердің ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы негізгі қызметтерін көрсеттік, саяси жүйеге негізделген тарихи тамырларындағы шешендік өнер, билер институтын қазіргі заманғы әлеуметтік қауымдастықтармен және саяси құрылымдық ресми органдармен байланыстырдық. Одан соң, «батырлықтың» экзистенциалдық қырларының бірі – осы ұлттық бірегейлікті сақтау екендігі туралы пайымдалды. Сонымен қатар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейленуді сақтап келе жатқандығы туралы ұлттық код тұрғысынан философиялық деңгейде талдаулар жасалды.

6. Қазіргі жаһандану заманындағы әлемдік рухани идеологиялық кеңістіктің жалпы келбетін сипаттай отырып, ұлттық қауіпсіздікке теориялық сараптамалар жасап, қазіргі таңдағы әр түрлі әлемдік идеологиялардың біздің ұлттық таным-түсінігімізге сай келмейтін қырларынан қалай сақтану керектігі туралы баяндадық. Себебі, ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақтау мен ұлттық қауіпсіздік, оның ішінде, ақпараттық қауіпсіздік арасында өзара байланыстар бар екендігін дәйектей келе, еуропаландыру, орыстандыру, арабтандыру, америкаландыру сияқты саяси бағыттағы ағымдардың қатерлі тұстарын психоаналитикалық, әлеуметтік философиялық, саяси танымдық тұрғыдан саралап көрсетіп бердік. Нәтижесінде, осыған қарсы тұра алатын ұлттың қорғаныш тетігін «қайта қазақтандыру» деп атап, оның маңызды түйткілді тұстарын ұсындық. Қазіргі заманғы мультикультурализм мен

постмодернизм үрдістері жас буын мен аға ұрпақ арасындағы қайшылықтарды тудырып отырғандығын және жастардың заманға бейімделген жағымды және жағымсыз мінез-құлқы мен өмір салтын зерделедік. Қазақстан Халықтары Ассамблеясы мен мультикультурализмнің саяси-әлеуметтік тұғырнамаларына тоқталып, қаңтар айындағы трагедиялық оқиғаларға сыни талдау жасап, ұлттық бірегейлікті арттыру мақсатында мәдени-әлеуметтік ассимиляциялау шарасының қажет екенін көрсеттік.

7. «Мәңгілік Ел» идеясы аясындағы ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті жетілдірудің көкжиектерінің прогностикасына философиялық футурологияны басшылыққа алып өзіндік ой-пікірімізді ұсындық. Осы мәселе бойынша мынадай қортындылар жасалды: тактика мен стратегиялық жоспар жасау қажеттігі және оның жеке пункттерін ұсынудың маңыздылығы; руаралық трайбализм сипатындағы психологиядан арылу, құлдық психологияның сарқыншақтарынан құтылу, Қазақстанның әр түрлі аймақтарындағы дәстүрлер мен тұрмыс салттарын ыңғайға қарай бірегейлендіру, болуы ықтимал ұлттық бірегейлік деформациясының алдын алу, маргинализмді түбегейлі жойып, қандастарға мемлекеттік әлеуметтік саясат негізінде оңтайлы жағдай жасау, ұлтымыздың демографиялық жағдайын көтермелей түсу, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жұмыстарды интегративті түрде ғылыми теориялық тұрғыдан дамыту, еліміздегі жастардың интеллектуализмін өрістетудің жаңа бағдарламасын жасау, XX ғасырда қалыптасқан прагматистердің реконструкциялау тәсілін қойылып отырған мәселеміз аясында ұлттық негізде модельдеу.

Зерттеу тақырыбымыздың перспективтік мазмұндық бағдарларын былайша ұсына аламыз:

- Шежіре философиясының құрылымдық-функционалдық негіздерін жүйелеп, оны интегративті түрде зерттеудің кең ауқымды жоспарын құру;
- Ғылыми стратегиялық зерттеулер негізінде әлем халықтары мен ұлттарының ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы зерттеу модельдерін таразылап, онды, тиімді нұсқаларын өмірлік және саяси-әлеуметтік даму бағдарымызда қолданудың тетіктерін негіздеу;
- Жас буынның ой-санасы мен заманға байланысты көзқарастарының даму бағыттарын жан жақты пайымдау: психологиялық, педагогикалық, әлеуметтанулық, цифрлық технологиялық сана деңгейінде және т.с.с.
- Қазіргі таңдағы ғылыми интеграцияға сүйеніп, жаратылыстану және техникалық ғылымдардың қоғамдық ғылымдармен бірлесуі арқылы зерттеп отырған мәселеміздің түйткілді тұстарын тиянақтап зерделей түсу және оның үздіксіздігін ескеріп отыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқаев Қ.Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат - Нұр-Сұлтан, 2021.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Елдің бірлігі – қазақтың бірлігі // Ана тілі. – 2018, наурыз – 7.
- 3 Нысанбаев А.Н. Глобализация и проблемы межкультурного диалога // В 2 т. - Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2004. - Т. 1. - 274 с.; Т.2. – 308 с.
- 4 Кшибеков Д. Национальная идея (от этнических чувств до идеологии). - Алматы: Дайн-Пресс, 2007. - 340 с.
- 5 Кшибеков Д. Философия Независимости (размышления). - Алматы: Қарасай, 2011. - 184 с.
- 6 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану және жаңару философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 282 б.
- 7 Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. - Алматы, 1994. – 208 с.
- 8 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ҚР БЖҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.
- 9 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. - Алматы: Раритет, 2013. - 400 б.
- 10 Масалимова А.Р. Маргинальность как культурологическая проблема: автореф. ... док. филос. наук: 24.00.01. - Алматы, 2008. – 40 с.
- 11 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. - Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.
- 12 Шайкемелев М.С. Казахская идентичность / под общ. ред. З.К.Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.
- 13 Хасанов М.Ш., Нурышева Г.Ж., Петрова В.Ф. Национальная идея и национальная идентичность // Қазақ өркені: өткені, бүгіні, болашағы – Казахская цивилизация: прошлое, настоящее, будущее: халықар. ғыл.-теор. конф. материалдар жинағы. – Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, 2015. - 405 б.
- 14 Құранбек Ә.А. Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы): филос. ғыл. канд. ... автореф.: 09.00.03. - Алматы, 2010. – 24 б.
- 15 Бурова Е.Е. Тенденции идентификационных процессов в современном Казахстане // Адам Алемі. – 2014. - №3(61). - С. 88-99.
- 16 Нургалиева М.М. Государственное строительство как фактор формирования национальной идентичности Казахстана. – Алматы, 2009. – 123 с.
- 17 Оспанов Т.Т. Национальная идентичность казахов: социально-философский анализ: дис. ... док. филос. (PhD). - Алматы, 2016. – 124 с.
- 18 Общенациональная идея Казахстана: опыт философско – политологического анализа. – Алматы, 2006. - 412 с.

- 19 Проблемы современной философии и политологии в контексте формирования национальной идеи Казахстана. - Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2008. – 291 с.
- 20 Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи. - Алматы, 2008. - 402 с.
- 21 Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранения идентичности. - Алматы, 2011. – 422 с.
- 22 Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру. - Алматы: БЖҒМ ҒК ФЖСДИ, 2018. – Кітап 1. – 474 б.; 2019. – Кітап 2. - 460 б.
- 23 Ержанова А., Нуржанов Б. Культура, коммуникации, медиа. - Алматы, 2011. - 256 с.
- 24 Батырев Д.Н. Проблема национальной идентичности в глобализирующемся мире: автореф. ... канд. филос. наук. - Ростов на-Дону, 2008. – 34 с.
- 25 Шеманов А.Ю. Самоидентификация человека и культура. – М.: Академический проект, 2007. – 479 с.
- 26 Лысак И.В. Проблема сохранения культурной идентичности в условиях глобализации // Гуманитарные и социально-экономические науки. - 2010. - №4. - С. 91-98.
- 27 Федотова Н.Н. Кризис идентичности в условиях глобализации // Человек. - 2003. - №6. - С. 50-58.
- 28 Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект // Вопросы философии. – 2011. - №10. - С. 4-16.
- 29 Семененко И. Нация, национализм, национальная идентичность: новые ракурсы научного дискурса // Мировая экономика и международные отношения. - 2015. - №11. - С. 91-102.
- 30 Хабермас Ю.В. в поисках национальной идентичности (философские и политические статьи). - Донецк: Донбасс, 1999. – 415 с.
- 31 Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности. - М., 2004. – 635 с.
- 32 Як Б. Национализм и моральная психология сообщества. - М.: Издательства Института Гайдара, 2017. - 520 с.
- 33 Фукуяма Ф. Идентичность: Стремление к признанию и политика неприятия. – М., 2019. – 256 с.
- 34 Современный Энциклопедический словарь. – Палек: Изд. "Большая Российская Энциклопедия", 1997-1998. - 1390 с.
- 35 Философский Энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1983. – 840 с.
- 36 Абдильдин Ж.М., Абишев К.А., Формирование логического строя мышления в процессе практической деятельности. - Алма-Ата: Наука; КазССР, 1981. - 212 с.
- 37 Соловьева Г.Г. Отрицание отрицания. Диалектическая логика. Категории сферы сущности и целостности. - Алма-Ата: Наука, 1987. - 544 с.

- 38 Мамардашвили М.К. Идея преемственности и философская традиция. Как я понимаю философию. – М.: Группа Прогресс; Культура, 1992. – 415 с.
- 39 Шпенглер О. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. – М., 1993. – 213 с.
- 40 Тойнби А. Дж. Цивилизация перед судом истории. – М.: Прогресс, 1996. – 203 с.
- 41 Арсеньев А.С. Научное образование и нравственное воспитание. Психологические проблемы нравственного воспитания детей. – М., 1977. – 144 с.
- 42 Гуревич П.С. Философская антропология. – М.: Издательство «Вестник», 1997. – 448 с.
- 43 Философская антропология. – М.: ИКЦ «Академкнига», 2005. – 423 с.
- 44 Абишев К.А. Человек. Индивид. Личность. – Алма-Ата, 1978. – 101 с.; Абишев К.А. Проблема специфики индивидуального развития. Избранное и переводы. – Алматы, 2011. – 558 с.
- 45 Мукашев З.А., Аюпов Н.Г., Абдина А.К. и др. Адам бол! Что-это значит? – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2006. – 292 с.
- 46 Жукова С.А. Взаимоотношение поколений: социокультурный аспект: дис. ... канд. социол. наук. – Саратов, 2000. – 160 с.
- 47 Доброхлев Г.В. Ресурсный потенциал старшего поколения в современной России: дис. ... док. экон. наук. – М., 2004. – 314 с.
- 48 Маркс К., Энгельс Ф. Немецкая идеология // Соч.- М., 2000. – Т. 3. – 109 с.
- 49 Мукашев З.А. Индивид, его место и роль в истории. К критике индивидуализма: учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2004. – 96 с.
- 50 Мусабеков М.Н. Қазақстан жастарының рухани құндылықтары: әлеуметтік-философиялық талдау: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2013. – 151 б.
- 51 Kabayeva Zhuldyz, Imanmoldayeva Bakittizhamal, Mussabaev Sapargali, Madalieva Zhanyl, Karanova Zhanargul. The formation way of independent Kazakhstan from the individualism and collectivism perspective // Journal Opcion. – Venezuela: Central Road; Darya Ganj, 2018. – №34, issue 85. – P. 721.
- 52 Лезгина В.Д. Проблема преемственности а западноевропейский философии: дис. ... канд. филос. наук. – Спб., 2004. – 168 с.
- 53 Иманмолдаева Б.З. «Мәңгілік Ел» идеясы аясында ұлттық бірегейлікті жетілдірудің әлеуметтік – философиялық бағыттары // ҚазҰПУ- нің Хабаршысы. «Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы». – 2020. – №1(69). – 132 б.
- 54 Оразқұлова Қ.С. Қазақстан суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау. – Алматы, 2014. – 384 б.
- 55 Тейяр де Шарден. Божественная среда. – М.: Гносис, 1994. – 220 с.
- 56 Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. Новый диалог человека с природой. – М.: Прогресс, 1986. – 432 с.
- 57 Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 527 б.

- 58 Иманмолдаева Б.З. Бірегейлік және ұлттық бірегейлік ұғымының концептуалды негіздері// Әл – Фараби. – Алматы, 2020. - №1(69). – 90 б.
- 59 Идентификация <https://ru.wikipedia.org/wiki/> 26.04.2019.
- 60 Идентификация https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_new_philosophy/492/ 26.04.2019.
- 61 Абушенко В.Л. Идентичность // Новейший философский словарь. Мир энциклопедий. - Изд.2-е. - Мн.: Интерпрессервис; Книжный Дом, 2001. – 1280 с.
- 62 Малахов В.С. Неудобства с идентичностью // Вопросы философии. - 1998. - №2. - С. 43-53.
- 63 Чанышев А.Н. Курс лекций по древней и средневековой философии. – М., 1991. – 214 с.
- 64 Малинин Г.В. Идентификационные процессы или самоопределение (социологический анализ) // Адам әлемі-Мир человек. - Алматы, 1999. - №1. - С. 41-51.
- 65 Тоқаев Қ.Ж. Мемлекеттің мүддесі бәрінен жоғары тұруы керек // Қазақ әдебиеті. - 2022. - №5(3795). – Б. 4-5.
- 66 Сарсенбаева З.Н. Этнос и ценности. – Изд. 2. – Алматы, 2018. – 315 с.
- 67 Yerzhanova A., Madaliev Zh., Imanmoldayeva B., Rakhimova G. Consent Strategies: Cultural and Civilizational Paradigms for Communicative Rationality and Axiological Identity // Philosophies. - Швейцария, 2022. - №7. – P. 129.
- 68 Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. - 271 б.
- 69 Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФЖСИ КБО, 2011. - 291 б.
- 70 Кабаева Ж.А. Запад- Казахстан – Восток: познание и культура. – Алматы, 2015. – 162 с.
- 71 Данилевский Н.Я. Россия и Европа. – М.: Книга, 1991. – 574 с.
- 72 Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: эпохи и цивилизации. – СПб.: Издательский дом «Кристалл», 2003. – 608 с.
- 73 Иманмолдаева Б.З. Ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы діни нанымдардың рөлі // Ясауи Университетінің Хабаршысы. - Түркістан, 2020. - №3(117). – 52 б.
- 74 Рыскиева С. Көне Түркілердің діни дүниетанымы // Қазіргі заман: Пікірлер әлемі. Философия альманахы. - 2009. - №1. – Б. 15-21.
- 75 Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармалары // Екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т. 2. – 336 б.
- 76 Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері // Жүз томдық. - Астана: Фолиант, 2011. – 440 б.
- 77 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. - Алматы: Ғылым, 1996. - 168 б.
- 78 Оспанов С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратуштыралық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. - Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.

- 79 Нысанбаев А., Аюпов Н. О тюркской фальсафе. Тюркское мировоззрение и ислам // Тюркская философия: десять вопросов и ответов. - Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – С. 5–76.
- 80 Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде. - Алматы: Өлке, 2006. - 232 б.
- 81 Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі.- Алматы: Ғылым, 1990.-220 б.
- 82 Есімов Ғ. Хакім Абай: даналық дүниетанымы. - Алматы: Білім; Атамұра, 1995. – 200 б.
- 83 Жомирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 2007. - 24 б.
- 84 Ежелгі көшпенділер дүниетанымы // Жиырма томдық. - Астана: Аударма, 2005. – Т. 1. - 496 б.
- 85 Аронұлы С. Толық шығармалар жинағы. - Алматы: Әдебиет әлемі, 2015. - 552 б.
- 86 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. - Алматы: Дайк-Персс, 2005. – Т. 2. – 326 б.
- 87 Исламға дейінгі Қазақстандағы діни наным-сенімдер тарихы <https://e-history.kz/kz/contents/view/692> 30.10.2019.
- 88 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004. - Бірінші кітап. – 516 б.
- 89 Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 56 б.
- 90 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. - Алматы: Ғақлия. ғыл.-әдеби орталығы, 1991. - 80 б.
- 91 Құскенов С. Ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат немесе бала, әке, ата, арғы ата, баба, текті ата, түп ата деп қазақ халқы айтушы еді <https://interesnoe.me/source-72058501/post-1193986> 15.04.2020.
- 92 Қазақ халқының туыстық атаулары: Баба – арғы ата, үлкен ата <https://interesnoe.me/source-31643537/post-4996788> 17.08.2020.
- 93 Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. - Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 228 б.
- 94 Орынбеков М. Қазақ дүниетанымындағы тәңіршілдік. Философия тарихы // Жиырма томдық. - Астана: Аударма, 2006. - Т. 14. - 488 б.
- 95 Танжаров М.И., Аташ Б.М. Қазақ спортындағы ұлттық идея. - Алматы: Сагауидтинов, 2016. - 176 б.
- 96 Изотов М.З., Сарсенбаева З.Н., Хамидов А.А. Формирование человеческого капитала в Независимом Казахстане: социально-философский анализ. - Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. - 292 с.
- 97 Ғабитов Т.Х., Алимжанова А.Ш. және т.б. Жаһандану және Қазақстанның заманауи мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 332 б.
- 98 Барлыбаева Г. Ислам в мировоззрении казахских философов // Әл-Фараби. – 2012. - №1(37). – С. 74-79.

- 99 Тоқсанбаева Г. Қазақ дүниетанымындағы махаббат феномені: филос. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2010. - 120 б.
- 100 Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Таңдамалы. - 2-бас. - Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б.
- 101 Ғабитов Т. Рухани мұраны зерттеудің әдіснамалық мәселелері. Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. - Алматы: СаҒа, 2007. - 560 с.
- 102 Бурбаев Т.К. Ұлт менталитеті. - Астана: Елорда, 2001. - 248 б.
- 103 Дорженов С. Біз кіміз? (Публицистика). - Алматы: Экономика, 2000. - 200 б.
- 104 Наурызбаева Р. Салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні // Қазақстан мектебі. - 2007. - №9. - Б. 57-58.
- 105 Ахметов И. Қазақ спортының дамуындағы ұлттық патриотизм идеясы: филос. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2009. - 123 б.
- 106 Айдосов А. Қорқытнама. - Алматы: Жазушы, 1997. - 68 б.
- 107 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары // 10 томдық. - Алматы: Жазушы, 2006. - Т. 10. - 496 б.
- 108 Бернард А. Антропология тарихы мен теориясы. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 240 б.
- 109 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 320 б.
- 110 Сабит М. Философия языка и анализ языковой ситуации в Казахстане. Тіл – рухани құндылық. Язык – духовная ценность. - Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. - 212 б.
- 111 Айдаров Ғ., Құрысжанов Э., Томанов М. Көне Түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - Алматы: Мектеп, 1971. - 272 б.
- 112 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия: он томдық / бас ред. Б.Аяған. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. - Т.10. - 704 б.
- 113 Жукешев К.М. Философия языка. - Алматы: Издательский дом «Библиотека Олжаса», 2017. - 412 с.
- 114 Рамазанұлы Рысбек. Жойылған халықтар аллеясы <https://abai.kz/post/84489> 19.01.2020.
- 115 Хайдеггер М. Бытие и время / пер. В.В. Бибихина. - М.: AD MARGINEM, 1997. - 451 с.
- 116 Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер /құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
- 117 Кадыржанов Р.М. Гражданская нация, этнокультурная нация и общенациональная идея Казахстана. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. - Алматы, 2006. - 412 с.
- 118 Қазақ даласының ойшылдары (IX-XIIғғ.). - Алматы: Ғылым, 1995. -160 б.; Қазақ даласының ойшылдары (XIII-XVғғ.). - Алматы, 2001. - Кітап 2. - 196 б.; Қазақ даласының ойшылдары (XVI-XVIIIғғ.). - Алматы, 2002. - Кітап 3. - 100 б.; Қазақ даласының ойшылдары (XVIII-XIXғғ.). - Алматы, 2004. - Кітап 4. - 309 б.

- 119 Нұрланова К.Ш. Символика мира в традиционном искусстве казахов. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Ғылым, 1993. – 264 с.
- 120 Ерғали И.Е. Философия как духовная деятельность / под общей ред. А.С. Серикбаева. - Астана, 2003. – 183 с.
- 121 Барлыбаева Г.А. Философская этика казахов: основы, проблемы, перспективы. Философия в глобальном мире: взгляд из Казахстана. - Алматы, 2020. – 342 с.
- 122 Матыжанов Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.
- 123 Қазақ хандығы дәуірінің әдебиеті. Хрестоматия. - Алматы, 1993.- 108 б.
- 124 Бабалар сөзі-рухани жаңғырудың қайнар көзі // Халықаралық симпозиумның материалдары. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ; «Ұлағат» баспасы, 2019. – 390 б.
- 125 Тоқаев Қ.Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Egemen Qazaqstan. - 2020. - №5(29734). – Б. 1-3.
- 126 Тәтімов М. Өркені өскен өлке. - Алматы: Мектеп, 1984. – 80 б.
- 127 Дулатұлы М. Шығармалары. - Алматы: Ғылым, 1996. – Т. 1. – 280 б.; - 1997. – Т. 2. – 344 б.
- 128 Бабатайұлы Дулат. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды) // 2 томдық / құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ, 1991. – Т. 1. – 384 б.
- 129 Әлжан Қ.Ұ. Асан Қайғы мен Қазтуғанның дүниетанымдық бағдарлары: халық тағдыры туралы толғаныстар // Қазақ даласының ойшылдары (ХІІІ-ХҰғғ.). – Алматы, 2001. – Кітап 2. - 196 б.
- 130 Қазақ әдеби тілінің сөздігі // Он бес томдық / құраст. Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – Т. 9. – 615 б.
- 131 Насырова Л.Р., Гуляева С.П. Юридический русско-казахский толковый словарь-справочник / орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008.- 466 с.
- 132 Holly Barcus, Cynthia Werner. Trans-National Identities: Mongolian Kazakhs in the 21st Century // Geographische Rundschau International Edition. – 2007. - Vol. 3, №3-4. - P. 19-38.
- 133 Танатология // Краткая философская энциклопедия. - М.: Прогресс - Энциклопедия, 1994. – 576 с.
- 134 Военная энциклопедия Казахстана. – Алматы: Білім, 2005. -Т.1. –189 с.
- 135 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. - М.: ООО «Издательство АСТ», 2003. – 603 с.
- 136 Әбуов Ә.Е. Жаһандану жағдайындағы ислам әлемі. – Алматы: МИР, 2019. – 312 б.
- 137 Ахметов И.Ж. Қазақ спорты және ұлтжандылық. -Атырау, 2020. -114 б.

- 138 Своик П. Казахский знают только казахи, и далеко не все // Свобода слова. - 2012. - №27(371). – С. 17-24.
- 139 Сабит М. Язык как социокультурная ценность и духовное основание культурной интеграции. Казахста и мировое пространство: культурная интеграция. Научно практическое издание. – Алматы: Адал Бизнес Принт, 2014. – 416 с.
- 140 Уәлиханов Шоқан. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – Т. 5. – 528 б.
- 141 Косиченко А. Экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудағы дәстүрлі діндердің мүмкіндіктері. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің ролі // Әдістемелік материалдар жинағы. - Алматы: Философия және саясаттану инстиуты, 2011. – 151 б.
- 142 Шубаева У.К. Жаңа діни ағымдардың ілімдерді таратудағы әдістері // Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2011. – 236 б.
- 143 Құрманалиева А.Д., Абжалов С.Ө. Қазақстанның әлеуметтік-мәдени дамуындағы дінтанулық білімнің маңызы // Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары. - Алматы, 2011. – 236 б.
- 144 Новейший философский словарь. Мир энциклопедий. – Изд. 3-е, исправл. - Мн.: Книжный Дом, 2003. - 1280 с.
- 145 Жаңқашұлы Ж. Орыс газеттері көбейіп, қазақ газеттері жабылып жатыр <https://abai.kz/index.php/post/48050> 24.03.2020.
- 146 Таңатар Таған. Қазақ мектептері қашан көбейеді? <http://edunews.kz/lentnews/456-aza-mektepter-ashan-kbeyed.html> 24.03.2020.
- 147 Көшербаев Ж.А. Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау: филос. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2019. – 128 б.
- 148 Бахтин М. Эстетика словесного творчества. - М.: Мысль, 1980. – 356 с.
- 149 Левинас Э. Путь к Другому / пер. Е. Бахтиной. – СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского университета, 2007. – 240 с.
- 150 Паин Э.А. Между империей и нацией. Модернистский проект и его традиционалистская альтернатива в национальной политике России. - М.: Фонд «Либеральная миссия», 2004. – 246 с.
- 151 Cameron Sarah. The Hungry Steppe: Famine. Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. - Cornell University Press, 2018. – 294 p.
- 152 Габитов Т. Роль религии в казахской культуре // Әл-Фараби. - 2012. - №1(37). – С. 22-29.
- 153 Areti Demosthenous. Challenges to ethnos ina global society. Colloquia Humanistica Nation // Natsiya. Ethnie. – 2016. - №5. – P. 126.
- 154 Yuval Noah Harari: Sapiens: A Brief History of Humankind. – Publisher; Harper, 2015. - 469 p.

- 155 Шелер М.О. Феномен трагического. Проблемы онтологии в современной буржуазной философии / отв. ред. Т.А. Кузьмина. – Рига: Зинатне, 1988. – 403 с.
- 156 Гуссерль Э. Кризис европейского человечества и философия // Культурология. XX век. Антология. - М.: Наука, 1995. – 403 с.
- 157 Сартр Ж.П. Бытие и ничто: Опыт феноменологической онтологии / пер. с фр. предисл., примеч. В.И. Колядко. – М., 2000. – 639 с.
- 158 Абдраилова Г.З. Толеранттылық матрицасы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 144 б.
- 159 Нысанбаев А. Философия взаимопонимания. - Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2001. - 302 с.
- 160 Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ; «Ұлағат» баспасы, 2012. – 240 б.
- 161 Nakai Ryo. Does Electoral Proximity Enhance National Pride? Evidence from Monthly Surveys in a Multi-ethnic Society // Studies in Ethnicity and Nationalism. – Latvia, 2018. - №18(3). – P. 198-220.
- 162 Kabayeva Zhuldyz, Imanmoldayeva Bakittizhamal, Zhanbayeva Zhanat, Madaliev Zhanyl. Patriotic Philosophy Values as a Driving Factor of Development of Kazakhstan. Revista internacional de filosofia y teoria social cesa- fces- Universidad del zulia maracaibo-venezuela // Utopia y praxis latinoamericana. – 2020. - Vol. 25, №10. – P. 142-150.
- 163 Толысбай К. Асан Қайғы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 284 б.
- 164 Қазақ Совет Энциклопедиясы // 12 томдық. - Алматы: ҚСЭБР, 1975. – Т. 7. – 645 б.
- 165 Сарсенбаева Ж. Мәңгілік Ел идеясы: кеше, бүгін, ертең. - Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы кітапханасы, 2019. - 430 б.
- 166 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
- 167 Бұхар жырау // Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық / құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.
- 168 Әбсаттаров Р. Саяси болжамдаудың өзекті проблемалары // Ақиқат. - 2009. - №10. – Б. 24-29.
- 169 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
- 170 Юнг К.Г. Дух в человеке, искусстве и литературе. - М.: ГПИ, 1996. - 243 с.
- 171 Francis Fukuyama. Identity: The Demand for Dignity and the Politics of Resentment. – Farrar: Straus and Giroux, 2018. - 242 p.
- 172 Emmelhainz Celia, Barcus Holly, Werner Cynthia. Kazakhstan: Ethnic Return Migration // Citizenship, and the Politics of (Not) Belonging. - Europe-Asia Studies, 2017. - №69(10). – P. 1557-1583.
- 173 Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік Ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. - Астана, 2013. – 320 б.